

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

ӘОЖ: 376.011.3-051 (574)

Қолжазба құқығында

МАХАМБЕТОВА АЛИЯ БЕРДЕХАНОВНА

**АРНАЙЫ ПЕДАГОГТЫ ДУАЛЬДІ-БАҒДАРЛЫҚ ОҚЫТУ
ПРОЦЕСІНДЕ ДАЯРЛАУ**

6D010500 –Дефектология

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесші:
Жиенбаева Н.Б.
психол.ғ.д., профессор
Шет елдік кеңесші:
Аксамит Диана
PhD доктор
(Варшава, Польша)

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2023

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....	3
АНЫҚТАМАЛАР.....	4
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....	6
КІРІСПЕ.....	7
1 ЖОҒАРҒЫ ОҚУ ОРНЫНДА АРНАЙЫ ПЕДАГОГТАРДЫ ДУАЛЬДІ-БАҒДАРЛЫҚ ОҚЫТУ ПРОЦЕСІНДЕ ДАЯРЛАУДЫҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ.....	18
1.1 Жоғары оқу орнында арнайы педагогтарды дуальді-бағдарлық даярлаудың тұжырымдамасы.....	18
1.2 Арнайы педагогтарды дуальді-бағдарлық оқыту процесінде даярлаудың әдіснамалық тұғырлары мен қағидалары	51
1.3 Дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында арнайы педагогтарды даярлаудың теориялық негіздері.....	69
1.4 Арнайы педагогтарды дуальді-бағдарлық оқыту процесінде даярлаудың ғылыми-практикалық моделі.....	96
2 АРНАЙЫ ПЕДАГОГТАРДЫ ДУАЛЬДІ-БАҒДАРЛЫҚ ОҚЫТУ ПРОЦЕСІНДЕ ДАЯРЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТӘЖІРИБЕЛІК-ЭКСПЕРИМЕНТ ЖҰМЫСЫ.....	111
2.1 Дуальді-бағдарлық оқытудың дербестендірілген мазмұны студенттердің академиялық үлгерімі мен мотивациясын арттыру құралы ретінде	111
2.2 Арнайы педагогтарды даярлау процесінде дуальді-бағдарлық оқытуды ұйымдастырудың эксперименттік бағдарламасы.....	122
2.3 Әлеуметтік-педагогикалық практика және студенттік оқу-зерттеу зертханалары болашақ арнайы педагогтарды дуальді-бағдарлық даярлау формалары ретінде.....	131
2.4 Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың нәтижелері.....	150
ҚОРЫТЫНДЫ.....	166
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	169
ҚОСЫМШАЛАР.....	184

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер қолданылған:

Білім туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 – III Заңы. (12.01.2023 жылы берілген өзгерістер мен толықтырулармен).

Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2020 жылғы 1 қыркүйек.

«Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы №726 қаулысы.

Дуальды оқытуды ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы №50 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 9 наурызда №13422 болып тіркелді. (ҚР Оқу-ағарту министрінің 27.08.2022 №380 жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен).

Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы. Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі N343 Заңы. (26.06.2021 жылғы, №56-VII жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулар енгізілген).

Педагог мәртебесі туралы Қазақстан Республикасының Заңы. 2019 жылғы 27 желтоқсан №293-VI ҚРЗ. (03.05.2022 жылғы, №118-VII толықтырулар мен өзгерістер енгізілген).

«Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының «Қазақстан Республикасындағы дуальды білім берудегі стратегиялық альянс» жобасы (2015ж. қаңтар – 2017 ж. қараша).

АНЫҚТАМАЛАР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі терминдерге сәйкес анықтамалар қолданылған:

Жоғары оқу орнында дуальді-бағдарлық оқытуды жүзеге асыруға оқытушылардың дайындығы - бұл академиялық, кәсіби және әлеуметтік-жеке құзыреттер кешеніне негізделген, тиімді кәсіби педагогикалық іс-әрекеттің мүмкіндігін анықтайтын оқытушы тұлғасының күрделі интегралдық субъектілік сапасы болып табылады.

Дуальді-бағдарлық оқыту – бұл жоғарғы педагогикалық білім берудегі дуальді оқыту элементтерін ендіруге негізделген жүйелілік, әдіснамалық айқындық және практикалық қажеттілік қағидаларын іске асырудағы әлеуметтік серіктестер мен ЖОО-ның нәтижелі өзара әрекеттесуінде болашақ педагогтың практикалық даярлығын жетілдірудегі инновациялық траектория.

Арнайы педагогтарды дуальді-бағдарлық оқыту – бұл мотивациялық-құндылықтық, инновациялық-танымдық, процессуалдық-нәтижелік құрамдарына сәйкес педагогикалық іс-әрекеттің нәтижелі болуын айқындайтын кәсіби-тұлғалық сапаларын қалыптастыруды «ЖОО мен арнайы білім беру ұйымдары» өзара әрекеттестігінде жүзеге асыру.

Болашақ педагогты дуальді-бағдарлық даярлау – бір-бірін толықтыра отырып, болашақ маманның педагогикалық қызметке кәсіби даярлығының неғұрлым жоғары деңгейін қамтамасыз ететін білім, білік, дағдыны қалыптастырудың синергетикалық процесі мен нәтижесі.

Педагогикалық білім берудегі дуальді оқыту – бұл заманауи қоғам мен нақты білім беру ұйымының қажеттіліктеріне сәйкес белгілі бір бейіндегі және біліктілік деңгейіндегі педагог кадрларды даярлауда білім беру мен практикалық өзара әрекеттестігіне негізделген, мақсаты мен құндылықтарының, білім беру мазмұны мен кәсіби даярлық технологияларының ортақтығын көрсететін оқыту.

Кәсіби педагогикалық даярлық – бұл педагогикалық білім жүйесін, жалпы және ерекше іскерлікті, кәсіби-педагогикалық іс-әрекетті шығармашылық орындау үшін дағдыларды меңгеру үдерісі.

Кәсіби құзыреттілік – жеке тұлғаның кәсіби іс-әрекетті арттыруға теориялық және практикалық әзірлігі мен қабілеттілігінің бірлігі.

Педагогикалық практика – жоғары және орта педагогикалық оқу орындарындағы кәсіптік оқыту түрі, болашақ мұғалімдерді практикалық даярлау.

Кәсіптік практика – болашақ кәсіптік қызметпен байланысты белгілі бір жұмыс түрлерін орындау үдерісінде теориялық білімдерді, дағдыларды бекітуге, практикалық машықтар мен құзыреттерді иемденуге және дамытуға бағытталған оқу қызметінің түрі.

Әлеуметтік серіктестік – еңбек және әлеуметтік-экономикалық қатынастарды реттеу мәселелері бойынша мүдделер ортақтығын қамтамасыз етуге бағытталған жұмысшылар (қызметкерлердің өкілдері), жұмыс берушілер

(жұмыс берушілердің өкілдері) және мемлекеттік органдар арасындағы қатынастар жүйесі.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ЖОО	- Жоғарғы оқу орны
ҚР	- Қазақстан Республикасы
ҚР МЖМББС	- Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты
ҚазҰПУ	- Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
ББ	- Білім беру бағдарламасы
ҚР ҒжЖБМ	-Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғарғы білім
Министрлігі	
МШ	- Мүмкіндігі шектеулі
ЕББҚ	- Ерекше білім беруді қажет ететін балалар
ДБО	- Дуальді-бағдарлық оқыту
ПОҚ	- Профессорлық-оқытушылық құрам
ЭТ	- Эксперименттік топ
БТ	- Бақылау тобы

КІРІСПЕ

Зерттеудің өзектілігі. Қарыштап дамып жатқан қазіргі қоғамда кез келген жанның заман сұранысына сай өзін жетілдіріп отыруы – өте маңызды мәселе болып табылады. Үздіксіз көпдеңгейлі білім беру жүйесінде мамандардың кәсіби даярлығының сапасын арттыру, оны ғылыми-әдістемемен қамтамасыз ету Қазақстандық білім беру жүйесінің әлемдік білім беру кеңістігіне ықпалдасу үдерісіндегі басты мақсаттардың біріне айналып отыр. Алайда, қазіргі уақытта қоғамның жаһандану мен инновациялық ұтқырлық, ақпараттық пен технократтық, цифрлық өзгерістеріне сәйкес қарқынды дамуы мен рухани жаңғыруы жағдайында осы заманауи қағидаттарды жүзеге асыруға білікті мамандардың қажеттілігі артып отыр. Ал болашақ маманның осындай өзгешеліктер мен жаңалықтарға жылдам бейімделіп кетуіне, оның практикалық даярлығының жеткілікті көлемі мен жоғары деңгейі талап етіледі.

Елімізде қалыптасқан еңбек нарығы өз міндеттерін сапалы және жауапкершілікпен орындайтын, құбылмалы экономикалық жағдайларға жылдам бейімделетін мамандарға мұқтаж, осыған орай жоғары білікті, бәсекеге қабілетті, заман талабына сай ұтқыр мамандарға деген сұраныс жылдан-жылға артып келеді. Қазақстан Республикасының «Білімді ұлт» сапалы білім беру» Ұлттық жобасында қазіргі еңбек нарығына қажетті маман «кәсіби құзыретті, азаматтық ұстанымы айқын, ойлау қабілеті жоғары тұлға» болуы тиіс екендігі айтылған [1].

Қазіргі таңда практикаға бағдарланған, кәсіби құзыретті педагогтарды даярлаудың ең тиімді жолы ретінде дуальді білім беру жүйесі болашақ педагогтың еңбек нарығына бейімделуіне жағдай жасауды, мемлекетімізді білікті мамандармен қамтамасыз етуді өзіне мақсат етіп қояды. Міне, осы тұста еңбек нарығының сұранысына қажетті сапалы мамандарды даярлайтын тұлға педагог екендігі белгілі. Осы орайда дуальді білім беру жүйесі, педагогтардың соның ішінде арнайы педагогтардың практикалық дағдыларды меңгеруіне өте тиімді екендігін атап өткіміз келеді. Алайда күні бүгінге дейін дуальді білім беру бағытында, арнайы педагогтарға кәсіби білім беру мәселесі отандық білім беру жүйесінде ауқымды түрде талқылауды қажет ететін зерттеу пәні ретінде қарастырылмай келеді.

Жалпы дуальді оқыту мәселесінің бірқатар аспектілері алыс шет елдік ғалымдар зерттеулерінде басым орын алған. Атап айтқанда, болашақ мамандарды даярлаудың дуальді жүйесінің пайда болуы мен дамуын зерделеуге арналған теориялық және ғылыми-практикалық зерттеулер Батыс Еуропаның бірқатар Германия, Австрия, Нидерланды, Ұлыбритания (A.Schelten, H.Schmidt, K.Stratmann H.Stegmann, A.Rakhkochkine және т.б.) елдерінде жүргізілген.

ТМД елдерінде дуальді білім беру әлеуметтік серіктестік тұрғысынан (В.А.Поляков, И.П.Смирнов, Е.В.Ткаченко, А.К.Корнев, В.А.Тимофеева және т.б.) зерттелген. Сондай-ақ, О.Д.Федотова, А.Н.Кирилловский, С.П.Романов және т.б. зерделесе, дуальді жүйеде мамандар даярлаудың педагогикалық

ерекшеліктерін Л.И.Корнеева, М.А.Шувалова зерттеген. Д.А.Торопов Германияда кәсіби білім берудің сапасын қамтамасыздандыру проблемасын зерттеу аясында дуальді оқытудың ерекшеліктерін жан-жақты ашып көрсеткен болса, Л.Н.Самолдина арнайы орта оқу орындарының студенттерін дуальді-мақсаттық даярлауды негіздеген. О.В.Приступа Германиядағы мектеп бітірушілерін еңбекпен айналысуға даярлаудың педагогикалық негіздерін ашуда дуальді оқытудың теориялық-әдістемелік негіздеріне мән берген [2].

Қоғамда орын алған әлеуметтік-экономикалық, саяси, рухани және мәдени жаңғыртулар отандық білім беру жүйесін айналып кеткен жоқ. Осы тұста, білім саласы да елеулі өзгерістерге ұшырап жатқанын айта кеткен жөн. Қазақстан Республикасының ұлттық білім беру жүйесінің жаңашыл бағыты мен сипаты педагогтардың сапасын көтеруді, инновациялық білім беруді дамытуды, оны ғылыми-зерттеу әрекетімен байланыстыруды және білім беру мақсаттарын жүзеге асыруда сапалы білім беруге дайын педагогтармен қамтамасыз етуді мақсат етеді. Өйткені қазіргі қоғамға теориялық және практикалық дайындығы бар, оқытудың жаңа әдістері мен технологияларын меңгерген сапалы педагог қажет. Сонымен, дуальді білім беру жүйесінде болашақ арнайы педагогтарды даярлаудың теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындауда келесі зерттеу жұмыстарын басшылыққа алдық:

-болашақ педагогтарды даярлау мәселесін зерделеген Л.М.Митина [3], В.А.Сластенин [4], В.Д.Шадриков [5], Е.Н.Шиянов [6] және т.б. еңбектері;

-дуальді білім беру мәселелерін қарастырған С.П.Романов [7], С.А.Жолдасбекова [8], Ж.О.Нуржанбаева [9], К.Ж.Бұзаубақова [10], М.Асаналиев [11], А.Т.Туралбаева [12], А.А.Сманова [13] және т.б. еңбектері;

-педагог кадрларды кәсіби даярлауда дуальді оқыту элементтерінің ендірілуін зерттеген А.М.Әбдіров [14], Ж.Е.Алшынбаева [15], А.Э.Айтенова [16] еңбектері;

Отандық ғалымдар Р.А.Сүлейменова [17], Ж.И.Намазбаева [18], З.А.Мовкебаева [19], А.Т.Искакова [20], А.А.Байтұрсынова [21] өз еңбектерінде инклюзивті білім берудің ізгіліктілік-философиялық сипатына, құқықтық-нормативтік негізіне тоқтала отырып, инклюзивті орта құру мәселелерін тереңінен қарастырды. Ұ.М.Әбдіғалбарова [22], Н.Б.Жиенбаева [23], отандық кәсіби білім беру жүйесіне дуальді-бағдарлық оқытудың тиімді элементтерін енгізу мақсатында ғылыми алғышарттарды пайдалану қажеттілігі айқындады. И.А.Оралканова [24], А.К.Оралбекова [25], Б.М.Мажинов [26], Г.А.Испамбетова [27], Д.С.Хамитова [28], Б.А.Дюсенбаева [29], П.Ж.Парманкулова [30] философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған диссертациялық зерттеу жұмыстарында мүмкіндіктері шектеулі тұлғалармен жұмыс жасайтын мамандарды дайындау, инклюзивті оқыту жағдайында болашақ педагогтарды даярлау мәселелерін зерделеген.

Соңғы кездері жоғарғы оқу орын оқытушыларының инклюзивті білім беруді жүзеге асыруға дайындығын қалыптастыру мәселелеріне арналған, арнайы педагогтарды даярлауда дуальді бағытталуды негіздеуге ұмтылған бірқатар

отандық еңбектер жарық көре бастады (К.К.Омирбекова, Г.А.Абаева, И.А.Оралканова, Ш.Ж.Жахина, А.К.Искажимова, А.С.Каржова, А.Т.Искакова, Г.Закаева) [31-34].

Ғалым Р.А.Сүлейменова еліміздегі білім саласындағы жағдайға талдау жасай келе, арнайы педагогтарды даярлауда мотивациялық дайындық пен тәжірибелік қызметке бағытталудың ерекше үлкен мәнге ие екендігін атап көрсетті. Ал, А.Қ.Сатова [35] Қазақстандағы қалыптан тыс балаларға арналған оқу-тәрбие мекемелерінің кадрларын даярлау мен біліктілігін арттырудың жалпы педагогикалық мәселелерін өзінің кандидаттық диссертациясында ашып көрсетті. А.Б.Дузелбаева [36] педагогикалық білім беруді жаңғырту жағдайындағы дефектолог-мұғалімдерді даярлау мәселелерін қарастырған.

Н.Б.Жиенбаева кәсіби дайындық процесін жетілдірудің, кәсіби қызметте орын алатын шынайы психологиялық-әлеуметтік жағдайларды жаңғырту арқылы, болашақ мамандық контексінде оқу процесін ұйымдастырудың инвариантты жолдарын іздеу қажеттілігін атап көрсетті [37].

Кейбір мемлекеттік құжаттарда, педагогикалық мамандарды даярлау жүйесін жаңғырту механизмдері мен тетіктері айқын көрсетілген: ерекше білім беруді қажет ететін балаларға (одан әрі-ЕББҚ) білім беруді қамту үшін мамандар даярлауды қамтамасыз ету, мұғалімнің зияткерлік дамуының жоғары деңгейін қамтамасыз ету мақсатында стандарттау және педагог мамандарға қойылатын кәсіптік талаптарды арттыру, олардың мақсаттарын ұғыну.

Арнайы педагог мамандарды даярлаудың заманауи тұжырымдамалары педагогты ерекше қажеттіліктері бар тұлғаларды әлеуметтендірудің тиімділігі мен білім беру сапасын қамтамасыз ететін, әлеуметтік өзара әрекеттесуге жеке дайындығы бар, жетекші субъект ретінде қарастырады (Р.О.Агавелян, И.А.Коробейников, И.Ю.Левченко, Е.Т.Логинова, Н.Н.Малофеев, Н.М.Назарова) [38-44].

Қазіргі кезде дуальді оқыту, педагогикалық бейіндегі білім беру ұйымдарының маркетингтік стратегиясының тиімділігін қамтамасыз етуі керек. Педагогикалық білім берудегі инновациялық үрдістерге сәйкес кәсіби білім беру қоғамдастығының белсенді қатысушысы ретінде ЖОО-ды дәріптеу құралына айналуы тиіс. Қазіргі заманғы келесі зерттеушілер (П.Ф.Анисимов, Е.А.Кочагин, Г.В.Мухаметзянова және шет елдік зерттеушілер В.Р.Weingast, К.Thelen, Р.А.Swenson, М.Р.Busemeуег) әлеуметтік серіктестік – бұл, болашақ мамандарды даярлауды кәсібилендірудің құралы деп есептеді. [45-48].

Қазақстан Республикасында арнайы педагогтарды даярлаудың қазіргі жағдайын сипаттай отырып, педагогикалық және инклюзивті білім беруді жаңғырту жағдайында жұмыс істеуде болашақ педагогтарды даярлау проблемаларына елеулі зерттеулер жасалып жатқанын атап өтуге болады; бұл өз кезегінде жалпы білім беру ұйымдарының жаңа үлгідегі арнайы педагогке деген шұғыл қажеттілігіне зәру екендігімен, олардың білім беру және түзету қызметіне дайындығының ерекшеліктерімен сипатталады (З.А.Мовкебаева, Дузелбаева А.Т., Г.А.Абаева, Г.С.Оразаева, А.Н.Аутаева, А.К.Рсалдинова, И.А.Денисова)

[49-54].

Қазақстан Республикасының педагогикалық білімін жаңғырту тұжырымдамасында айтылғандай, оқытудың дуальді-бағдарланған түрлерін іске асыруды құзыреттілік тәсіл негізінде шешуді төмендегі айтылғандар бойынша іске асыруға болады:

- барлық бағыттағы болашақ педагогты кәсіби даярлау процесіне дуальді-бағдарлық оқытудың қазақстандық жүйесін енгізу оның теориялық-әдіснамалық негіздемесін, нормативтік-құқықтық және ұйымдастырушылық-нәтижелі қамтамасыз етілуін көздейді;

-дуальді-бағдарлық оқытуды енгізу бойынша ҚР МЖМББС-ға толықтырулар енгізу;

-жоғары оқу орындарында дуальді-бағдарлық оқыту форматына сәйкес элективті пәндерді ББ-на енгізу;

-педагогикалық білім берудің барлық деңгейлерінің нәтижелі жұмыс істеуі жаңа Қазақстан педагогтерін кәсіби даярлауға дуальді-бағдарлық оқытуды талап етеді.

Зерттеу жұмысының тақырыбы бойынша әдебиеттерге жасалған талдау дуальді білім беру жүйесінде арнайы педагогтарды даярлау мәселесі тіпті зерттелмегендігін көрсетті. Яғни дуальді білім беру жүйесінде болашақ арнайы педагогтарды даярлау мәселесі, оның әдіснамалық негіздерін айқындау, моделін жасау, педагогикалық шарттарын, формалары мен әдістерін айқындау, оқу-әдістемелік кешенін жасау - өзекті мәселе. Сондықтан да, дуальді білім беру жүйесінде болашақ арнайы педагогтарды даярлау мәселесі ғылыми тұрғыдан зерделеуді қажет етеді.

Арнайы білім беру, оның әдіснамалық, теориялық және технологиялық негіздерін құрылымдау мен негіздеу бағытындағы дуальді-бағдарлық оқытуды ұйымдастыру мен жүзеге асыру мәселесі қазіргі кезге дейін өзекті болып келеді. Осы орайда, арнайы педагогтарды даярлаудың қазіргі жүйесінде біз келесі **қарама-қайшылықтарды** анықтадық:

әлеуметтік-педагогикалық: жоғары оқу орындарында болашақ арнайы педагогтардың практикалық даярлығын жаңа бағытта жетілдіру қажеттілігі мен оның зерттелу деңгейінің жеткіліксіздігі арасында;

ғылыми-педагогикалық: болашақ арнайы педагогтардың тәжірибеге бағытталған құзыреттілігін қалыптастыру қажеттілігі мен дуальді-бағдарлық дайындықты ұйымдастыру арасында әдіснамалық негіздерінің болмауы. Ал, бұл өз кезегінде оны зерттеу мен мақсатты іске асыруды қиындатады;

ғылыми-әдістемелік: дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында болашақ арнайы педагогтардың кәсіби іс-әрекетке даярлығын қалыптастыру моделін пайдалану қажеттілігі мен оның тиімділігінің практика жүзінде тексерілмеуі арасында.

Жоғарыда көрсетілген мәселелердің шешімін іздестіру, мәселенің көкейкестілігі, оның практикада жеткіліксіз дамуы бізге зерттеу жұмысымыздың проблемасын айқындауға және тақырыпты **«Арнайы педагогты дуальді-**

бағдарлық оқыту процесінде даярлау» деп таңдауымызға негіз болды.

Зерттеудің мақсаты: дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында арнайы педагогтардың даярлығын қалыптастыруды теориялық негіздеу, ғылыми-практикалық моделін әзірлеу және эксперименттік тұрғыда тексеру.

Зерттеудің нысаны: жоғары оқу орнында арнайы педагогтарды даярлаудағы біртұтас процесс.

Зерттеудің пәні: болашақ арнайы педагогтарды дуальді-бағдарлық даярлаудың ерекшеліктері.

Зерттеудің ғылыми болжамы: *егер*, арнайы педагогтарды дуальді-бағдарлық оқыту процесінде даярлаудың теориялық - әдіснамалық негіздері анықталып, ғылыми-практикалық моделі жасалып, әдістемесі даярланса және ол жоғары оқу орындарының тұтас педагогикалық процеске ендірілсе, *онда* қоғам дамуының қазіргі заманғы сұранысы жағдайында ЖОО-да дуальді-бағдарлық оқытуды ұйымдастыру процесінің тиімділігі артады, *өйткені* жоғары оқу орнында болашақ арнайы педагогтарды дуальді-бағдарлық оқыту процесінде даярлау әлеуметтік серіктестер (жұмыс берушілер) талаптарына сәйкестендіріледі.

Зерттеудің міндеттері:

- «Арнайы педагогтарды дуальді-бағдарлық оқыту» ұғымын негіздеу және сипаттама беру;

- Арнайы педагогтарды дуальді-бағдарлық оқытудың қазіргі заманғы шетелдік және отандық концепцияларын, оның ішінде құрылымдық тұрғыдан зерттелетін феноменнің теориялық және әдістемелік негіздерінің мәндік-мағыналық мазмұнын айқындау;

- Арнайы педагогтарды дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында даярлаудың ғылыми-практикалық моделін жасау және оның тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында тексеру;

- Болашақ арнайы педагогтарды дуальді-бағдарлық оқытудың формасы ретіндегі оқу-зерттеу зертханасын ұйымдастырудың поликомпонентті бағдарламасын жасау.

Зерттеудің жетекші идеясы: арнайы педагогтардың кәсіби іс-әрекетке даярлығын қалыптастыруда дуальді-бағдарлық оқыту процесі мүмкіндіктерін тиімді пайдалану заманауи педагогикалық іс-әрекетке даяр, практикаға бағдарланған, кәсіби-тұлғалық сапалары дамыған, бәсекеге қабілетті, жасампаз арнайы педагогтарды даярлауға септігін тигізеді.

Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздерін тұлғалық-іс-әрекеттік тәсілдеме теориясы (Л.С.Выготский, П.Я.Гальперин, А.Н.Леонтьев, В.А.Сластенин); құзыреттілік тәсілдеме (А.П.Тряпицына, И.А.Зимняя, А.К.Маркова); білім беруге тұлғалық-бағдарлық тұжырымдама (Н.А.Алексеев, В.В.Сериков, И.С.Якиманская); арнайы педагогтарды кәсіби даярлаудың заманауи тұжырымдамалары (Б.В.Белявский, О.Е.Грибова, Н.Н.Малофеев, Н.М.Назарова, Р.А.Сулейменова, З.А.Мовкебаева); сонымен қатар, болашақ педагогтарды дуальді-бағдарлық даярлаудың тұжырымдамасы

(Ұ.М.Әбдіғапбарова, Н.Б.Жиенбаева) және т.б.

Зерттеудің көздері: отандық және шетелдік ғалымдардың дуальділік, дуальді оқыту, дуальді білім беру жүйесі және іс-әрекет, педагогикалық іс-әрекет, кәсіби іс-әрекетке даярлық мәселесі қарастырылған психологиялық, педагогикалық ғылыми зерттеулер; Қазақстан Республикасы Үкіметінің дуальді оқытуды орта білімнен кейінгі техникалық және кәсіптік білім беру (ТЖКББ) ұйымдарына ендіру туралы және білім беру саласына қатысты қаулы қарарлары. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғарғы білім министрлігінің жоғары кәсіптік білім беруді дамыту тұжырымдамалары, мемлекеттік бағдарламалары, нормативтік құжаттамалары; алыс және жақын шет елдік, қазақстандық психолог, педагог ғалымдардың ғылыми жетістіктеріне негізделген озық тәжірибелері; ғылыми-әдістемелік журналдар; докторанттың ғылыми-ізденушілік және практикалық тәжірибесі.

Зерттеу әдістері. Зерттеу жұмысында қойылған міндеттерді жүзеге асыруда:

-теориялық әдістер: зерттеу мәселесіне қатысты психологиялық-педагогикалық, философиялық, лингвистикалық, әдістемелік әдебиеттерді пәнаралық талдау, нормативтік құжаттарды зерделеу, зерттеудің базалық анықтамаларын ұғымдық-терминологиялық және жүйелік талдау, модельдеу;

- эмпирикалық әдістер: педагогикалық байқау, педагогикалық эксперимент, студенттерге сауалнама жүргізу, олардың дербес және бақылау жұмыстарын талдау;

- математикалық және статистикалық әдістер: эксперименттік-тәжірибелік жұмыстардың нәтижелерін сандық және сапалық өңдеу.

Зерттеу базасы: Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті және Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті.

Зерттеудің негізгі кезеңдері (2018-2021 жж.):

Бірінші кезең (2018-2019 жж.) – зерттелу мәселесі бойынша материалдар жинақталып, жүйеге келтірілді, ғылыми аппарат айқындалды, алыс және жақын шетелдердегі жоғары оқу орындарының озық тәжірибелері жинақталып, талқыланып қорытындыланды, «дуальді-бағдарлық даярлау» ұғымын анықтауда психологиялық-педагогикалық талдау жасалды, эксперимент жұмысының бағдарламасы дайындалып, ғылыми еңбектер мен әдебиеттер зерделенді.

Екінші кезең (2019-2020 жж.) – зерттеу мәселелері бойынша отандық және шетелдік ғалымдардың идеялары сараланды. Арнайы педагогтарды дуальді-бағдарлық даярлау мәселелері бойынша отандық және шетелдік тәжірибе зерделенді. Сыналушылардың тәжірибеге бағытталған құзыреттіліктері зерттеліп, ғылыми-практикалық модель әзірленді және сыналды. Материалдар жинақталып, ғылыми дәйектер қорытындыланды, зерттеудің әдіснамалық-теориялық негіздері айқындалды, зерттеудің негізгі идеялары мен нәтижелері тексеруден өткізілді. Сонымен қатар, оқытушылар үшін болашақ арнайы педагогтарды дуальді-бағдарлық даярлау нысаны ретінде студенттік түзету-дамыту зертханаларын құру бойынша әдістемелік ұсыныстар әзірленді. Жұмыс

гипотезасының ережелері тексерілді.

Үшінші кезеңде (2020-2021жж.) – тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелерін ғылыми - педагогикалық сараптау барысының тиімділігін талдауға, қорытуға және бағалауға; болашақ арнайы педагогтарды дуальді-бағдарлық даярлау тәжірибесін жетілдірудің негізгі жолдары анықталды, диссертациялық зерттеудің рәсімделуі аяқталды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы мен теориялық маңыздылығы төмендегілер болып табылады:

- **Бірінші** ғылыми нәтиженің жаңалығы ізденушінің кәсіби даярлық мәселелерін қарастыратын психологиялық-педагогикалық ғылыми еңбектерді талдауы негізінде дайындықтың практикалық бағытының дәстүрлі және инновациялық формаларын интеграциялайтын «Арнайы педагогты дуальді-бағдарлық даярлау» ұғымының мәнін нақтылай отырып, авторлық анықтама берілетіндігімен анықталады;

- **Екінші** ғылыми нәтиженің жаңалығы теориялық дереккөздерді зерделеу, сыни тұрғыдан қарастыру арқылы жоғары оқу орындарында арнайы педагогтарды даярлауды жүзеге асырудың ұйымдастырушылық, мазмұндық және әдістемелік аспектілерінде көрсетілген заманауи шетелдік және отандық тұжырымдамаларды ғылыми әдебиеттер мен өзіндік бақылаулармен анықтаумен сипатталады. Бұл ғылыми нәтиже болашақ арнайы педагогтың тәжірибеге бағытталған күзiреттiлiгiнiң объективтi бақылау шеңберiнен шығып кетуiмен де дәлелденедi, оны дуальдi оқытуды ұйымдастыру процесiнде бағалауға болады.

- **Үшінші** ғылыми нәтиженің жаңалығы тұжырымдамалық, технологиялық, нәтижелік кезеңдерден тұратын сондай-ақ, оның құндылықтық-практикалық бағытын айқындайтын, арнайы педагогты қызметке дуальді-бағдарлық даярлаудың ғылыми-практикалық моделін жасаумен шарттанған.

- **Төртінші** ғылыми нәтиженің жаңалығы мен жаңашылдығы оқу-зерттеу зертханасын ұйымдастырудың әртүрлі тәжірибелермен ұштасатын поликомпонентті бағдарламасын жасау және жоғары оқу орындарына арналған «Қазіргі заманғы жоғарғы оқу орнында білім беру жүйесіндегі дуальді-бағытталған оқытудың теориясы мен практикасы» оқу құралын құрастырумен және енгізумен расталады. Сонымен қатар, DAAD (Германдық академиялық алмасу қызметі, Германияның Deutscher Akademischer Austauschdienst, аббр. DAAD) аясындағы «Халықаралық білім кеңістігінде болашақ мұғалімдерді дайындаудың дуальді үлгілері: проблемалары, шешімдері, болашағы» халықаралық ғылыми конференцияда зерттеу нәтижелері апробацияланып, арнайы педагогты дуальді-бағдарлық оқытудың ғылыми-практикалық моделі апробациялау процесінде оң нәтижеге ие болды.

Педагогикалық білім берудің қазақстандық дуальді-бағдарлық моделінің идеяларын: педагогикалық кәсіптік білім беру жүйесінің еңбек нарығынан және жұмыс берушілермен өзара байланысы, педагогикалық ресурстарды даярлау сапасының білім беру мекемелерінің нақты талаптарынан артта қалуына гистерезис (жедел реакция); педагогикалық білім беруді диверсификациялау

(дуальді-бағдарлық оқытуды ескере отырып, дербестендірілген білім беру бағдарламаларын кеңейту) және кәсіби міндеттерді шешуде жағдайларды модельдеу жүйесі айқындайды.

Зерттеудің негізгі идеясы Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын [55], «Педагог мәртебесі туралы» Заңға [56] және мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтің 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында [57] белгіленген негізгі міндеттерді іске асыруға сәйкес келеді.

«Қазақстан Жаңа нақты ахуалды: іс-қимыл уақыты», «Білімді ұлт» сапалы білім» ұлттық жобасы, «Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» ҚР Заңы [58] зерттеу проблемасының өзектілігін көрсетеді.

Зерттеу жұмысының практикалық маңыздылығы:

Зерттеудің негізгі идеясы Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік медициналық-педагогикалық коррекциялық қолдау туралы» Заңының негізгі бағыттарын (2002 ж.) және «Дуальды білім берудегі стратегиялық альянс» Ұлттық жобасының негізгі міндеттерін іске асыру. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Дуальді оқытуды ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы (2016 ж.), ол педагогикалық білім берудің барлық деңгейлерінің жұмыс істеуіне қойылатын арнайы талаптарды негіздейді. Жаңа Қазақстандағы педагог кадрларды кәсіби даярлаудағы дуальді-бағдарлық оқыту зерттеу мәселесінің өзектілігін көрсетеді.

Қорғауға ұсынылатын қағидалар:

1. Ерекше білімді қажет ететін (ЕББК) тұлғаларды әлеуметтендіру мен тәрбиелеуде арнайы педагог осы процестерді сапалы жүзеге асыруды қамтамасыз ететін негізгі субъект ретінде қарастырылады. Бұл өз кезегінде болашақ арнайы мамандарды дуальді-бағдарлық оқытуды мақсатты ұйымдастыру қажеттілігін талап етеді. Бұл оқыту оқытудың практикалық бағыттылығының барлық нысандарын біріктіруді және оны кәсібилендірудің тәрбиелік-қолданбалық деңгейіне жетуді көздейді.

Зерттеу барысында «арнайы педагогты дуальді-бағдарлық оқыту процесінде даярлау» тұжырымдамасы, тәжірибеге бағытталған үш әдістемелік негізде құралған: аксиологиялық (гуманистік тепе-теңдік), онтологиялық (құзыреттік тәсіл) және технологиялық (кәсіби қызметке оқыту процесін ұйымдастыру) тұлғалық кәсіби маңызды құзыреттердің дамуының дербестендірілген процесі болып табылады.

2. ЖОО-да арнайы педагогтарды даярлауды жүзеге асырудың шетелдік және отандық концепциялары әлеуметтік-мәдени негіздер негізінде, ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғаларды оқытудағы даму тенденциялары арасындағы кәсіби-технологиялық және тұлғалық-кәсіби аспектілерін, арнайы педагогтарды жоғарғы педагогикалық білім беру мен дуальді-бағдарлық даярлауда теориялық және технологиялық тұжырымдамалардың дамуын анықтау.

3. Арнайы педагогтарды дуальді-бағдарлық оқыту процесінде даярлаудың мақсаты, әдістемелік негіздері, принциптері, мотивациялық-тұлғалық, операциялық-әрекеттік және мазмұндық құрамдас бөліктері, критерийлері, көрсеткіштері және нәтижесі айқындалған ғылыми-практикалық моделі.

4. Дуальді-бағдарлық оқытудың поликомпонентті эксперименттік бағдарламасы оқу-зерттеу зертханасының мүмкіндіктері мен әртүрлі тәжірибелерді біріктіретін білім беру ортасын құруды қамтамасыз ететін іс-шаралар кешенін қамтиды.

Зерттеу нәтижелердің дәлелділігі мен негізділігі: отандық және шет елдік тарихи педагогикалық, психологиялық-педагогикалық еңбектердегі теориялық-әдіснамалық қағидаларды басшылыққа алумен, зерттеу пәнімен сәйкес әдіс-тәсілдерді қолданумен, эксперимент бағдарламасының мақсатқа сәйкестілігімен, бастапқы және соңғы көрсеткіш нәтижелерінің қорытындыларымен, әдістеменің тиімділігін тексерумен қамтамасыз етілді.

Зерттеу нәтижелерінің сенімділігі, мақұлдануы, тәжірибеге ендірілуі: зерттеудің негізгі қағидалары ғылыми баяндама түрінде халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда, Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған журналдарда көрініс тапты:

1. Personalized Learning Strategy as a Tool to Improve Academic Performance and Motivation of Students//International Journal of Web-Based Learning and Teaching Technologies в Volume 16, Issue 6 November-December 2021.- P. 1-17.

2. К вопросу о разработке казахстанской модели профессиональной подготовки учителя на основе дуально-ориентированного обучения //Әл-фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. Хабаршы//Психология және социология сериясы,1(68) 2019. - С.103-110.

3. Model of a communicative subject in the university system of dualoriented education //Вестник Академии Педагогических Наук Казахстана, №3 (май-июнь), 2020. - С.152-159.

4. Современная стратегия коммуникативной парадигмы дуально-ориентированного обучения // Вестник Наука и Жизнь Казахстана Педагогические науки. 11/2 (145) 2020. - С. 304-308.

5. Иновационная стратегия коммуникативной практики дуально-ориентированного обучения. //Международный научный журнал «инновации в жизнь» International Journal "innovations in life" №3 (26) Сентябрь 2018.– Франция, С. 271-282. ISSN 2227-6300.

6. The conceptual model of the communicative subject in the university educational system of dual-oriented training. //American Scientific Journal № (28)// 2019. - Vol.2. P. 35-40.

7. Экспериментальное изучение развития дуально - ориентированного обучения в образовательном процессе вуза. // Образовательный вестник Сознание. Серия Педагогика, №11, (22) Калининград, 2020. - С. 25-30.

8. Проблемно-поисковая парадигма дуально-ориентированного обучения. // Международная научно-практическая конференция: Бесбаевские чтения:

приоритетные направления модернизации интеграционных процессов евразийского экономического союза. Вестник Казахской академии труда и социальных отношений №1 (55), Алматы, 2018. - С. 67-71.

9. Дефектологтардың кәсіби мәртебесін қалыптастыру. // Білім беру парадигмасының өзгеру жағдайы: жаңартулар, мәселелер, тәжірибелер» / «Changing the educational paradigm: innovations, problems, practices»/ «Смена образовательной парадигмы: инновации, проблемы, практики» халықаралық ғылыми-практикалық online конференция жинағы. Алматы, 2021 ж. - 1-6 б.

10. Correctional and developmental laboratories as an innovative form of dual oriented training for future teachers. The international scientific conference, within the framework of DAAD project, «Dual Models of Training of Future Pedagogical Professionals in the International Educational Space: Problems, Solutions and Prospects» which will be held on 11-12 October, 2022. Алматы. P.1-5.

11. Қазіргі заманғы жоғарғы оқу орнында білім беру жүйесіндегі дуальді-бағдарланған оқытудың теориясы мен практикасы - учебное пособие. // ТОО «Лантар Трейд», Алматы, 2019. - 164 б.

Жарияланымдар. Диссертациялық жұмыстың мазмұны 11 еңбекте жарияланды. Соның ішінде 1 Scopus базасына енген шетелдік басылымда, 3 мақала Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда, 6 халықаралық ғылыми конференциялар жинақтарында, сонымен сонымен қатар, 1 оқу құралы жарияланды.

Диссертацияның құрылымы. Диссертация кіріспеден, екі тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен қосымшалардан тұрады.

Кіріспеде зерттеу тақырыбының көкейкестілігі негізделеді, ғылыми аппараты: нысаны, пәні, мақсаты, міндеттері, жетекші идеясы, әдіснамалық-теориялық негіздері, зерттеу көздері, әдістері, негізгі кезеңдері, ғылыми жаңалығы мен теориялық және практикалық маңыздылығы, ғылыми болжамы, қорғауға ұсынылатын қағидалары ашып көрсетілді.

«Арнайы педагогтарды дуальді-бағдарлық оқыту процесінде даярлаудың теориялық-әдіснамалық негіздері» деп аталатын бірінші бөлімде ЖОО-да арнайы педагогтарды дуальді-бағдарлық даярлау тұжырымдамасы, арнайы педагогты дуальді-бағдарлық оқыту процесінде даярлаудың әдіснамалық тұғырлары мен қағидалары, дуальді-бағдарлық оқыту процесінің мәні мен ерекшеліктері ашып көрсетіледі. Сонымен бірге арнайы педагогтарды дуальді-бағдарлық оқыту процесінде даярлаудың ғылыми-практикалық моделі әзірленді.

«Арнайы педагогтарды дуальді-бағдарлық оқыту процесінде даярлау бойынша эксперименттік жұмыс» деген екінші бөлімде арнайы педагогтарды дуальді-бағдарлық оқыту процесінде даярлау жүйесі, арнайы педагогтарды даярлау процесінде дуальді-бағдарлық оқытуды ұйымдастырудың эксперименттік бағдарламасы, арнайы педагогтарды дуальді-бағдарлық оқыту процесінде даярлау әдістемесі әзірленеді. Сонымен бірге тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың нәтижелері анықталды.

Қорытындыда зерттеудің негізгі қағидалары, нәтижелері тұжырымдалып, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар, зерттеушілерге арналған зерттеу перспективасы берілді.

Қосымшада зерттеудің тәжірибелік-эксперимент жұмыстарында қолданылған әдістемелер, зерттеу барысында жасалған поликомпонентті бағдарлама ұсынылды.

1 АРНАЙЫ ПЕДАГОГТАРДЫ ДУАЛЬДІ-БАҒДАРЛЫҚ ОҚЫТУ ПРОЦЕСІНДЕ ДАЯРЛАУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Жоғарғы оқу орнында арнайы педагогтарды дуальді-бағдарлық даярлаудың тұжырымдамасы

Қазіргі уақытта педагогика ғылымы мен тәжірибесі саласында Қазақстан Республикасының білім беру жүйесіне дуальді оқытуды ендіру мәселелерінің теориялық-әдіснамалық, ұйымдастырушылық негіздерін зерттеуге аса мән берілуде. Осыған байланысты, еліміздің бірқатар ЖОО-ның білім беру бағдарламаларына дуальді оқыту жүйесі ендірілуде.

Жоғарғы оқу орнында, арнайы педагогтарды дуальді-бағдарлық даярлаудың тұжырымдамасы мәселесін қарастырмас бұрын, арнайы педагогтарды қазақстандық педагогикалық білім беру жүйесіндегі даярлау тенденциясына тоқталып өтуді жөн көрдік.

Қазақстандағы арнайы білім беру кадрларын даярлау жүйесінің дамуы мен қалыптасуы, білім берудің мазмұнының арнайы білім беруге жалпы көзқарастар мен қоғамның санасының өзгеруімен байланысты деген қорытынды жасауға болады. Осыған орай, Қазақстандағы арнайы педагогтарды даярлау жүйесінің пайда болуы, өткен ғасырдың 20-шы жылдарынан бастау алып, бірнеше кезеңдерді қамтыды деген тұжырымға келдік.

1920-1921жж. бастау алады. Бұл кезеңде мемлекеттің алдында педагогикалық және әлеуметтік міндет ретінде ауытқуы бар баламен жұмыс жасайтын педагогтар мәселелерінің қалыптаса бастауымен сипатталады. Осы кезде, дамуында ауытқуы бар балалармен жұмыс жасайтын педагогикалық кадрларды даярлау мәселесі өте өзекті болды.

Арнайы педагогтарды даярлаудың келесі кезеңі 1921жылы арнайы оқыту-тәрбиелеу орталықтарында психофизикалық ауытқуы бар балаларды оқытатын педагогикалық кадрларды даярлауға арналған Орынборда алғашқы ашылған курстармен байланысты болып табылады. Мұндай курстардың мақсаты, дамуында ауытқуы бар балалармен жұмыс жасайтын педагогикалық кадрлардың білімін жетілдіру. Курстың бағдарламасы, жалпы педагогикалық және арнайы пәндер цикліне қатысты теориялық және практикалық сұрақтарды қамтыды. Алайда, отандық ғалым А.К.Сатова, курстардың бағдарламасын талдай келе, мұндай оқытудың мазмұны жалпы педагогикалық сипатқа ие деген тұжырымға келді.

Ал үшінші кезең (1930-1940 жж.) Мәскеу мен Ленинград (қазіргі Санкт-Петербург) қалаларындағы арнайы мектептерде есту қабілеті нашар балалармен жұмыс жасайтын сурдопедагогтардың білімін жетілдірумен және даярлаумен жүзеге асырылды. Бұл үш айлық курстарға есту қабілеті төмен мектептерден 14 педагог өз білімін жетілдірді. Ал, 1938-1939 оқу жылы Москвадағы сурдопедагогтардың арнайы екі айлық курсына қазақстандық мектептерден 13 адам оқуға барды. Осы кезеңде, ерекше білімді қажет ететін балалармен жұмыс

жасайтын арнайы педагогтар үшін мұндай курстар өте қажет болды.

Арнайы педагогтарды даярлаудың төртінші кезеңі ғалым А.К.Сатова пікірінше, 1941-1945жж. республикамыздағы арнайы мектептерге басқа мемлекеттерден дефектологиялық жоғарғы білімі бар мамандардың келуімен байланысты.

1945-1960жж. қамтитын бесінші кезең, Қазақстанның басқа мемлекеттердің алдыңғы қатарлы арнайы ұйымдарымен тәжірибе алмасуымен байланысты. Алматы мектеп-интернатының педагогтары, Москваның көзі нашар көретін және басқа да мектептердегі мамандардың тәжірибесін қолданды. Ал, 1950 жылдар арнайы мектептердің жұмысшыларын басқа мемлекеттерге білімдерін жетілдіруге бағдарлау тәжірибесімен сипатталды.

Арнайы педагогтарды даярлаудың алтыншы кезеңі 1960-1975жж. Білім Министрлігі мен Алматы қаласының педагогикалық кадрлардың білімін жетілдіру институтының ұйымдастыруымен, арнайы мектеп педагогтарын тұрақты және ауқымды оқыту курстарын өткізуімен сипатталады. Сонымен қатар, ғалым А.К.Сатованың диссертациялық зерттеуі бойынша, 1964-1965 оқу жылында «Дефектология» мамандығын үш профиль бойынша даярлауда 111 маман білімін жетілдіру курстарынан өтті. 1971 және 1975 жылдар аралығында арнайы мектептер мен логопедиялық орталықтардың 400-ден астам мамандар арнайы дайындықтан өтті. Атап айтсақ, 1971 және 1975 жылдар аралығында – 129 адам, ал 1978 жылы – 391 маман өз білімдерін жетілдірілді. А.К.Сатованың зерттеуі бойынша, арнайы мектептердің педагогтарын даярлау терең әрі өте жүйелі болды. Әрине, дәл осы кезеңде мүмкіндіктері шектеулі балалармен жұмыс жасайтын педагогтар үшін мұндай курстар өте қажет болды. Сонымен қатар, бұл кезең дефектолог мамандарды даярлайтын В.И.Ленин атындағы Москва мемлекеттік педагогикалық институты мен А.И.Герцен атындағы Ленинград мемлекеттік педагогикалық институттарының, Қазақстан Республикасы үшін арнайы орындардың бөлуімен сипатталады.

1975-1984 жж. жетінші кезең, Қазақстандағы дефектологиялық кафедралар мен факультеттердің ашылуымен байланысты. Осылайша, 1975-1976 оқу жылы Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының, филология факультетінде дефектология бөлімі ашылды. 1976 жылы аталған жоғарғы оқу орында дефектологиялық факультет ашылды. Ал, 1984 жылы дефектологиялық факультет Қараганды педагогикалық институтында ашылды. 1979 жылға дейін аталған мамандық бойынша оқыту тек күндізгі оқу бөлімінде жүзеге асырылып, 1979-1980 оқу жылында мамандарды даярлау сырттай оқу бөлімдерінде оқытыла бастады.

Отандық зерттеуші А.Б.Дузелбаева пікірінше келесі кезең 1985-1990 жж. аралығын қамтып, мемлекетіміздің жоғарғы оқу орындарының дефектолог-мұғалімдерді арнайы даярлаудың мазмұнының кеңеюімен сипатталды. Сонымен, 1983-1984 оқу жылында көмекші мектептер мұғалімі мен логопедті оқытуда «Мектепке дейінгі мекемелердің олигофренопедагогы» біліктілігі қосылды. Ал, 1985-1986 жж. Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтында

сурдапедагогтарды даярлай бастады. Осы аралықта, арнайы мектепке дейінгі және арнайы мектептер желісі көбее бастап, арнайы педагогтардың дәрежесі жоғарылай бастады.

1997-2010 жылдар ғалым А.Б.Дузелбаева пікірінше, педагог-дефектологтарды даярлауда өзіндік (қазақстандық) үлгіні іздеумен, сонымен қатар оны модернизациялауда, арнайы педагогтарды даярлаудың келесі кезеңімен сипатталады.

2006 жылдан бастап арнайы педагогтарды даярлау дефектологияның төрт негізгі бағдары: олигофренопедагогика, сурдопедагогика, тифлопедагогика және логопедия бойынша жүзеге асырылды. Арнайы педагогтарды даярлауда, Абай атындағы ҚазҰПУ-да даярланған «Дефектология» мамандығы бойынша жоғары білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты негіз болады.

Ғалым А.Б.Дузелбаеваның зерттеуінше, шартты түрде бөлінген келесі кезең 2010-2013 жж. қамтыды. Бұл кезең, дефектологиялық білім берудің мазмұнының әртүрлі деңгейлері мен стандарттауды қамтамасыз етумен сипатталады. Сонымен қатар, қазақстандық ғалымдардың бөлген бұл кезеңі, Қазақстан Республикасының 5B010500, 6M010500, 6D010500 – Дефектология мамандығы бойынша мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты еліміздің Болон процесіне қосылуымен байланысты әзірленді.

Келесі кезең, 2013–2018 жж. болашақ дефектологтардың мамандануын тереңдету және кеңейтумен байланысты болды. 2018 жылы диссертациялық кеңесте алғаш рет А.Б.Дузелбаева өзінің PhD докторлық диссертациялық жұмысын сәтті қорғады. Бұл кезең, жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайда қоғамды дамыту, ізгілендіруді жетекші міндеттер ретінде алға қою, білім беру және оқу қызметінің сапасын арттыру, арнайы білім беру жүйесін қамтамасыз ету мәселесі жаңартылуда жаңа формациядағы, жаңа күзіретті, шығармашылыққа ие педагогтардың ойлау, зерттеу дағдылары мен өзін-өзі жүзеге асыруымен сипатталды [59, с 143].

Одан кейінгі кезең, 2018-2020 жж. қамтыды. Бұл кезең, педагог кадрларды, соның ішінде мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс жасайтын педагогтарды даярлаудың барлық мемлекеттік жүйесін қайта құрылымдаумен ерекшеленді. Осы уақыттағы ең маңызды жетістіктердің бірі, 6B019 - «Арнайы педагогика» білім беру бағдарламасы (одан әрі - ББ) бойынша жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға бағытталған классификаторды бекіту.

Келесі 2020–2021жж. педагогикалық, соның ішінде арнайы педагогикалық білім берудің модернизациясы кезеңімен ерекшеленді. Осыған орай, айта кететін жәйт Абай атындағы ҚазҰПУ, Педагогика және психология институтына қарасты «Арнайы педагогика» білім беру бағдарламасы аясында, «Инклюзивті білім беру педагогы» жаңа модульдік білім беру бағдарламасы жасалды.

Осылайша, арнайы педагогтарды қазақстандық педагогикалық білім беру жүйесінде даярлау тенденциясын жоғарыда көрсетілген кезеңдерге бөліп

қарастырдық.

Ал енді дуальді оқытуға байланысты төмендегідей шолу жасауды ұйғардық. Қазақстанда дуальді оқыту орта білімнен кейінгі техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында табысты жүзеге асырылып келеді. Осы жүргізіліп жатқан шаралар дуальді оқытуды ендірудің теория мен практика арасындағы алшақтықты жоятындығын; білім алушының оқу мен жұмысқа практикалық дағдысын игеруді жоғарылататындығын, мекеме басшысының өзінің қызметкерін практикалық оқытуға қызығушылығын көрсетті.

Дегенімен, қазіргі уақытта дуальді оқытуды болашақ мұғалімнің кәсіби даярлығына толығымен ендіру, яғни көшіру мүмкін емес. Өйткені олардың кәсіби даярлығындағы теориялық және практикалық құрамдарының көрсеткішін теңестірудің, ал практикалық бөлігінің барлығын өндірісте (біздің жағдайымызда арнайы педагогтардың кәсіби даярлығында жоғарғы оқу орын базасында) жүзеге асырудың әдіснамалық негіздері толығымен жасала қойған жоқ. Жоғарыда аталған мәселелерді зерделей келе, дуальді оқыту арнайы педагогика ғылымында жаңадан зерттеліп жатқан мәселелердің бірі болып табылатынын анық айтуымызға болады.

Осы орайда, зерттеу барысында диссертацияның негізгі ұғымдарының бірі «дуальді-бағдарлық оқыту» түсінігінің негізі ретінде «дуальділік» мәселесін қарастырған отандық және шет елдік бірқатар еңбектерге талдау жасадық.

Біз алдымен дуальді оқытудың ҚР ТЖКББ ұйымдарына ендірілуінен бастап осы түсініктің отандық педагогика ғылымында термин тұрғысынан қолданыла бастауына мән береміз. Өйткені бұл терминнің қазақ тіліндегі ғылыми әдебиеттерде жазылуы әр түрлі болып келеді. Мәселен, осы проблемаларға арналып жазылған ғылыми мақалаларда «дуалды», «дуалдық», «дуальді» делініп, әр түрлі жазылады.

Біздің диссертациялық зерттеуде «дуальді» деп жазуымызға себеп, бұл халықаралық термин – қазақ тілінің сингармонизм заңы бойынша басқа тілден енген сөздерге жіңішке жалғау жалғанады (мәселен неміс тілінен *lager* терминін аударғанда: лагерь-лагерьге және т.б.).

Қазақ тілінің осы заңдылығын негізге ала отырып, яғни басқа тілден енген сөздерге жіңішке жалғау жалғанатынын ескеріп біз өз зерттеуімізде неміс тіліндегі «*dual*» терминін «дуаль» деп жазуды ұсынып отырмыз. Осыған сәйкес неміс тіліндегі «*dual*», орыс тіліндегі ғылыми әдебиеттердегі «*дуальное*», қазақ тілінде «дуальді» деп қалдырдық.

Сондай-ақ, зерттеу барысында диссертацияның түйінді ұғымы «дуальді-бағдарлық оқыту» түсінігінің негізі ретінде «дуальділік» мәселесін қарастырған шетелдік және отандық еңбектерге талдау жасалды.

Германияның ғылыми әдебиетінде «дуальділік» ұғымы алғаш рет 1960 жылдың ортасынан бастап кәсіби оқытуды ұйымдастырудың жаңа түрін белгілеу үшін қолданылды. Ресей ғалымдарының еңбектерінде дуальділік зерттеу пәні тұрғысынан 1990 жылдан басталса, ал Қазақстан Республикасында Федеративті Германия Экономикалық ынтымақтастық және даму министрлігінің қолдауымен

(BMZ) 2012 жылдан дуальді оқытуды енгізу бойынша келісімге «Назарбаев-Меркель бастамасы» қол қойғаннан кейін, оның техникалық және кәсіптік білім беруге ендірілуі бойынша ғылыми мақалалар жарық көре бастады.

Болашақ мамандарды дуальді даярлауға арналған теориялық және ғылыми-практикалық зерттеулер Батыс Еуропадан бастау алады.

Сонымен қатар, ТМД елдерінде дуальді оқыту білім беру ұйымдарының жаңа принциптері қатарында әлеуметтік серіктестік идеясын жүзеге асыру бойынша зерттеле бастаған. Дуальді оқытудың дамуы мен тәжірибесін Г.А.Федотова, А.Н.Кирилловский, С.П.Романов және т.б. зерттеді. Ал, болашақ мамандарды дуальді даярлаудың педагогикалық ерекшеліктерін Л.И.Корнеева, М.А.Шувалова және Д.А.Торопов ашып көрсеткен болатын. Л.Н.Самолдина арнайы орта оқу орындарының студенттерін мақсаттық-дуальді даярлауды зерделесе, О.В.Приступа Германиядағы дуальді оқытуды мектеп бітірушілерін еңбекпен айналысуға даярлаудың негізі тұрғысынан ғылыми-әдістемелік қамтамасыздандыру мәселелерін толығымен ашып көрсеткен [60].

Сонымен, ғалымдардың «дуальді жүйе», «дуальді оқыту», «дуальді білім беру», «дуальді форма» түсініктерін талдай отырып, олардың дуальділікті жүйе, форма, технология тұрғысынан қарастырғанымен барлығы да болашақ маманды оқу орны мен өндірістің әріптестігінде даярлау қажеттілігін, бірегей мақсатпен теориялық және практикалық даярлығын теңдестіретіндігін жоққа шығармайды.

Қорыта айтқанда, біздің түсінігімізше «Дуальді жүйе»—еңбек нарығының сұраныстарына сәйкес жоғары білікті мамандарды даярлау бойынша білім беру және өндірістік салалардың, үйлестіруші органдардың келісілген өзара әрекеттестігін, бақылау-құқықтық, үкіметтік, органдардың шешімімен жүзеге асырылуы, қаржыландырылуы қалыптасқан жүйе.

«Дуальді білім беру» – теориялық және практикалық сабақтарда алынған және өндіріс жағдайында практикадан өткен білім, білік, дағдылар кәсіби тәжірибеге үлесіп, оларды «кәсіби берік», «нәтижеге қол жеткізе алатын» және әрі қарай тұлғалық, кәсіби өсу үшін іргелі база болып табылатын кәсіптік білім беру түрі. Дуальді білім беру жүйесі білікті маманға мүдделі коммерциялық кәсіпорындар мен аймақтық билік органдары нақты жұмыс орнына кадрларды даярлау бағдарламаларын бірлесіп қаржыландыруды көздейді.

Осыған орай ол жоғарғы педагогикалық білім беруге дуальді оқытуды тікелей көшіруді емес, дуальді оқыту элементтерін ендіруді ұсынады.

Біздің зерттеуімізге де дуальді оқыту элементтерін пайдалану, дуальді-бағдарлық оқыту ұғымы тұрғысынан қарастырылады.

Біздің түсінігімізше болашақ мұғалімдерді даярлаудағы **дуальділік** – бұл кәсіби арнайы педагогикалық білім берудің әдіснамалық сипаттамасы, ол білім беру және өндірістік салалардың өзара әрекеттестігінің бірыңғай әдіснамалық негіздерін кіріктіруде белгілі бір бейіндегі мамандарды оқытудың әртүрлі ұйымдастырушылық формасы болып табылады.

Осыған сәйкес, жоғары педагогикалық білім беруге дуальді оқытудың

ендірілеуі және оны жүйе тұрғысынан ендіруге жоғарыда айтылған қиындықтар мен күрделіліктің орын алуы бізге дуальді оқыту емес, дуальді-бағдарлық оқыту жағдайын қарастыруға мүмкіндік береді. Педагогикалық кадрларды дуальді-бағдарлық даярлауды іске асыру келесі қағидаттар негізінде жүзеге асырылады:

- қазіргі қоғамның қажеттіліктеріне білім беру мақсаттарының барабарлығы;
- гуманистік және технологиялық тәсілдер негізінде педагогикалық білім беру үдерісінде білім беру және кәсіби-педагогикалық саланың өзара әрекеттесуін жүзеге асыру;
- педагогикалық білім беруді кіріктіру, оның жүйелік тұтастығының көрінісі ретінде қамтамасыз ету.

Ал, Қазақстанда жоғарыда атап өткеніміздей дуальді оқыту мәселесіне қатысты зерттеулер 2017 жылдан бастап қарастырыла бастады. 2017 жылы атап айтатын болсақ, Ж.О.Нұржанбаева дуальді оқыту жүйесінде колледж студенттерінің бойында еңбек құндылығын қалыптастырудың педагогикалық негіздерін зерттеді. Ал, 2018 жылы Ж.Е.Алшынбаева кәсіптік оқыту мамандығы бойынша педагогтардың дуальді оқытуды іске асыруға даярлығын қалыптастыруды қарастырған. Сонымен қатар, 2019 жылы А.А.Сманова кәсіби білім беру жүйесіндегі дуальді оқытудың дамуын Германия мен Қазақстан тәжірибесінде зерттеген. Ал, 2020 жылы Э.Б.Айтенова дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында болашақ педагогтардың кәсіби іс-әрекетке даярлығын қалыптастыру мәселесін зерттеген болатын.

Сондай-ақ, Қазақстанда дуальді оқыту мәселелеріне қатысты ғылыми жобалар 2015 жылдан бастап жасала бастады. Орындалған жобаларға шолу жасайтын болсақ, 2015-2017 жж. Шымкент қаласында С.А.Жолдасбекова «Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің болашақ педагогтарын дуальді оқытуға даярлау үдерісін жетілдірудің ғылыми-әдіснамалық негіздері» және Г.К.Исаева «Мемлекет – жеке меншік әріптестігінің нысаны ретінде жоғары білім берудің дуальдік оқыту жүйесінде кәсіпкерлерді ынталандыру тетіктерін әзірлеу» атты жобаларын сәтті орындаған. Ал, 2015-2017 жж. Павлодарда Л.А.Фрезоргер «Дуальді технология мен әлеуметтік әріптестік негізінде екінші және үшінші индустриялық бесжылдық үшін инженерлік кадрларды көп деңгейлі даярлаудың интеграцияланған моделін әзірлеу» атты ғылыми жобасын сәтті жүзеге асырған. Сонымен қатар, 2015-2017 жж. Тараз қаласында К.Ж.Бұзаубақова «Жоғары педагогикалық білім беру жүйесін жетілдіру: педагогикалық кадрларды дайындауда Тараз мемлекеттік педагогикалық институты мен Тараз қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің инновациялық ынтымақтастығы негізінде дуальді оқытуды ендіру және жүзеге асыру» атты жобасын орындаған. Сондай-ақ, 2018-2020 жж. Алматыда Ұ.М.Әбдіғапбарова «Дуальді-бағдарлық оқыту – болашақ мұғалімнің даярлығын жетілдірудің шарты» атты ғылыми жобасын сәтті аяқтаған. Аталған жобалардың ішінен К.Ж.Бұзаубақова мен Ұ.М.Әбдіғапбарованың орындаған ғылыми жобалары болашақ педагогтардың кәсіби даярлығына дуальді оқыту

элементтерін ендіру мәселесін толығымен ашып көрсеткен [61-64].

Біздің зерттеу пәнімізге сәйкес арнайы педагогтарды дуальді-бағдарлық оқыту мәселесіне зерттеу жүргізбес бұрын «дуальді-бағдарлық оқыту» ұғымының мәнін анықтап алуды жөн көрдік.

Осы сала бойынша бірқатар еңбектер атқарған ғалымдар, Ұ.М.Әбдіғапбарова мен Н.Б.Жиенбаева «дуальді-бағдарлық оқыту – бұл, қазіргі қоғам мен нақты білім беру ұйымының қажеттіліктеріне сәйкес белгілі бір бейіндегі және біліктілік деңгейіндегі педагог мамандарды даярлауда білім беру және практикалық салалардың өзара әрекеттестікке негізделген, мақсаты мен құндылықтарының, білім беру мазмұны мен кәсіби даярлық технологияларының ортақтығын көрсететін «бірыңғай ұйымдастырушылық тұтастық» - деген анықтама берді.

Дуальді-бағдарлық оқытумен бірге дуальді білім беру термині қатар жүретіні белгілі. «Дуальді білім беру» – теориялық және практикалық сабақтарда алынған және өндіріс жағдайында практикадан өткен білім, білік, дағдылар кәсіби тәжірибеге үйлесіп, оларды «кәсіби мықты», «нақты нәтижеге қол жеткізе алатын» және әрі қарай тұлғалық, кәсіби жетіліп, өсу үшін алдыңғы қатарлы база болып табылатын кәсіптік білім берудің бір түрі болып есептеледі.

Сондай-ақ, ғалымдар дуальді оқыту жүйесін болашақ педагогтарды кәсіби даярлауға бірден көшіру мүмкін еместігін негіздейді. Мұндай көзқарасты ұстанатын ғалымдардың бірі, Ұ.М.Әбдіғапбарова «қазіргі уақытта дуальді оқытуды болашақ мұғалімнің кәсіби даярлығына толығымен енгізу, яғни көшіру мүмкін емес. Өйткені, олардың кәсіби даярлығындағы теориялық және практикалық құрамдарының пайыздық көрсеткішін теңестірудің әдіснамалық-ұйымдастырушылық тұрғыдан негіздері жасалмаған, бұл бірінші мәселе. Екіншіден, мұғалімнің жұмыс орны субъект-субъект схемасы бойынша жүзеге асады, ал дуальды жүйе принципінде студент оқу орнында теориялық білім алумен қатар өндірісте жұмыс істеуі тиіс екендігін ескеретін болсақ, онда кәсіби тұрғыдан білімі жоқ, тұлғалық сапалары қалыптаса қоймаған, өмірлік тәжірибесі жеткілікті қалыптаспаған 1-2 курс студенттерін жұмыс істеуге жіберу мүмкін емес. Ал үшіншіден, Қазақстанның колледж, мектептерінде мұғалім орнының тапшылығы жоқтың қасы. Сол себепті болашақ мұғалімнің студент қатарында (күндізгі оқуда) жүріп, жұмыс істеуіне мүмкіндік бола бермейді. Төртінші мәселе, дуальді жүйені жоғары педагогикалық білім беруде жүзеге асырудағы қиындықтар себептерінің анықталмауы және оны ендірудің механизмінің жасалмауы да бұл мәселенің теориялық-практикалық тұрғыдан зерттеле түсуін қажет етеді» деген ойын білдірген.

Осы себепті, жоғары педагогикалық білім беруге дуальді оқытуды тікелей көшірмей, дуальді оқыту элементтерін ендіруді ұсынады.

Қазақстан Республикасының «Білім беру» туралы Заңына сәйкес, осындай жағдайлардың бірі профессорлық-оқытушылық құрамын оқу қызметін ұйымдастыруға даярлау болып табылады. Дуальді-бағдарлық оқыту жүйесі техникалық және кәсіптік білім беру; орта білім беруден кейінгі білім беру;

жалпы орта білім берудің МЖМБС нешінде жатқан құзыреттілік тәсілінің негізгі тұжырымдамаларына толығымен жауап береді. Онда негізгі міндет ретінде оқытушы кадрларды мақсатты даярлау жөніндегі бағдарламаларды әзірлеу мен іске асыруды қамтамасыз ету ұсынылады. Бұл мәселені шешу «арнайы педагогты дуальді-бағытта даярлау» сияқты құбылысты зерттеу қажеттілігін тудырды, бұл өз кезегінде жоғары педагогикалық мектеп үшін өте өзекті және күрделі міндет болып табылады.

«Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» Ұлттық Кәсіпкерлер Палатасының (ҰКП) бірлескен жұмысы кезінде кадрлар даярлау және дуальді оқыту жүйесін енгізу бойынша әкімшілік кедергілерді жою үшін 17 нормативтік-құқықтық актіге өзгерістер енгізілді [65].

Мемлекеттің саяси талаптары мен жоғары білім беру ұйымдарының өзекті қажеттіліктері елімізде дуальді оқытудың қарқынды түрде енгізілуін, әсіресе бірқатар заңнамалық-нормативтік актілер – ҚР Еңбек кодексіне өзгерістер енгізілгеннен кейін, дуальді оқытуды ұйымдастыру ережелерін енгізілуін көздеді. Сонымен қатар, Ұлттық Кәсіпкерлер Палатасы, Білім және ғылым министрлігімен бірлесіп, көптеген салаларды қамтитын дуальді оқытуды енгізудің Жол картасын әзірледі.

2016 жылғы 21 қаңтарда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Дуальді оқытуды ұйымдастыру қағидаларын» бекіту туралы №50 бұйрығы жарыққа шықты. Аталмыш қағидада білім алушы, білім беру бағдарламасы, дуальді оқыту және дуальді оқыту туралы шарт ұғымдарына анықтама берілді [66].

Қазақстан Республикасының мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларды қолдау туралы заңдары Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және өзге де нормативтік-құқықтық актілерге сүйенеді. Қазақстанда мүмкіндігі шектеулі тұлғалардың тіршілік әрекетін құқықтық қамтамасыз ету және инклюзивті білім беруді қамтамасыз ететін нормативтік-құқықтық актілерге мыналар жатады:

-Қазақстан Республикасының Конституциясы, 1995 жылғы 30 тамыз (23.05.2021 ж. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен);

-Білім туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы;

-Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы 2002 жылғы 11 шілдедегі № 343-ІІ Заңы;

-Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345-ІІ Заңы;

-Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы, 2005 жылғы 13 сәуірдегі № 39-ІІІ Заңы.

Әрбір тұлғаның дене бітімінің, психикасының, имандылығының және рухани жағынан толыққанды дамуы үшін қажетті тұрмыс деңгейі мен жағдайларына құқығы бар. Мемлекет бұл жағдайлардың жасалуын әлеуметтік

және экономикалық шаралар жүйесі арқылы қамтамасыз етеді» деп көрсетілген.

М.Н.Перов пен Л.М.Кобриннің пікірлерінше, XX ғасырдың 90-шы жылдары посткеңестік кеңістігінде болған әлеуметтік өзгерістер арнайы педагогика мен психология саласында жоғары білім алудың қол жетімділік саясатын анықтады [67, с.80-83]. Бұл мамандықтың элитадан жалпыға қол жетімді мамандыққа ауысуына әкеліп соқты. Ал, бұл мүмкіндігі шектеулі тұлғалардың өсіп келе жатқан контингентін қамтуға және арнайы педагог маманның білім сапасын арттыруға мүмкіндік берді. Батыс Еуропа елдері мен АҚШ-та арнайы білім беру үшін мамандарды даярлау қажетті біліктілікті иелене отырып, жалпы педагогикалық және жалпы психологиялық бағыттардың аясында жүзеге асырылады. Сондай-ақ, осы сала үшін мамандар әлеуметтік, медициналық және лингвистикалық институттар базасында да дайындалды.

Қазіргі таңда, жоғары арнайы педагогикалық білім берудің заманауи жүйесі, бітіруші түлектерді кәсіби ұтқыр етіп дайындауға, олардың жұмысқа орналасу мүмкіндіктерін кеңейтуге және бір мекеменің жұмыс жағдайында кең ауқымды қызметті қамтамасыз етуге бағытталған.

Әлемдік интеграция жағдайында мемлекеттегі жоғары кәсіптік білім беруді дамыту, еңбек нарығының қажеттіліктеріне жауап беретін түлектерді кәсіптік даярлаудың жоғарғы сапасын қамтамасыз етуге тиіс. Мамандарды даярлау сапасы және оларды одан әрі қарай табысты жұмысқа орналастыру мәселесі жоғары оқу орындарын бітірушілердің қалыптасқан құзыреттерін іс жүзінде жүзеге асыру және жоғары оқу орындары мен жұмыс берушілердің өзара әрекеттесу нобайын әзірлеу туралы мәселені алға тартады. Осы мәселені дуальді-бағдарлық оқытуды енгізу жолымен шешуге болатындығы айқын көрінеді.

Жоғары оқу орындарында, жалпы білім беру жүйесіндегі дәстүрлі тұғырларды қайта қарау, қоғамдағы тәжірибенің әртүрлі салалары мен түрлерінде өзін тәжірибе тұрғысынан жоғарғы деңгейде көрсете алатын мамандардың тапшылығы қажеттілігінен туындап отыр.

Қазіргі заманғы жоғары оқу орындар жыл сайын өздерінің әлеуетін арттыруда, экономика, саясат, мәдениет сияқты басқа салалармен диалог пен ынтымақтастық перспективаларын кеңейтуде, студенттің өмір сүру әл-ауқаты мен бәсекеге қабілеттілігіне қол жеткізудегі ресурс ретінде әрекет етуде. Бұған әлеуметтік қатынастар мен кәсіби қызметтің субъектісі ретінде болашақ маман тұлғасының толыққанды әлеуметтік дамуы үшін жағдай жасауды, қоғамдағы жеке тұлғаның өзін - өзі көрсету құндылығын баса көрсетуді қамтамасыз ететін студент жастарды оқытудың дуальді-бағдарлық парадигмасына көшуіне айтарлықтай ықпал етеді.

ЖОО-ның жаңа білім беру парадигмасына қажеттілік, сапалы ілімді қамтамасыз етуде, студентті еркін және рухани тұлға субъектісі ретінде қарау, кәсіптік білім беру мазмұнында, білім беру процесінің заманауи технологиясында, білім берудің негізгі субъектілерінің өзара әрекеттесу тәсілдерінде түбегейлі өзгерістер қажеттілігіне байланысты туындайды.

Білім беру парадигмасы оқыту процесін қалыптастыратын немесе білім беруді ғылыми зерттеуді, педагогтың тікелей жеке философиясын көрсететіні баршамызға мәлім. Осыған сәйкес, біз осы параграфта:

1. Дуальді-бағдарлық оқыту негізінде арнайы педагогтарды кәсіби даярлауды дамыту парадигмасын негіздеуге;

2. Дуальді-бағдарлық оқыту бағдарламаларын әзірлеудің нұсқаларын анықтайтын педагогтарды даярлау парадигмаларының теориялық алғышарттары жиынтығын қарастыруға (білім беру бағдарламалары, қатысушылары арасындағы өзара әрекеттесу стильдері);

3. Студенттердің мотивациясы мен академиялық үлгерімін арттыруға бағдарланған жалпы дуальді-бағдарлық оқыту негізінде арнайы педагогтарды кәсіби даярлау негіздері ретінде жеке стратегияларды ғылыми тұрғыдан дәлелдеуге тырысамыз.

Н.Н.Малофеев атап өткендей, педагогикалық парадигмалар қоғамдағы дамуында ауытқулары бар балалардың құқықтары мен мүмкіндіктеріне деген көзқарасының өзгеруіне жауап ретінде пайда болады және ең алдымен осы қатынастың тиісті кезеңі мен сипатын басшылыққа алады [68,182 с.].

Ғылыми еңбектерді зерделей келе (Д.И.Азбукин, Х.С.Замский, В.А.Лапшин, А.Г.Литвак, Н.Н.Малофеев, В.П.Пузанов, Ф.А.Рау, В.И.Селиверстов) арнайы білім беру жүйесінің педагогтарын кәсіби даярлау жүйесінің дамуында бірнеше кезеңдерді бөліп көрсетуге болады. Кезеңдердің әрбірі жалпы посткеңестік кеңістіктегі және соның ішінде Қазақстан Республикасындағы арнайы білім беру жүйесінің дамуымен тікелей логикалық байланысқа ие.

Арнайы педагогикалық білім беру жүйесінің қалыптасуындағы бастапқы кезеңдер, В.П.Кашенко, А.С.Грибоедов, Ф.А.Раудың идеяларына сәйкес, әртүрлі әлеуметтік салалар үшін мамандарды даярлау аясында жасалды. Бұл мәселе арнайы педагогтардың кәсіби құзыреттіліктерінің ауқымды болуымен байланысты. Алайда, осы кәсіби даярлау бағдарламаларының мазмұнына талдау жасау, теориялық даярлау процесінің тәжірибелік дағдыларды қалыптастыру процесінен басым болғанын көрсетті [69-71].

Осы орайда, төмендегі міндеттерді атап көрсетуге болады:

- кәсіби даярлау жүйесінің перспективті тұжырымдамалық негіздерін іздеу, арнайы педагогикалық білім беру теориясы мен тәжірибесі мәселелерін негіздеу;

- арнайы педагогтарды кәсіби даярлау мүмкіндіктері мен оңтайлы шарттарын анықтау;

- арнайы педагогтарды кәсіби даярлау сапасын бағалау әдістері мен критерийлерін анықтау;

- кәсіби даярлауды цифрлық тұрғыдан қамтамасыз ету;

- осы бейіндегі мамандарды кәсіби даярлаудың шетелдік тәжірибесін зерттеу және талдау қазіргі уақытқа дейін өзекті мәселе болып қала беретіндігін дәлелдеу және т.б.

Жоғарыда аталған мәселелерді зерттеу нәтижелері төмендегі ғалымдардың

еңбектерінде көрініс тапқан (Т.П.Головина, Т.Л.Лещинская, Л.П.Назарова, С.В.Новикова, Н.П.Пивоварова, И.И.Левина, К.И.Туджанова, В.А.Лапшин, В.И.Селиверстов).

Алайда, И.А.Грошенковтың айтуынша, «арнайы білім беру жүйесінде педагогтарды даярлау қазіргі заманғы тәжірибенің нақты қажеттіліктеріне сәйкес келмейді» [72].

Жоғарыда келтірілген тұжырымдардан жоғары кәсіби білімі бар арнайы педагогтарды даярлау мәселесінің толығымен шешілмегендігі көрінеді. Осыған байланысты оны зерттеу қажеттілігі де өзекті болып қала береді. Ал жаңа ғылыми және практикалық деректер әрқашан сұранысқа ие болады. Бұл қоғамның кең ауқымды сұраныстарына және біздің зерттеу тақырыбымызға сәйкес келеді.

Ұсынылған деректер аясында арнайы (түзету) білім беру мекемесінде жұмыс жасайтын маманға қойылатын талаптарды теориялық негіздеу ерекше орын алады. Н.П.Пивоварованың пікірінше, «біліктілік сипаттамасы мамандардың қажеттіліктерін болжау және дайындықты жоспарлау кезінде қолданылуы керек» [73].

Қазіргі заманғы ЖОО-да оқыту жүйесін жақсарту үшін жеке және бейімделген оқытудың әртүрлі стратегияларын қолдану үлкен мәнге ие. Ал «стратегия» ұғымына анықтама беретін болсақ - адам қызметінің әртүрлі салаларында қолданылатын және көп жақты мәнге ие термин болып табылады. Стратегия – бұл ұйымның бір немесе бірнеше мақсаттарына қол жеткізу үшін менеджерлер қолданатын іс-әрекет. Стратегияны «болашақта қажетті күйге жету үшін белгіленген жалпы бағыт» ретінде де анықтауға болады. Сонымен қатар, «Стратегия - бұл стратегиялық жоспарлаудың егжей-тегжейлі процесінің нәтижесі». Ең бастысы, стратегия - бұл адамның кез-келген іс-әрекетінде жетістікке жетудің анықтайтын факторларының бірі.

XX ғасырдың 80-ші жылдарының ортасында оқу стратегияларын зерттеу бағыты өте қарқынды дамыды. Ал бұл өз кезегінде әлі күнге дейін маңызды мәселелердің бірі болып табылады.

Дж.Рубин өзінің ғылыми еңбектерінде алғашқылардың бірі болып стратегия ұғымын оқыту тұрғысында қолданды. Дж.Рубиннің еңбектерінде оқу стратегиясы оқушылардың білімді игеруде қолданылатын техникалар немесе тәсілдерді анықтау болып табылады. Оқыту стратегиялары оқу субъектісінің оқу материалын қабылдау мүмкіндіктерін кеңейту және оқыту стратегиясының үш деңгейін ажырату үшін қолданылатын пәндік және ақыл-ой әрекеттері ретінде қарастырылады [74]. Төменде оқыту стратегиясының үш деңгейіне шолу жасайық:

1) метакогнитивті – оқу субъектісінің өзінің оқу қызметін жоспарлайтын, ұйымдастыратын және бақылайтын, өзінің жеке жетістіктерін талдайтын стратегиялар;

2) когнитивті – оқытуды ұйымдастырудың саналы тәсілдері, мысалы, қағазға түсіріп алу, ғылыми еңбектерді таңдау (сөздіктер мен басқа да

ресурстарды қолдану), жақсы есте сақтау үшін қайталау, баламаларды келтіру, мерзімдерді, негізгі түсініктерді жаттау;

3) әлеуметтік-аффеक्टивті – өзара әрекеттесу арқылы оқыту, ақпаратпен алмасу, мысалы, басқа студенттермен жұмыс жасау, ортақ мәселені шешу, оқытушымен кеңесу.

Оқыту стратегиялары – бұл студенттердің қабілеттері мен дағдыларын жетілдіру және оқу тапсырмаларын орындау үшін қолданатын жеке тәсілдемелері. Стратегиялық оқытуды қолдану студенттердің білім беру процесінің неғұрлым тәуелсіз әрі дербес субъектісі ретінде қалыптасуына ықпал етеді. Ал бұл, өз кезегінде болашақта кәсіби қызметінде белгілі бір стратегияларды қолдана алады. Оқуға деген жеке көзқарас, студенттердің ынтасын және олардың оқу іс-әрекетіне қатысуын арттырып, академиялық үлгерім нәтижелерінің жақсаруына алып келеді. Жеке оқыту-адамның қажеттіліктеріне және алдыңғы тәжірибеге сәйкес оқытуды бейімдеуге арналған шешім болып табылады. Бұл шешім арқылы өзінің максималды әлеуетін ашуға мүмкіндік береді. Жеке дара оқыту стратегиялары ұқсас бірнеше мағыналарға ие екендігін атап өткен жөн. Олар: дербес оқыту, дамудың жеке траекториясы, жеке білім беру бағытымен сипатталады.

«Бейімделген оқыту» терминін жеке оқыту терминінің синонимі ретінде жиі қолданады. Қазіргі кезде бейімделген оқыту – бұл әртүрлі дара айырмашылықтарды ескеретін, оқытудың оңтайлы бейімдеу тәжірибесін анықтау үшін, уақыттық және географиялық кедергілерді жою үшін оқытудың танымдық типі мен стилі, жынысы, оқу мотивациясы секілді көптеген жеке ерекшеліктерді ескеруге мүмкіндік беретін, жүйе болып табылады [75].

Жеке білім беру жолы – бұл адамдардың оқу барысында шешуге қажет нақты қажеттіліктері мен мақсаттарын анықтап көрсетуі үшін жиі қолданатын терминдердің бірі болып табылады. Жеке білім беру жолы, адамның танымдық білім деңгейіне негізделген жеке оқу контентін ұсынатын портал тәрізді [76, б.299]. Білім беру, студенттерді оқыту стилі мен сипаттамалары секілді жеке ерекшеліктерін ескере отырып жүзеге асырылуы тиіс. Қазіргі кезде оқыту стилінің 70-тен астам моделі құжаттандырылып, енгізілуде. Оқыту стилі ақпаратты жинаудың, жүйелеудің және ұғынудың жеке тәсілін белгілеп көрсету үшін қолданылады [77]. Жеке оқыту, білім алушының алуан түрлі қажеттіліктері мен оның дара ерекшеліктерінің дамуын қолдайтын жүйе ретінде түсіндіріледі. Бұл жүйе ерекше сипаттамалары мен қызығушылықтары бар студенттер үшін жеке оқыту әдістері мен оқу мазмұнын дамытады.

Дуальді-бағдарлық оқыту танымдық қызмет жүйесінің өз-өзін ұйымдастыруға, жаңа мақсаттарды ұсынуға, мәндік ұстанымдарды ауыстыруға ынталандыра отырып, алатын нәтиженің мәдени толыққандылығын, әлеуметтік маңыздылығын және шығармашылығын логикасында өзектендіріледі. Жеке дуальді-бағдарлық білім беру - білім алушылардың оқуы, қолданбалы және кәсіби қызметінің бірігуі арқылы жүзеге асырылады және студенттердің кәсіби-педагогикалық, тұлғалық өзін-өзі анықтауы және өзін-өзі дамытуын

ынталандыруға арналған.

Дербестендірілген оқыту – бұл өзін-өзі ұйымдастырудың өнімі болып табылатын іс-әрекеттің кешенді тәсілі. Сонымен қатар, оқыту - индивидуалды қажеттіліктер мен мақсаттарды ескере отыратын нұсқаулық. Осылайша дербестендірілген оқыту студенттердің мотивациясын, белсенділігін және оқыту тиімділігіне білім алушылардың қанағаттануын арттыратын тиімді тәсіл ретінде ұсынылады [78].

Студенттерге бағытталған оқытудың негізі ретінде дербестік жауапкершілік пен күтуді әр білім алушының күшті және әлсіз жақтарына ауыстырып, содан кейін сол қажеттіліктерді қанағаттандыруды қалыптастыру арқылы студенттердің жоғары дәрежеде қатысуын болжайды [78 б.13].

Дербестілік стратегиясы қазіргі заманғы студенттердің рефлексивтілігін, дербестігін, мотивациялық бағытын, жеке және әлеуметтік жауапкершілігін және сыни қабілетін жақсартуға бағытталған. Ал оны өз кезегінде, студенттердің жеке әлсіз және күшті жақтарын тәрбиелеуге бағытталған тұтас стратегия ретінде қарастыруға болады.

Осылайша, студенттердің академиялық үлгеріміне ықпал ететін факторларды анықтау зерттеушілер мен педагог-психологтардың маңызды міндеттерінің бірі болып қала береді. Осы мақсатта зерттеушілер білім алушылардың үлгерімі мен оқуында мотивацияның, оқыту стратегияларының және оқудағы академиялық эмоциялардың алатын рөлін мойындауға ерекше назар аударды.

Мотивация – ол адамның іс-әрекеттерінің қозғаушы күші болып табылатын, қатарынан бірнеше пән тарапынан ерекше назар аударылып отырған көп қырлы тұжырымдама. Танымдық тәсілдемеге сәйкес, мотивацияны «мақсатты бағдарланған, қызметке ынталандыратын және қолдау табатын процесс» ретінде анықтайды. Қызығушылық, құзыреттілік, отбасы және өзінің тиімділігі секілді мотивациялық факторлар білім алушының оқу мақсаттарына қол жеткізуі үшін жұмсайтын күш-жігерін реттейді. Жоғары білім беру немесе онлайн-оқыту секілді өз бетімен реттелетін оқу ортасында мотивация оқытуда шешуші рөлге ие. Өз бетімен реттелетін оқу процестері мотивациялық процестермен өзара байланысты. Себебі, мотивация оқыту стратегияларын, оқыту процесін және нәтижелерін таңдауға ықпал етеді. Сол секілді өз-өзін реттеу білім алушылардың мотивациясына да ықпал етуі мүмкін [79, б.112].

Академиялық өзін-өзі бағалау академиялық жетістік жағдайында адамның қабылдаған қабілеттерінің когнитивті көрінісін сипаттайды. Оқыту нәтижелері үшін ішкі мотивацияның білім алушылардың құзыреттілігімен байланыстығы және дағдылардың жиынымен қолдау табатын, сондай-ақ, күрделі тапсырмалар мен кері байланыс арқылы академиялық МЕН-тұжырымдамасының ішкі мотивацияға ықпалын білдіреді. Академиялық тиімділік, студенттердің өздерінің академиялық табысқа қол жеткізуіне, сондай-ақ, академиялық тапсырмаларды орындау мен материалдарды сәтті оқып зерттеу қабілетіне қатысты болып табылады [80, с.325-332]. Жеке тиімділік деңгейі жоғары білім

алушы өзінің сәтсіздіктерін қабілеттерімен емес, өзінің төменгі дәрежеде талпыныс жасауымен байланыстырады. Ал, жеке тиімділігі төмен оқушылар өздерінің сәтсіздіктерін өздерінің қабілеттерінің төмендігінен көреді.

Психологиялық тұрғыдан «оқуға деген мотивация» «білім алушының оқуға, тиімді жұмыс жасауға және өзінің әлеуетін жүзеге асыруға ұмтылысы мен күш-қайраты» ретінде сипатталады. Еуропаның Білім беру ассоциациясының (АМЕЕ) «Білім беру мотивациясы» нұсқаулығында студенттерді олардың таңдаған өте ерекше мамандықтарына және қажетсіз деп таныған мамандықтарына қатысты бірдей мотивациялау қажеттігі көрсетілген [81-83]. Мотивация - бұл оқу сапасы мен сәттіліктің негізгі факторы болып табылады. Сондықтан білім алушылардың «неліктен» оқитындығын, оқытушылардың оқытуда қолданатын тәсілдемелерінде студентті «не» және «қалай» бағыттайтындығы жайлы және білім алушылардың нәтижелеріне ненің әсер ететіндігін білу өте маңызды [84].

Төмендегі зерттеушілер (В.М.Аллен, Р.Лэси, М.Уэлч, Д.И.Азбукин, Г.С.Акиева, И.М.Бобла, Е.Л.Гончарова, А.И.Живина, Х.С.Замский, А.И.Иваницкий, В.Карвьялис, Г.М.Кортова, А.И.Минасян, Н.С.Морозова, Н.М.Назарова, Е.Г.Речицкая және т.б.) арасында оқытудың сапасы мен даралануы бір-бірімен байланысы мен бір-біріне тәуелділігі жайлы пікірталастар жиі болған.

Отандық зерттеушілердің Н.Б.Жиенбаева, З.А.Мовкебаева, Ж.И.Намазбаева, К.К.Өмірбекова, А.К.Рсалдинова, Р.А.Сүлейменова, А.К.Сатова және т.б. пікірінше, кейбір зерттеулер оқыту сапасын практикалық түрде іске асыруда даралануды қажет етсе, ал басқалары оқыту сапасы даралау мен нәтижелер арасындағы делдал ретінде қызмет етеді деп санайды.

Сонымен қатар, В.В.Воронкова, С.Д.Забрамная, Н.Д.Шматко, А.А.Дмитриев, Е.Т.Логинова, Н.М.Назарова, М.Н.Перова, Б.П.Пузанов, И.М.Яковлева және т.б. сынды зерттеушілер арнайы педагогтардың кәсіби білімінің ұйымдастырылуы мен мазмұны жайлы мәселелерді жекелеп талқылаған болатын.

В.З.Кантор мен Е.А.Медведева арнайы педагогтың кәсіби құзыреттілігінің негізгі сипаттамаларын ашып көрсеткен. Осылайша, педагог тұлғасына қойылатын негізгі талаптары анықталып, «Арнайы педагогика» білім беру бағдарламасы бойынша студенттерді оқыту әдістемесі мен дәстүрлі мазмұны айқындалды (Р.О.Агавелян, С.А.Лабутина және т.б.). В.В.Боброва, Е.В.Колтакова, Т.А.Соколовская, Н.Н.Яковлева пікірлерінше, арнайы педагогтардың кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыруда бірқатар заманауи технологияларға негізделді. Жоғарыда көрсетілген зерттеулердің нәтижесі, болашақ арнайы педагогтарды дуальді даярлау бойынша мәселелерді толығымен ашып көрсете қойған жоқ.

Кәсіби білім беру ұйымдарының әлеуметтік серіктестігінің дамып келе жатқан механизмдері еліміздің экономикасының қажеттіліктеріне сәйкес студент жастар мен экономикалық және білім беру қызметінің субъектілері, мемлекет арасындағы ұзақ мерзімді өзара тиімді қарым-қатынас жүйесін құру

негізіне айналатын, кәсіби білім беру мазмұнының инновациялық дамуындағы басты «катализаторлар» болып табылады.

Біздің педагогикалық білім беру жүйемізде шешімін табуды қажет ететін басты міндет – білім беру мекемелерінің шынайы талаптарынан адам ресурстарының сапасы, құрылымы және көлемдерінің артта қалуын жоятын кәсіби білім берудің түбегейлі жаңа моделін қалыптастыру.

Педагогикалық ЖОО-да дуальді оқыту жүйесін енгізудің басты бағыттары болып ЖОО-ның білім алушылары мен педагогтарының кәсіби қатынасының ауқымын кеңейту, инновациялық тәжірибені алға тарту, педагогикалық бағыттағы мамандықтардың әлеуметтік маңыздылығы мен беделін арттыру, білім беру процесін әзірлеу және оқу-әдістемелік құралмен қамтамасыз ету болып табылады. Бұл бағыттар өзара әрекеттесе отырып, еліміздегі педагогикалық жоғары оқу орындары жүйесін дамыту бағыттарын іске асырады.

Ұ.М.Әбдіғапбарованың соңғы 25 жылда зерттелініп отырған мәселе бойынша ғылыми жарияланымдарға жүргізген талдауы көптеген елдерде дуальді жүйелерді белсенді түрде енгізу және жұмыс берушілер мен білім алушылардың жағымды пікірлері, мамандарды даярлауда дуальді оқытудың тиімділігін көрсетті.

Біздің көзқарасымыз бойынша, неміс моделін өз тәжірибемізде сәтті қолдану үшін, біріншіден, қызығушылықтың артуы, екіншіден, жоғарғы оқу орындар мен арнайы білім беру мекемелері арасында өзара әрекеттестік қажет.

Осы орайда, Германиядағы дуальді білім беруді ендірудің оң шешімі, «Дуальді-бағдарлық оқыту болашақ мұғалімді кәсіби даярлауды жетілдіру шарты ретінде» ғылыми жобасын негізге алуға болды. Бұл жоба авторлары Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті мен Қазақ еңбек және әлеуметтік қатынастар академиясының профессорлары мен докторанттары болып табылады.

Бұл жобаны іске асыру, еліміздегі дуальді-бағдарлық оқыту бойынша алғашқы қорытындыларды жасауға мүмкіндік береді. 2018 жылы Германиялық модельді отандық білім беруге механикалық түрде ауыстыру көптеген себептерге байланысты мүмкін емес болды.

Кәсіби білім берудің дуальді нысаны педагогикалық балама ретінде ғана емес, сонымен қатар нарықтық экономика жағдайларына жақсы бейімделген, Қазақстанды қоса алғанда, әртүрлі елдердің кәсіби педагогикасының дамуына әсер ететін білім беру феномені ретінде қарастырылады. Дуальді оқыту жүйесінің негізін қалаушы қағида - білім беру ұйымдары мен кәсіпорындардың кадрларды даярлау сапасы үшін тең әлеуметтік жауапкершілікті өзіне алады.

Қазақстан Республикасында «дуальді оқыту» ұғымы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің жобасына сәйкес, оқу мекемесі мен білім алушының тең жауапкершілігі нормасымен толықтырылған. Осыған сүйене отырып, дуальді-бағдарлық оқытудың мәні айқындалды.

Сонымен, дуальді-бағдарлық оқыту – бұл кәсіби даярлаудың технологиясы мен білім беру мазмұнының жалпы мақсаттары мен құндылықтарын

көрсететін, нақты білім беру мекемелері және қазіргі заманғы қоғам қажеттіліктеріне сәйкес белгілі бір бейіндегі және біліктілік деңгейіндегі педагог кадрларды даярлауда білім беру және практикалық сфералардың өзара әрекеттесуіне негізделген «бірыңғай ұйымдастырылған тұтастық» болып табылады.

Қазіргі таңда қалыптасқан еліміздегі кәсіби білім беру жүйесі осы мәселені толықтай шеше алмай отыр. Осыған байланысты орын алып жатқан жағдайдың бірі – кәсіби оқу мекемелері түлектерінің теориялық білімдері мен тәжірибелік дағдыларының арасындағы алшақтық. Еңбек нарығында мамандарды даярлау сапасы мен тиімділігін арттыру үшін дуальді оқыту жүйесін кәсіби білім берудің оқу процесіне енгізу болып отыр.

2015-2016 жылдардағы жаһандық бәсекеге қабілеттілік туралы есеп беруде «жоғары білім және кәсіптік даярлық» ДЭФ (Дүниежүзлік экономикалық форум) көрсеткіші бойынша жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексі көрсетілген. Қазақстанның жоғары оқу орындары жоғары білім беру нарығында бәсекеге қабілеттіліктің жеткіліксіз деңгейін көрсетіп отыр.

Бұл стратегияны әзірлеу әлеуметтік-экономикалық реформалар жағдайында арнайы педагогтарды кәсіби даярлау процесі – алуан түрлілік пен күрделілікті теориялық ұғыну қажеттілігіне негізделген. Қоғамның тек нарықтық қатынастарға бағдарлануы күрделі шиеленіскен әлеуметтік проблемаларды тудырды. Қазіргі, уақытта арнайы білім берудің отандық жүйесі барлық мұқтаж жандардың өсіп келе жатқан қажеттіліктерін қанағаттандырмайды. Негізгі себептердің бірі жоғары арнайы педагогикалық білімі бар кадрлардың жетіспеушілігімен байланысты.

Арнайы педагогика мамандығы тек кәсіби білімнің, дағдылардың ғана емес, сонымен қатар болашақ маманның белгілі бір жеке қасиеттерінің болуымен сипатталатынын айта кеткен жөн. Мысалы, О.Е.Грибованың пікірі бойынша, бұл әрекет үлкен жауапкершілікті талап етеді. Бұл қазіргі заманғы зерттеушілердің көзқарастарына сәйкес келеді, олар кәсіби білім беру жүйесі әр адамның тұлғалық дамуының кеңістігіне айналады (М.Н.Берулава, Ю.П.Ветров, Г.М.Гогиберидзе, И.Ф.Игропуло, СВ.Кульневич, И.Б.Сериков, Н.К.Сергеев, В.К.Шаповалов, И.С.Якиманская және т.б.) деген пікірді ұстанды. Арнайы педагогтардың кәсіби білім беру мәселелеріне арналған зерттеулер: Д.И.Азбукин, В.М.Бонч-Бруевич, О.Е.Грибов, Л.В.Занков, В.П.Кащенко, Н.Н.Малофеев, Б.П.Пузанов, В.И.Селиверстов, Д.С.Шилов және т.б. жұмыстарында көрініс тапқан. Әр түрлі бейіндегі арнайы педагогтардың қызметінің ерекшелігі мен дамуы білікті мамандарды кәсіби даярлау жүйесін едәуір жетілдіруді ғана емес, сонымен қатар арнайы ғылыми зерттеулерді де қажет етеді. Жоғарыда айтылған ойлардың негізінде бірқатар зерттеушілердің арнайы педагогтарды даярлаудың тұтас процесіне назар аударуын атап өтуіміз керек (Д.И.Азбукин, Ф.А.Рау, В.А.Лапшин, В.И.Селиверстов, Н.Н.Малофеев, Б.В.Белявский, Н.М.Назаров, Н.П.Пивоваров және т.б.).

Алайда, қазіргі арнайы педагогтарды кәсіби даярлау жүйесі бірқатар

теориялық-әдіснамалық және тәжірибелік сипаттағы мәселелерге ие. Соның ішінде, қазіргі кезге дейін болашақ арнайы педагогтарды дуальді-бағдарлық даярлығы, алдағы қызметке дайындығы және арнайы кәсіби маңызды қасиеттердің қалыптасуы секілді негізгі көрсеткіш бойынша бірыңғай ғылыми түсінік жоқ. Сондай-ақ, кейбір педагог-психологтар поликәсіби сипаттағы тұлғалар қасиеттерінің жеке тобын, яғни, жекелеген мамандықтар өкілдеріне тән қасиеттерді бөліп көрсететіндігін айта кеткен жөн (К.А.Абульханова-Славская, А.И.Кочетов, В.Д.Небылицын; Н.И.Рейнвальд, Э.А.Фарапонова және т.б.). В.Г.Зазыкин, В.П.Захаров, Е.А.Климов, Н.В.Кузьмина, О.А.Кудряшов, В.Г.Кунтыш, В.Я.Селиченко, Е.Э.Смирнова, И.Ю.Соколова, П.Б.Торопов, Л.И.Уманский және Л.В.Фаустовалар кәсіби маңызды қасиеттерді нақты кәсіби қызметтің қажетті компоненті ретінде қарастырады.

Соңғы он жылдықта арнайы педагогтарды даярлауды еліміздегі педагогикалық жоғары оқу орындарының арнайы педагогикалық факультеттері жүзеге асырып келеді (олар Алматы, Павлодар, Шымкент және т.б. қалалардағы жоғарғы оқу орындар). «Арнайы педагогика» білім беру бағдарламасы бойынша елімізде басты жетекші педагогикалық жоғарғы оқу орындарды атап өтетін болсақ: Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Қазақ Ұлттық педагогикалық Қыздар университеті және Павлодар мемлекеттік университеті және т.б. Арнайы педагогиканың барлық негізгі бағыттары бойынша мамандарды даярлау осы педагогикалық ЖОО-да жүзеге асырылады.

Қазіргі кезде бірде-бір педагогикалық ЖОО-да тірек-қимыл аппаратында бұзылыстары, сонымен қатар, аутистік ауытқушылықтары бар және т.б. ауытқушылықтары бар балалар оқитын түзету-білім беру мекемелері үшін мамандарды даярламайды. Арнайы педагог мамандар, халықты әлеуметтік қорғау және денсаулық сақтау жүйелерінде қазіргі кезде ғана емес, сондай-ақ болашақта да қажет болады [85-86].

Педагогикалық қызметтің нысаны педагогикалық үдеріс болса, білім алушы қызмет субъектісі болады. Кезегінде бұдан педагог мамандығының құндылығы туындайды: білім алушының тұлғасын, оның құқығы мен бостандығын құрметтеу; басқа сенімдерге, әлем мен дәстүрлерге деген көзқарастарына толеранттылық білдіру; мәдени алуан түрлілігіне ашықтығы; икемділігі, бейімделу қабілеті, эмпатияға деген қабілеті; тұлға құндылықтарын, тіл мен коммуникацияны түсіну; өз бетімен білім алу, талдамалық және сыни ойлау дағдылары; коммуникативтік және тілдік дағдылары; ынтымақтастық дағдылары, дауларды шешу қабілеті.

Болашақ педагогтарға келесідей талаптар қойылады:

- өзінің мамандығын жақсы көру және оған жауапкершілікпен қарау;
- білімді және өзінің педагогикалық шеберлігін үнемі арттыру;
- өзінің білімгерлерінің психологиясын терең білу;
- өзінің міндеттерін адал және шын көңілмен атқару;
- өзінің тәжірибесін өзгелердің игілігіне жұмсау.

Қазақстанда арнайы педагогтарды кәсіби даярлаудың мемлекеттік жүйесін

дамыту бірқатар қиындықтарға тап болатынын көрсетеді және оған төмендегі мәселелер дәлел бола алады:

1. Негізгі арнайы педагогикалық білімі бар немесе осыған сәйкес ғылым магистрлары, кандидат немесе ғылым докторы біліктілігіне ие профессорлық-оқытушылық құрамындағы мамандардың жеткілікті болмауы (арнайы педагогика бойынша);

2. Арнайы педагогты дуальді-бағдарлық даярлаудың болмауы. Ал, бұл мәселе өз кезегінде өте маңызды болып табылады.

Дегенмен, жоғарыда айтылған ойлардан келесідей тұжырым шығаруға болады. Арнайы педагогикалық білім беру жүйесінде әртүрлі сипаттағы сыни көзқарастар көрінеді:

- дуальді білім беруді дамытудың өзекті деңгейіне байланысты терминологиялық аппаратты жаппай қайта өңдеу қажеттілігі;

- отандық арнайы білім беру жүйесі құрылымының өзгеруіне байланысты арнайы педагогтың функционалдық міндеттерін кеңейтудің ғылыми-теориялық негіздемесі;

- арнайы білім беру жағдайларын қажет ететін балалар контингентінің айтарлықтай өсуі және сапалы өзгеруі.

Жоғарыда айтылғандардан ресми құрылымдардың, қоғамның және отбасылық қоғамның барлық күш-жігеріне қарамастан, болашақ арнайы педагогтарды кәсіби даярлаудың отандық жүйесінің проблемалары әлі күнге дейін өзінің жан-жақты оң шешімін таба қойған жоқ. Олар көбінесе күрделі, көп факторлы және жалпы мемлекеттік ауқымдағы арнайы ұйымдастырылған шараларды қажет етеді.

Осылайша, жоғары арнайы педагогикалық білім беру жүйесінің дамуы мен қалыптасуын, сонымен қатар, оның қазіргі жағдайын талдау төмендегі мәселелерді анықтауға мүмкіндік берді:

- бұл жүйенің пайда болуы дамуында ауытқулары бар балалар санының күрт өсуіне және қоғамның оларды сәтті әлеуметтік оңалту мен бейімдеуге деген терең қызығушылығына байланысты әлеуметтік қажеттілікке байланысты болды;

- жоғары арнайы педагогикалық білім жоғары педагогикалық оқу орындары жүйесінде жүзеге асырылды және қазір жүзеге асырылуда, сондықтан педагогты даярлау талаптарына бағынады;

- арнайы білім беру жүйесінің базалық арнайы педагогикалық білімі бар мамандармен жеткіліксіз түрде жасақталмау себептері бойынша тиісті мамандыққа кәсіби іріктеуге деген қажеттілік бар;

- ерекше білім беруге қажеттіліктері бар балалар контингентінің сандық көрсеткіштері мен сапалық көріністерінің қарқынды өзгеруін ескере отырып, арнайы педагогтарды жалпы ғылыми даярлауды өзектендірудің жеткіліксіздігі;

- арнайы педагогтарды алдағы қызметінің ерекшелігін ескере отырып, дуальді-бағдарлық даярлауды іске асыру қажеттілігі.

Біздің зерттеуіміздің аясында арнайы педагогтардың дуальді-бағдарлық

дайындығын тұжырымдамалық негіздеуге әрекет жасалды. Біздің көзқарасымыз бойынша, «педагогикалық тұғыр» тұжырымдамасының алуан түрлілігіне қарамастан, қазіргі кезде «педагогикалық тұғырдың басты рөлін анықтау кезінде осы білім беру тұғырының қажеттілігін, тиімділігін және шарттасуын ашып көрсетілетін дуальді-бағдарлық даярлау тұғыры» неғұрлым маңызды болып табылады.

«Білім беру парадигмасы» бойынша зерттеулерге жасалынған талдау (Е.В.Бондаревская, В.И.Загвязинский, Г.Б.Корнетов, И.А.Колесникова, В.А.Краевский, А.М.Новиков, В.В.Сериков және т.б.) әрбір кезеңде педагогикалық теориялық-әдіснамалық және тәжірибелік мәселелерді шешу кезінде үлгі ретінде басшылыққа алынатын педагогикалық және шартты білім беру тұғыры басты болып табылатындығын көрсетті. Теориялық талдау негізінде «дуальді-бағдарлық оқыту» тұғырын – төменде аталғандардың жиынтығы ретінде қарастыруға болады:

- ЖОО-ның білім беру ортасындағы педагогикалық қызмет алгоритмін анықтайтын теориялық, тәжірибелік және әдістемелік негіздердің;

- теориялық және тәжірибелік педагогикалық қызмет сызбаларының мәндік ерекшеліктерін және олардың рефлексия нысандары мен деңгейінен тәуелсіз білім берудегі өзара әрекеттесуді анықтайтын тұрақты қайталанатын сипаттамалардың.

Педагогикада білім берудің төрт жетекші тұғыры анықталған: когнитивті, тұлғалық бағдарланған, функционалды және мәдениеттанымдық.

Дуальді-бағдарлық парадигманы құрылымдау үшін когнитивті, тұлғалық бағдарланған, функционалды және мәдениеттанымдық парадигмалардың мазмұнды компоненттерін төмендегі кестеде қарастыруды жөн көрдік.

Кесте 1 – Когнитивті, тұлғалық бағдарланған, функционалды және мәдениеттанымдық парадигмалардың мазмұнды компоненттері

Түрлері	Авторлар	Мазмұндық сипаты
1	2	3
Когнитивті	Когнитивті дамуды тану мен шынайылығы (Андерсон Д.Р., Д.Брунер, У.Найссер). Мәдениетаралық коммуникация теориясындағы когнитивті парадигманың қалыптасуы (Б.Д. Гудков, В.И. Карасик, О.А. Корнилов, В.В. Красных, О.А. және т.б.). Когнитивті кезеңдер (Ж. Пиаже).	Когнитивті – бұл тек ойлау негізінде тануды айтады. Негізгі категориялары: оқу іс-әрекеті; практикалық даму оқу іс-әрекетінің «жанама құрал» ретінде қарастырылады. Оқу процесін ұйымдастыру бағдарламалар мен оқулықтарда ғылыми білімнің жай-күйін және оны игеру тәсілдерін көрсетуге бағытталған.

1 – кестенің жалғасы

1	2	3
Тұлғалық-бағдарланған	В.Ф.Шаталов, Ш.А.Амонашвили, Е.Н.Ильин, С.Н.Лысенкова, И.П.Волков – мәселелік және бағдарламалық оқытудың бірігуі. Тәжірибеге бағдарланған жүйелер, инструменттік қамтамасыз ету оқытудағы белсенділікті дамытуға ықпал етті. Жүйе қалыптастырушы фактор ретінде студенттің айрықша әрі қайталанбас тұлғасы қарастырылады.	Тұлғаға бағытталған педагогиканың мәні педагогтың тәрбиеленушіге тұлға ретінде, өзіндік дамудың тәуелсіз және жауапты субъектісі ретінде, кәсіби әсер ету субъектісі ретінде қатынас жасау болып табылады. Тұлғаға бағытталған оқытуда формалар, әдістер мен құралдарды қолдана отырып, материалды игеруге бағытталған білім беру процесінің субъектілері арасындағы тікелей өзара әрекеттесу бар. Тұлғалық бағытталған оқытуда әрбір субъект өзінің дамуының басты бағытына ие, яғни ол студенттен педагогқа дейін құралады.
Мәдениеттанымдық	Мәдени сәйкестік қағидасы: С.И. Гессен А. Дистерверг, К.Д. Ушинский және т.б. М.М. Бахтин и В.С. Библер мәдени білім берудің диалогтық тұжырымдамасы. Е.В. Бондаревскаяның	Мәдениеттанымдық - бұл тұлғаға бағытталған білім беруді жобалаудың негізгі әдісі, оның компоненттері: білім беруге мәдени процесс ретінде қарау, оның қозғаушы күштері оның қатысушыларының жеке мағыналары, диалогтары мен ынтымақтастығы болады. Сонымен, білім беру мәдени-танымдық; гуманитарлық; элеуметтанулық функцияны орындайды.
Мәдениеттанымдық	Тұлғалық бағдарланған білім берудің мәдениеттанымдық тұжырымдамасы: идеологиядан педагогикалық мәдениетке ауысу.	
*Ескерту - Авторлармен құрастырылды		

Жоғарыда келтірілген мәдениеттанымдық, функционалдық, тұлғалық-бағытталған сонымен қатар, когнитивті парадигмалардың компоненттерінің мазмұнын теориялық талдауға сүйене отырып, тұжырымдадық.

Кәсіби білім берудің дуальді формасын әзірлеу және енгізу бойынша көптеген мамандар (Р.Йенсен, Х.Клейн, Р.Цедлер және т.б.) педагогикалық теорияны оқудың практикалық қажеттіліктерінен туындаған деп санайды.

Ал дуальді формалар идеяларының өзі практиканың идеалды жағын білдіреді. Тек тәжірибені терең түсіну негізінде ғана шынайы теория жасауға

болады. Теория мен практика арасындағы өзара іс-әрекеттің ең жоғарғы деңгейі – педагог осы немесе басқа педагогикалық идеяны, болжамды қабылдап, оны саналы және шығармашылық тұрғыдан жүзеге асырып, нәтижелі оқыту үшін сапалы жаңа жағдайды тудыратыны, ал білім алушының ғылыми идеяларды өзінің оқу іс-әрекетінде саналы және шығармашылық түрде қолдануы оларды абстрактілі жалпы теориядан шындыққа айналдыратын деңгейі саналады. Теория мен практиканың ара қатынасына мұндай ықпал олардың арасындағы тепе-теңдікке қол жеткізуден, өзара іс-әрекеттен, оның дамуының жаңа заңдылықтарын ашу мақсатындағы педагогикалық шындықты тәжірибелік-эксперименттік қайта құрудан тұрады.

«Практикаға-бағдарланған» оқыту, бұл кең ауқымды спектрді қамтиды, себебі, уақыт талаптарына сай жұмыс берушілердің талаптарына тиісті жай ғана құзыреттілікті қалыптастыру емес, «құзыретті» мамандарды даярлау мақсатында, ал ол болса кәсіпорындар мен ұйымдардың жоғары оқу орындарымен тығыз байланыста бірлескен іс-әрекеттері мен іс-шараларының негізінде жүзеге асады. Ал, дуальді-бағдарлық оқыту теория мен практика арасындағы байланысты күшейтіп, алшақтықты жоюға тырысады.

Дуальді-бағдарлық тәсіл - білім алушының кәсіби біліктілігін стандартты кәсіби іс-әрекеттерді қалыптастырудан бастап тиімді шығармашылық қызметке дейін біртіндеп арттыруға мүмкіндік береді.

Дуальді-бағдарлық тәсіл төмендегі белгілермен сипатталады:

- материалдарды қарқынды ұсыну;
- белсенді ұстаным мен жоғары дербестік;
- өзін-өзі бақылау және өзін-өзі түзету түріндегі тұрақты кері байланыс;
- диалогтық, проблемалық жағдайларды анықтау.

Бүгінгі күні практикаға-бағдарланған оқытуды жаңаша түсіндірудің қажеттілігі мен өзектілігін көптеген беталыстар дәлелдейді. Білімді меңгеруге бағдарланған дәстүрлі білім беруге қарағанда, тәжірибеге бағдарланған білім беру білім, білік, дағдылардан басқа – практикалық іс-әрекет тәжірибесін иеленуге бағытталған. Жалпы білім беру жүйесінде іс-әрекет тәжірибесі ретінде көбінесе оқу-танымдық іс-әрекетінің тәжірибесі саналады. Ал тәжірибенің өзін иелену білім алушылардың бойында практикалық икем мен дағдыларды қалыптастыру жолымен дәстүрлі дидактикалық триада «білім – білік – дағды» төңірегінде жүзеге асырылады. Әрекетті-құзыреттілік тұғырда дәстүрлі триада жаңа дидактикалық бірлікпен толықтырылады: «білім – білік – дағды – іс-әрекет тәжірибесі».

Болашақ педагогтарды толыққанды кәсіби даярлау, практикалық іс-әрекет жағдайында тиімдірек жүреді. Сонымен, практикаға-бағдарланған оқыту – бұл студенттерге ЖОО-дағы оқуын тәжірибелік іспен үйлестіруге мүмкіндік беретін, оқу үдерісін білім алудың түпкі өніміне бағдарлайтын оқытудың әдісі. Практикаға-бағдарлық тұғырды бірқатар авторлар: Ю.Ветров, Ф.Ялалов, Н.Клушина, Т.Дмитриенко, П.Образцов және т.б. қарастырады. Осы орайда ғылыми әдебиеттерде практикаға-бағдарланған оқытудың мақсаттарын

түсінуде әрқелкі көзқарастар байқалады.

Осыған байланысты, келесі кестеде біз қолдану ерекшелігіне байланысты «дуальді-бағдарлық оқыту» мен «практикаға-бағдарланған оқыту» ұғымдарының аражігін ажыратуға тырыстық:

Кесте 2 - «Дуальді-бағдарлық оқыту» мен «практикаға-бағдарланған оқыту» ұғымдарының функционалдық және мазмұндық компоненттеріне салыстырмалы талдау жасау

Оқыту түрлерінің атауы	Практикаға-бағдарланған оқыту	Дуальді-бағдарлық оқыту
1	2	3
Авторлық анықтамасы	<p>-Студенттердің оқу, өндірістік және дипломалды тәжірибе барысында кәсіби ортаға ену кезіндегі кәсіби тәжірибелердің қалыптасуы, деп түсіндіреді (Ю.Ветров, Н.Клушин);</p> <p>-Болашақ мамандардың бойында кәсіби іс-әрекет үшін маңызды білім, білік, дағдыларды, кәсіби маңызды қасиеттерді қалыптастыруға бағытталатын оқытудың кәсіби-бағдарланған технологияларын жатқызады (П.Образцов, Т.Дмитриенко);</p> <p>- Студенттердің білім, білік, дағдыларды және іс-әрекет тәжірибесін меңгеру кезіндегі, олардың бойында кәсіби және әлеуметтік маңызды құзыреттердің қалыптасуын түсіндіреді (Ф.Ялалов Н.Мамаев)</p>	<p>-Дуальді-бағдарлық оқыту – білім беру мазмұны мен кәсіби даярлық технологияларының ортақтығын көрсететін «бірыңғай ұйымдастырушылық тұтастық» (Ұ.М.Әбдіғабарова, Н.Б.Жиенбаева);</p> <p>-Дуальді-бағдарлық оқыту– теорияны өндіріспен ұштастыратын және құзыреттілік негізінде креативтік қабілетті қалыптастыру мен кәсіптікдайындығын арттыруға бағытталған жүйе тұрғысынан қарастырады (К.Ж.Бұзаубақова);</p> <p>-Дуальді-бағдарлық оқыту – техникалық бағытта және технология тұрғысынан қарастырады (Л.А.Фрезоргер);</p> <p>-Дуальді-бағдарлық оқыту–аксиологиялық (білім беру және өндірістік құндылықтар мен мақсаттардың теңдігі), онтологиялық (модульдік-құзыреттілік тәсіл), технологиялық (білім беру және кәсіби қызметті ұйымдастыру) үш әдіснамалық бірлік негізінде мамандар даярлаудағы білім беру және өндіріс салаларының өзара іс-қимылын үйлестіретін мақсатты кәсіптік оқытуды ұйымдастырудың инновациялық түрі» деп қарастырады (А.А.Сманова);</p> <p>-Дуальді-бағдарлық оқыту–теорияны өндіріспен ұштастыра оқыту технологиясы деп тұжырымдайды (Г.К.Исаева)</p>
Құзыреттер кешені	<p>Практикаға бағытталған оқытудың тиімділігі, сапасы мен өнімділігі студенттердің кәсіби өзін-өзі анықтауы мен кәсіби өзін-өзі сәйкестендіру негізінде жүзеге асырылады</p>	<p>Студенттің кәсіби құзыреттілікке деген ынтасы мен саналы қажеттілігін қалыптастыру құзыреттілік тәсілді жүзеге асыруға негізделген:</p> <ul style="list-style-type: none"> - кәсіби құзыреттілік; - әлеуметтік-психологиялық құзыреттілік;

2 – кестенің жалғасы

1	2	3
Ендіру мақсаты	<p>Педагогикалық жағдайда оларды кәсіби ортаға ендіру процесінде студенттердің кәсіби тәжірибесін қалыптастыру (2,4 семестр, көлемі 2 кредит бойынша), өндірістік (6,7 семестр, көлемі 4 кредит бойынша). <i>Алайда, келесідей мәселелер туындайды:</i> практика базаларында студент-практиканттарға жетекшілік ететін оқытушылар жоғары жүктемеге, қызығушылықтың болмауына байланысты олармен жұмыс істеуге мүдделі емес, олар практикантты «артық жүк» ретінде санайды. кәсіби тәжірибесін қалыптастыру (2,4 семестр, көлемі 2 кредит бойынша), өндірістік (6,7 семестр, көлемі 4 кредит бойынша). <i>Алайда, келесідей мәселелер туындайды:</i> практика базаларында студент-практиканттарға жетекшілік ететін оқытушылар жоғары жүктемеге, қызығушылықтың болмауына байланысты олармен жұмыс істеуге мүдделі емес, олар практикантты «артық жүк» ретінде санайды.</p>	<p>Университеттерде оқыту бейініне сәйкес нақты практикалық және тәжірибелік-өндірістік жұмыстарды шешу мақсатында студенттерді кәсіби жұмыспен қамтудың инновациялық нысандарын құру; Дуальді-бағдарлық технологиялар, оқу пәндерінің мазмұнын болашақ мамандыққа мүмкіндігінше жақындатуға мүмкіндік береді; Студенттердің болашақ кәсіби қызметі үшін маңызды жеке қасиеттерін, сондай-ақ дайындық бейіні бойынша кәсіби міндеттерді сапалы орындауды қамтамасыз ететін білімдерін, дағдыларын (тәжірибесін) қалыптастыру; Дуальді-бағдарлық оқытуды енгізу кезінде практикалық тәжірибенің үздіксіздігі: • студент пен оқытушының бірлескен жұмысы үшін білім беру ресурсы құрылады; • оқытушы ресурста жаңалығы мен практикалық маңыздылығы бар жеке тапсырмаларды, сондай-ақ тапсырманы орындау кезінде студентке диагностикалық, ынталандыру және әдістемелік материалдарды тапсырады; • оқытушы тапсырманың орындалуын бақылайды, кеңестер мен ұсыныстар береді.</p>
Тұлғалық аспект	<p>-Тұлғаға жоғары мән мен құндылық беретін «ішкі бағыттылық» (М.И.Ситникова); - Тұлға белгілі бір мақсатқа жету үшін қолданатын «жасырын қайнар көздер» (В.Е.Клочко); - Іс жүзінде мақсатты өрістегі әрекеттерді қорғауға арналған</p>	<p>- Тұлғаның іс-әрекет тәсіліне, осы жаңалықтармен байланысты ойлау стиліне түрлендіру (М.В.Кларин); - Жаңа құралды құрудың, пайдаланудың кешенді процесі: Әлеуметтік ортаның талаптарына байланысты әлеуметтік қажеттілікті қанағаттандыру. Тұлғалық – кәсіби өзін дамытуды кемелдендіру (В.Я.Ляудис).</p>

2 – кестенің жалғасы

1	2	3
	ішкі резервтер (Ж.И.Намазбаева).	Дербестендірілген референтация-дуалды-бағдарлық оқытудың қолданбалы сипатындағы міндеттерді шешудің негізгі шарты және ерекше тәсілі болып табылады. Студенттердің санасы мен мінез-құлқына, жеке тұлғаның өзін-өзі жүзеге асыруына әсер етудің жоғары деңгейімен сипатталады.
Қалыптастырушы әсер ету	<p>-Ішкі шындық практикалық іс-әрекет процесінде жаңашылдықты құру, игеру және пайдалану мүмкіндігі (П.В.Хайдакин);</p> <p>-Кәсіби даярлаудың практикаға-бағдарлық технологиясы репродуктивті қызметтің үлесін азайту есебінен олардың іс-әрекеттерін зияткерлік және кәсіби даму деңгейіне бағыттай отырып, студенттердің оқу іс-әрекетіне баса назар аударады (Н.Басалаева, А.Бирченко, Д.Варнеке, А.Ковальчук);</p> <p>-Кәсіптік даярлықтың мазмұнын оқытудың соңғы өніміне және қойылған мақсаттарға қол жеткізу әдістеріне бағыттауды өзгерту (С.Каменецкий, Т.Назарова).</p>	<p>Студенттердің игерілетін оқыту бейіні бойынша нақты міндеттерді орындау процесінде дуальді-бағдарлық оқытуды іске асыруға мүмкіндік беретін түзету-дамытушы зертханалар құру. Нәтижесінде нақты мәселені шешу үшін өндірістік және шығармашылық тізбек құрылады: Оқытушы → студент-орындаушы → нақты нәтиже.</p> <p>-Академиялық типтегі оқу қызметі (мәселелік дәрістер, семинар сабақтары, дискуссия);</p> <p>-Аудиториялық жағдайда мамандандырылған мектеп мекемелерінің мазмұнын модельдейтін квази-кәсіби қызмет (практикалық сабақ, ситуациялық ойын, нақты жағдайды модельдеу);</p> <p>- Оқу-кәсіптік қызмет (зертханада сабақ)</p> <p>-Инновациялық-нысаналы саладағы мүмкіндіктер жиынтығы (В.А.Лопатин);</p> <p>-Мәні мен құндылығын жаңа деңгейге көтеру мүмкіндігі бар «Ішкі мақсат», (В.А.Никитин);</p> <p>- Ресурстық бөлік (мүмкіндіктер) және осы мүмкіндіктерді іске асыруға дайындық дәрежесі (О.М.Красноярцева).</p>
Дидактикалық бірліктер	«Білім–Білік–Практикалық дағдылар»	«Білім – Білік – Дағдылар – Қызмет тәжірибесі
Нәтиже	<p>-Білімді беру технологиясынан тәжірибе жинақтау технологиясына дейінгі оқыту процесін ұйымдастыру бойынша ойлау стереотипін жеңу: (Т.П.Лакоценина);</p> <p>-Практикаға бағытталған оқыту үдерістеріндегі өзекті сындарлы тұлғалық үлес (Л.М.Оганезов);</p>	<p>-Жаңа заман мамандарын даярлау;</p> <p>-Студенттің жасырын ресурстарды іске асыратын аккумуляторы-негізгі мазмұны мен мақсаты (Н.Б.Жиенбаева).</p> <p>-Білім беруге жаңа элементтер енгізетін және оның бір күйден екінші күйге өтуіне себеп болатын, таңдалған параметрлерге қатысты оң өзгерістері бар генерациялаушы көзі (А.В. Хуторской).</p>

Біздің зерттеуімізде болашақ арнайы педагогтардың кәсіби даярлығын дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында жүзеге асыру қарастырылатындықтан оның теориялық және практикалық даярлықтарын теңдестіруге, соның ішінде бүгінгі таңда жоғары оқу орындарында теориялық бөлігінің басымдығынан практикалық даярлығына баса назар аудару қажеттілігі туындайды. Сондықтан да зерттеу жұмысында болашақ арнайы педагогтың дуальді-бағдарланған кәсіби тұлғалық сапаларына басым көңіл бөлінеді.

Осы орайда, біз болашақ арнайы педагогтың кәсіби даярлығын дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында қалыптастыруды модельдеуді зерделейміз. Соның ішінде «даярлық», «кәсіби іс-әрекетке даяр болу», «кәсіби іс-әрекетке даярлығын қалыптастыру» ұғымдарына мән береміз, болашақ арнайы педагогтың дуальді-бағдарлық даярлығы қалыптасуының өлшемдері мен көрсеткіштерін, оларға сәйкес деңгейлерін айқындаймыз.

Болашақ арнайы педагогтың кәсіби іс-әрекетке даярлығын қалыптастыру ұғымының мәнін анықтау барысында «даярлық» түсінігінің мағынасына мән береміз.

В.Дальдің түсіндірме сөздігінде «даярлық» «дайынның жай-күйі немесе қасиеті» деп беріледі. «Даяр» ұғымы «толыққанды аяқталуға жеткізілген, жетілген, дайындалған» деген мағынада қолданылады.

Отандық педагог ғалым Н.Д.Хмельдің анықтауынша «педагогикалық іс-әрекетке даярлық» – арнайы оқыту және өзіндік тәжірибенің ықпалымен қалыптасатын күрделі құрылым, құрылымы жағынан бірнеше элементтерден тұрады, педагог тұлғасының кәсіби маңызды қасиеттерінен, білім әрі шеберліктен құралады.

Зерттеу барысында арнайы педагогтың кәсіби іс-әрекетке даяр болуын анықтауда олардың кәсіби-тұлғалық сапаларының қалыптасуы қажет екендігін айқындадық. Оларға жоғарыда көрсетілген ғалымдар еңбектерін және өзіміз анықтаған заманауи мұғалімнің педагогикалық іс-әрекетінің функциялары (оқыту, тәрбиелеу, әдістемелік, зерттеушілік, әлеуметтік-коммуникативтік) негіз болатынын көрсеттік және оның осы функцияларды атқаруға даяр болу қажеттігін ескердік.

Соның негізінде болашақ арнайы педагогтың кәсіби іс-әрекетке даярлығын айқындайтын кәсіби-тұлғалық сапаларын анықтадық. Оларды эмоционалдық-еріктік, интеллектуалдық-креативтілік, коммуникативтік-бағалаушылық, деп үш топқа жіктейміз. Эмоционалдық-еріктік сапаларға кәсіпке бағыттылық, еңбекқорлық, жауапкершілік, шыдамдылық, өзіне сенімділікті, интеллектуалдық-креативтілікке кәсіби білімділік, жаңашылдық, зерттеушілік, креативтілік, эрудицияны, коммуникативтік-бағалаушылыққа басқарушылық, ұйымдастырушылық, толеранттылық, эмпатия, рефлексияны жатқызамыз. Жоғарыда талданған сапаларды келесі суретте көрсеттік:



Сурет 1 – Болашақ арнайы педагогтың кәсіби іс-әрекетке даярлығын айқындайтын кәсіби-тұлғалық сапалардың топтамасы

Сонымен, дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында болашақ арнайы педагогтардың кәсіби іс-әрекетке даярлығын қалыптастыруды жүзеге асырудағы оның мотивациялық-құндылықтық, инновациялық-танымдық, процессуалдық-нәтижелік компоненттер тұлғаны біртұтас дамыту аясын қамтиды. Оның өлшемдері мен көрсеткіштері біз анықтаған кәсіби-тұлғалық сапалар түрлеріне сәйкес айқындалады (кесте 3).

Кесте 3 – Дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында болашақ арнайы педагогтардың кәсіби іс-әрекетке даярлығын айқындайтын кәсіби-тұлғалық сапалары қалыптасқандығының компоненттері, өлшемдері мен көрсеткіштері

Компоненттері	Өлшемдері	Көрсеткіштері
1	2	3
Мотивациялық-құндылықтық	Эмоционалдық-еріктік	<ul style="list-style-type: none"> - педагог болуға қызығушылығы, бағыттылығы; - теориялық білімді практикада бекітуге әрдайым ынтасының болуы; - педагог болуға эмоционалдық-адамгершілік қатынасы (өзіне сенімділік); - жасампаз педагог болуға ерік-жігерінің болуы (еңбекқорлық, шыдамдылық, жауапкершілік)

3 – кестенің жалғасы

1	2	3
Инновациялық-танымдық	Интеллектуалдық-креативтілік	-дуальді-бағдарлық оқыту туралы кәсіби білімінің болуы; - педагогикалық іс-әрекет түрлерінен білімінің тереңдігі; - инклюзивті білім беру мазмұнын меңгеру; ЕББҚ бар балаларды оқыту мен тәрбиелеуде инновациялық ыңғайдың болуы.
Процессуалдық-нәтижелік	Коммуникативтік бағалаушылық	ұйымдастырушылық, басқарушылық сапаларының жоғары деңгейі; оқытушы-студент-мұғалім (сурдопедагог, логопед, олигофренопедагог, тифлопедагог); «ЕББҚ бар студент-оқушы» жүйесінде түзету-дамыту қызметін көрсете білу; интеллектуалдық, креативтік және коммуникативтік білімдерін іс-әрекеттерде көрсете алуы;.
Деңгейлері		
Пассивті	Белсенді	Жасампаздық

Көрсетілген компоненттер, өлшемдер мен көрсеткіштерде айқындалған деңгейлерде *пассивтік* төмен деңгей болып белгіленіп арнайы педагог мамандығына бағыттылығы қалыптасқандығын білдіреді. Ал, *белсенділік* – орта деңгей болып саналып, студенттің арнайы педагог мамандығына бейім болып қана қоймай, теориялық білімдерін практикада көрсете алатын, оқыту, тәрбиелеу, зерттеушілік, әдістмелік, әлеуметтік-коммуникативтік біліктеріне ие екендігін көрсетеді. *Жасампаздық* деңгей туралы айтпас бұрын осы терминнің мәніне назар аударып көрейік. Жасампаздық ұғымы бір саланы жаңғырту, өркендету түсінігімен беріледі.

Арнайы педагогтың кәсіби даярлығының практикалық құрамын дамытуда дуальді-бағдарлық оқыту элементтерін пайдаланудың бір түрі – педагогикалық практиканың көлемін кеңейту және тиімді пайдалану. Арнайы педагогтың кәсіби практикалық даярлығын жетілдіретін жүйенің маңызды бөлімі – өндірістік практика болып табылады.

С.И.Ожегов бойынша: «практика – бұл, адамның әрекеті, оның барысында олар материалдық әлем мен қоғамға әсер ете отырып, оларды түрлендіреді; оқыту нысандарының бірі: теориялық жолмен алынған білімді іс жүзінде қолданып бекітеді».

Н.А.Морева кәсіби-практикалық даярлықты кәсіби оқу орнында оқытудың бір бөлігі ретінде қарастырады және оның барысында студент кәсіби іс-әрекет үшін қажетті іскерліктер мен арнайы практикалық біліктерді алады деп тұжырымдайды.

С.Л.Рубинштейн өндірістік практиканың мынадай қызметтерін бөліп көрсетеді: кәсіби дағдыларды меңгеру, кәсіби іс-әрекетке жарамдылығын

анықтау тұрғысынан практиканың диагностикалық қызметі мен жалпы және кәсіби білімді тереңдетуге, теорияны шығармашылық тұрғыдан түсінуге ықпал ететін білім беру құралы ретіндегі қызметі. Практикалық практика міндеті: практикалық іс-әрекет арқылы теориялық білімді бекіту. Егер дәрістер пәннің ғылыми білімінің негізін қаласа, ал практикаға осы алынған теориялық білімді нақтылауға және тереңдетуге мүмкіндік береді, нәтижесінде кәсіби іскеріктер бекітіліп, автоматтандырылады және соңында дағдыға айналады [87].

Педагогикалық практиканың негізгі міндеттері:

- студенттердің теориялық білімдерін тереңдету және бекіту;
- жоғары білім беру стандарттарының талаптарына және маманның біліктілік сипаттарына сәйкес негізгі кәсіби біліктерін, дағдыларын, практикасын қалыптастыру және бекіту;
- болашақ педагогтарда тұлғаның кәсіби маңызды қасиеттерін дамыту;
- дуальді-бағдарлық тәжірибесін зерттеу және талдау әдістерін оқыту, оны кәсіби іс-әрекетте қолдану;
- студенттердің пәнді оқыту әдістемесін меңгеру;
- кәсіби өзін-өзі білімдендіру және тұрақты өзін-өзі жетілдіру қажеттілігін дамыту;
- таңдаған мамандыққа кәсіби диагностика.

Педагогикалық практика бірқатар қызметтерді атқарады: бейімдеушілік, оқыту, тәрбиелеу, дамыту және диагностикалық.

Практиканың *бейімдеушілік қызметі*, студент педагогикалық жұмыстың ұйымдастырылуымен ғана танысып қоймай, сонымен қатар біртіндеп байланыс орнатып, басқару үдерісін үйренеді және ұйымдастырушылық қатынастар мен байланыс жүйесінде бағдарлана бастауына ықпал етеді.

Ал практиканың *оқыту қызметі*, студенттердің теориялық даярлық барысында алынған білімдері практикамен тексеріледі, яғни студент-практикант іс-әрекетінде іске асады және кәсіби біліктер мен дағдыларды қалыптастыру және кәсіби сананы қалыптастыру үдерісі жүреді. Практиканың *тәрбиелік қызметі*, дәл осы практикада студент өзінің кәсіби іс-әрекетін жақсы көруді және қабылдауды үйреніп, ол қандай болса да шыдамдылық, төзімділік, жауапкершілік және борыш сезімін қалыптастыруға әрекет етеді. Жұмыс жасай отырып, студенттер өз бетімен білім алу және өзін-өзі тәрбиелеумен үнемі шұғылдану қажеттігін айтарлықтай тез түсінеді, себебі өзіндегі бар білімін жеткіліксіз, ал қажетті кәсіби сапалары үнемі тұрақты дамуды талап етеді.

Осылайша, диагностикалық практика – бұл педагогтың бірнеше идеалданған еңбегінің үлгісі деп негіздеуге болады. Тек практикада ғана студент өзінің болашақ кәсіби іс-әрекетімен толық айналыса алады.

Сол себепті дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында болашақ мұғалімнің практикалық даярлығын жетілдіруде өндірістік практиканы тиімді пайдалануды қажет етеді.

Осы орайда парадигмалық оқыту жайлы айта кеткен жөн. Парадигмалық тұжырымдаманың басты идеясы барлық оқу материалының мазмұнын үздіксіз

негіздеудің орнына тәжірибелік-парадигмалық түрде жеткізуде көрінеді.

Трансформациялық және парадигмалық оқытудың екі тұжырымдамасы да ортақ әдіснамалық негізге ие. Ол белгілі бір тұтас құрылымдарды бөліп көрсетеді (Д.Мезировтың пікірінше, бұл белгілі бір қоғамның немесе тұлғаның мән қалыптастырушы құрылымы, ал, Г.Шейерль пікірінше, белгілі бір заманның мәдениетінің, білімінің жүйе қалыптастырушы құрылымдары) және оларды түсіну адамға өзінің мінез-құлқын қалыптастыруға (және өзгертуге) мүмкіндік береді немесе белгілі бір заманды немесе білім саласын тұтастай қалыптастыруға көмектеседі [88]. Осы тұжырымдардың авторлары қолданатын тәсілдеменің өзі ғылыми білімнің, мәдениеттің, адам ментальдылығы құрылымының дамуын түсінудегі процестерге және заманауи зерттеулерге сәйкес келеді.

Ғылыми зерттеулерде белсенді түрде дамып жатқан парадигмалық тәсіл Т.Кун еңбектерінен бастау алып, постмодернизмдегі мәдениет пен білім дамуын эпистемологиялық зерттеулер (М.Фуко), психологияда менталдық құрылымды (логотерапия, НЛБ) және тағы басқалар болып табылады. Педагогикалық ғылым тарихында парадигмалық зерттеу және педагогикадағы парадигмалық тәсіл орыс ғалымдарының еңбектерінде де көрініс тапты (Л.М.Андрюхин, А.Колесников, Г.Б.Корнетов, О.Г.Прикот және т. б.) [89- 92].

Осы тәсілдерді жүйелей келе, біз білім берудің педагогикалық парадигмасы – бұл теориялық және практикалық педагогикалық іс-әрекет схемаларының маңызды белгілерін және дәрежесі мен білім берудегі өзара әрекеттесуін анықтайтын тұрақты қайталанатын мағына құраушы сипаттамалардың жиынтығы деген қорытындыға келеміз.

И.А.Колесникова педагогикалық парадигма кәсіби тұрмыс кеңістігінде педагогикалық қызмет субъектісінің типтік және мәндік топтарын сипаттайды [90, б.112]. Г.Б.Корнетовтың пікірінше, педагогикалық парадигмалар ғылыми білімнің ерекше саласы ретінде педагогика терминдері мен ұғымдарындағы педагогикалық процестің моделі ретінде оларды педагогикалық тұрғыдан сипаттап, түсіндіре отырып, білім берудің белгілі бір базалық модельдерін тұжырымдайды [91, б.43]. Л.М.Андрюхина парадигма типтеріне емес, олардың адамның және әлеуметтік қауымдастықтың қызметін реттеу мен білімді жүйелеу секілді педагогикалық функцияларына баса назар аударды [93, б.67].

Біздің көзқарасымыз бойынша, парадигмалық тұжырымдамалардағы әдіснама кәсіби білім беру жүйесінде дуальді-бағдарлық оқытудың негізгі бағыттарын өзектендіретін зор инновациялық әлеуетке ие:

- біріншіден, болашақ мұғалімді кәсіби даярлаудағы дуальді-бағдарлық тәсілдеме білім беру процесіне қолданбалы мән беруге мүмкіндік береді;

- дербестендірілген оқытуды енгізу өзгермелі әлемнің сын-тегеуріндеріне сәйкес студенттің жеке басының өзін-өзі жүзеге асыру драйверін айтарлықтай күшейтеді.

Жаңа технологиялар дуальді-бағдарлық тәсілдеменің негізінде әзірленуі мүмкін, бұл студенттердің өзінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға деген мотивациясын дамытады.

Сонымен қатар, дуальді-бағдарлық оқыту мәселелеріне жоғарыда аталған Ұ.М.Әбдіғапбарованың, Н.Б.Жиенбаеваның еңбектері арналған. Бұл еңбектерде келесі тұжырымдар ерекше атап көрсетілген:

1. Дуальді-бағдарлық оқыту – бұл «Білім беру жүйесіне жаңа көзқарас»; белгілі бір құзыреттіліктерді қалыптастыру тәсілі ретінде студенттердің оқу және кәсіби қызметінің өзара байланысы негізінде біріктіруге мүмкіндік беретін кәсіби даярлау процесінің негізгі компоненті;

2. Арнайы педагогтарды кәсіби даярлауды қамтамасыз ететін компоненті ретінде дуальді-бағдарлық тәсілдемені қолданудың жолдарын іздеу мен оны оқытудың теориялық аспектілерін зерттеуді жетілдіру қажет;

3. Қазіргі кезде оқытудың осы нысаны ЖОО-да кәсіби оқытудың тиімді құралдарының бірі болып саналады, себебі, болашақ кәсіби қызметке студенттерді барынша жақындатады. Оның мәні студенттердің оқу қызметінің нысандары мен әдістерінде кәсіби қызметте орын алатын шынайы әлеуметтік-психологиялық жағдайларды жаңғырту арқылы болашақ мамандық контексінде оқу процесін ұйымдастыруда көрінеді [94, б.44].

Осы бағытқа байланысты ресейлік зерттеушілер жағынан оң серпілістер байқалады. Мысалы Д.Варнеке атап өткендей, дуальді-бағдарлық тәсіл - бұл кәсіби дайындықты ұйымдастырудың белсенді нысаны, теориялық және практикалық компоненттерде қолдануға арналған, оқу процесін кәсіби қызмет элементтерімен толықтыру арқылы жүзеге асырылады [95-96]. Е.М.Пост дуальді-бағдарлық оқытуды педагогикалық процестің мазмұны мен әдістерін болашақ мамандарда тәжірибелік дағдыларды қалыптастыруға бағдарлану ретінде қарастырады [97]. Ал, С.Питч дуальді-бағдарлық тәсілдемені болашақ мамандарда практикалық дағдыларын қалыптастыруға бағытталған педагогикалық әдістер мен оның мазмұны ретінде қарастырады [98]. Осы аталған авторлар дуальді-бағдарлық оқытудың мәнін тек мамандарды кәсіби даярлауға қатысты ғана қарастырып өтті. Алайда, отандық ғылыми әдебиеттерде жоғары оқу орындарында дуальді-бағдарлық тәсілді қолданудың мақсаттары мен ерекшеліктерін түсіну орын алған жағдайда, олардың зерттеулерінің нәтижелері маңызды болады.

Жоғары мектеп педагогикасы өндірістік және дипломалды практика кезінде, студенттерді кәсіби ортаға енгізу барысында, олардың кәсіби тәжірибесін қалыптастыруда, болашақ мамандарда кәсіби қызмет үшін маңызды құзыреттіліктерді қалыптастыруға бағдарланған дуальді оқыту элементтерін қолдануда дуальді-бағдарлық оқыту тәсілін енгізу мақсатын көздейді.

Сондықтан, осы тәсілдеменің негізінде даярланған маманның моделі кәсіби құзыреттілікті; кәсіби қызметке дайындықты және тиісті тұлғалық қасиеттерді қамтиды. Кәсіби даярлықта дуальді-бағдарлық тәсілдеме студенттердің тәжірибе түрінде оқу ақпаратымен жұмыс жасау барысында меңгерген іс-әрекеттер түрлері нақтыланған кәсіби оқытудың соңғы өніміне оқу процесінің бағдары ретінде қарастырылады. Шын мәнінде, бұл нақты практикалық әрекеттердің тізімі, оны қолдану аясы теория мен практиканың

интеграциясы нәтижесінде мүмкін болады.

Осылайша, біз ЖОО-ның студенттерін кәсіптік даярлауда дуальді-бағдарлық тәсіл – болашақ мамандардың практикалық жұмыс дағдыларын қалыптастыруға, педагогикалық процестің мазмұны мен әдістеріне бағытталады деп санауға барлық негізіміз бар.

«Кәсіби оқытуда дуальді-бағдарлық тәсілдеме» педагогикалық санатына жүргізілген талдау нәтижелері осы мәселені шешуде оқытушылардың кәсіби даярлығына басты назар аударудың қажеттігін, ал, оқытушының рөлі кәсіби классикалық білім берудегі педагог рөлінен елеулі ерекшеленетіндігін көрсетуге мүмкіндік береді.

Болашақ педагогтың дуальді-бағдарлық даярлығы ретінде біз білімнің, қабілеттердің, дағдылардың бір-бірін толықтыра отырып, болашақ маманның педагогикалық қызметке неғұрлым жоғары кәсіби даярлық деңгейін қамтамасыз ететін синергетикалық процесс ретінде түсінеміз.

Осылайша біз арнайы педагогтарды дуальді-бағдарлық даярлау жүйесінің құрылымдық мазмұнын анықтауға тырыстық.

Арнайы педагогтарды дуальді-бағдарлық даярлау – бұл мамандарды дайындау барысында өндірістік және білім беру сфераларының өзара әрекеттесуін қажет ететін педагогикалық білім берудің инновациялық түрі, ол үш әдіснамалық негіздің аксиологиялық (гуманистік және технологиялық), онтологиялық (құзыреттілік тәсілі), технологиялық (кәсіби қызметке деген дайындықты ұйымдастыру процесі) бірлестігінен құрылған.

Арнайы педагогты дуальді-бағдарлық даярлау, педагогикалық жоғарғы оқу орын мен арнайы білім беру мекемелерінің өзара әрекеттесуін қажет етеді.

Арнайы педагогтарды дуальді-бағдарлық даярлауды іске асыру мынадай қағидаларды ұстануды көздейді:

- білім беру мақсаттарының заманауи қоғамның қажеттіліктеріне сәйкестігі;
- технологиялық тәсілдеме негізінде педагогикалық білім беру процесінде білім беру және кәсіби-педагогикалық салалардың өзара іс-әрекетін жүзеге асыру;
- педагогикалық білім берудің интегративтілігін оның жүйелік тұтастығының көрінісі ретінде қамтамасыз ету.

Жоғарғы мектеп оқытушыларының кәсіби қызметке даярлығының ең басты ерекшелігі, «ішкі құрылымдардың реттілігінде, кәсіби тұлғасының негізгі компоненттерінің үйлесімділігінде, олардың тұрақтылығында, яғни, кәсіби даярлық табысты қызмет жасауға әсер ететін кәсіби тұлғасының психологиялық тұтастығын, бірлігін көрсететін белгілерге ие болуында» көрінеді [99].

Педагогтың кәсіби қызметке даярлығы белгілі бір субъект ретінде педагогикалық қызметті табысты жүзеге асыруға мүмкіндік беретін тұлғаның күрделі динамикалық білімін көрсетеді (В.А.Сластенин[100], К.М.Дурай [101]).

«Педагогикалық қызметке даярлық» ұғымына және оның түсіндірмелеріне көптеген түрлі көзқарастар бар. Олар авторлардың теориялық ұстанымы мен өз зерттеулеріндегі басты міндеттерінің бірі ретінде анықталады. Әртүрлі

тәсілдемелер ішінен біз осы тұжырымдаманы анықтауға психологиялық және педагогикалық тәсілдерді бөліп, мамандардың кәсіби қызметке дайындығын зерттеу деңгейлерін анықтадық.

А.А.Деркач психологиялық тәсілдерді сипаттай келе, тұлғалық-іс-әрекет (интегративті) тәсіл шеңберінде, іс-әрекетке деген дайындықты адамның кәсіптік қызметінде жетістікке жетуді қамтамасыз ететін, адамның индивидтік, тұлғалық және субъективті қасиеттерінің көрінісі ретінде қарастырды [102].

Тұлға мәселесін зерттеуге ресейлік психологтар С.Л.Рубинштейн [103], А.Н.Леонтьев [104], Б.Г.Ананьев [105], А.В.Петровский [106], К.К.Платонов [107], Л.И.Божович [108] және т.б. ерекше үлес қосты. Олардың пікірінше тұлғаның жеке психикалық процестер мен оның қызметінің, жеке іс-әрекеттер мен операциялардың жиынтығы ретінде емес, өзіне белгілі бір байланыстармен біріктірілген көптеген сипаттамалар мен элементтерді қамтитын, тұтас құрылым ретінде қарастырылуында көрінеді.

С.Л.Рубинштейн тұлғаның негізгі құрылымдық компоненттері ретінде келесі үш құрылымды бөліп көрсетті:

1. Бағыттылық – нақты мүдделерде, идеалдарда, сенімдерде, қызмет пен мінез-құлықтың басым мотивтерінде, дүниетанымда көрінеді.

2. Білім, қабілеттер, дағдылар – өмір сүру барысында және танымдық қызметте игеріледі.

3. Жеке типтік ерекшеліктер – темпераментте, мінезде, қабілетте көрінеді.

А.Н.Леонтьев өзінің құрылым және тұлға дамуының концепциясында «іс-әрекетті» негізгі түсінік ретінде алды. Мұнда, адамның тұлғасы «жасалады», индивид өзінің іс-әрекетімен сипатталатын, қоғамдық қатынастар арқылы жасалады. А.Н.Леонтьевтің концепциясы бойынша тұлғаның негізгі ішкі сипаттамасы мотивациялық сфера болып табылады.

Ал, Н.Д.Хмельдің пікірінше, педагогикалық іс-әрекетке «жеке тұлғаның дайындығы» - бұл арнайы оқыту мен өз іс-әрекет тәжірибесінің әсерінен қалыптасатын күрделі білім. Ол өзіне белгілі бір білімдер мен дағдыларды және педагог тұлғасындағы кәсіби маңызы бар қасиеттерден тұратын бірнеше элементтерді құрайды [109]. Н.Д.Хмель ұсынған анықтама талдауы кәсіби даярлық және тұлғалық қасиеттердің кешені ретінде көрінеді деп санайтын В.А.Сластениннің пікірімен сәйкес келеді, бұл біздің зерттеу жұмысымыз үшін үлкен мәнге ие.

Көптеген зерттеушілердің пікірінше, жоғарғы оқу орын оқытушыларының даярлығының мазмұнды аспектісі, кәсіби және әлеуметтік-тұлғалық құзыреттіліктер кешені арқылы ашылады деп санайды.

Бұл ретте біз академиялық құзыреттіліктер ретінде жалпы және арнайы педагогика мен психология саласындағы әдіснама мен терминологияны меңгеру, олардағы жүйелі өзара байланыстарды анықтау, сонымен қатар, ерекше білім беруге қажеттіліктері бар студенттермен оқу процесінде тәжірибелік міндеттерді шешуде қолдана алу қабілетін түсінеміз.

Кәсіби құзыреттіліктер психофизикалық дамуында қандай да бір

ауытқушылықтары бар студенттермен олардың жеке ерекшеліктерін, мүмкіндіктерін және қажеттіліктерін ескере отырып, шынайы педагогикалық жағдай талаптарына сәйкес оқытушылардың әрекет етуге даярлығы мен қабілетін білдіреді.

Жоғары кәсіби білім берудің жаңа парадигмасы – құзыреттілік тәсілдеме – көп деңгейлі педагогикалық білім берудің жаңа оқу жоспарларына белсенді түрде енгізу сатысына өтуде, оның іргелі компонентіне айналып жатыр.

Кәсіби құзыреттілік негізгі құзыреттіліктің құрылымдық бірлігі ретінде үш блоктан тұратын құрылымға ие: мотивациялық-құндылықтық компоненті, оқу жоспарынан тұратын мазмұнды компоненті және мәселелерді қалай шешу керек деген сұраққа жауап беретін процестік компоненті болып табылады.

А.В.Хуторская, Д.В.Чернилевский, А.Мелецинек, В.П.Беспалько атап өткендей, кәсіби құзыреттіліктің жоғары сапасына көшуде бірқатар сатыдан өтуі тиіс. Яғни, оларды кәсіби деңгейге дейінгі теориялық, әдіснамалық және кәсіби құзыреттілік сапасының практикаға бағытталған сатысы ретінде белгілеуге болады.

Жоғарғы оқу орын оқытушыларын дуальді-бағдарлық даярлау мәселелерін уақтылы зерттеу ЕББҚ бар тұлғаларды білім беру процесімен қамтуда, оқытушының алатын маңызды рөлімен және қоғамның әлеуметтік дамуының талаптарымен анықталады [110].

Көрсетілген нормативтік-құқықтық құжаттарға сәйкес, соңғы жылдары Қазақстан Республикасының көптеген жоғары оқу орындарында дуальді білім беруге жағдайлар жасау бойынша жоспарлы жұмыстар жүруде.

Жоғарғы оқу орында педагог мамандарды дуальді-бағдарлық даярлаудың құрылымдық мазмұны төмендегі мәселелерді қамтуы тиіс:

1. Практикалық-технологиялық деңгей, онда педагогикалық білім беру процесіндегі дуальді іс-әрекет жүйесі технологиялық ұйымдастырылған білім беру процесі ретінде пайда болады;
2. Кәсіби-тұлғалық деңгей, болашақ педагогтың (тұлғалық-кәсіби құзыреттілігі) кәсіби және тұлғалық қасиеттерінің жиынтығы ретінде білім берудің субъективті нәтижесін көрсетеді.

Осылайша, педагог мамандарды дуальді-бағдарлық даярлауда жаңа типтегі педагогты қалыптастыруға ықпал етіп, ЖОО-дағы оқыту процесінің негізгі сипаттамаларын қайта қарастыруды қажет етеді.

Педагог мамандарды дуальді-бағдарлық даярлауға бағдарлану, жоғары оқу орнындағы білім беру мазмұнын жүйелеуді, оқыту процесін технологиялық ұйымдастыруды қайта қарап, өзгерістер енгізуді (оқу тобында, аудиторияда, оқу мекемелерінде, өндірістік іс-тәжірибелерде кезектесіп отыру) және жоғары оқу орнында үздіксіз педагогикалық даярлықты ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етуді әзірлеуді (бакалавриат, магистратура, докторантура) қажет етеді.

1.2 Арнайы педагогтарды дуальді-бағдарлық оқыту процесінде даярлаудың әдіснамалық тұғырлары мен қағидалары

Біздің зерттеу пәнімізге сәйкес дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында арнайы педагогтардың даярлығын қалыптастыруда *практикаға-бағдарлық, құзыреттілік және т.б. әдіснамалық үш тұғырлар* қарастырылады.

Әдіснама теориялық және практикалық іс-әрекетті ұйымдастыру және құру қағидалары мен тәсілдерінің жүйесі, сонымен қатар осы жүйе жайлы ілім болып табылатыны баршамызға белгілі. Грек тілінен аударғанда «әдіснама» термині «таным жолы» деген мағына береді.

Оқыту іс-әрекеттік тұғыр негізінде білім алушының және оның түрткілері, мақсаттары, қажеттіліктерін жүзеге асырудың жағдайы ретінде саналады.

Осылайша, қоғамның қарқынды даму жағдайларында, қазіргі білім берудің жаңаруы кезінде кәсіби білім беруде студенттердің бойында теориялық білімдерден гөрі, тәжірибелік білім, білік және дағдылардың қалыптасуы мен дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында болашақ арнайы педагогтарды даярлау мәселесін қарастыруда *практикаға-бағдарлық тұғырға* сипаттама бергенді жөн көрдік.

Бүгінгі таңда, *практикаға-бағдарлық тұғырын* жаңаша түсіндірудің өзектілігіне көптеген зерттеулер дәлел бола алады.

Білімді меңгеруге бағдарланған дәстүрлі білім беруге қарағанда, тәжірибеге бағдарланған білім беру білім, білік және дағдылардан басқа – практикалық іс-әрекет тәжірибесіне бағытталған. Жалпы білім беру жүйесінде іс-әрекет тәжірибесі ретінде көбіне оқу-танымдық іс-әрекетінің тәжірибесі саналады. Ал тәжірибенің өзін иелену білім алушылардың бойында практикалық икем мен дағдыларды қалыптастыру жолымен дәстүрлі дидактикалық триада «*білім-білік - дағды*» негізінде жүзеге асырылады.

Осылайша, арнайы педагогтарды толыққанды кәсіби даярлау практикалық іс-әрекет жағдайында тиімдірек жүреді. Практикаға-бағдарлық тұғыр – бұл студенттерге ЖОО-ғы оқуын тәжірибемен үйлестіруге мүмкіндік беретін, оқу процесін білім алудың түпкі өніміне бағдарлайтын оқытудың негізгі әдістерінің бірі болып табылады.

Білім алудың түпкі өнімі ретінде студенттердің бойында белгілі кәсіби құзыреттерді қалыптастыру және дамыту жүзеге асады. Студенттерді нақты жұмыс жағдайларына қарастырып, олар табысты қызмет атқаруға қажетті тәжірибелік және педагогикалық дағдыларды игереді.

Сонымен, жоғарыда дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында арнайы педагогтарды даярлауды қалыптастыруда практикаға-бағдарлық тұғыр маңыздылығын аша отырып, келесі құзыреттілік тұғырға тоқталуды жөн көрдік.

Білім беру саласында құзыреттілік тұғырдың белсенденуіне байланысты «құзыреттілік», «құзырет», «негізгі құзыреттер» терминдері жаңа сапалы білім беру мәселелерін талқылаған кезде жиі қолданып, барынша кеңінен таралуда. Әдіснамалық сипаттағы бл зерттеулер негізгі құзыреттердің жалпы идеясын педагогикалық концепт пен шнайы болмысқа ауыстырудың негізгі жағдайында практикалық жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді.

Білім берудегі құзыреттілік тұғырының негізгі категориясы «біліктілік»

ұғымы осы уақытқа дейін еңбекті ұйымдастыру мен басқару саласында, кәсіби психологияда белсенді қолданылып, жаңа әлеуметтік-білім беру тұжырымдамасы тұрғысынан даму үстінде.

Құзыреттіліктің сипатын маманның мінездемесі, оның тиімді кәсіби іс-әрекетке деген қабілеті ретінде белгілей келе, шетелдік басқару үлгілерінде оның үш деңгейін көрсетеді:

- кіріктірушілік құзыреттілік – білім мен біліктерді және тез өзгеретін сыртқы орта жағдайында оларды падалануды кіріктіру қабілеті мүмкіндігі;

- әлеуметтік-психологиялық құзыреттілік – адамдардың мінез-құлығын, олардың іс-әрекетіндегі мотивацияны қабылдау, түсіну саласындағы білім мен біліктер, жаңашылдық пен коммуникативтік мәдениеттің жоғары деңгейі;

- басқару іс-әрекетінде шешімдер қабылдаудың, ақпарат жинаудың, адамдармен қызмет жасаудағы құзыреттілік.

Психологиялық тұрғыдан А.К.Маркова пікірінше, құзыреттілік – бұл нақты адамның сипаттамасы, дәлірек айтқанда, мамандық талаптарына сәйкес келу дәрежесі жайындағы жеке мінездемесі. Оның айтуынша, қазіргі кезде құзыреттілікті көбінесе психикалық қасиеттердің үйлесімділігі; өздігінен және жауапкершілікпен әрекет етуге мүмкіндік беретін психикалық күй түрінде, адамның белгелі бір қызмет түрлерін орындай алу қабілетін иегру ретінде анықтайды. Құзыреттіліктің адам бойында болуы туралы оның еңбек нәтижесінің сипатынан көруге болады. Әрбір педагогтардың атқаратын жұмысы аталған кәсіби іс-әрекеттің түпкі нәтижелеріне қойылатын талаптарға қалай жауап беретін болса, оның құзыреттілігі де сондай дәрежеде болады. Құзыреттілік туралы оның жұмыс нәтижесіне қарамай, тек талпынысына қарай айтқан заңсыз болып табылады. Құзыреттілікті оның білімділігіне түйістіруге болмайды. Осы орайда, А.К.Маркованың ойынша, нақты адамның құзыреттілігін оның кәсіби шеберлігімен шатастыруға болмайды. Яғни, «адам жалпы өз саласында кәсіпқой болуы мүмкін, бірақ барлық кәсіби мәселелерді шешуге құзыретті болмауы мүмкін» [111, с. 82-88].

И.В.Гришина да құзыреттілікті кәсіби біліктіліктің бір бөлігі ретінде санайды, осы ретте оны мүмкіндік катеориясы ретінде сәйкестендіреді. Құзыреттілік тұлғаның әлеуеттік мүмкіндігі тәрізді тиімді кәсіби іс-әрекетке алып келуі үшін, белгілі объективтік жағдайлар, тиісті мотивация, ерік жігер және алған білімдердің белгілі бір белсенділігі қажет. Сонымен қатар, ол құзыреттілікті – «тұлғаның тұрақты атрибуты емес, керісінше, ол іскери жетілуінің, кәсібиліктің үздіксіз даму процесінің нәтижесі болатын, аса күшті құрылым» деп көрсетеді.

Сонымен қатар, А.М.Новикова «құзыреттілік» ұғымын «кәсіпқойлық» ұғымына сәйкес түсінік ретінде қарастырады және қазіргі кезде адамның іскерлік қасиеттерін бағалағанда көбіне «кәсіпқойлық» ұғымының орнына «құзыреттілік» ұғымын қолданып келеді. Сондай-ақ, ол құзыреттілік ұғымына шет тілдерін білгендікті, компьютерді меңгергендікті, экологиялық және экономикалық білімдерді, маркетингті, зияткерлік меншігін қорғауды енгізеді

[112, 2 с.].

Отандық ғалымдар кәсіби құзыреттілік ұғымының мәнін былай сипаттайды:

- Кіріктірілген кәсіби-тұлғалық қасиеттер (С.И.Фехро, Г.А.Колесникова, Н.Р.Шаметов, Б.Ж.Еспенбетов, Д.А.Ковалев);
- Кәсіби іс-әрекетті атқаруға қабілеті мен дайындығы (Б.Т.Кенжебеков, Г.У.Сыздыкова, М.А.Абирова, М.М.Мирзахметов);
- Кәсіпке теориялық, практикалық дайындығының үйлесімділігі (Б.Р.Қасқатаева, Б.Т.Барсай);
- Педагогикалық іс-әрекетті шығармашылық тұрғыда ұйымдастыру шеберлігі, үнемі өзін-өзі жетілдіруге дайындығы (Г.К.Калтаева);
- Сапалы жаңалықтарымен сипатталатын тұрақсыз көрсеткіш (К.С.Кудайбергенова).

«Құзыреттілік» түсінігін кәсіби ғана емес, сонымен қатар «мамандыққа дейінгі», «мамандықтан кейінгі» де адамның қасиеттерін сипаттауға қолданылуы ғылыми және кәсіби айналымға «кәсіби құзыреттілік» терминін енгізуге міндеттейді.

Кәсіби құзыреттілікті тар және кең мағынада қарастыруға болады. Тар мағынада біліктілік талаптары аясында еңбек қызметтерін жүзеге асыру үшін тікелей маңызды болып табылатын, тұлға қасиеттері жиынтығының сипаттамасы ретінде қарастырылады. Осы тұрғыдан алғанда кәсіби құзыреттілік тұлғаның еңбегі мен технологиялық процестерін талдау, техникалық құжаттар мен тапсырмалардың талдамасы, еңбек үдерісінің орындалудағы ағатсыздық, технологиялық талаптарды сақтау, қосымша біліктіліктерді меңгеру, мәдениет пен жұмысты ұйымдастырудың жоғарғы деңгейі, технологиялық процесте пайда болатын ауытқушылықтарды өз уақытымен жою және т.б. сияқты іс-әрекет элементтерімен ұсынылған, кәсіби қасиеттерінің негізі болатын, кәсіби құзыреттердің меңгерілуімен сипатталады.

Ал, кең мағынадағы кәсіби құзыреттілік кәсіби іс-әрекетпен сәйкес түсіндіріледі. Кең мағынадағы түсінікке ие кәсіби құзыреттілік негізінде бірнеше компонентті құбылыс ретінде көрінеді. Осы орайда, болашақ педагогтың кәсіби құзыреттілігі жайында айта кеткен жөн. Бұл құзыреттілік – маманның кәсіпке теориялық, практикалық дайындығы. Сонымен қатар, ол үнемі өзін-өзі жетілдіруге ұмтылып, кәсіби-тұлғалық қасиеттері мен өзінің сапалық көрсеткіштерін жоғарғы деңгейде көрсете білуі қажет.

Қазіргі таңда, білім беру тәжірибесінің әлемдік деңгейде жаңарып отыру негізінде, құзыреттілік ұғымы негізгі ұғымдардың бірі болып табылады. Өйткені, құзыреттілік, білім беру саласында негізгі мәнге ие болып табылады. Ал бұл қазіргі таңда, кез-келеген маман иесі өз кәсібі бойынша құзыретті болуымен сипатталады.

Осы тұста, құзыреттілік тұғыр негізінде дуальді оқытудың мәнін ашуға тырысып көреміз. Құзыреттілік тұғыр аясында дуальді-бағдарлық оқыту болашақ маманды мүдделері мен білім беру қажеттіліктері сандық орта жағдайында дара оқытуды сапалы-мазмұнды, технологиялық тұрғыдан

камтамасыз етуді жүзеге асыруы тиіс. Ал, бұл білім беру процесінің басты тұлғасы ретінде оны сыни тұрғыдан зерттеу мен түсінудің маңыздылығын білдіреді.

Құзыреттілік тұғырды іске асыру үшін әрбір ЖОО оқу процесіне құзыреттілікке бағдарланған тапсырмаларды енгізу негізінде өзінің бақылау жүйесін қайта қарауы керек. Құзыреттіліктерді құрылымдау және аттестаттау үшін өлшемдер жасау мәселесі құзыреттіліктерді бағалау кезінде туындауы мүмкін қосымша қиындықтармен ұштасуы мүмкін.

Біріншіден, құзыреттіліктер – көп функциялы, сондықтан, аттестаттау кезінде әртүрлі бағалау құралдарын қамтуды, көпөлшемді шкалалау әдістері мен әртүрлі сандық және сапалық шкалалар бойынша аттестаттау балдарын біріктірудің арнайы әдістерін қолдануды қажет ететін кешенді өлшемдер қажет болады.

Екіншіден, құзыреттіліктерді меңгеру деңгейі, көбінесе білім алушылардың басым қабілеттерімен алдын ала анықталған. Бұл аттестаттау барысында біздің елімізде нормативтік құжаттармен қарастырылмаған жекелеген психодиагностикалық әдістемелерді қолдану қажеттілігін тудырады. Бұл қажеттілік білім берудегі құзыреттіліктерді бағалауға қатысатын көптеген шетелдік тәжірибеге сүйену негізінде көрінеді.

Үшіншіден, құзыреттіліктерді меңгеру деңгейін бағалауды талдау кезінде білім беру мазмұнының, ұйымдастырушылық-технологиялық педагогикалық шешімдердің, оқыту әдістерінің, студенттермен өзара әрекеттесу стилінің, ЖОО-да бақылау жүйесі сапасының, студенттердің білім беру үдерісіне қамтылуының, ЖОО-ның жалпы «білім беру ахуалының», іс-тәжірибелердің сипатының және т.б. құзыреттіліктердің қалыптасуының нәтижесі болып табылады. Бірқатар елдердің (АҚШ, Канада, Нидерланды, Австралия, Финляндия және т.б.) білім беру жүйесі жоғары деңгейде дамыған топта құзыреттілік тұғырды енгізу бойынша шетелдік тәжірибелерге жүргізілген талдау бірнеше қарапайым процестерді анықтауға мүмкіндік берді:

- білім беру нәтижелерінің сапасын динамикалық тұрғыдан анықтауға сүйену;

- құзыреттіліктерді барынша нақтылауға ұмтылу;
- құзыреттіліктер тізімін барынша азайту;
- құзыреттілік тұғырын іске асыру үшін мониторинг жүйелері мен арнайы құрылымдарды құру;

- сандық және сапалық өлшеу деңгейлерінде алынған бағалалардың үйлесімі бойынша көпөлшемді педагогикалық өлшемдерді кеңінен қолдануы [113].

Педагогикада құзыреттілік тұғыр аясында тұлғаға бағдарланған, акмеологиялық, мәдениеттанымдық, экзистенциалдық тәсілдемелер, көптеген теориялар, тұжырымдамалар, оқыту модельдері бар. Мысалы, еркіндік педагогикасы мен педагогикалық қолдау тұжырымдамасы (О.С.Газман), адамгершілік педагогикасы (Ш.А.Амонашвили), тұлғалық өсудің

аксиологиялық тұжырымдамасы (И.Б.Котова, А.В.Петровский, Е.Н.Шиянов), тұлғаға бағдарланған білім берудің мәдениеттанымдық тұжырымдамасы (Е.В.Бондаревская), тұлғаға бағдарланған білім берудің дидактикалық моделі (В.В.Сериков), мәдени-тарихи педагогика (Е.А.Ямбург), тұлғаға бағдарланған оқытудың жобалық моделін (Н.И. Алексеев) айтуға болады.

Н.С.Кемерованың пікірінше, «көптеген зерттеушілер (А.В.Хуторская, Д.В.Чернилевский, А.Мелецинек, В.П.Беспалько және т.б.) педагогикалық өркениетті ауыстыру қажеттілігі туралы идеяны, яғни, «техногенді өркениет педагогикасынан» мақсаты білім алушылардың өзінің дамуында субъект болып табылатын оқыту үдерісін ұйымдастыруға болатын «антропогенді өркениеттің адамгершілік педагогикасына» ауысу қажеттілігін атап өтті» [114].

Осы тәсілдемені жоғары оқу орындарында қолдану кезінде оқытушы әрбір студентте ерекше тұлғалық қасиеттер мен қабілеттерді дамыту үшін бар күшін жұмсай отырып, білім алушының тұлғасына бағдарланады. Ал бұл мәселе арнайы педагогтарды даярлауда да үлкен мәнге ие.

Е.В.Бондаревскаяның пікірінше, құзыреттілік тұғырдың технологиялық арсеналын мынадай талаптарға сәйкес келетін әдістер мен тәсілдер қамтиды: диалогтылық; қызметтік-шығармашылық сипат; жеке тұлғалық дамуды қолдауға бағыттылық, білім алушыға қажетті кеңістікті, жеке шешімдер қабылдау үшін еркіндікті, шығармашылық, оқыту мен мінез-құлық тәсілдері мен мазмұнын таңдау еркіндігін беру [115].

Біздің зерттеуіміздің әдіснамасының негізін мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды арнайы оқытудың рөлі туралы (Л.С.Выготский, Е.Л.Гончарова, Г.М.Дульнев, И.В.Евтушенко, Х.С.Замский, В.И.Лубовский, Н.Н.Малофеев, Л.М.Шипицына, Т.Оchiai); инклюзивті білім беруді дамыту жайлы (В.В.Коркунов, Н.Н.Малофеев, Н.М.Назарова); мүмкіндігі шектеулі адам тұлғасын қалыптастыру мен дамытуда арнайы педагогтың алатын рөлі туралы (В.В.Воронкова, С.Д.Забрамная, В.З.Кантор, Е.Т.Логинова, Е.А.Медведева, Н.М.Назарова, В.Г.Петрова); арнайы педагогика факультеттері түлектерінің білім алуын ұйымдастыру мен мазмұны жайлы (А.А.Дмитриев, Е.Т.Логинова, Н.М.Назарова, М.Н.Перова, Б.П.Пузанов, И.М.Яковлева) теориялық ережелер қамтыды.

ЖОО-дағы арнайы педагогтарды дуальді-бағдарлық даярлау тұжырымдамасының негізі ретіндегі іс-әрекеттік тәсіл келесі педагогтар мен психологтардың еңбектерінде (К.М.Дурай-Новакова, П.Я.Гальперин, Н.В.Кузьмина, А.Н.Леонтьев, Н.Ф.Талызина және т.б.), оның ішінде мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды оқыту және тәрбиелеу мәселелеріне арналған зерттеулерінде (Б.В.Зейгарник, А.Р.Лурия және т.б.) көрініс тапты.

Іс-әрекеттік тәсіл ретінде психика мен сананың қалыптасуы субъектінің пән ретінде әртүрлі нысандарында зерттелінетін, теориялық-әдіснамалық және нақты эмпирикалық зерттеулердің жиынтығы ретінде түсіндіріледі [116]. Іс-әрекеттік тәсілдің негізгі ұстанымы адамның тұлғасы мен даралығының қызмет барысында қалыптасып, көрінетіндігі жайлы; педагогикалық құбылыстар мен

процестерді қызметтің барлық негізгі компоненттерін тұтастай қарастыру арқылы зерттеу қажеттігі туралы тұжырым болып табылады.

Жүргізілген педагогикалық зерттеуде қызметтік тәсілдеменің семантикалық негізін «қызмет» және «педагогикалық қызмет» санаттарының құрайтындығын көрсетті. Сондай-ақ, іс-әрекет тұлғаның дамуындағы маңызды шарт, негіз әрі құрал болып табылады.

Педагогикалық ЖОО-да арнайы педагогтарды даярлауды педагогикалық іс-әрекеттің бір түрі ретінде қарастыра отырып, оған анықтама беруге тырысып көрейік. Педагогикалық іс-әрекет дегеніміз - адамзат жинаған мәдениет пен тәжірибені аға ұрпақтардан кіші ұрпақтарға беруге, тәрбиеленушілерді қоғамдағы белгілі бір әлеуметтік рөлдерді орындауды дайындауға, олардың тұлғасының дамуы мен өзін-өзі дамытуға жағдай жасауға, ерін және шығармашылықты өзін-өзі көрсету мүмкіндіктерін таңдауға бағытталған әлеуметтік іс-әрекет түрі. Педагогикадағы іс-әрекеттік тәсілдің мақсаты - білім алушыны таным, еңбек және қарым-қатынас субъектісінің ұстанымына ауыстыру болып табылады. Ал бұл, білім беруді дамытудың гуманистік процесіне сәйкес келетіндігін көрсетеді.

Іс-әрекет тәсілі педагогикалық жүйелерді (біздің зерттеуімізде – арнайы педагогтарды дуальді-бағдарлық даярлау жүйесін), маман тұлғасын жүйелі түрде модельдеуді (біздің жағдайда арнайы педагогтың тұлғалық сипаттамасын) модельдеу процестерін жүзеге асыру кезінде неғұрлым кең таралған тәсілдеме болып табылады. Өйткені бұл тәсіл тұлғаның қалыптасуын дербестелген іс-әрекеттің нәтижесі ретінде қарастыруға негізделген (Б.Г.Ананьев, М.С.Каган, А.Н.Леонтьев, С.Л.Рубинштейн және т. б.) [117]. Іс-әрекет тәсілі тұрғысынан кәсіби іс-әрекет түрлері және оның практикаға бағытталған компоненттері анықталды, оларды түлектер «Арнайы педагогика» білім беру бағдарламасы бойынша меңгеруі керек оның тәжірибеге бағдарланған компоненттері, білім алушылардың қолданбалы құзіреттілік деңгейіне қойылатын талаптар анықталды.

Теориялық талдаулар көрсеткендей, зерттеушілер іс-әрекеттің негізгі компоненттері ретінде қажеттілік, мотив, мақсат, процесс, әрекет әдістері, қол жеткізілген нәтижелерді реттеу, бақылау және талдау әдістері, іс-әрекеттің тұжырымдамалық сызбаларының макроқұрылымын құрайтын әрекеттер мен операциялар (В.В.Давыдов, А.Н.Леонтьев, С.Л.Рубинштейн). Осы ережелердің негізінде педагогтарды дуальді-бағдарлық даярлау мәселесін зерттеуде іс-әрекет тәсілін қолданудың негізгі идеясы тұжырымдалып, студентке дуальді-бағдарлық қызметтің субъектісі позициясын қамтамасыз етумен сипатталады. Бұл, өз кезегінде, арнайы педагогтың кәсіби қызметтің нақты нәтижелеріне қол жеткізу үшін біріккен кәсіби қасиеттерінің біртұтастығын қалыптастыруды білдіреді: қызметті орындаудың тәжірибеге бағдарланған тәсілдерін меңгеру және оларды кәсіби қызметте қолдануда жеке белсенділікті қалыптастырумен ерекшеленеді.

Қызметтік тәсілдеме тұрғысынан «Арнайы білім беру» бағыты бойынша түлектерді даярлауды зерттеу дуальді-бағдарлық даярлау тұжырымдамасын

әзірлеуде макро және микродеңгейдегі оның мақсатын, міндеттерін, құрылымын және мазмұнын ашып көрсетуге мүмкіндік берді.

Бізді қызықтырып отырған мәселені зерттеуге қызметтік тәсілдеме Л.С.Выготскийдің, А.Р.Лурияның адамның жоғары психикалық қызметінің құрылымы мен ұйымдастыру туралы идеялары, мүмкіндігі шектеулі балалардың сөйлеу, оқу, еңбек, бейнелеу және т.б. қызмет түрлерін қалыптастыруда қызметтік тәсілдемені іске асыру туралы ережелер (В.В.Воронкова, Г.М.Дульнев, Е.А.Медведева, В.Г.Петрова және т.б.) негіз болған, түлектерді кәсіби даярлау мазмұнының пәніне айналды [118-120].

Осылайша, арнайы педагогтарды дуальді-бағдарлық даярлауды зерттеуде қызметтік тәсіл дуальді-бағдарлық даярлау процесінде болашақ педагогтардың субъективті позициясын анықтау үшін қолданылды, бұл болашақ кәсіби қызметтегі интериоризация мен экстериоризация процестерінде тәжірибеге бағдарланған кәсіби құзыреттіліктерді меңгерудің қызметтің мақсатына қол жеткізу үшін қажет кәсіби маңызды тұлғалық қасиеттерді қалыптастыру мен субъектінің кәсіби дамуына ықпал ететіндігін білдіреді.

Қазіргі таңда құзыреттілік тұғыр білім берудің құндылықты адамгершілік парадигмасының негізін құрап, білім беру сапасын қамтамасыз ету мақсатын көздеп, оны білімнің, тәжірибенің жеткілікті жоғары деңгейіне қол жеткізуге бағыттайды. Құзыреттілік тәсілдеме педагогтарды даярлау барысында кәсіби қызметтің мазмұнды компонентімен (кәсіби білімдердің жиынтығы) және кәсіби қызметтің процестік компонентімен (кәсіби қабілеттердің, дағдылардың, қызмет тәсілдерінің жиынтығы) анықтайтын өзара байланысты тұлғалық қасиеттердің жиынтығын қалыптастыруды білдіреді [121-122].

Осы ретте біздің зерттеуімізде құзыреттілікке негізделген тәсілді түсіндіре кететін болсақ - білім беру нәтижелерін модельдеу (практикалық-бағытталған құзыреттілік) және оларды білім беру сапасының нормалары ретінде ұсыну.

Құзыреттілік тұғырға арналған зерттеулерде «құзырет» пен «құзыреттілік» санаттары арасында тікелей және жанама тәуелділік бар екендігін дәлелдеді. Құзырет қызметкердің әлеуметтік немесе кәсіби мәртебесіне, оның білім деңгейіне және т. б. байланысты, ал құзыреттілікке өмірлік және кәсіби тәжірибе жинау арқылы қол жеткізіледі. Құзыреттілік тиісті құзыреттерсіз пайда болмайды. Құзыретті сәтті түрде іске асыру құзыреттілікпен қамтамасыз етіледі, ал құзыретті іске асырудағы жетістіктер құзыреттілікті қалыптастырудың табыстылығына әсер етеді [123].

Заманауи психологиялық-педагогикалық зерттеулерде құзыреттермен анықталатын интегративті кәсіби маңызды қасиеттер тұрғысынан мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін зерттеуге баса назар аудару процесі байқалады. Құзыреттерді біліммен және қабілеттермен салыстыруға педагогикалық жағдайлар елеулі әсер етеді. Әлеуметтік-мәдени ортаға сәтті интеграциялану үшін, қажетті құзыреттер жиынтығын меңгеру белгілі бір жағдайларда алған білімдер мен тәжірибені мобилизациялауды білдіреді, осылайша, білімді, қабілеттерді және мінез-құлық қарым-қатынастарды қолдану нақты жағдайда

нақты қызметтің шарттарымен тығыз байланыстырады. Осылайша, құзыреттер әмбебап білім мен қабілеттерден басқа кең тәжірибеге бағдарланған сипатқа ие болады.

Теориялық зерттеулерде кәсіби қызметтің барлық түрлерінің мәнін анықтайтын әмбебап құзыреттерді белгілеу үшін «жалпы құзырет» [124, б. 40] және «негізгі құзырет» терминдері неғұрлым жиі қолданысқа ие болады.

Адамның неғұрлым жоғары білім деңгейіне жүйелі түрде қол жеткізу тұрғысынан негізгі құзыреттерге талдау жасау оларды қалыптастырудың иерархиялық деңгейлерін анықтауға мүмкіндік береді:

1. Адам өзін қоршаған әлем туралы жеткілікті білім алғанда және қызметтің жалпы тәсілдерін меңгерген кезде ғана білімге қол жеткізу;

2. Педагогтың өнімді әрі бәсекеге қабілетті жұмыс жасауын ынталандырудың механизмдеріне сәйкес келетін, тұлға мен қоғам үшін маңызды, еңбек қызметінің нақты түрлерінде өзін көрсете алуына мүмкіндік беретін қасиеттерді қалыптастыру;

3. Адам қоғамның дамуында өзінің қатысуын адекватты түрде бағалауға қабілетті, оның мәдени дамуына үлес қоса алатын мәдениетті игеру;

4. Тұлғаға бірегей қайталанбас қасиет беретін адамның дүниетанымы мен мінез-құлқының тұрғақты негіздерін, тұлғаның дара менталитетін қалыптастыру [125].

Негізгі құзыреттердің иерархиялық деңгейлерін талдау бізге дуальды-бағдарланған теорияларда құзыреттер ретінде студенттің жеке мақсаттары мен оның білімінің жеке мәндері түсіндірілетіндігі туралы болжам жасауға мүмкіндік берді. Субъективті тәжірибедегі негізгі құзырет ретінде төмендегі категориялар қарастырылады:

- әлеуметтік (еңбек нәтижелері үшін жауапкершілікті сезіну);
- психологиялық-педагогикалық (білім беру үдерісін жүзеге асыруға, педагогикалық шығармашылыққа дайын болу);
- әлеуметтік-педагогикалық (қатынас пен әріптестікке дайындық);
- әлеуметтік-пәндік (оқытатын пән саласындағы білімі мен оны оқыту ерекшегілігін білуі);
- тұлғалық (педагогикалық ерекшеліктерді дамыту).

Құзыреттіліктің құзыретті іске асыруға жеке дайындық деңгейі ретінде жоғарыда берілген анықтамасына жүгіне отырып, педагогикалық құзыреттілік ретінде теориялық, тәжірибелік және тұлғалық компоненттердің негізінде педагогикалық қызметке тұлғалық дайындығы деп түсіндіруге болады. Құзыреттілік педагогикалық іс-әрекетке жеке дайындық ретінде педагогтың кәсібилігінің сипаттамасы болып табылады [126, с.100].

Көптеген зерттеушілер «кәсіби құзыреттілік» түсінігін «кәсібилік» құрылымында қарастырады (Н.С.Глуханюк, Э.Ф.Зеер, Н.В.Кузьмина, А.К.Маркова) [127-130].

Теориялық зерттеулерді талдауда педагогтың кәсіби құзыреттілігі құрылымында төмендегілерді бөліп көрсетті:

- білім, икемділік, дағдылар арқылы іс-әрекетті жүзеге асыру, соның ішінде білім беру және проблемалық міндеттерді нәтижелі түрде шеше білу дағдылары В.С.Безрукова [131], Н.Ф.Талызина [132]);

- компоненттер арқылы: педагогта теориялық білімнің болуын қарастыратын кәсіби-мазмұнды компоненті;

- кәсіби-іс-әрекеттік, кәсіби білімдер мен дағдыларды қамтитын; жеке қасиеттерден тұратын, педагогтың тұлғасын және іс-әрекет субъектісі ретінде ұстанымы мен бағытын анықтайды.

Осылайша, кәсіби құзыреттілік құрылымын авторлар негізінен екі тұрғыдан: педагогикалық қызмет құрылымы тұрғысынан және педагог тұлғасы құрылымы тұрғысынан анықтады.

Біздің зерттеуімізде арнайы педагогтың кәсіби құзыреттіліктері ретінде негізгі, базалық және арнайы құзыреттіліктер қарастырылады.

Негізгі құзыреттілік азаматтық қоғамда адам мінез-құлқының әлеуметтік нормаларын, коммуникацияны қолдану негізінде құзыреттіліктерді тиімді іске асыруды қамтамасыз етеді.

Базалық құзыреттілік көп деңгейлі білім беру жүйесіне қойылатын талаптар аясында кәсіби қызметті тұрғызу үшін қажет болды.

Педагогтың арнайы құзыреттілігі ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқытуда педагогикалық іс-әрекет пәнінің ерекшелігін көрсетті.

«Құзыреттілік» түсінігіне жүргізілген талдау мынадай қорытынды тұжырымдар жасауға мүмкіндік берді:

- педагогтың кәсіби құзыреттілігі құрылымы мен мазмұнында әлеуметтік-мәдени және кәсіби білімдерге негізделетін және тәжірибеге бағдарланған құзыреттіліктердің негізгі, базалық және арнайы түрлерін және әлеуметтік-мәдени, қызметтік және тұлғалық компоненттерін бөліп көрсетуге болады;

- кәсіби құзыреттілікті қалыптастырудың теориялық және тәжірибелік міндеттері кәсіби білімдер мен қабілеттерді, кәсіби әлеуметтік тәжірибе мен әлеуметтік-мәдени ортада қажет тұлғалық-тәжірибелік қасиеттерді қалыптастыру болып табылады;

- құзыреттіліктің даму деңгейі кәсіби қызметке тұлғалық дайындық көрсеткіші болып табылады, субъектінің кәсіпқойлылығы процесіне бастама болады және арнайы педагогтың кәсіби мәдениетін қалыптастыру, оның әлеуметтік-еңбек тұрғысынан табысты түрде іске асыруы үшін негіз болады.

Арнайы білім беру мәселелері бойынша жүргізілген теориялық зерттеулерге талдау жасау білім беруді жаңғырту, оны ЕББҚ бар тұлғаларға бағдытталған адамгершіліктік құндылықтарға бағдарлау, сонымен қатар ЕББҚ бар балаларды оқытуда да, арнайы педагогтың жоғары білім алуында да құзыреттілік тәсілді енгізуге ықпал етті.

Арнайы педагог мамандарды даярлау тұжырымдамаларында арнайы (дефектологиялық) білім беру жүйесін жетілдіру мүмкіндіктері қарастырылады. Бұл жүйенің даму бағыттары көп деңгейлі жоғары педагогикалық білім беру құрылымында, оның ішінде құзыреттілік тәсіл негізінде тәуелсіз бағыт ретінде

анықталады.

Арнайы педагогикалық білім беру теориясына және олардың кәсіби құзыреттілігі мәселесін зерттеуге Н.М.Назарова [133], Е.В.Колтакова [134], М.Н.Перова [135], И.М.Яковлева [136] елеулі үлес қосты. Зерттеушілер арнайы педагогтың негізгі кәсіби құзыреттіліктерін бөліп көрсетіп, оларға сипаттама беріп, кәсіби құзыреттілігінің модельдерін ұсынды.

Жасалынған талдау арнайы педагогтың кәсіби құзыреттері мен құзыреттіліктерінің мәнін түсіндірудің әртүрлі нұсқасы бар екендігін анықтады. Оларды атап өтетін болсақ: кәсіби-тұлғалық, перцептивтік, аутопсихологиялық, кәсіби-қызметтік, диагностикалық, болжамдық, түзету-педагогикалық, тәжірибеге бағдарланған, ұйымдастырушылық-басқарушылық, ғылыми-зерттеу және т.б.

Біз зерттеуімізде ЖОО студентінің білім алу қызметінің мазмұнын талдау кезінде бөліп көрсетілген келесідей құзыреттілік топтарға тоқталып өтеміз: түзету-педагогикалық, тәжірибеге бағдарланған және инновациялық-зерттеу.

Зерттеушілер болашақ арнайы педагогтың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда құндылықты-мәндік саланың және кәсіби-тұлғалық қасиеттердің алатын маңызды рөліне және кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру нәтижесін анықтауға – тұлғаның интегралды қасиетінің туындауына – ЕББҚ бар тұлғаларға көмек көрсетуге дайындығына қатысты әртүрлі пікірде болды. Сонымен қатар, арнайы педагогтардың құзыреттіліктері бүгінге дейін жеткілікті деңгейде зерттелмегендігі белгілі.

Осылайша, арнайы педагогтарды даярлауда құзыреттілік тұғыр қарастырылған теориялық әдебиеттерге жүргізілген талдау кәсіби құзыреттер мен құзыреттіліктердің құрылымы мен мазмұнына берілген анықтамалардың алуантүрлілігін растады, осы мәселені әрі қарай ғылыми тұрғыдан зерттеу және интегративті сипаттағы басым әмбебап құзыреттер мен құзыреттіліктерді бөліп көрсету қажеттілігін көрсетті.

Арнайы педагогтарды дуальді-бағдарлық даярлауды зерттеуге қатысты құзыреттілік тәсіл келесілерге мүмкіндік берді:

–Тәжірибеге бағдарланған құзыреттілікті қалыптастыруда көрінетін, арнайы педагогтарды дуальді-бағдарлық даярлау нәтижесін анықтау;

–Тәжірибеге бағдарланған құзыреттілікті ЕББҚ бар балаларды оқытуда кәсіби қызметке арнайы педагогтардың тұлғалық әрі іс жүзінде дайындығын анықтайтын, интегралды субъективті сипаттамасы ретінде анықтау;

– Әлеуметтік-мәдени шарттастыққа ие (кәсіби, тәжірибеге бағдарланған және тұлғалық) дуальді-бағдарлық даярлаудың мазмұнды компоненттерін бөліп көрсету.

Жүргізілген зерттеуімізде құзыреттілік тәсілдеменің ережелерін қолдану, бізге төмендегідей дуальді-бағдарлық оқыту мақсаттарына қол жетізуге ықпал етті:

1.Практикалық бағытталған құзыреттілікті қалыптастыруда дуальді-бағдарлық дайындық нәтижесін нақтылау;

2. Практикалық бағытталған құзыреттіліктің өзара байланысты кәсіби және тұлғалық компоненттерін бөліп көрсету.

Біз арнайы педагогтарды дуальді-бағдарлық даярлау нәтижесі ретінде қарастырып отырған практикаға бағдарланған құзыреттілік, кәсіпқойлылықтың бір компоненті болып табылады. Кәсіпқойлылық өзара байланысты қосалқы жүйелерден тұратын бір жүйе ретінде қарастырылады: диалектикалық бірліктегі тұлғаның кәсіпқойлылығы мен қызметтің кәсіпқойлылығы. Іс-әрекеттегі кәсібилік жоғары кәсіби біліктілік пен құзыреттілікті, тиімді кәсіби дағдылар мен қабілеттердің алуан түрлілігін, оның ішінде шығармашылық шешімдерге негізделген сапалық сипаттамасы ретінде анықталады. Тұлғаның кәсібилігі ретінде кәсіби маңызды немесе жеке-іскерлік қасиеттердің жоғары деңгейін, шығармашылықты, талаптардың тиісті деңгейін, мотивациялық сфераны және прогрессивті дамуға бағытталған құндылық бағдарларын көрсететін еңбек субъектісінің сапалық сипаттамасы түсініледі.

Адам мен кәсіптің өзара байланысының мәнін сипаттайтын басты санаттардың бірі ретінде зерттеулерде кәсіби даму адам өзгерісінің іргелі үдерісі, кәсіби қалыптасу қағидасы және кәсіби қоғамдастықтың құндылығы ретінде қарастырылады. Кәсіби даму - қалыптасу, өзін-өзі дамыту, өзін-өзі жетілдіру секілді адамда болатын үздіксіз өзгерістермен байланысты.

Кәсіби дамудың әртүрлі тұстарына қатысты негізгі тұжырымдамалық тәсілдерді талдау оның нысандарын төмендегідей бөліп көрсетуге мүмкіндік берді: кәсіби қалыптасу (Э.Ф.Зеер, Э.Э.Сыманюк), кәсібилендіру үдерісі (Н.С.Глуханюк, Н.В.Кузьмина) және тұлғалық-кәсіби даму (А.А.Деркач, В.Г.Зазыкин, А.К.Маркова) [137-138].

Біздің зерттеуімізде кәсібилендіру арнайы педагогтардың кәсіби дамуының негізгі формасы ретінде анықталды, бұл оның өмір бойы жүзеге асырылатын кәсіби қалыптасу процесін білдіреді. *Кәсібилендіру процесінде іс-әрекеттің шешуші мәні көрсетілген және оны жүзеге асырудың үш деңгейі: репродуктивті, эвристикалық және шығармашылық анықталған.* Іс-әрекетті сәтті орындау негізінде кәсібилендірудің төрт кезеңі айқындалды, олар: кәсіби бейімдеу, бастапқы және қайталама кәсібилендіру және кәсіби шеберлік сатысы.

ЖОО-да арнайы педагогтарды дуальді-бағдарлық даярлау кәсіби бейімделу және бастапқы кәсібилендіру сатыларын қамтитынын атап өткен жөн.

Кәсібилендіру процесінің теориялық негіздерін анықтай отырып, Н.С.Глуханюк бұл процесті адамның өзін-өзі тануының, оның субъективтілігін қалыптастырудың, өз бетінше және шығармашылық тұрғыдан құруға және өзінің кәсіби қызметін дамытуға мүмкіндік беретін әдіс ретінде қарастырды. Кәсіби маманның қалыптасу процесі іс-әрекеттің құндылық-мағыналық және операциялық-қолданбалы жақтарының өзара байланысын қалыптастыруды және дамытуды қамтитыны көрсетілген. Педагогикалық іс-әрекетті зерттеу бағыттарын анықтау кезінде педагогикалық іс-әрекетті динамикада зерттеу керек екендігі атап өтілді. Өйткені, іс-әрекеттің құрамы мен құрылымының динамикасы кәсіби дамудың қозғаушы күші және оның көзі болып табылады,

сонымен қатар қоршаған ортаның өзгеруімен тығыз байланысты болады [139, б.190]. Зерттеушілер кәсіби іс-әрекет субъектісінің қалыптасу процесін оны оқу және кәсіби іс-әрекет аясында «өсіру» процесі ретінде ұсынады.

Болашақ мұғалімнің өзінің болашақ кәсіби қызметі кеңістігіне толығымен ене отырып, педагогикалық процестің қатысушысы болатындығында көрінетін кәсіби-педагогикалық білім берудің ерекшелігі қарастырылады. Оқу және педагогикалық қызметті меңгерудің психологиялық механизмдері бірдей болуы мүмкін, себебі, оқу құралдары менгеріп жатқан қызметтің құрылымын қалпына келтіру процетеріне, оның логикасына, кезеңдеріне, динамикасына, мазмұнды-кәсіби аспектілеріне және т.б. сәйкес келуі тиіс.

Зерттеудің ғылыми негізі ретінде таңдалған іс-әрекет тәсілінің ережелері мыналарды анықтауға мүмкіндік берді:

- болашақ түлектерді дуальді-бағдарлық даярлау педагогикалық қызмет түрлерінің бірі ретінде оның құрылымдық компоненттері мен оларды қалыптастырудың бірлігі ретінде;

- болашақ педагогикалық қызметтің қолданбалы сипатының негізінде дуальді-бағдарлық даярлау процесінде арнайы педагогтың субъективті рөлі;

- арнайы педагогтардың педагогикалық қызметінің дуальді-бағдарлық компоненттерін және оларды қалыптастыру реттілігін анықтау қажеттілігі;

- арнайы педагогтарды дуальді-бағдарлық даярлау құрылымы: мақсаты, міндеттері, тікелей даярлау, оның құрылымы, мазмұны, құралдары, нәтижесі және оны бағалау, оны зерделеу қажеттілігі;

- арнайы педагогтардың кәсіби сәйкестігін қалыптастырудағы тұлғалық-танымдық және өзіндік рефлексивті аспектілердің рөлі;

- ЕББҚ бар балаларды оқыту мен дамытудың құндылықты негіздері;

- өмірлік өзін-өзі анықтауы, инклюзивті және әлеуметтік қорғалуы.

Дуальді-бағдарлық білім беруде төрт тәсілді бөліп көрсетуге болады:

1. Дайындық профилі бойынша нақты кәсіби құзыреттерді алу мақсатында студенттің оқу, өндірістік және диплом алдындағы практикаларын ұйымдастыру.

2. Студенттерде болашақ кәсіби қызметі үшін маңызды тұлғалық қасиеттерді, сондай-ақ, даярлау бейіні бойынша кәсіби міндеттерді сапалы түрде орындауды қамтамасыз ететін білімді, қабілеттер мен дағдыларды (тәжірибені) қалыптастыруға ықпал ететін оқытудың кәсіби-бағдарланған технологияларын енгізу.

3. Университетте оқыту профиліне сәйкес нақты ғылыми-практикалық және практикалық-өндірістік жұмыстарды шешу мақсатында студенттерді кәсіби жұмыспен қамтудың инновациялық нысандарын құру.

4. Университетте оқыту процесінде, студенттерде саналы түрде кәсіби құзыреттілікті игеру және мотивацияны қалыптастыру мақсатында оқу пәндерін оқу барысында білімдерді, іскерлікті және тәжірибені меңгеру үшін жағдай жасау.

Дуальді-бағдарлық оқытуды енгізу кезінде құзыреттер іс-әрекет барысында

болашақ мамандық аясында қалыптасады. Осы жағдайларда оқу процесі танып үйрену, өмір сүре білуді үйрену оқу/үйрету процесіне айналады. Біздің ойымызша, Абай атындағы ҚазҰПУ жанындағы Педагогика және психология институтында кәсіпорындар мен ұйымдардың тапсырысы бойынша кәсіпқойлардың қатысуымен оқыту бейіні бойынша студенттердің шынайы тапсырмаларды орындау барысында дуальді-бағдарлық оқытуды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін дуальді-бағдарлық алаңдар (инкубаторлар) құру өзекті болып табылады. Нәтижесінде нақты мәселені шешу бойынша келесідей өндірістік-шығармашылық тізбек қалыптасуы керек: Оқытушы → кәсіпқой → студент-орындаушы → нақты нәтиже.

Дуальді-бағдарлық даярлау практикасы жекелеген оқу пәндері бойынша да төмендегідей іске асырылуы мүмкін:

- білім беру циклдарының пәндерін оқыту кезінде;
- кәсіби циклдарының пәндерін оқыту кезінде.

Жоғарыда аталған оқу пәндерін оқыту кезінде оқытушы тиіс:

- даярлау бейіні бойынша технологиялық үдерістерді іске асыру кезінде оқып зерттелетін процестер мен заңдардың тәжірибелік маңыздылығына үнемі назар аударып отыру;
- студенттердің неғұрлым жақсы түсінуі және тәжірибе жүзінде қолдана алуы үшін шынайы технологиялық процестерді жобалау кезінде оқып зерттелетін заңдар мен процестерді жүзеге асырудың көлемі мен уақыт шығыны бойынша кішігірім виртуалды жобаларын орындауға тапсырмалар беруге;
- болашақта ғылыми-зерттеу жұмысына тартуға болатын дарынды студенттерге ғылыми және тәжірибелік маңыздылығы бар жеке зерттеу, жобалық және құрылымдық тапсырмалар беруге.

Дуальді-бағдарлық оқыту жүйесіндегі студенттер мен оқытушылардың функцияларында ерекшеленетін үш тәсіл бар:

1. Біріншісі, дуальді-бағдарлық оқытуды оқу, өндірістік және дипломалды практика барысында студенттердің кәсіби ортаға ену кезіндегі кәсіби тәжірибесін қалыптастырумен байланыстырады (Ю.Ветров, Н.Клушина) [140-141];

2. Екіншісі, дуальді-бағдарлық оқыту кезінде бейінді және бейінді емес пәндерді кәсіби бағдарланған оқыту мүмкіндіктерін қолдану негізінде болашақ кәсіби қызметтің үзінділерін модельдеудің әдістемелері мен кәсіби бағдарланған технологияларды қолдануды білдіреді (Т.Дмитриенко, П.Образцов) [142-143];

3. Үшіншісі, дуальді-бағдарлық білім беруді қалыптастыру үшін жаңа қызметтік-құзыреттілік тәсіл қажет (Ф.Г.Ялалов) [144].

Орта кәсіптік білім беруде құзіреттілік тәсілін жүзеге асыру болашақ маманның типін анықтауды, ол иеленуі керек құзыреттер тізімін айқындау мен тұжырымдауды қамтиды. Кәсіби білім беруде құзыреттілік тәсілді жүзеге асырудағы мақсаты ретінде құзыретті маман қалыптастыру.

Қазіргі кәсіптік білім беру педагогикасындағы құзіреттер білім беру

жүйелеріндегі нарықтық қатынастарға негізделген мақсат қоюдың жаңа түрі ретінде қарастырылуы керек. Б.Д.Эльконин «құзыреттілік – адамның іс-әрекетке енуінің өлшемі» - деп санайды [145].

А.В.Хуторскийдің анықтамасы бойынша, құзырет – тұлғаның өзара байланысқан іс-әрекет тәсілінің, тұлғалық қасиеттердің, білім, іскерліктің және дағдылардың жиынтығы, олар белгілі бір пәндер мен процестер шеңберіне қатысты, сапалы өнімді іс-әрекет үшін қажет [146].

Құзыреттілік – адамның қызметінің пәніне қатысты тұлғалық қарым-қатынасын қамтитын тиісті құзыреттерді меңгеру, игеру болып табылады. Бұл анықтамалар білім беру стандарттарына енгізілген құзыреттердің мәнін ашады.

Құзыреттілік тәсілді нарықтық қарым-қатынастардың шарттарына неғұрлым сәйкес келеді немесе ол кәсіби технологияларды меңгеруге, сондай-ақ, білім алушыларда қазіргі еңбек нарығында сұранысқа ие әмбебап қабілеттер мен дайындықтарды (негізгі құзыреттерді) дамытуға бағдарлануды қарастырады.

Құзыреттілік тәсілдің артықшылықтары:

– жұмыс берушілердің талаптарына сәйкес, оқыту бағдарламаларының міндеттері мен мақсаттарын қалыптастырады;

– оқу бағдарламаларының икемділігі артады;

– мамандықты алу мотивациясы артады;

– кәсіби құзыреттер деңгейі, кәсіби даярлау сапасы мен тиімділігі артады;

– оқыту сапасын бағалаудың стандартты, объективті және тәуелсіз шарттары қалыптастырылады;

– білім алушылардың, оқытушылардың және мұғалімдердің өзара әрекеті мен өзара жауапкершілігі деңгейі артады;

– білім алушыларды кәсіби қызметке даярлау шынайы жағдайларды ескере отырып жүзеге асырылады, соның есебінен мектептерде жас мамандардың бейімделуі жылдамдатылады;

– өндірістік мәдениет және таңдаған мамандыққа деген құрмет қалыптасады.

Дуальді-бағдарлық даярлауда құзыреттілік тәсілді іске асыру шарттары:

1. Түлектің негізгі функциялары мен құзыреттері көрсетілген, құзыреттілік моделінің болуы (маманның функционалды картасы);

2. Оқытудың нақты мақсаты мен мақсатқа қол жеткізу тәсілдерін анықтау;

3. Тәжірибеге бағдарланған құзыреттер нысанындағы оқытудың нәтижелерін сипаттау.

Соңғы жылдары түлектердің жұмысқа тұру тәжірибесі жұмыс берушілердің мамандарды іріктеп таңдау кезінде арнайы біліммен қоса жұмыс тәжірибесінің болуына назар аударады. Сондықтан қазіргі кезде жас мамандар еңбек нарығында бәсекелестік және қызмет жағдайларына бейімделуде қиындықтарға ұшырайды. Кәсіби тұрғыдан қалыптасу білім беру мекемесін оқып бітірген соң тағы да бірнеше жылды алады және жас мамандардың өздерінен қосымша күш-жігерді және олар жұмыс жасайтын компаниялардың мамандарының біліктілігін арттыруда біраз қаражат жұмсауды қажет етеді.

Түлектердің төменгі кәсіби біліктілігі мен олардың бәсекеге қабілетсіздігінің негізгі мәселесі болашақ кәсіби қызмет саласында міндеттерді шешу тәжірибесінің болмауы болып табылады.

Аталған проблемаларды еңсеру үшін бүгінгі күннің өзінде кәсіптік білім беру мазмұнын қалыптастырудың принциптерін, әдістері мен процедураларын қайта айқындау, сондай-ақ мамандарды даярлау жөніндегі стандарттарды белгілі бір саланың кәсіптік стандарттарымен келісу қажет.

Мамандарды оқытуды ұйымдастыру мен білім беру мазмұнын қалыптастыруда диалогизм мен практикаға бағытталу қағидаларына баса назар аудару қажет. Осы қағидаларды іске асыру негізіне төмендегі аталғандар назарға алынуы тиіс:

- курстан-курсқа өткен сайын күрделене түсетін шынайы кәсіби тапсырмалар;

- жеке, шағын топтармен және үлкен ұжымдармен жұмыс жасайтын мамандардың кәсіби қызметінің ерекшелігі;

- ғылым мен тәжірибенің әртүрлі салаларындағы білім мен әдістерді біріктіру.

Білім беру мекемесінде оқытуда дуальді-бағдарлық тәсілдемені оқытудың алғашқы күндерінен бастап педагогикалық ұжым қолдануы және студент тұлғасының кәсіби құзыреттерінің сатылы түрде қалыптасуына ықпал етуі тиіс.

1-кезең – мәндік: білім беру кеңістігіне бейімделу. Студенттерде мәдени сұраныстар мен қажеттіліктер, өзінің болашақ мамандығының мәні мен әлеуметтік маңыздылығын түсіну, оған тұрақты түрде қызығушылық таныту қалыптасады;

2-кезең – құндылықты: студенттердің мамандануының басталуы, олардың кәсіби қызығушылықтарының нығаюы мен тереңдеуі. Кәсіби және тұлғалық дамудың міндеттерін анықтаудағы дербестік. Зертханалық-практикалық жұмыстардың тапсырмалары жеке дара іздеу іс-әрекетіне бағытталуы керек, онда студент болжауды, жоспарлауды, оқу тапсырмаларын таңдалған тәсіл бойынша шешу позициясын және диалогта өз пікірлерін ашуды, өзінің іс-әрекетін өз бетінше ұйымдастыруды үйренеді;

3-кезең – тәжірибелік: кәсіби модульдерді меңгеру және оқу іс-тәжірибесінен өту кезінде кәсіби қызметпен танысу, өзінің кәсіби деңгейін дифференциалды бағалауға дайын болуы және ұстаным белсенділігі. Осы кезеңде пәндік саланы зерттеу мен мәселені анықтаудан оны іске асырғанға дейін зерттеу қызметінің толық циклы орындалады. Бұл кезеңнің нәтижесі – білім беру мекемесінің (арнайы мектептер, диагностикалық және түзету орталықтары) нақты міндеттерінің бірін шешу үшін әзірленген бағдарламалық өнімді қалыптастыру, презентациялау;

4-кезең – қорытынды: өзінің қызметін ұйымдастыруға, кәсіби міндеттерді орындау әдістері мен тәсілдерін таңдауға, олардың тиімділігі мен сапасын бағалауға дайын болуы.

Осының барлығы білім алушыларға өзінің жеке жолдарын жоспарлауға,

білім алу және өмірлік бағыттарын қалыптастыруға ықпал етеді.

Білім беру бағыттары әртүрлі санатты таңдаулардан тұрады:

- зерделенетін материалды жеке түсіндіру және түсіну құқығы;
- әр оқу курсы менгеру барысында өз мақсаттары мен міндеттерін таңдау;
- индивидуалды білім беру бағдарламалары мен оқу жоспарларын жасау;

оқытудың жеке қарқынын, білім беру (оқу) міндеттерін шешу формалары мен әдістерін, өз іс-әрекетін бақылау, рефлексия және өзін-өзі бағалау тәсілдерін таңдау құқығы;

- базалық оқу жоспарына сәйкес зеріттелінетін пәндердің, қолайлы іс-әрекет түрлерінің индивидуалды жиынтығы;

- оқу курстарының менгерілетін мазмұнын жүзеге асыру (тереңдету); пәндер бойынша қосымша тақырыпты және шығармашылық жұмыстарды индивидуалды таңдау;

- негізделген жеке ұстаным мен өз көзқарасының болуына дербестіктің болуы.

Дуальді-бағдарлық оқытудың мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізудің шарты білім беру процесі субъектілерінің олардың жеке тұлғалық және кәсіби ерекшеліктерінің дамуына бағдарланған өзара тұтас әрекеті болып табылады.

Қорытындылай келе, біз құзыреттілік тәсілге негізделген дуальді-бағдарлық оқытудың негізгі тезистерін төмендегідей бөліп көрсете аламыз:

- білім алушының тұлғасын жан-жақты дамыту - басты педагогикалық мақсат, білім беру процесіне қатысушылардың субъективті ұстанымының өзгеруі, онда өздігінен оқуға назар аударылады және тұлғалық компоненттер күшейтіледі;

- тұлға дамуының жеке бағдарына бағытталу; (студенттер) өздерін позициялауына байланысты өз мүмкіндіктеріне, қабілеттеріне және қалауларына бағдарлана отырып, жеке білім беру маршруттарын іске асырады; бұл ретте өзін-өзі анықтау, өзін-өзі көрсету және өзінің қабілеттерін іске асыру процестері маңызды рөл атқарады;

- білім алушылардың заманауи қоғам талаптарына сапалы дайындығы мен кәсіби бейімделуінің кепілі инновациялық тәсілдерді, жеке тұлғаға бағытталған технологияларды пайдалана отырып, өз кезегінде білім беру процесінің субъектісі болып табылатын педагогтың тұлғасы қалыптасады, бұл оқытудың диалогтығы мен екі бағыттылығын қамтамасыз етеді;

- білім беру процесі, оқытушылар мен студенттердің өзара әрекеттесу фокусында құрылып, нәтижесінде барлық оқу субъектілерінің өзара дамуы үшін жағдайлар туындайды.

Іс-әрекет тәсілінің негізгі ұстанымы – бұл педагогикалық құбылыстар мен процестер іс-әрекеттің барлық негізгі компоненттерін тұтас қарастыру логикасында зерттелуі керек адамның тұлғасы мен жеке даралығы іс-әрекетте қалыптасады және көрінеді деген тұжырыммен сипатталады.

Педагогикалық ЖОО-да арнайы педагогтарды даярлауды педагогикалық қызметтің бір түрі ретінде қарастыра отырып, оған анықтама беруге тырысайық.

Педагогикалық іс-әрекет дегеніміз - адамзат жинаған мәдениет пен тәжірибені аға ұрпақтардың кіші ұрпақтарға беруге, тәрбиеленушілерді қоғамдағы белгілі бір әлеуметтік рөлдерді орындауға дайындауға, олардың тұлғасының дамуы мен өзін-өзі дамытуға жағдай жасауға, шығармашылық мүмкіндіктерін таңдауға бағытталған әлеуметтік іс-әрекет түрі болып табылады [147].

Педагогикадағы іс-әрекеттік тәсілдің мақсаты - білім алушыны таным, еңбек және қарым-қатынас субъект позициясына ендіру болып табылады. Бұл білім беруді дамытудың гуманистік процестеріне сәйкес келеді [148]. Іс-әрекет тәсілі педагогикалық жүйелерді модельдеу процестерін жүзеге асырудағы ең көп таралған тәсіл болды (біздің зерттеуімізде — арнайы педагогтарды дуальді-бағдарлық оқыту жүйесі), маманның тұлғасын жүйелі модельдеу (біздің жағдайда — арнайы педагогтың жеке сипаттамасы), өйткені бұл тәсіл тұлғаның қалыптасуын жеке іс-әрекеттің нәтижесі ретінде қарастыруға негізделген (Б.Г.Ананьев, М.С.Каган, А.Н.Леонтьев, С.Л.Рубинштейн және т. б.).

Іс-әрекет тәсілінің тұрғысынан кәсіби іс-әрекет түрлері және оның практикалық бағытталған компоненттері анықталып, оларды «Арнайы педагогика» білім беру бағдарламасы бойынша түлектер игеруі керек, бакалавр мен магистратураның қолданбалы құзіреттілік деңгейіне қойылатын талаптар анықталды.

Жоғарыдағы теориялық талдаулар көрсеткендей, зерттеушілер іс-әрекеттің негізгі компоненттері ретінде қажеттілік, мотив, мақсат, процесс, әрекет әдістері, қол жеткізілген нәтижелерді реттеу, бақылау және талдау әдістері, іс-әрекеттің тұжырымдамалық сызбаларының макроқұрылымын құрайтын, сонымен қатар іс-әрекеттің макроқұрылымын құрайтын операциялар мен іс-әрекеттерді қарастырды (В.В.Давыдов, А.Н.Леонтьев, С.Л.Рубинштейн).

Осы тұжырымдардың негізінде педагогтарды дуальді-бағдарлық даярлау мәселесін зерттеуде іс-әрекеттік тәсілді қолданудың негізгі идеясы тұжырымдалды. Яғни, студентке дуальді-бағдарлық іс-әрекет субъектісінің позициясын қамтамасыз ету, бұл, өз кезегінде арнайы педагогтың кәсіби іс-әрекеттің нақты нәтижесіне қол жеткізу үшін интеграцияланған кәсіби қасиеттерінің біртұтастығын қадыптастыруды білдіреді.

«Арнайы білім беру» бағыты бойынша іс-әрекет тәсілі тұрғысынан түлектерді даярлауды зерттеу дуальді-бағдарлық даярлау тұжырымдамасын әзірлеу кезінде оның мақсатын, міндеттерін, құрылымын және мазмұнын макро-және микродеңгейлерде ашып көрсетуге мүмкіндік берді.

Бізді қызықтыратын мәселені зерттеуде Л.С.Выготскийдің, А.Р.Лурияның адамның жоғары психикалық іс-әрекетінің құрылымы мен ұйымдастырылуы жайлы идеяларына, мүмкіндігі шектеулі балалардың сөйлеу, оқу, еңбек ету, бейнелеу және басқа да әрекеттерін қалыптастыруда іс-әрекет тәсілін жүзеге асыру жайлы ережеге негізделген түлектердің кәсіби даярлаудағы мазмұнының тақырыбына айналды (В.В.Воронкова, Г.М.Дульнев, Е.А.Медведева, В.Г.Петрова және т.б.) [149].

Осылайша, арнайы педагогтарды дуальді-бағдарлық даярлауды зерттеуде іс-әрекеттік тәсіл дуальді-бағдарлық даярлау процесінде болашақ педагогтардың субъект позициясын анықтау үшін қолданылды. Бұл болашақ кәсіби қызметті интериоризациялау мен экстериоризациялау процестерінде тәжірибеге бағдарланған кәсіби компоненттерді меңгеріп, алға қойған мақсатына қол жеткізу үшін қажетті кәсіби маңызды тұлғалық қасиеттерді қалыптастыру мен субъектінің кәсіби тұрғыдан дамуына ықпал етеді.

Біздің зерттеуімізде құзыреттілік тәсіл білім беру нәтижелерін модельдеу (практикаға бағытталған құзыреттілік) және оларды білім беру сапасының нормалары ретінде қарастырылады.

Құзыреттіліктерді іске асыруға жеке дайындық деңгейі ретінде жоғарыда берілген құзыреттілік анықтамасын негізге ала отырып, педагогикалық құзыреттілік ретінде теориялық, тәжірибелік және тұлғалық компоненттердің аясында педагогикалық іс-әрекетке деген тұлғалық дайындықты түсінеміз. Құзыреттілік педагогикалық қызметке тұлғалық дайындық ретінде педагогтың кәсіпқойлылық сипатын білдіреді [150]. Көптеген зерттеушілер «кәсіби құзыреттілік» түсінігін кәсіпқойлылық құрылымында қарастырады.

Теориялық зерттеулерге жүргізілген талдау, педагогтың кәсіби құзыреттілігі құрылымында төмендегілерді ашып көрсетті:

- іс-әрекет - білім, икемділіктер және дағдылар арқылы жүзеге асады, яғни соның ішінде білім беру мен проблемалық міндеттерді өнімді шешу икемділігі [151];

- компоненттер арқылы: педагогта теориялық білімнің болуын қарастыратын кәсіби-мазмұндық жүйе;

- кәсіби-іс-әрекеттік, педагогтың тұлға және іс-әрекет субъектісі ретінде бағыттылығы мен позициясын анықтайтын, тұлғалық қасиеттерден тұратын тұлғалық-кәсіби және кәсіби білімдер мен икемділіктерді қамтиды (Т.А.Сергеева, Н.М.Уварова, С.Е.Назарова [152-154]).

Осылайша, кәсіби құзыреттілік құрылымын авторлар екі позицияда: педагогикалық қызмет құрылымы позициясынан және педагог тұлғасының құрылымы позициясынан анықтады.

Біздің зерттеуімізде педагогтың кәсіби құзыреттіліктері ретінде негізгі, базалық және арнайы құзыреттіліктер қарастырылады.

Негізгі құзыреттілік азаматтық қоғамда адам мінез-құлқының әлеуметтік нормаларын, коммуникацияны қолдану негізінде құзыреттіліктерді тиімді іске асыруды қамтамасыз етеді.

Педагогтың арнайы құзыреттілігі ерекше білім беру қажеттіліктері (ЕББҚ) бар балаларды оқытуда педагогикалық іс-әрекет пәнінің ерекшелігін көрсетті.

«Құзыреттілік» түсінігіне жүргізілген талдау мынадай қорытынды тұжырымдар жасауға мүмкіндік берді:

- педагогтың кәсіби құзыреттілігінің құрылымы мен мазмұнында практикаға бағытталған, әлеуметтік-мәдени және кәсіби білімдерге негізделген, жалпы мәдени, іс-әрекет және тұлғалық компоненттер, құзыреттіліктің негізгі,

базалық, арнайы түрлерін бөлуге болады;

- кәсіби құзыреттілікті қалыптастырудың теориялық және практикалық міндеттері, әлеуметтік-мәдени ортада талап етілетін кәсіби білім мен икемділіктерді, кәсіби әлеуметтік және практикалық тәжірибені, сонымен қатар тұлғалық кәсіби қасиеттерді қалыптастыру болып табылады;

- құзыреттіліктің даму деңгейі кәсіби іс-әрекетке тұлғалық дайындықтың көрсеткіші болып табылатын, субъектіні кәсібилендіру процесін көрсететін, арнайы педагогтың табысты әлеуметтік еңбекте өзін-өзі жүзеге асыруда, кәсіби мәдениетінің қалыптасуына негіз болады;

Арнайы білім беру мәселелері бойынша жүргізілген теориялық зерттеулерге талдау білім беруді жаңғырту, сонымен қатар, ЕББҚ бар балаларды оқытуда да, арнайы педагогтың жоғары білім алуында да жоғарыда аталған тәсілді енгізуге ықпал етті [155].

Арнайы педагогикалық білім беру теориясына және олардың кәсіби құзыреттілігі мәселесін зерттеуге Н.М.Назарова [156], Е.В.Колтакова, М.Н.Перова, И.М.Яковлева [157] елеулі үлес қосты. Зерттеушілер арнайы педагогтың негізгі кәсіби құзыреттіліктерін бөліп көрсетіп, оларға сипаттама беріп, кәсіби құзыреттілігінің модельдерін ұсынды.

Біз қарастырып отырған арнайы педагогтарды дуальді-бағдарлық даярлау нәтижесі ретіндегі практикаға бағдарланған құзыреттілік, кәсібиліктің бір компоненті болып табылады.

1.3 Дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында арнайы педагогтарды даярлаудың теориялық негіздері

Диссертацияның 1.1 параграфында ЖОО-да арнайы педагогтарды дуальді-бағдарлық даярлау тұжырымдамасын айқындаған болатынбыз. Ал, 1.2 параграфында аталған тұжырымдаманың әдіснамалық тұғырлары мен қағидаларын анықтадық. Анықталған тұғырлар мен қағидалар дуальді-бағдарлық оқыту процесінде жүзеге асырылады. Сол себепті осы процестің мәні мен ерекшеліктерін ашу қажеттігі туындайды.

Дуальді білім беру, өнеркәсіптің жоғары технологиялық салаларының талаптарына сәйкес келетін мамандарды даярлау есебінен бәсекеге қабілеттілік пен инвестицияны арттыру құралдарының бірі болып табылады.

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасында дуальді оқыту технологиялары қарқынды енгізілуде. Біздің ойымызша, дуальді оқыту технологиясының негізгі артықшылықтары - бұл білім беру мекемелерінің қажеттіліктеріне мүмкіндігінше жақын болуы.

Жаппай кеңестік білім беруде өздеріне қажет адамдар типін қалыптастыру үшін индустриализммен қалыптасқан механизм болды. Білім берудің бұл іргетасы қазіргі кезде дуальді білім беруді қалыптастыруда өзекті болып табылады [158-160]. Еуропалық білім беру жүйесінің тәжірибесі көрсетіп отырғандай, дуальді оқыту, білім беру ұйымы мен жұмыс берушілердің болашақ маманның кәсіби және әлеуметтік тұрғыдан сәтті бейімделуі үшін өзара

байланысты іс-әрекеттерінің нәтижесі болып табылады. А.Смит дуальді оқытудағы тәлімгерлік жүйесін жұмыс орнында кәсіптік оқытудың дәстүрлі әдістері деп санау қажет екенін атап өтті [161]. Жалпы білім беретін мектеп үшін дуальді білім беру – бұл өздеріне қажет мамандарды оларға қоятын талаптарына барынша сәйкес келуін қамтамасыз ете отырып, олардың қайта біліктілігін арттыру мен бейімдеуіне кететін шығындарды үнемдеп, даярлау мүмкіндігі. Л.В.Сидакованың [162] пікірінше, ең үздік тұлғаларды іріктеп таңдап алу, практикалық оқыту кезінде олардың мықты және әлсіз жақтары айқын көрінеді.

Дуальді оқытуға бағдарланған модельдің құндылығы болашақ маманды кәсіби ортаға тарту болып табылады. «Дуальді білім беру» терминінің өзі іс-тәжірибеге бағдарланған біліммен сәйкес келеді.

Зерттеушілердің пікірінше, кәсіби білім берудің дуальді жүйесі өндірісте ішінара жұмыс жасай отырып, практикалық оқыту мен дәстүрлі білім беру мекемесінде оқытуды үйлестіретін білім беру процесі болып табылады.

Германияның дуальді білім беру саласындағы тәжірибесі, Еуропалық Одақтың көптеген елдері үшін үлгі бола алады. Алайда көптеген зерттеушілердің айтуы бойынша, бірыңғай білім берудің нормативтік құжатын өңірлік ерекшеліктер, этникалық, саяси және басқа да ерекшеліктер секілді көптеген факторларды ескермей әзірлеу мүмкін емес. Әрине, дуальді білім беру мәселелерін зерттеген көптеген зерттеушілер Германияның тәжірибесін тікелей көшіріп алу мүмкін емес, бірақ жинақталған тәжірибе мен оның жекелеген элементтерін бейімдеу мүмкін деген пікірді қолдайды [163].

Әлемдік тәжірибеде дуальды оқытудың ұйымдастырылу жағдайын зерделей келе, барлық елдерге үлгі болған Германияның дуальды оқыту жүйесінің елімізде іске асырылу барысын салыстырмалы түрде төмендегі талап бойынша кесте 4 – көруге болады.

Кесте 4 - Германия мен Қазақстанда дуальді жүйенің ерекшеліктерін салыстыру

Бағыты	Германия	Қазақстан
1	2	3
Әлеуметтік-экономикалық фактор	Кәсіпорындар саны – 500 000 (80 %) Жоғары белсенді бизнес. Оқытуды қаржыландырып бизнеске қатысу	Дуальды оқытуды қамтыған кәсіпорындар саны - 1718 (9,6 % бастап, дуальді оқытуды қамтыған жалпы саны). Маман даярлауда бизнестің белсенділігі мүдделі емес

4 – кестенің жалғасы

Институциялық фактор	«Кәсіптік білім туралы» және «Сауда-өнеркәсіп палатасы туралы» арнайы заң	Заңнамалық база бизнестегі міндеттемелерді қамтымайды. Еңбек Кодексі (116 б. және 119 б.). Еңбек Салық кодексі (133 б.) ҚР «Білім беру туралы» Заңы (5 б., 6, 45-1, 32-1). «ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасы туралы» заң (13 б.)
Білім беру мазмұны	Білім беру бағдарламасын, кәсіптік стандартты құрастырып бизнеске қатысу-100%	Білім беру бағдарламасын, кәсіптік стандартты құрастыра отырып, жұмыс берушімен қатынас
Білім беру үдерісі	Кәсіпорындағы оқыту – 70 %	Оқу жоспары кәсіпорындарда өндірістік оқытуды есепке ала отырып, оқыту орталықтарымен бірлесіп қайта қаралады
	Кәсіпорынның шығындары	МТБ жабдықтарын бюджетке және жұмыс берушілерге байланысты ішінара бөлу
	Дуальді оқыту бойынша студенттерді оқыту	Дуальді оқыту бойынша студенттерді оқыту
Білім беруді бағалау	Сауда-өнеркәсіп палатасы мен жұмыс берушілер ассоциациясы міндетті біліктілік емтиханын қабылдайды	Салалық қауымдастықтардың негізінде жұмыс беруші сертификаттау орталығын құрады. Кәсіпорындардың базасында оқу орталықтары болады

Болашақ мамандарды дуальді даярлаудың маңызды әлеуметтік шарты болып, білім беру мекемелерінің материалдық-техникалық базасын жаңғырту, әсіресе инклюзивті білім беруді цифрландыру болып табылады.

Дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында мамандарды даярлауды жобалауды біз алдын ала мақсатты жоспарлаумен негізделген, кезең-кезеңімен және рефлексивті негізде жүзеге асырылатын, сонымен қатар әлеуметтік серіктестермен мамандарды даярлауды ұйымдастыру технологиясын әзірлеуді жүзеге асыратын, педагогикалық мақсаттар мен ЖОО-ның интеграцияланған мүмкіндіктерін даярлаудың әрбір кезеңінде сантүрлі көзқарастарды іске асыра отырып айқындаймыз.

Дейтұрғанымен, дуальді-бағдарлық оқыту жүйесі өз мансабыңызды басқарудың тамаша мүмкіндіктерін ұсынады. Оның шеңберіндегі оқу деңгейі үнемі жаңарып келеді. Арнайы мектептер үшін дуальді-бағдарлық оқыту жүйесі – бұл кадрлардың барлық талаптарына барынша сәйкестігін қамтамасыз ете отырып, өздері үшін нақты кадрларды даярлау мүмкіндігі болып табылады.

Сонымен қатар, ең жақсы студенттерді таңдау мүмкіндігі бар. Өз кезегінде, бұл тәсіл студенттерді «өзін тек көрсету» үшін емес, оқуға ынталандырады.

Дуальді-бағдарлық оқыту идеясы өзінің нақты практикалық контурларын өте қарқынды алуда. Білім берудің еңбек нарығының субъектілерімен өзара әрекеттесуі - бұл қоғамның сұранысқа ие заманауи моделінің құрамдас бөліктерінің бірі болып табылады. Осы себепті, дәл қазір дуальді-бағдарлық оқыту бағдарламасына жан-жақты қолдау қажет және оны дуальді білім беруді дамытуға мүдделі жұмыс берушілермен және әлеуметтік әсеріктестермен тығыз ынтымақтастықта іске асыру бойынша жұмыстарды одан әрі жалғастыру қажет. Әлеуметтік серіктестікке қатысушылар оқыту нәтижесіне ғана емес, сонымен қатар оқытудың мазмұнына, оның ұйымдастырылуына мүдделі. Білім алушылардың әлеуметтік кепілдікке ие болуға және бәсекеге қабілетті мамандық алуға, мемлекеттің кәсіби мамандарды даярлауға тапсырыстың қалыптасуына және орындалуына, өндірістің өмірге және жұмысқа жақсы дайындалған білімді мамандардың келуіне, оқу орнының білім беру қызметіне сұраныстың артуына деген мақсаттары орындалады.

Дуальді оқыту жүйесінің тиімділігін ашып көрсететін болсақ:

Біріншіден, бітіруші түлектердің жұмысқа орналасу көрсеткіші жоғары болады, себебі оқу барысында өндіріспен тығыз байланыста болған студент жұмыс берушінің барлық талаптарын игеріп, меңгерген жұмысшы маман болады.

Екіншіден, білімді, болашақ кәсіби маман психологиялық жағынан жаңа ортаға бейімделуге дайын болып шығады. Біздің жағдайымызда оқыту мекемелерінде өздігінен шешім қабылдай алады. Теория мен тәжірибені меңгеріп, маман ретінде жұмысқа деген жауапкершілік сезімі жоғарылайды. Оқыту мекемелерінде адамдармен жұмыс жасау кезінде коммуникативтік дағдылары тез бейімделіп ұжыммен тез араласып кетеді.

Үшіншіден, «тәжірибеден теорияға» принципімен жұмыс жүреді, студент теориялық білімі мен тәжірибені тиімді ұштастырып, өндірістегі жағдаяттарға сәйкес жұмыс жүргізеді. Теориядағы кездесетін қиындықтарды оның ішінде терминдер мен есептерді тәжірибе жүзінде шешеді.

Төртіншіден, жұмыс берушінің студентке берген бағасы сол студентті дайындаған маманның біліктілігімен байқалады.

Бесінші, студент пен оқытушы бірлесіп тек қана теорияны ғана меңгермей, педагогикалық процестегі соңғы жаңалықтарды біліп, заманауи талаптарды меңгереді.

Дуальдік оқыту жүйесі элементтерін енгізудің міндеттері:

– дүние жүзілік білім кеңестігіне теңестірілетін кәсіби білім берудің тиімді жүйесін жасақтау;

– жұмыс беруші талабына сай оқу жоспарларын және оқу бағдарламаларын жасау;

– еңбек нарығындағы сұранысқа ие, бәсекеге қабілетті мамандар дайындау;

– оқу орнының оқу-материалдық базасын заман талабына сай жаңа технологиялық лабораториялық жабдықтармен қамту;

– оқытушылардың біліктілігін арттыру үшін оқыту процесіне енгізіліп жатырған жаңа технологиялармен және жабдықтармен таныстырып отыру мақсатында оқыту лабораторияларында тағылымдамадан өткізу;

– әлеуметтік серіктестермен байланыста студенттерді тәжірибеден өткізу және бітіруші түлектерді жұмысқа орналастыру мүмкіндігіне ие болу.

Әлеуметтік серіктестіктің міндеттері:

– оқу орнына қандай және қанша маман дайындау туралы ақпарат беру;

– оқу орнына маман дайындауға өз талаптарын қою;

– оқу орнымен бірлестікте оқу-материалдық құжаттарды дайындауға қатысу;

– студенттерды оқу және өндірістік тәжірибеден өткізуге жағдай жасау;

– оқу орнын бітірушілерді жұмысқа орналастыру мүмкіндігін кеңейту;

Студенттің міндеттері:

– теориялық білім мен тәжірибе арасындағы алшақтықты жойып, кәсіби құзіретке негізделген білім алу;

– оқыту лабораторияларында оқу және өндірістік тәжірибеден өту мүмкіндігіне ие болу;

Дуальдік оқыту жүйесі – қажет мамандық бойынша қос білім беру ұйымында жастарға білім беру:

-жоғарғы оқу орындарда;

-оқыту орталықтарында.

Қос мекеме де бір-біріне тәуелсіз серіктес болып табылады. Бұл жұмыс беруші тарапынан қолдаушылар да, оқу орны тарапынан тегін жұмыс күшін берушілер де емес, керісінше қос жаққа табысты іскер ынтымақтастық [164-168].

Жоғарғы оқу орнында әлеуметтік ынтымақтастық құрылымы әзірленеді, және осы бағыттағы жұмыстар бірнеше жыл бойы жалғасуда. Жұмыс берушілермен қарым-қатынас тоқтатылмайды, ол жыл өткен сайын нығайып, даму үстінде.

Әлеуметтік ынтымақтастық мына бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

-Кәсіпорынның қажетті мамандықтар бойынша кадр дайындауға әлеуметтік тапсырысы.

Оқытушылар мен кәсіби оқыту шеберлері қандай да бір мамандықтарға деген сұранысты зерттеу мақсатында жұмыс берушілерге арналған сауалнамалар әзірленеді, мұнда мамандықтар мен олардың сол кездегі және алдағы жылдардағы сұранысқа ие болу деңгейі көрсетілген. Бұл қандай да бір кәсіп мамандарына деген сұранысты болжауға мүмкіндік береді. Келесі жылдарға қабылдау жоспары сауалнамалық деректерді ескере отырып құрастырылады.

-Жұмыс берушілердің студенттерге оқыту орталықтарында оқытуға арналған жұмыс орындарын беруі. Әр практикантқа тапсырма беріледі, тәлімгер бекітіледі, қауіпсіз еңбек жағдайына, жаңа технологиялармен таныстырылады.

-Оқу жұмыс жоспарлары мен білім беру бағдарламаларын бірлесе әзірлеу.

Жаңа оқу жылына арналған оқу жұмыс жоспарлары мен бағдарламаларды әзірлеуде осыған тікелей қатысатын және оған өз түзетулерін енгізетін жұмыс берушілердің өкілдері шақырылады.

Дуальдік жүйені енгізу кезеңдері:


- студенттерге арналған бос жұмыс орындары нарығын зерттеу;
- әлеуетті жұмыс берушілермен серіктестік байланыс орнату;
- екіжақты шарт жасасу (жұмыс беруші – оқу орны);
- әлеуметтік серіктестермен бірге оқу бағдарламаларын әзірлеу;
- студенттерді базаға бөлу;
- үшжақты шарт жасасу (жұмыс беруші – студент – оқу орны);
- тәлімгерді бекіту.

Арнайы педагогтарды дайындайтын кез келген оқу орнының міндеті - еңбек нарығында сұранысқа ие біліктілігі жоғары мамандар дайындау. Аталған жүйе, жұмыс беруші мен уақыттың талаптарына толық сай келеді. Оны төмендегі сурет 4 көруге болады.



Сурет 4 – Арнайы педагогты даярлау механизмі

Жоғарыда аталған мәселелерді саралай келе, «Арнайы педагогика» бойынша білім беру бағдарламаларын даярлауда біз келесі жұмыс берушілерге, яғни әлеуметтік серіктестерге: Алмалы ауданының ПМПК меңгерушісі Т.М.Шалғымбаевқа, №7 дамуында интеллектуалдық қабілеті төмен балаларға арналған арнайы (түзету) мектеп-интернатының директоры К.А.Токсамбаеваға, №5 есту қабілеті бұзылған балаларға арналған арнайы (түзету) мектеп-интернаты директоры Р.Н.Серкебаеваға, сонымен қатар, №2 тірек-қимыл аппараты бұзылған балаларға арналған арнайы (түзету) мектеп-интернатының директоры Б.А.Ермековаға сауалнама жүргіздік. Жұмыс берушілермен жүргізілген сауалнама нәтижелерін келесі суретте көрсеттік:



Сурет 6 - Жұмыс берушілермен жүргізілген сауалнама нәтижесі

- a – ББ түзетуге жұмыс берушілерді тарту – 21,4%;
- b – жұмыс берушілердің оқу құралдарына, студенттік ғылыми жұмыстарға пікір беруі – 25%;
- c – кафедраның ПОҚ-ң жұмыс берушілердің біліктілігін арттыру бағдарламаларына қатысуы – 46,4%;
- e – жұмыс берушілердің студенттердің бітіру жұмыстарына жетекшілік етуі – 48,2%;
- f – МАК жұмысына жұмыс берушілердің қатысуы – 60,7%;
- g – жаңа пәндерді, курстарды әзірлеуге қатысу – 67,9 %;

Жұмыс берушілерге жүргізілген сауалнама нәтижелеріне сүйене келе, білім беру бағдарламаларын құрастыруда олардың пікірлерін ескере отырып түзету бойынша ұсыныстар жасалды.

«Арнайы педагогика» бағыты бойынша студенттерді даярлауда жұмыс берушілер төмендегідей мәселелерді көрсетті:

- арнайы педагогика мен психологияның базалық категориялары мен ұғымдарын меңгеру бойынша даярлықтың жеткіліксіздігі, бұл өз кезегінде арнайы және инклюзивті білім берудің мазмұнын, әдістері мен ұйымдастырушылық нысандарын дамытудағы заманауи үрдістерді талдайды;

- бітірушілердің өздерінің ғылыми зерттеулерін бейімдеу мен енгізу бойынша практикалық дағдыларының жеткіліксіздігі;

- білім беру процесінде заманауи интерактивті технологияларды қолданудың жеткіліксіздігі;

- жүйелік тәсіл тұжырымдамаларын пайдалана отырып, арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың өзекті мәселелері бойынша дербес ғылыми зерттеуді қолдану дағдыларының жеткіліксіздігі.

Жұмыс берушілердің өкілдері білім беру бағдарламаларын түзету бойынша келесі ұсыныстарды ұсынды:

- білім беру процесінің практикалық жағын кеңейту;

- оқытуда дуальді-бағдарлық технологияларды қолдану;
- жұмыс берушілермен байланысты нығайту;
- білім беру бағдарламаларын «Түзету педагогикасының негіздері», «Сөйлеуді зерттеу әдістері» және «Есту қабілеті бұзылған балаларды дамытудың инновациялық технологиялары» пәндерімен толықтыру.

Бүгінгі таңда, болашақ арнайы педагогтарды даярлау сапасын арттыруды қамтамасыз ететін, сондай-ақ, олардың қазіргі оқу жағдайларына бейімдейтін арнайы модель жоқ.

Бұл тұрғыда дуальді-бағдарлық тәсіл бізге кәсіби қызметтің пәндік мазмұнын модельдеуге мүмкіндік беріп, осылайша студенттің оқу қызметін маманның кәсіби қызметіне айналдыру шарттарын қамтамасыз етеді.

Арнайы педагогтарды даярлаудың академиялық және практикалық кезеңінде нақты кәсіби жағдайларды жаңғырту студенттер үшін теориялық, практикалық және әдістемелік ақпараттың арақатынасын қайта бөлу кезінде дуальді-бағдарлық тәсілді енгізудің негізгі сипаттамасы болып табылады.

Дуалды бағдарланған тәсіл бірқатар қағидаттарды іске асыру негізінде қолданбалы, практикалық пәндермен ұштастыра отырып, дәстүрлі білім беруді зерделеуді жоққа шығармайтынын атап өткіміз келеді:

1. Оқыту, білім беру-рефлексивті және әлеуметтік-практикалық (оқу-дамыту зертханалары) үш өлшемді біртұтас білім беру ортасын құру;
2. Академиялық ұтқырлық пен академиялық еркіндікті жүзеге асыру;
3. Икемділік пен динамикалықты қамтамасыз ететін білім беру және кәсіптік бағдарламаларды тұтастай және жеке блоктармен жаңарту.

Дуальді-бағдарлық оқытудың мазмұны төмендегілерді қамтиды:

- теориялық бөлім (дәрістер, семинарлар, өзіндік жұмыс, курстық жобалау, және т.б.);

- қолданбалы немесе практикалық бөлім (студенттік түзету-дамыту зертханасында ЕББҚ бар балалармен жұмыс істеудің нақты жағдайын модельдеу), даярлықтың ойын формалары, оқу және дипломалды практикалар, сонымен қатар «Арнайы педагогика» кафедрасының оқытушыларымен бірге жобалар орындау.

Әлеуметтік серіктестермен жасалған сауалнама нәтижелерін қорытындалай келе, болашақ арнайы педагогтарды кәсіби даярлау процесіне дуальді-бағдарлық оқытуды іске асырудың келесі механизмін ұсындық:

БОЛАШАҚ АРНАЙЫ ПЕДАГОГТАРДЫ КӘСІБИ ДАЯРЛАУ ПРОЦЕСІНЕ ДУАЛЬДІ-БАҒДАРЛЫҚ ОҚЫТУДЫ ІСКЕ АСЫРУ МЕХАНИЗМДЕРІ

педагогикалық практика барысында мектеп мұғалімдері арасынан шыққан тәлімгерлерді студенттерге бекіту, оларды ынталандыру жолдарын қарастыру (аттестаттау, рейтинг, және т. б.);

осы механизм негізінде болашақ педагогтарды кәсіби даярлау процесіне дуальді-бағдарлық оқыту модельдерінің әртүрлі түрлерінің элементтерін енгізу (мысалы, мектептерде, арнайы орталықтар мен университеттерде);

болашақ арнайы педагогтарды кәсіби даярлау процесіне дуальді оқыту элементтерін енгізу механизмдерін, модельдердің тиімділігін анықтайтын бағалау құралдары мен критерийлерін теориялық негіздеу;

болашақ арнайы педагогтардың кәсіби тәжірибесіне дуальді оқыту элементтерін енгізуге психологиялық дайындықты қалыптастыруды теориялық негіздеу және диагностикалық құралдарды анықтау;

болашақ арнайы педагогтардың кәсіби тәжірибесіне дуальді оқыту элементтерін енгізуге дидактикалық дайындықты қалыптастырудың диагностикалық құралдарын анықтау және оны теориялық негіздеу;

Сурет 7 - Болашақ арнайы педагогтарды кәсіби даярлау процесіне дуальді-бағдарлық оқытуды іске асыру механизмі

Дуальді-бағдарлық тәсілді іске асыру кезінде оқу пәндерінің мазмұнын қалыптастыру кәсіби оқытудың түпкілікті өнімі – кәсіби құзыреттіліктің негізін құрайтын іс-әрекеттің нақты түрлері ақпарат мазмұнын таңдауға негізгі әсер етеді. Бұл оқыту әдістерін таңдауды анықтайды және оқу процесінің құрылымын жасайды [169].

Болашақ арнайы педагогтардың алған білімдерін практикада қолдануы барлық пән сабақтарында нақтылы тапсырмалар, өздігінен орындайтын байқау, зерттеу жүргізетін жұмыстары арқылы жүзеге асырылады. Білімгер ереже, заңдарды практикада қолдана алса ғана, білімді меңгеріп ала алғандығы. Сонымен, теория мен практиканың байланысы қағидасы білімгерлердің жеке қабілеттері мен икемділіктерін дамытуға, олардың талап-тілектеріне сәйкес іскерліктері мен дағдыларының қалыптасуына және белсенді әмірлік позициялары мен кәсіби бағдарларын анықтауға зор ықпал жасайды.

Ал, дуальді-бағдарлық оқытуды енгізу кезінде оқу пәндерінің мазмұнын қалыптастыру, оның мақсаттары мен міндеттерін оқытудың нақты түпкілікті өніміне айналдыратын және оқыту әдістерін таңдауды кәсіби оқытудың түпкілікті өніміне қол жеткізу кезеңдеріне сәйкес құрылған дидактикалық заңдылықтарға бағындыратын практикалық ақпарат жасауды талап етеді. Бұны төмендегі келтірілген кестеден көруге болады.

Кесте 5 - Дуальді-бағдарлық оқытуды енгізу кезінде оқу пәндерінің мазмұнын қалыптастыру

Оқу пәндері	Мақсаты мен міндеттері	Дуальді-бағдарлық оқыту өнімі
1	2	3
«Логопедиялық ритмика»	Студенттерді психологиялық-педагогикалық жағдайлар жүйесінде логопедиялық ритмика бойынша сабақтарды ұйымдастыруға және өткізуге кәсіби-практикалық дайындау, бұл психикалық процестерді және сөйлеу қабілеті бұзылған балалардың сөйлеу дамуын деңгейлік ұйымдастыруды қамтамасыз етеді.	<ul style="list-style-type: none"> - Сөйлеу қабілеті бұзылған оқушылардың даму заңдылықтары мен ерекшеліктерін білу; - Жеке тұлғаны зерттеудің заманауи тәсілдерін талдай білу; - ЕББҚ бар балаларға жеке-бағдарланған және жеке-сараланған тәсілдер негізінде түзету-білім беру бағдарламаларын ұтымды таңдау және іске асыру қабілетін қалыптастыру технологиясын қолдану; - Сөйлеу қабілеті бұзылған мектеп жасына дейінгі балалардың жеке басының қалыптасуы мен қалыптасуына байланысты әлеуметтік маңызды мәселелер мен процестерді талдау мүмкіндігі бойынша пайымдауды қалыптастыру;
«Заттық – тәжірибелік оқыту»	Студенттерде пәндік-практикалық оқытудың арнайы сабақтарында құлағы	<ul style="list-style-type: none"> - Оқу және пәндік – практикалық қызметті ұйымдастырудың нақты және жалпы білім беру нысандарында есту қабілеттерін, зейінін қалыптастыру технологиясын білу; - Жеке тұлғаны зерттеудің заманауи тәсілдерін талдай білу; -Есту қабілеті бұзылған баланың жеке әлеуетін дамытуда, практикалық оқытудың арнайы сабақтарында заманауи технологияларды қолдану.

5 – кестенің жалғасы

1	2	3
<p>«Инклюзивті білім беру саласындағы ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастыру»</p>	<p>Магистранттар арасындағы ғылыми-зерттеу қызметінің дағдыларын жетілдіру; оқу процесінің субъектілерін ғылыми біліммен, олардың ғылыми зерттеулер жүргізуге дайындығымен және қабілеттерімен таныстыру; ғылымның логикасы мен әдістемесін білу; Ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастырудың заманауи тәсілдері; ғылыми қызметтің құрылымы: тактика мен стратегия мәселелері; ғылыми жұмыстарды безендіру ережелері мен стандарттары; негізгі зерттеу әдістері; әр түрлі кезеңдегі ғылыми-зерттеу қызметін ұйымдастыру заңдылықтары;</p>	<p>-Жеке зерттеу іс-әрекетін жоспарлау мүмкіндігі; мақсат пен міндеттерді, объект пен пәнді, зерттеу гипотезасын тұжырымдау; -Зерттеудің қажетті әдістерін таңдау, белгілі бір зерттеулердің міндеттері негізінде барларын өзгерту; -Алынған нәтижелерді өңдеу, оларды қолда бар деректерді ескере отырып талдау және түсіндіру, жазбаша ғылыми жұмыстардың проспектісін жасау.</p>
<p>«Есту қабілеті зақымдалған балаларды психологиялық-педагогикалық қолдану бағдарламаларын құрастыру»</p>	<p>Психологиялық-педагогикалық диагностиканың теориялық негізіне қатысты көріністің магистрантқа қалыптасуы табылады. Магистрантты сәйкес тәжірибелік тапсырымында шешуде алынған білімді қолдануды үйретеді. педагогикалық диагностиканың түсінігін, психодиагностикалық ғылыми Теориялық негізін зерттеу. дефектологияда психологиялық-педагогикалық диагностикасын қолдану қазіргі жағдайының ерекшелігін білу. Психодиагностиканың түрлі аспектілерін ашу және оның дамуының перспективтілігі.</p>	<p>Магистрант психологиялық-педагогикалық және дифференциалды диагностиканың негізгі теориялық жағдайларын білуі тиіс; -қазіргі кезеңдегі дамуында ауытқуы бар балалардың диагностикасының әдісін білу; -дамуында түрлі ауытқулары бар балалармен жұмыстың ерекше ерекшеліктерін білуі керек; -магистрант тәжірибеде түрлі психодиагностикалық құрамды пайдалануды меңгеруі керек.</p>

5 – кестенің жалғасы

1	2	3
<p>«Инклюзивті білім берудегі тиімді білім беру технологиялары»</p>	<p>Кәсіби қызметтің түзету-дамытушылық, консультациялық, мәдени-ағартушылық, ұйымдастырушылық-тәрбиелік, әлеуметтік-педагогикалық түрлеріне бағдарланған магистранттардың құзыреттерін қалыптастыру</p>	<p>- Әртүрлі клиникалық топтағы балалардың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін білу және түсіну; мектеп мекемелерінде балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің теориялық негіздерін; психологиялық-Медициналық-педагогикалық консилиумдар (ПМПк) жұмысының заңнамалық құжаттарын білу мен түсінуді қолдану;</p> <p>- Арнайы педагогика мен психологияның теориялық негіздерін, қалыпты және ерекше білім беру қажеттіліктері бар баланың дамуының негізгі заңдылықтарын білу;</p> <p>- Магистранттарда арнайы құзыреттерді қалыптастыру (білім беру сапасын бағалаудың әртүрлі тәсілдері мен құралдарын пайдалануға дайын болу; ғылыми негізделген психологиялық-педагогикалық технологиялардың заманауи құралдарын пайдалана отырып, білім беру ұйымдарында оқыту; инклюзивті оқытудың тиімді білім беру технологияларын қолдану қабілеті)</p>

5 – кестенің жалғасы

1	2	3
Дефектологтарды дуальды оқытуға дайындау	Болаша дефектолог мамандарды дайындауда дуальды оқыту теориялық және тәжірибелік сабақтар, кәсіпорындарда және кәсіпорындардағы оқу орталықтарында ұсынылады. Нақты өндіріс жағдайында жұмыс істеуге мамандарды даярлау сапасын арттыруға бағытталған.	-Алған білімдерін жеке практикалық оқу қызметінде қолдану; -Ерекше білімге қажеттіліктері бар балаларға тәрбие арқылы әсер етуді ұйымдастырудың мақсатын, міндеттерін, әдістерін және түрлерін анықтау; -Алғашқы қайнар көздерді және басқа да қол жетімді болатын теориялық және әдістемелік қайнар көздерді қолдана отырып, өзінің білімін дамыту, кеңейту және тереңдету.

Дуальді-бағдарлық оқытуды іске асырудың негізгі құралы практикаға бағдарланған міндеттер болып табылады, ал оларды қолданудың маңызды шарты осы міндеттердің дұрыс шарттарын жасау болып табылады. Студенттерге кәсіби сипаттағы мәселелерді қиындықсыз дербес тұжырымдауға, оларды шешудің мақсатын қоюға, мақсатқа жету жолдарын бөліп көрсетуге және қол жеткізілген нәтижелерді әр нақты тапсырманың шарттарының ерекшелігіне қарай талдауға мүмкіндік береді.

Дуальді-бағдарлық оқытуды енгізудің тағы бір маңызды шарты оқытушының білімге деген қызығушылығын көрсетуге және іске асыруда, оны өзін-өзі дамытуға, кәсіби және әлеуметтік бейімделуге саналы қажеттілікке айналдыруға мүмкіндігі бар ортаны құруы болып табылады. Дуальді-бағдарлық оқытуды енгізу оқытушыдан инновациялық технологиялардың мәні бойынша құзыреттіліктің болуын, оны кәсіби даярлауды; СОӨЖ, СӨЖ әдістемелік қамтамасыз етудің мазмұны мен құрылымын және оны ұйымдастыру ерекшелігін; білім берудің нақты жағдайлары негізінде тест тапсырмаларын, жеке тапсырмаларды әзірлеу және қолдану әдіснамасын талап етеді. Кәсіби даярлықтың академиялық және прагматикалық компоненттері арасындағы ақылға қонымды тепе-теңдікті табу үшін дуалды-бағдарланған тәсілді қолдану кезінде оқытушының ұмтылысы студенттерді нақты белгіленген ережелер бойынша студенттердің жеке немесе ұжымдық іс-әрекетінің нәтижесі болып табылатын инновациялық жобаларды құруға тарту арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Олар әлеуметтік және кәсіби мүдделерді қанағаттандыруда ынталандыруға бағытталған және нақты құжат, бағдарлама, ұсыныстар түрінде болады.

Жоғарыдағы аталғандарға сәйкес, «Арнайы педагогика» білім беру бағдарламасына салыстырмалы талдау жасадық. Біздің ойымызша, дуальді-бағдарлық оқытуды тиімді жүзеге асыруға ықпал ететін дуальді-бағдарлық білім беру ортасын құру қажет. Келесі кестеде біз ББ бойынша оқу нәтижелерінің мысалын көрсеттік:

Кесте 6 – Арнайы педагогика: Логопедия (бакалавриат), Арнайы педагогика: Сурдопедагогика (магистратура) және Арнайы педагогика бойынша даярлау (докторантура) ББ бойынша оқыту нәтижелерінің ерекшеліктеріне салыстырмалы талдау

Деңгей бойынша ББ атауы	Құзыреттіліктердің мазмұны	Оқыту нәтижелері (ОН)
1	2	3
Арнайы педагогика: Логопедия (бакалавриат)	Арнайы құзыреттілік-кәсіби қызметті жоғары деңгейде меңгеру, өзінің әрі қарайғы кәсіби дамуын жобалау мүмкіндігі. Әлеуметтік-психологиялық құзыреттілік – адамдардың мінез-құлығын, олардың іс-әрекетіндегі мотивацияны қабылдау, түсіну саласындағы білім мен біліктер, жаңашырлықтың және коммуникативтік мәдениеттің жоғары деңгейі	Ата-аналармен және қоғаммен педагогикалық өзара әрекетті ұйымдастыру, отбасын білім беру процесіне тарту және ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды тәрбиелеу мен тәрбиелеуде педагогикалық көмек көрсету әдістері мен тәсілдерін қолдану. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды оқытуды, дамытуды және тәрбиелеуді жекелендіру үшін тиімді психологиялық - педагогикалық, оның ішінде инклюзивті технологияларды жобалау және енгізу
Арнайы педагогика:Сурдо педагогика (магистратура)	Әлеуметтік құзыреттілік-бірлескен (топтық, кооперативтік) кәсіптік қызметті, ынтымақтастықты, сондай-ақ осы кәсіпте қабылданған кәсіптік қарым-қатынас тәсілдерін меңгеру; кәсіптік еңбек нәтижелері үшін әлеуметтік жауапкершілік.	Жүйелілік тәсіл тұжырымдамаларын, заманауи ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың өзекті мәселелері бойынша дербес ғылыми зерттеулерді жүзеге асыру; педагогикалық процесті жоспарлау, жобалау және іске асыру. ЕББҚ ететін балалар тобына қатысты қарқынды дамып

6 – кестенің жалғасы

1	2	3
	Кіріктірушілік құзыреттілік – білім мен біліктерді және тез өзгеретін сыртқы орта жағдайында оларды пайдалануды кіріктіру қабілеті мүмкіндігі	келе жатқан білім беру процесін технологияландыру талаптарын ескере отырып, білім беру жүйесіндегі кәсіби міндеттерді шешу.
Арнайы педагогика бойынша даярлау (докторантура)	Басқару іс-әрекетінде шешімдер қабылдаудың, ақпарат жинаудың, адамдармен жұмыс істеу әдістеріндегі және т.б. нақты саласындағы құзыреттілік. Жеке құзыреттілік-мамандық шеңберінде өзін-өзі жүзеге асыру және даралықты дамыту әдістерін меңгеру, кәсіби өсуге дайын болу, жеке өзін-өзі сақтау қабілеті, кәсіби бейімділік, уақыт пен күштің шамадан тыс жүктемесінсіз өз жұмысын ұтымды ұйымдастыра білу.	ЕББҚ бар балаларды диагностикалық, психологиялық-педагогикалық, медициналық-әлеуметтік сүйемелдеуді (қолдауды), білім беру, денсаулық сақтау және әлеуметтік қорғау, модельдеу және жобалау жалпы және арнайы білім беру саласындағы білім беру процестері мен жүйелерін, педагогикалық технологиялар мен инновациялық процестерді дамыту салаларының қызметін үйлестіруді жүзеге асыруды қамтамасыз етеді. ЕББҚ бар балаларды диагностикалау мен бағалаудың әдістемелері мен технологияларын білім беру қызметін ұйымдастыруда қолдану.

Педагогикалық мамандарды дуальді-бағдарлық даярлау жаңа типті педагогты қалыптастыруға ықпал етеді. Бұл біздің пікірімізше, ЖОО-да оқыту процесінің негізгі сипаттамаларын қайта қарауды қажет етеді. Болашақ педагогтарды кәсіби даярлауда, басты назар құзыреттілікке және практикаға аударылуы керек [170].

Қазақстанда қалыптасқан жағдайды ескере отырып, дуальді оқытуды білім

берудің ерекше түрі ретінде емес, білім алушылардың, жұмыс берушілердің және мемлекеттің арасындағы әлеуметтік-экономикалық қарым-қатынастардың ерекше нысанына негізделген білім беру процесін ұйымдастыру нысаны ретінде қарастырған жөн.

Студенттердің болашақ педагог ретінде кәсіби қалыптасуында, оларды даярлау процесінде дуальді-бағдарлық тәсілге жүгінбеу мүмкін емес [171].

Техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында (МЖМБС) оқытудың практикалық бағытын күшейту, оны қоғамдық өмірдің, экономика мен ғылымның қазіргі заманғы өзекті мәселелерін шешуге жақындату қажеттігі көзделген. Алайда, дуальді-бағдарлық оқытудың қажеттілігі мен маңыздылығының айқындығына қарамастан, оны әдіснамалық және әдістемелік қамтамасыз етуде қиындықтар туындап отыр. Студент-педагогтың кәсіби қалыптасуының маңызды сипаттамалары мен дуальді-бағдарлық даярлау процесінде оған қол жеткізу жолдары жеткілікті деңгейде ашып көрсетілмеген.

Оқытудың дуальді-бағдарлық тәсілін қазіргі педагогтар әртүрлі жағынан қарастырады. Оның атауының алуан түрлілігіне қарамастан (практикаға бағдарланған, іс-әрекетке бағдарланған) осы тәсілдің мәні студенттердің әр түрлі практикадан өту кезінде білім беру ұйымының жұмысына енуімен байланысты, студенттің кәсіби іс-әрекет тәжірибесінен өтуімен сипатталады.

Осылайша, жоғарыда атап өткеніміздей Ю.Ветров, Н.Клушина студентті әдеттегі оқу пәндерімен қатар кәсіби еңбек міндеттерін орындауға қамту, дуальды білім берудің тұжырымдамаларына өте жақын деп санайды [172-173].

Т.Дмитриенко мен П.Образцов [174-175] осы тәсіл аясында студенттерді даярлау процесінде барлық пәндер арқылы берілетін контексті кәсіби мазмұнға негізделген оқытудың практикаға бағдарланған технологияларын қолдануды ұсынады. Ф.Г.Ялалов қызметтік-құзыретілік парадигмада студенттерде білім, қабілет және дағдылардан басқа, кәсіби іс-әрекет тәжірибесін қалыптастыруды ұсынады. Осы жұмыс ортасына енген студент түрлі кәсіби міндеттерді шешуге белсенділік танытады және сол арқылы кәсіби қызметте тәжірибе жинақтайды.

Соңғы онжылдықтарда педагогикалық кадрларды даярлау проблемаларына, оның ішінде білім беру және түзету мекемелері үшін мамандарды даярлау мәселелеріне ғылыми қоғамның тарапынан қызығушылықтың артуы байқалып отыр. Белгілі бір орта мен арнайы ұйымдастырылған педагогикалық жағдайларда кәсіби-педагогикалық құзыретіліктер мен құзыреттерді арттыру жолдарын іздеуге бағдарланған ғылыми еңбектер жылдан-жылға артып келе жатқандығын да айта кету керек. Кәсіби-педагогикалық құзыреттіліктердің жекелеген компоненттерін қалыптастыру құралдары да өзекті мәселер ретінде зерттелуде.

Соңғы жылдары көптеген авторлар арнайы педагогтардың, атап айтқанда олигофренопедагогтардың (И.М.Яковлева 2010; Р.Г.Аслаева 2011; Л.А.Гладун 2011, Т.А.Гузикова 2011), логопедтердің (Е.Н.Жукатинская 2008; В.Я.Сайтханова 2009; Е.В.Колтакова 2009; Л.Л.Стахова 2010),

сурдопедагогтардың (Е.В.Рязанова), арнайы педагогтардың (Л.А.Ястребова; Т.Л.Корженевич; И.А.Филатова). кәсіби өсуі мен кәсіби құзыреттілігі мәселелерін қарастырып келеді.

Алайда осы мәселені шешуде жасалынып жатқан көптеген ғылыми ізденістердің алуан түрлілігіне қарамастан, әлі де шешімін таппаған бірқатар мәселелерге назар аударған жөн.

Қазіргі кезде дуальді-бағдарлық оқытуды ұйымдастыру мен іске асыру мәселесі көкейкесті болып отыр.

Арнайы педагогтың кәсіби қызметі жалпы білім беру ұйымындағы оқытушының дәстүрлі қызметінен ауқымдырақ. Элеуметтік-педагогикалық, оңалту, диагностикалық-кеңес беру, психотерапевтік, түзету сынды іс-шаралар түрлерімен өзара тығыз байланыста жанаса отырып, арнайы педагогтың жұмысы бір мақсаттың шешімін табуға – яғни, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаға оның элеуметтік бейімделуіне көмектесуге бағдарланған.

Х.С.Замский, А.И.Метт, О.В.Правдина, Ф.А.Рау, Н.А.Чевелева және т.б. ғалымдардың еңбектерінде арнайы педагогты даярлау мәселелері тереңінен қарастырылған. Қазіргі ғалымдар Л.С.Волкова, М.Н.Перова, В.А.Лапшин, С.Н.Шаховская және т.б. арнайы педагогты даярлаудың жекелеген тұстарын жетілдіру мәселелерін белсенді талқылап келеді. Сонымен қатар, С.Ф.Левяштың еңбегі кәсіби өзара әрекеттесу мәдениетінің проблемасына арналған.

Түзету мекемелерінің педагогтарын кәсіби педагогикалық даярлаудағы өзгерістер бойынша туындаған мәселелер, Т.П.Головина, Н.М.Назарова мен Э.М.Стернинаның еңбектерінде көрініс тапқан.

Білім берудің жаңа парадигмасы арнайы педагогтың кәсіби құзыреттілікті ғана емес, педагогикалық қызметке ерекше қарым-қатынасты талап етеді. Сонымен қатар, Е.Г.Речицкая мүмкіндігі шектеулі әр баланың қабілеттерін оңтайлы дамытуға педагог бағыттайтын тұлғалық-іс-әрекет тәсілдеріне елеулі көңіл бөледі [176].

Дуальді-бағдарлық оқытудың мәні нақты кәсіби іс-әрекетті қамтитын, шынайы психологиялық-элеуметтік жағдайларды, студенттердің оқу іс-әрекетінің формалары мен әдістерінде жаңғырту жолымен болашақ мамандық контекстінде оқу процесін ұйымдастыру болып табылады.

Д.Варнеке көрсеткендей, дуальді-бағдарлық тәсіл – бұл кәсіби даярлауды ұйымдастырудың теориялық және практикалық компоненттерде қолдануға арналған белсенді нысаны. Ол оқу процесін кәсіби қызметтің элементтерімен толықтыру арқылы іске асырылады [177]. Е.М.Пост болашақ мамандарда практикалық жұмыс дағдыларын қалыптастыруға педагогикалық процестің мазмұны мен әдістерінің бағдары ретінде дуальді-бағдарлық тәсілді айқындайды [178]. С.Питч дуальді-бағдарлық тәсілді мамандарды кәсіби даярлауда жобаланған әдістемелік және ситуативті тапсырмалардың, проблемалық оқу жағдайларының жүйесі ретінде қарастырды [179]. Айта кететін жағдай, жоғарыда қарастырылған авторлар практикаға бағдарланған тәсілдің мәнін тек болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлауға қатысты қарастырды.

Арнайы педагог дамуында ауытқушылықтары бар балаларды оқыту, тәрбиелеу, түзету процестерінде, сондай-ақ, олардың қоғамда бейімделуінде, әлеуметтенуінде және тұлғалық дамуында маңызды рөл атқарады. Барлық түзету білім беру процесінің сапасы, сондай-ақ, мүмкіндігі шектеулі баланың өмір сүру сапасы студенттің кәсіби іс-әрекетінің әртүрлі түрлерін модельдеуге, кешенді пәнаралық білімдері мен қабілеттерін жеке кәсіби қызметінде қолдануға қаншалықты дайын болуына байланысты.

Осы негіздерге сәйкес, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс жасауда болашақ арнайы педагогтарды даярлаудың теориялық, аналитикалық және практикалық деңгейлері бөліп көрсетілді.

Педагогикалық іс-әрекетті ұйымдастыруға даярлаудың теориялық деңгейі, осы қызметтің мәні және болашақ мамандықтағы алатын оның рөлі, қызметтің негізгі түрлеріндегі құзыреттілігі туралы теориялық білімдермен сипатталады. Сонымен қатар, түзету-дамыту жұмысының әртүрлі компоненттерін ұйымдастыруда тәжірибелік қабілеттер мен дағдылардың қалыптаспауы орын алып отыр.

Арнайы педагогтардың кәсіби және тұлғалық дайындығының аналитикалық деңгейі, балалардың психологиялық-педагогикалық диагностикасының нәтижелерін бағалаудағы аналитикалық қабілеттердің жоғары деңгейімен, түзету және дамыту сабақтарының кешенді бағдарламалары мен жоспарларын жасаумен, жеке педагогикалық іс-әрекеттің әртүрлі аспектілерін жан-жақты талдаумен сипатталады.

Арнайы педагогтарды кәсіби-тұлғалық даярлаудың тәжірибелік деңгейі, кәсіби қабілеттер мен дағдылардың дамуында, оларды тәжірибе жүзінде қолдануында, кәсіби қызметтің жоғары нәтижелілігінде, шығармашылық белсенділікте, өзінің іс-әрекеттері мен басқа да мамандардың әрекеттерін адекватты бағалау қабілетіне негізделген, педагогтар мен ата-аналардың іс-әрекеттерін болжауға, сонымен қатар кешенді түзету қызметі процесін ұйымдастыру қабілетінде көрінеді.

Болашақ арнайы педагогтарды кәсіби даярлаудың тәжірибелік компоненті қажеттілік, оның жекелеген актілері түріндегі орынды қызметі; мақсатқа қол жеткізу құралдары секілді элементтерді ескерумен сипатталады. Нәтижесінде осы элементтер түзету-педагогикалық қызметтің құрылымын қалыптастырады.

Алайда, тәжірибе көрсетіп отырғандай, арнайы педагогтарды даярлау жүйесі қажетті тәжірибелік дағдыларды қалыптастыра қоймайды. Осыған байланысты, ЖОО-да оқыту пәнаралық білімді, қызметті жобалау мен талдауды, кәсіби тұрғыда тиімді қызмет жасауға, өз бетімен жаңа білім алуға, үнемі кәсіби тұрғыдан дамып отыруға қабілетті үйлестіретін мамандарды даярлауды қарастырады. Бұл болашақ арнайы педагогты оның кәсіби құзыреттілігін арттыру мақсатында оқытуға жаңа тәсілдерді әзірлеуді негіздейді.

Оқытудың дуальді-бағдарлық тәсілінің мәні логикалық компоненттердің біртұтастығы негізінде, оқу процесіндегі мәселелерді шешуде тәжірибелік тұрғыдан қолдануды қалыптастыруда көрінеді [180].

Заңнамалық және бағдарламалық құжаттарда қамтылған стратегиялық міндеттерді іске асыру, педагогикалық мамандарды дуальді-бағдарлық даярлау арқылы жүзеге асырудың орындылығы көрінеді.

Педагог мамандарды дуальді-бағдарлық даярлау – бұл үш әдіснамалық негіздердің – аксиологиялық (адамгершілік және технологиялық паритеттілік), онтологиялық (құзыреттілік тәсілдеме), технологиялық (кәсіби қызметке даярлық үдерісін ұйымдастыру) мамандарды даярлау бойынша білім беру және өндірістік салалардың келісілген өзара әрекеттесуін қамтиды. Педагог мамандарды дуальді-бағдарлық даярлау педагогикалық ЖОО-н мен білім беру басқармасының өзара іс-әрекетімен сипатталады.

Педагог мамандарды дуальді-бағдарлық даярлауды іске асыру мынадай принциптерді ұстануды көздейді:

- білім беру мақсаттарының қазіргі қоғамның қажеттіліктеріне сай келуі;
- гуманистік және технологиялық тәсілдер негізінде педагогикалық білім беру процесінде білім беру және кәсіптік-педагогикалық салалардың өзара әрекеттесуін жүзеге асыру;
- педагогикалық білім берудің интегративтілігін оның жүйелік тұтастығының көрінуі ретінде қамтамасыз ету [181-182].

Дуальді-бағдарлық тәсілді болашақ арнайы педагогтарды даярлауда кәсібилендіру, студенттерді олардың болашақ кәсіби қызметіне барынша жақындатуымен сипатталады. Оның мәні, студенттерді нақты кәсіби қызметте орын алатын шынайы психологиялық-әлеуметтік жағдайларды оқу қызметінің әдістері мен нысандарында жаңғырту арқылы болашақ мамандық аясында оқу процесін ұйымдастыруда көрінеді.

Жоғарыда шолу жасағанымыздай, ғалым Ұ.М.Әбдіғапбарова көрсеткендей, дуальді-бағдарлық тәсіл – бұл кәсіби даярлауды ұйымдастырудың белсенді нысаны, теориялық және практикалық компоненттерде қолдануға арналған кәсіби даярлықты ұйымдастырудың белсенді формасы, оқу процесін кәсіби қызмет элементтерімен қанықтыру арқылы іске асырылатынын атап өтті. Ал, ғалым Н.Б.Жиенбаева дуальді-бағдарлық тәсілді педагогикалық процестің мазмұны мен әдістерін болашақ мамандарда тәжірибелік жұмыс дағдыларын қалыптастыруға бағыттау ретінде анықтайды [183]. Сонымен қатар, автор өзінің зерттеулерінде дуальді-бағдарлық тәсілді мамандарды кәсіби даярлауда жобаланған мәселелік жағдайлардың, әдістемелік және жағдайлық тапсырмалардың жүйесі ретінде қарастырады.

Аталған ғалымдардың пікірінше, дуальді-бағдарлық тәсілдің мәнін болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлауға қатысты жалпы қарастырғандығын айта кеткен жөн.

Арнайы педагогты даярлауға келетін болсақ, (2018-2020 жж. «Мәңгілік ел» ғылыми негіздері бағыты бойынша (XXI ғасыр білімі, гуманитарлық ғылым саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер) «Дуальді-бағдарлық оқыту болашақ мұғалімді кәсіби даярлауды жетілдірудің шарты ретінде» тақырыбы бойынша) жоба аясында мамандарды даярлау кезінде тәжірибелік бағытты

күшейтуге негізделген дуальді-бағдарлық оқу жүйесінің негізгі төмендегі мазмұнды тұжырымдамалары анықталды:

- «Арнайы педагогика» білім беру бағдарламалары бойынша модульді білім беру бағдарламаларын кәсіби стандарттарға сәйкес жаңарту;

- Алматы қаласындағы мамандандырылған мектептерде білім беру бағдарламаларын, жылдық, күнтізбелік және сабақты жоспарлауды ұйымдастыру және мазмұнына қойылатын талаптарды өзгерту.

Дуальділік кәсіби білім берудің әдіснамалық сипаттамасы ретінде оқытудың әртүрлі нысандарын ұйымдастыру аясында белгілі бір бейіндегі мамандарды даярлау бойынша білім беру және өндірістік салалардың бірыңғай әдіснамалық негізде өзара әрекеттесуді білдіреді. Сондай-ақ дуальді оқытудың тұжырымдамалық моделі төмендегідей айқындалады:

- педагогикалық білім беру процесінде іс-әрекет жүйесін дуальді технологиялық ұйымдастырылған білім беру процесі ретінде қарастырылатын практикалық-технологиялық деңгей;

- білім берудің субъективті нәтижесін болашақ педагог маман меңгеруі тиіс кәсіби және тұлғалық қасиеттер мен сипаттамалардың жиынтығы ретінде сипаттайтын кәсіби-тұлғалық деңгей (тұлғалық және кәсіби құзыреттілік) [184-185].

Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті жоғары педагогикалық білім беру, орта педагогикалық білім беруден кейінгі, жалпы орта білім беру стандарттарына дуальді-бағдарлық оқытудың элементтерін енгізу бойынша өзгертулер мен толықтырулар енгізу; оқу мекемелерінің, оқу-өндірістік ортаның және басшылық жасайтын құзыретті органдардың өзара әрекетін реттейтін Ережелер әзірлеу және бекіту, болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлауда дуальді оқыту элементтерін енгізу бойынша демеушілік қызмет және бақылау (ҚР ҒЖЖБМ, өңірлік білім басқармалары, «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы) бойынша негізгі әдістемелік ұсыныстарға ерекше назар аударуды қажет етеді.

Осылайша, біз ЖОО-да студенттерді кәсіби даярлауда дуальді-бағдарлық тәсіл – бұл педагогикалық процестің мазмұны мен әдістерін болашақ мамандарда кәсіби дағдыларды қалыптастыруға барлық негіздер бар деген тұжырым айта аламыз.

«Кәсіби оқытуда дуальді-бағдарлық тәсіл» дидактикалық категорияларды талдау нәтижелері, осы мәселені шешуде басты назар оқытушылардың кәсіби дайындығына аударылатындығын, ал оқытушының рөлі кәсіби классикалық білім берудегі оқытушы рөлінен айтарлықтай ерекшеленетінін айтуға мүмкіндік береді [186].

Ал енді төменде келтірілген кестеде, дәстүрлі және дуальді-бағдарлық тәсілдерге салыстырмалы түрде сипаттама берейік:

Кесте 7 - Дәстүрлі және дуальді-бағдарлық тәсілдер стратегияларының салыстырмалы сипаттамалары

Оқыту жүйесінің параметрлері	Дәстүрлі тәсіл	Дуальді-бағдарлық тәсіл
1	2	3
Басқару бірлігі	Оқу үдерісі екі автономды қызметтердің өзара байланысы ретінде қарастырылады: педагогтың оқыту қызметі және студенттің оқу-танымдық қызметі; студенттер басқару объектілері ретінде.	Басқару бірлігі студенттердің жоғары белсенділік деңгейін қолдау мақсатында меңгерудің әртүрлі сатыларында өзгеріп отыратын барлық қатысушылары арасындағы өзара әрекеттесудің алуантүрлі нысандарымен өзара байланыстағы оқу жағдайы болып табылады; студенттер оқу қызметінің, қатынастың субъектілері ретінде болады.
Мақсаттары	Пәндік-модульді білімдерді меңгеру	Білімді меңгеру үдерісінде әрбір білім алушының тұлғасын және ойлауының алуантүрлі нысандарын дамыту
Педагогтың рөлдік позициялары	Пәнге бағдарланған позиция, ақпараттық-бақылау функциясы басым келеді (білім алушы «когнитивті» индивид секілді).	Дуальді-бағдарлық позиция, ұйымдастырушылық және ынталандыру функциялары басым болады (білім алушы дуальды-бағдарланған оқыту үдерісінің барлық қатысушыларымен өзара әрекеттесетін тұтас тұлға ретінде).
Педагогтың мотивациялық-мәндік ұстанымдары	Жеке есеп берушілік, талаптардың сөзсіз болуы, білім алушылардың жеке тәжірибесін елемеу.	Ынтымақтастыққа, бірлескен қызметке, жеке көмекке бағытталу, әрбір білім алушының мақсатты, міндеттерді қоюға, шешімдерді қабылдауға қатысуы.
Оқу-танымдық іс-әрекетті ұйымдастыру сипаты	Репродуктивті тапсырмалар, үлгі бойынша іс-әрекеттер, шешу жолы алдын ала белгілі жаттығулар көп болады. Жекелеген элементтерді орындауда жаттығу оның жүйелік ұйымдастырылуын жасыра отырып,	Бірінші орында білім алушылардың репродуктивті тапсырмаларын таңдау мәндері мен мотивтерін анықтайтын шығармашылық және өнімді тапсырмалар қойылады. Педагогикалық қызметке «ену» жекелеген элементтер мен іс-әрекеттерке бағдарлану мен өңдеудің алдында болады. Танымдық қызметтің мәндері мен мақсаттарын қалыптастыру нәтижелерге қол жеткізу әдістеріне жаттығуды алдында жүреді; меңгерілетін іс-әрекеттер жүйесін түсінуді жеңілдеті отырып, синтез талдаудың алдында жүргізіледі.

7 – кестенің жалғасы

1	2	3
Оқу-танымдық іс-әрекетті ұйымдастыру сипаты	қызметтің мәнін түсінудің алдында орын алады. Тапсырмалар жүйесі дербестікті ынталандырмай, берілген мақсаттар шегінде құрылады.	Тапсырмалар креативтілік, алынатын нәтиженің мәдени толыққандылығы мен әлеуметтік маңыздылығы тұрғысынан беріліп, танымдық қызмет жүйесін өз бетімен ұйымдастыруға, жаңа мақсаттар қоюға, мәндік ұстанымдарын өзгертуге ынталандырады.
Оқытудың өзара әрекеттері мен қарым-қатынастар нысандары	Педагог мақсаттары мен оларға қол жеткізу жоспарларын өзі береді. СӨЖ.	Мақсаттары мен міндеттері педагогпен, студенттермен және субъектілермен, мысалы, мектеппен немесе колледжбен бірлесе отырып әзірленеді. Оларға қол жеткізу үдерісі бірлеске қызмет түрінде ұйымдастырылады.
<i>* Ескерту-автор әдебиеттерді талдау нәтижелері бойынша жасаған</i>		

Дәстүрлі және дуальді-бағдарлық тәсілдерге жүргізілген салыстырмалы талдаудың нәтижесінде алынған сипаттамалар оқу процесінің құрылымына дуальді-бағдарлық парадигманы енгізуге алғышарттар жасап, осы процеске өзгерістер енгізеді [187]. Дуальді-бағдарлық даярлауға өту педагогикалық мамандарға нақты талаптар қояды.

Педагогикалық әдебиеттерде зерттеушілер дуальді-бағдарлық тәсілді оқу процесін кәсіби даярлаудың нәтижесі ретінде құзыреттерді қалыптастыру мен дамытуға бағдарлау мақатында практикалық іс-әрекетпен үйлесімдегі оқытудың әдісі ретінде қарастырады. Осы тұрғыда дуальді-бағдарлық тәсіл кәсіби іс-әрекеттің пәндік мазмұнын модельдеуге мүмкіндік беріп, осылайша студенттің оқу әрекетін маманның кәсіби іс-әрекетіне айналдыру үшін жағдай жасайды. Мамандарды даярлаудың академиялық және практикалық кезеңінде нақты кәсіби жағдайларды жаңғырту студенттер үшін теориялық, тәжірибелік және әдістемелік ақпаратты қайта бөлу кезінде дуальды-бағдарланған тәсілді енгізудің негізі болып табылады [188].

Дуальді-бағдарлық тәсілдің бірқатар қағидаларын іске асыру негізінде қолданбалы, тәжірибелік пәндермен үйлесімде дәстүрлі іргелі ғылымдарды оқытуды жоққа шығармайтындығын айта кеткен жөн:

1. Оқыту, рефлексивті білім беру және әлеуметтік-практикалық тұтас білім беру ортасын құру;
2. Білім берудегі кәсіби бағдарламаларды жалпы және жеке блоктармен жаңарту икемділігі мен қарқындылығын қамтамасыз ету;
3. Кәсіби даярлаудың әртүрлі нысандары мен әдістерін қолдану.

Дуальді-бағдарлық тәсілді іске асыру кезінде ақпараттың мазмұнын таңдауға кәсіби оқытудың соңғы нәтижесі – кәсіби құзыреттердің негізін құрайтын нақтыланған іс-әрекеттер түрлері ерекше ықпал етеді. Бұл оқыту әдістерін таңдауды анықтап, оқу процесінің құрылымын жасайды.

Дуальді-бағдарлық тәсілді енгізу кезінде оқу пәндерінің мазмұнын қалыптастыру, тәжірибелік мәліметтерді жасауды қажет етеді. Осылайша, бұл әрбір оқу пәнінің мақсаты мен міндетін оқытудың нақтыланған соңғы нәтижесіне айналдырып, оқыту әдістерін таңдауды кәсіби оқытудың соңғы өніміне қол жеткізу кезеңдеріне сәйкес дуальді-бағдарлық тәсілдің дидактикалық заңдылықтарына бағындырады.

Дуальді-бағдарлық тәсілді іске асырудың негізгі құралы, дуальді-бағдарлық міндеттер болып табылады. Оларды қолданудың маңызды шарты, осы міндеттерге дұрыс жағдай жасаумен сипатталады. Осылайша, студенттерге еш қиындықсыз өз бетімен кәсіби сипаттағы мәселелерді тұжырымдауға, оларды шешу мақсатын қоюға, алға қойылған мақсатқа қол жеткізу жолдарын анықтауға және қол жеткізілген нәтижелерді әрбір нақты міндет жағдайына байланысты талдауға мүмкіндік береді [189].

Оқытушының дуальді-бағдарлық тәсілді қолдану кезінде кәсіби даярлаудың академиялық және прагматикалық компоненттері арасында оңтайлы шешім табуға ұмтылысы, студенттерді нақты белгілі бір ережелер бойынша жеке немесе ұжымдық қызметін құруда іске асырылады [190]. Олар әлеуметтік және кәсіби мүдделерді қанағаттандыруды ынталандыруға бағытталған, нақты құжат, бағдарлама, ұсыныстар, заң жобасы аясында болады. Студенттердің жобалық іс-әрекетін ұйымдастыру, әр қатысушының функцияларын анықтай отырып сценарийін құрып, нәтижелерді кезең-кезеңімен талқылауды және оларды практикаға енгізу тәжірибесі негізінде соңғы нәтижелерді ұсынуды талап етеді.

Сонымен, дуальді-бағдарлық тәсіл студенттердің нарықтың шынайы субъектісі жағдайында кәсіби даярлаудың аудиториядан тыс нысандарын қолдану негізінде осы қызметтің кәсіпқойларының қатысуымен таңдалған оқыту бейіні бойынша тәжірибелік тапсырмаларды орындау арқылы мамандықты міндетті түрде игеруді қарастырады.

Осының негізінде кәсіби дуальді-бағдарлық даярлаудың мынадай шарттарын бөліп көрсетуге болады:

1. ЖОО-да студенттерде кәсіби құзыреттерді игеруде мақсатты түрдегі саналы қажеттіліктерді қалыптастыруды ынталандыратын ортаны құру;

2. Студенттерде болашақ кәсіби қызметі үшін маңызды тұлғалық қасиеттерді, сонымен қатар, даярлау бейіні бойынша кәсіби міндеттерді орындау тәжірибесін қалыптастыруды қамтамасыз ететін кәсіби даярлаудың дуальді-бағдарлық технологиясын енгізу;

3. Студенттерде даярлау бейіні бойынша, кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру негізінде тәжірибелік даярлауды ұйымдастыру;

4. ЖОО-да оқыту бейініне сәйкес кәсіби, ғылыми-тәжірибелік және тәжірибелік-өндірістік жұмыстарды шешу мақсатында студенттердің жұмыспен қамтылуының инновациялық нысандарын әзірлеу және енгізу.

Кәсіби даярлау процесінде дуальді-бағдарлық тәсілді қолдану, студенттерде болашақ кәсіби қызмет тәжірибесін және оларда тиісті құзыреттілік деңгейін қалыптастырады.

Арнайы педагогтарды даярлауға бағытталған зерттеулердің (Е.Е.Аюпова, А.А.Дмитриев, В.В.Коркунов, Е.Т.Логинова, Н.М.Назарова, Ш.Н.Нигаев, Т.А.Пенина, М.Н.Перова, Е.Е.Топильская, И.М.Яковлева) көпшілігі: арнайы педагогта белгілі бір кәсіби білім, икемділікті, дағдыларды қалыптастыруға қажеттілік қана емес, сонымен қатар құндылық сапалары мен кәсіби мінез-құлық жүйесін қалыптастыру қажеттілігі негіз болып табылады деген тұжырымдарды ұстанады [191]. Біз жүргізген талдау, оларды қалыптастыру мәселесіне, деонтологиялық сұрақтарына жеткілікті деңгейде назар аударылмай жатқандығын, сонымен қатар, арнайы педагогикалық білім беру теориясында ЖОО-да арнайы педагогтарды дуальді-бағдарлық даярлау тұжырымдамаларының жоқтығын растады.

Арнайы педагогтарды дуальді-бағдарлық даярлау мәселелеріне арналған зерттеулер арасында, ғалым Н.Б.Жиенбаеваның жүргізген жеке зерттеулерін бөліп көрсетуге болады. Оның пайымдауынша, дуальді-бағдарлық оқыту – білім беру мазмұны мен кәсіби даярлық технологияларының ортақтығын көрсететін «бірыңғай ұйымдастырушылық тұтастық».

Жалпы, арнайы педагогтарды дуальді-бағдарлық даярлауды ұйымдастыру мен енгізу қажеттілігі мәселелері қазіргі таңда жиі көтерілуде. Яғни, арнайы педагогтарды даярлау, арнайы білім беру тәжірибесінің өзекті қажеттіліктеріне жедел түрде жауап беруге, жаңа әлеуметтік тапсырысқа сәйкес қайта құрылуға, даярлаудың мазмұнды компоненттерін игерудің ұйымдастырушылық нысандарының өзгеруіне, мұғалімнің өзін-өзі дамыту механизмін қалыптастыруға ықпал етеді деп тұжырымдалады.

Арнайы педагогтарды кәсіби даярлаудың заманауи бағдарламалары бітіруші түлектерде білімдер, қабілеттер және дағдылар жүйесін қалыптастыруға бағытталған. Ал, дәстүрлі форматта білім алған бітіруші түлек келесідей қиындыққа тап болады. Яғни, жаңа жұмыс орны олардың қажеттіліктерін толықтай қанағаттандыра алмай, жас маманның жаңа жұмыс орнына бейімделуі өте ұзақ жүреді. Бұл мәселе, өз кезегінде бейімделуге өте көп уақыт пен қаражатты талап етеді. Осындай жағдайлар жоғары кәсіби білім беру жүйесі мен білім беру мекемелері арасында қарама-қайшылықтың артуына ықпал етеді. Оның негізгі шешімі, білімді беру технологияларынан тәжірибе алу негізінде оқыту технологияларына өту болып табылады. Жаңа технологиялар дуальді-бағдарлық тәсіл негізінде әзірленіп, студент жастардың мотивациясын дамытады. Кәсіби даярлаудың дуальді-бағдарлық технологияларға ауысуы, арнайы педагогтарға жаңадан талаптарды қояды.

Жоғарыда айтып өткендей, дуальді-бағдарлық тәсілді оқыту процесін кәсіби даярлаудың соңғы нәтижесі ретінде – құзыреттілікті қалыптастыру және дамытуға бағдарлау мақсатында практикалық іс-әрекетті ұштастыра отырып оқыту және оқыту әдісі ретінде қарастырылады.

Бұл тұрғыда дуальді-бағдарлық тәсіл кәсіби іс-әрекеттің пәндік мазмұнын модельдеуге мүмкіндік беріп, осылайша студенттің оқу әрекетін маманның кәсіби іс-әрекетіне айналдыру үшін жағдай жасайды. Ал, мамандарды

даярлаудың академиялық және тәжірибелік кезеңінде нақты кәсіби жағдайларды жаңғыртуда студенттер үшін теориялық, тәжірибелік және әдістемелік ақпаратты қайта бөлу кезінде дуальді-бағдарлық тәсілді енгізудің негізгі сипаты болып табылады.

Дуальді-бағдарлық оқытудың мазмұны келесілерді қамтиды:

- теориялық бөлім (дәрістер, семинарлар, өзіндік жұмыс, курстық жобалау және т.б.);

- қолданбалы немесе тәжірибелік бөлім (тәжірибелік және зертханалық жұмыстар, оқу және өндірістік іс-тәжірибелер, ЖОО оқытушыларымен және практик мамандармен бірлесе отырып, жобаларды орындау).

Дуальді-бағдарлық тәсілді іске асырудың негізгі құралы, дуальді-бағдарлық міндеттерді шешу болып табылады. Ал, оларды қолданудың маңызды шарты осы міндеттердің дұрыс жасалуымен айқындалады. Осылайша, студенттерге еш қиындықсыз өз бетімен кәсіби сипаттағы мәселелерді тұжырымдауға, оларды шешуде алдына мақсат қоюға, сол қойылған мақсатқа қол жеткізу жолдарын анықтауға және сол нәтижелерді әрбір нақты міндет жағдайына байланысты талдауға мүмкіндік береді.

Дуальді-бағдарлық міндеттерді шешу, студенттер іс-әрекеттерінің саналы түрде болуын қамтамасыз ететін кезең-кезеңмен жүзеге асырылуы керек.

Дуальді-бағдарлық тәсілді енгізудің тағы бір маңызды шарты, студенттер өздерін көрсете алатын және қабілеттерін танытуға мүмкіндік алатын, оны өзін-өзі дамытуға, кәсіби және әлеуметтік бейімделуге саналы түрде қажеттілікке айналдыратын ортаны құру болып табылады.

Дуальді-бағдарлық тәсілді енгізу, оқытушыдан инновациялық технологиялар бойынша құзыреттерінің және кәсіби даярлығының төмендегідей болуын талап етеді:

- СӨЖ және әдістемелік қамтамасыз етудің мазмұны мен құрылымы және оны ұйымдастыру ерекшелігі;

- тест тапсырмаларын, өндірістік жағдайларға негізделген жеке дара тапсырмаларды әзірлеу және қолдану әдіснамасы.

Осы себепті, оқытушының рөлі, білім трансляторынан менеджерге ауысады. Ал, ол құзыретті қалыптастыратын, студенттердің әр түрлі іс-әрекет түрлерін ұйымдастырушы және кеңес беруші ретінде болады [192].

Арнайы педагог мамандарды даярлау мәселелеріне жүргізілген талдау ЕББҚ бар балаларға білім беру мен жоғары білім беруді біріктіру мен гуманизациясы процестерінің арнайы педагогтардың жаңа білім мен құзыреттерге қажеттілігін туғызды. Бұл мәселе олардың ЖОО-да даярлауды дамытудың негізгі келесі міндеттерін анықтауға мүмкіндік берді:

- арнайы педагогикалық білім беру парадигмасын дефектіге бағдарланған тәсілден әлеуметтік-мәдени тәсілге ауысуы, яғни ол педагог іс-әрекетінің мақсатын ерекше білім алуға қажеттілігі бар балалардың әлеуметтік және білім беру жағдайын жүйелі қалыпқа келтіруге бағыттауды көздейді;

- жаңа білім беру технологияларын қолдана отырып, жаңа педагогикалық

жүйелер жағдайында іс-әрекетке дайындықты, арнайы білім беруді ұйымдастырудың жаңа формаларында жұмыс істеуге дайындықты қалыптастыру;

– «Арнайы педагогика» бағыты бойынша түлектердің кәсіби мобильділігі мен сұранысқа ие болуын қамтамасыз ету.

Зерттеушілер жоғары оқу орнының білім беру процесінде арнайы педагог қызметінің ерекшелігі де көрсетілуі керек екенін айтады:

– білім алушылардың жеке және арнайы білім беру қажеттіліктерімен және жұмыстың барлық кезеңдерінде білім беру субъектілерінің өзара әрекеттесу ерекшелігімен анықталатын іс-әрекет сипатында;

– кәсіби іс-әрекетті дербестендірудің жоғары дәрежесінде, ерекше білім алуға қажеттілігі бар балалармен жұмыс істеуде индивидуалды тәсілді және педагогтың іс-әрекетінің түпкілікті нәтижесі үшін жеке жауапкершілігінде көрінеді;

– арнайы білім беру көмегін көрсетудің барлық кезеңдерінде педагогтың жетекші рөлі.

Осы орайда, арнайы педагогтың іс-әрекеті интегративті сипатқа және практикаға бағытталған әлеуетке ие деп қорытынды жасауға болады. Өйткені, бұл тек педагогикалық қана емес, сонымен бірге әлеуметтік қызметтің ерекше түрі: оның мәні - ерекше білім алуға қажеттілігі бар тұлғаны әлеуметтендіру болып табылады.

Көрсетілген міндеттерді кешенді түрде шешу, ЖОО-да арнайы педагогтарды дуальді-бағдарлық даярлау тұжырымдамасын қалыптастыру кезінде төмендегі міндеттермен орындалады деп болжамдаймыз:

- тәжірибеге бағдарланған құзыреттілікті қалыптастыру арқылы студенттерде жаңа кәсіби құзыреттерге қажеттілікті іске асыру;

– арнайы педагогтарда дуальді-бағдарлық даярлаудың негізгі міндеттерін тұжырымдау.

Педагог мамандарды дуальді-бағдарлық даярлауды іске асыру келесі қағидаларға сүйенуі керектігін көздейді:

- білім беру мақсаттарының қазіргі қоғамның қажеттіліктеріне сәйкестігі;

- адамгершілік және технологиялық тәсілдеменің негізінде педагогикалық білім беру үдерісінде білім беру және кәсіби-педагогикалық салалардың өзара іс-әрекетін жүзеге асыру;

- педагогикалық білім берудің интегративтілігін оның жүйелік тұтастығының көрінуі ретінде қамтамасыз ету.

Педагог мамандарды дуальді-бағдарлық оқыту аясында даярлауда ЖОО-дағы білім беру мазмұнын жүйелеуді, оқыту процесін технологиялық ұйымдастыруды қайта қарауды және өзгерістер енгізуді (оқу тобында, аудиторияда, оқу мекемелерінде, өндірістік іс-тәжірибелерде кезектесіп отыру) және ЖОО-да үздіксіз педагогикалық даярлықты ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етуді әзірлеуді (бакалавриат, магистратура, докторантура) қажет етеді.

Практикаға бағытталған құзыреттілік тұжырымдамасы, ЖОО-да арнайы педагогтарды дуальді-бағдарлық даярлау, іс-әрекет субъектілерін дуальді-бағдарлық даярлаудың тұтас жүйесінде қарауға мүмкіндік береді.

Осылайша, ЖОО-да арнайы педагогтарды дуальді-бағдарлық даярлаудың тұжырымдамалық мәні, теориялық тұжырымды негізгі компонентпен мазмұнды-мәнді тұрғыдан толықтырумен сипатталады:

1. «Арнайы педагогика» білім беру бағдарламасы бойынша түлектерді дуальді-бағдарлық даярлаудың әдіснамалық негіздері мен негізгі тұжырымдамалық бағдарлары, әлеуметтік-мәдени шарттылық, дуальді-бағдарлық даярлауды ұйымдастыру мен оның нәтижелігі негізінде бөліп көрсетілген педагогикалық заңдылықтары болып табылады;

2. Жаратылыстану-ғылыми бағыттылық, гуманизация және біріктіру (интеграция);

3. Арнайы педагогтарды дуальді-бағдарлық даярлаудың нәтижелілік принциптері: аксиологиялық, практикаға бағытталған құзыреттілік, кәсібилік; ЖОО-да болашақ арнайы педагогтарды дуальді-бағдарлық даярлаудың ғылыми-практикалық моделін әзірлеу арқылы тұжырымдаманың мазмұндық-мағыналық мазмұнын іске асыру.

Педагогикалық тұжырымдамалардың құрылымдық талдауы негізінде ЖОО-да арнайы педагогтарды дуальді-бағдарлық даярлаудың базалық тұжырымдары әдіснамалық, әлеуметтік-мәдени, теориялық және технологиялық бөліп көрсетілді:

1. Әлеуметтік-мәдени тұжырым (ЕББҚ бар тұлғаларға сапалы білім беруге қолжетімділікті қамтамасыз ету жағдайларында арнайы педагог мамандарды даярлау сапасына мемлекет пен қоғам тарапынан қойылатын талаптарды күшейту):

- Нормативтік, заңнамалық және бағдарламалық құжаттар («Білім туралы» ҚР Заңы; Педагогтың кәсіби стандарты, ЕББҚ бар балаларға сапалы білім мен инклюзивті білімге қолжетімділікті қамтамасыз етуде арнайы педагогтың алатын рөлі көрсетілетін Мемлекеттік бағдарламасы);

- ЕББҚ бар балалардың білім алу құқықтарын қорғауда, оларда шыдамдылық пен тең құқықтылықты тәрбиелеуде мемлекеттің, қоғамның және педагогтардың жауапкершілігі туралы айтылатын және ерекше қажеттіліктері бар балалармен жұмыс жасау үшін педагогтарды арнайы даярлауға қойылатын талаптар қамтылған, ҚР ратификациялаған халықаралық деңгейдегі нормативтік актілер (ерекше қажеттіліктері бар балаларға білім беру саласындағы қағидалар және т.б.);

- МЖМБС ерекше білім алуға қажеттіліктері бар білім алушылардың және арнайы педагогикалық білім беру, онда арнайы педагогтың құзыреттілігіне нормативтік-құқықтық және оның кәсіби - тұлғалық сипаттамаларына қойылатын талаптар айқындалатын; - ерекше қажеттіліктері бар балаларға білім берудің шетелдік тұжырымдамалары: қалыпқа келтіру тұжырымдамасы (Н.Э.Бенк-Миккелсен, Б.Нирье және т.б.); әлеуметтік-психологиялық

тұжырымдамалар (Г.Бах, Э.Блайдик, Р.Джексон, Р.Коби, М.Хэберлин, О.Шпек және т. б.), онда «ерекше» адамдардың әлеуметтік өмірін «қалыпқа келтіру» туралы идеялар, көмек көрсетудің, оның ішінде білім берудің құндылық негіздері бар; мүмкіндігі шектеулі адамдарға білім берудің ресейлік тұжырымдамалары: мүмкіндігі шектеулі адамдарға педагогикалық көмек көрсетуге педагогтың тәжірибеге бағдарланған қызметінің тәжірибеге бағдарланған бағыттылығы расталатын мүмкіндігі шектеулі балаларға әлеуметтік-психологиялық-педагогикалық көмек тұжырымдамалары (И.В.Евтушенко, Е.А.Екжанова, Е.Л.Гончарова, Е.А.Медведева және т.б.), арнайы білім беруде ақпараттық технологияларды қолдану тұжырымдамалары (О.И.Кукушкина және т.б.); мүмкіндігі шектеулі балаларға ерте кешенді көмек көрсету тұжырымдамалары (О.Г.Приходько, Е.А.Стребелева және т.б) еңбектерімен сипатталады [193];

– мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды гуманизация мен интеграциялануы жағдайында арнайы педагогтың кәсіби құзыреттілігін және оның кәсіби-құнды тұлғалық қасиеттерін мақсатты түрде қалыптастыру үшін ғылыми негіз беретін арнайы педагог мамандарды даярлау тұжырымдамалары (Р.Г.Аслаева, Н.М.Назарова, И.М. Яковлева және т.б.) [194];

- көрнекі ғалымдар Ұ.М.Әбдіғапбарова мен Н.Б.Жиенбаеваның болашақ педагогтарды дуальді-бағдарлық даярлаудың отандық тұжырымдамалары.

Теориялық тұжырымдаманың негізгі мазмұны әдіснамалық тәсілдер, әлеуметтік-мәдени бағдарлар негізінде бөлінген арнайы педагогтарды дуальді даярлаудың педагогикалық заңдылықтары мен принциптері болып табылады. Болашақ түлектерді дуальді-бағдарлық даярлау феноменінің әлеуметтік-мәдени шарттылығының заңдылықтары және жаратылыстану-ғылыми бағыттағы әлеуметтік мәдени принциптер, арнайы педагогикалық білім беруді гуманизациялау мен интеграциялауда құзыреттілік және іс-әрекет тәсілдемелерінің ережелерін талдау негізінде және жоғары оқу орнында арнайы педагогтарды осы даярлаудың нәтижелілігі мен оған сәйкес аксиологиялық, практикаға бағытталған құзыреттілік және кәсібилік принциптер ретінде айқындалды.

1.4 Арнайы педагогтарды дуальді-бағдарлық оқыту процесінде даярлаудың ғылыми-практикалық моделі

Біздің алға қойған міндеттеріміздің бірі - арнайы педагогтарды дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында даярлаудың ғылыми-практикалық моделін жасау және оның тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында тексеру болатын.

Осы орайда, ең алдымен модель, модельдеу ұғымдарының мәнін ашсақ. Модельдің ең алғашқы мағынасы құрылыс саласына байланысты, үлгі, сұлба мағынасында қолданылған. «Модель» сөзі француз тілінен *modele*, латын тілінен *modulus* аударғанда «үлгі» деген мағынаны білдіреді.

Көптеген көрнекті ғалымдар «модель» ұғымына өз көзқарастарын,

пікірлерін айтып кеткен. Соның бірі, белгілі философ М.К.Мамардашвилидің пікірі бойынша моделдеу арқылы «эмпирикалық түрде байқалатын шындықтың барлық толып жатқан қасиеттері мен байланыстары тек ғылыми жолмен түзіліп, алынады; адам моделдеу арқылы зерттеуші болады», – деп атап көрсетеді

Л.М.Фридманның пікірінше, модель – зерттелетін ерекше объектінің, құбылыстың жалпыланған және абстарктілі тұрғыдан ұсынылатын сызбасы. Яғни, бұл модельдің зерттелетін объектісінің аналогы екендігін білдіреді [195].

Ғылым әдіснамасында модель – бұл белгілі бір әлеуметтік шынайылықтың, адам мәдениетінің пайда болуының, тұжырымдамалық-теориялық білім мен басқа да түпнұсқасының (құрылымы, сызбасы, таңбасы) ұқсастығы ретінде түсініледі. Бұл ұқсастық түпнұсқа жайлы ақпаратты сақтауға және кеңейтуге, сонымен қатар, оны түрлендіруге және басқаруға арналады.

Сонымен модельдерге біраз талаптар қойылады: олар, адекваттық – зерттеліп жатқан объектінің қасиеттерінің нақты көрініс табуы; толықтылық – зерттеліп жатқан объект жайлы керекті ақпараттың барлығы ұсынылуы; икемділік – шарттар мен параметрлердің аясында жағдайлардың жаңғыру мүмкіндігі және әзірлеменің еңбек сыйымдылығы бар уақыт үшін қолайлы болуы.

Ал, модельдеуге анықтама беретін болсақ, бұл белгілі бір объект үлгісін құрып, зерттеу арқылы сол модельді зерттеу арқылы қасиеттерін зерттеу процесі болып табылады. Осылайша, модельдеу келесі кезеңдерді болжауға мүмкіндік береді: модельді дайындау, оны зерттеу және қорытынды жасау. Әрбір кезеңде әр түрлі міндеттер шешіліп, мәні бойынша ерекшеленетін әдістер мен құралдар қолданылады.

Модельдерге бірқатар жалпы талаптар қойылады: адекваттылық – объект қасиеттерінің барынша нақты көрінуі; толықтылық – объект туралы барлық қажетті ақпараттың алушыға ұсынылуы; икемділік – шарттар мен параметрлердің бар ауқымында әртүрлі жағдайлардың жаңғыру мүмкіндігі; әзірлеменің еңбек сыйымдылығы бар уақыт пен бағдарламалық құралдар үшін қолайлы болуы.

Соңғы кездері модельдеу педагогика саласында кеңінен қолданылып келеді. Мұны модельдеу мәселесіне, оларды қолдану мүмкіндіктерін зерттеуге арналған көптеген жұмыстар дәлел болады. Модельдеу білімнің барлық саласындағы зерттеулерде негізгі әдістердің бірі болып табылады.

Педагогикалық модельге тоқталатын болсақ – бұл педагогикалық іс-әрекеттің моделі, онда сол модельден күтілетін нәтиженің түпкі негізі көрсетіліп, мәні айқындалады. Осылайша, күтілетін нәтижені жүзеге асыруға қажетті құралдар мен шарттарға сипаттама беріліп, іс-әрекет субъектілері көрсетіледі.

Сонымен, теориялық модельге келсек – ол шындық жайлы теориялық және сызбалық түсінік болып табылады. Кез-келген зерттеу пәнінің теориялық моделі: біз белгілеп қойған объектілердің арасында болатын, ақылға қонымды немесе теориялық болжанатын барлық байланыстардың логикалық сызбасы болып

табылады.

Тұжырымдамалық модель (ағыл. conceptual model) – бұл қарастырылып отырған пәннің мағыналық құрылымы немесе оның нақты объектісін белгілейтін, ұғымдар мен олардың арасындағы байланыстармен ұсынылады.

Модельді көптеген авторлар өздерінің зерттеулерінде қолданып келеді. Мәселен, Ж.Е.Елубаева үздіксіз кәсіптік білім беру (колледж-ЖОО) жағдайында студенттердің оқу белсенділігін қалыптастыру мәселесін зерттеуде оқу белсенділігінің моделін ұсынды. Бұл модель мотивациялық, когнитивтік және операциялық компоненттерден тұрады.

Ж.О.Нұржанбаева дуальді оқыту жүйесіндегі колледж студенттерінің бойында еңбекке деген құндылықты қалыптастырудағы құрылымдық модельді ұсынды. Ол осы модельді ұсына келе, әрбір компоненттің мақсат-міндетін, қызметтерін, кезеңдері мен әдістерін ашып көрсетті.

Ж.Е.Алшынбаева дуальді оқытуды іске асыруда кәсіптік білім беру педагогтарын даярлаудың моделін ұсынды. Бұл модель: мақсаттық, өлшемдік, мазмұндық және нәтижелік бөлімдерден тұрады.

Сонымен жоғарыда көрсетілген ғалымдар зерттеуіндегі модельдеуді қорытындылайтын болсақ, олардың әрбірінің өзінің зерттеу объектісіне сәйкес ерекшеліктері болғанымен, бір-біріне қайшы келмейді, керісінше бірін-бірі толықтыра түседі және барлығының да құрылымы бір-бірімен тығыз байланыстағы құрамдас бөліктерден тұрады, бөліктер мазмұнына сәйкес мақсат, міндеттерді, теориялық мазмұнды, практикалық жүзеге асыруды, диагностикалауды қарастырады.

Жобаланған модельдің өзіне тән ерекшеліктерін ескеру мақсатымен оны құруда, әрекет етуінде және дамытуда төрт топқа біріктірілген ережелер сақталады: жүйенің мәні мен күрделілігі, жүйенің сыртқы ортамен байланысы, жүйенің мақсат қою әдіснамасы, жүйенің қызметі мен даму мөлшерлері. Бұл үздіксіз кәсіби-педагогикалық үдерісті жобалауға ең алдымен дәстүрлі емес сипаттамалар тән, себебі білім берудің мәнін жаңаша ұғынудан, педагогикалық жүйенің қатысушы-субъектілерінің санасы мен ойлауының ілгері даму үдерістеріне үнемі ұмтылуынан тұратын өзара әрекеттестікті айтамыз.

Ал, біздің зерттеуімізде дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында болашақ арнайы педагогтардың кәсіби іс-әрекетке даярлығын қалыптастыру процесс тұрғысынан модельденеді. Осы процесс мақсатқа сай және жүйелі жүргізілуі үшін біз дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында болашақ арнайы педагогтардың даярлығын қалыптастырудың ғылыми-практикалық моделін жасадық.

Жалпы, дуальді-бағдарлық оқыту моделі төмендегі көрсетілген жүйе бойынша келесідей құрылды:



Сурет 8 - Дуальді-бағдарлық оқыту моделінің жүзеге асу кезеңдері

Осы ретте, екінші тармақты яғни, нормативтік-құқықтық рәсімдеуді егжей-тегжейлі қарастырайық. Дуальді-бағдарлық оқытудың моделін жасауда нормативтік-құқықтық рәсімдеу үшін тиісті нормативтік-практикалық негізге сүйену қажет.

Кәсіби білім беруді ұйымдастырудың жалпы шарттары Қазақстан Республикасы министрліктерінің заңдарымен және нормативтік актілерімен айқындалады.

Нормативтік және құқықтық актілер.

1.«Кәсіптік біліктілік туралы» заң: ТЖКБ инфрақұрылымын мен материалдық-техникалық базасын жаңарту бойынша шаралар қабылданды.

2. Кәсіпкерлік кодексінің жобасы: жас мамандарды жұмысқа орналастыру және практика үшін жұмыс орындарын квоталау (үш пайыздан және одан көп) бойынша нормалар енгізілді.

3. ҚР дуальды жүйе бойынша оқытудағы стратегиялық альянс» жобасы. «Атамекен» Ұлттық Кәсіпкерлер Палатасы: ұйымдардың жұмыс орындарында практикадан өту және кәсіпорындарда кәсіптік оқыту мәселелері бойынша міндеттемелері заңнамамен бекітілген, студенттердің практикалық дағдыларын пысықтау үшін жұмыс орындары, сондай-ақ өндірістегі тәжірибелі нұсқаушы-тәлімгерлер үшін жалақыға қосымша ақы төлеу және т. б. көзделген.

1. Дуальді оқытудың жол картасы;
2. Жалпы орта білім беру МЖМБС;
3. Техникалық және кәсіптік білім беру МЖМБС;
4. Орта білімнен кейінгі білім беру МЖМБС;
5. Жоғары білім беру МЖМБС;
6. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру МЖМБС.

7. «Арнайы педагогика» және «Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» модульдік білім беру бағдарламалары:

Төмендегі дуальді-бағдарлық оқытуға қатысты құжаттар әртүрлі басқа атаулармен аталуы мүмкін:

1. Дуальді-бағдарлық оқытуды қолдана отырып, білім беру бағдарламаларының түлектерін жұмысқа орналастыру мониторингі туралы ереже.
2. Тәлімгерлік жайлы ереже.
3. Білім беру процесін дуальді-бағдарлық формада іске асыру бойынша типтік келісім шарт.
4. Кадрларды даярлаудың дуальді-бағдарлық жүйесі бойынша оқытылған бітірушілерді жұмысқа орналастыруға көмектесу қызметі туралы ереже.
5. Типтік студенттік келісім-шарт.

Білім беру процесін егжей-тегжейлі оның қатысушылары нормативтік актілермен пысықтай алады, ал олардың мазмұны нақты кәсіби білім беру ұйымында қабылданған нақты білім беру бағдарламасының ерекшелігіне байланысты болады. Мәселен, бұл келесі атаулары мен тиісті мазмұны бар құжаттар болуы мүмкін:

1. Өндірістік практика туралы ереже.
2. Кәсіби практика туралы ереже.
3. Үздік түлектерді, оқытушыларды, тәлімгерлерді моральдық және материалдық көтермелеу туралы ереже.

Осы орайда, кәсіби практикаға түсінік беріп өтсек. Кәсіби практика оқыту процесінде алған білімдерін бекітуге, практикалық дағдыларды және озық тәжірибені игеруге бағытталған тиісті ұйымдарда жүргізілетін практика түрі болып табылады. Кәсіби практиканың мерзімі мен мазмұны оқу жұмыс бағдарламаларымен және оқу жұмыс жоспарларымен айқындалады.

Кәсіби практиканы өткізу үшін білім беру ұйымдары шарттық негізде ұйымдарды практика базасы ретінде айқындайды, олармен бірге бағдарламаларды және практикадан өтудің күнтізбелік кестелерін бекітеді. Демек, білім алушының практикадан өтуі оның білімінің ажырамас бөлігі болып табылады және мұндай мүмкіндік беретін ұйым білім алушыға жұмыс беруші ретінде әрекет ете алмайды. Кәсіби практикадан өту үшін оқу орны мен практика базасы болып табылатын ұйымдар арасында білім алушылардың кәсіби практикасын өткізуге келісімшарт жасалады. Келісімшартта білім беруді ұйымдастырудың, практика базасы болып табылатын ұйымдардың және білім алушылардың міндеттері мен жауапкершілігі айқындалады.

Кәсіби практикаға арналған шығындарды аталған ұйымдар қарастырады және жасалатын келісімшарттарда ол айқындалады.

Алайда, білім алушылардың кәсіби практикасын өткізуге арналған шарттың талаптарын орындамағаны үшін тек екі тарап оқу орны мен практика базасы ретінде әрекет ететін ұйым жауап береді.

Ал, білім алушы практикадан өту барысында, тек тәжірибе жинап, оқу

орнында алған теориялық білімдерін бекітіп қана қоймай, оқуды аяқтағаннан кейін одан әрі жұмысқа орналасу мүмкіндігіне ие болады. Тәлімгердің оң ұсынымы болған кезде білім алушының деректері болашақ жұмыс берушінің кадр резервіне енгізіледі.

Оқу мерзімі өндірістік оқытудан өту мерзімімен, яғни оқу орны оқу бағдарламаларына сүйене отырып анықтайтын өндірістік практикамен анықталады.

Оқыту шартында практика базасы болып табылатын ұйым білім алушының оқу орнын бітіргеннен кейін тиісті бос орын болған жағдайда оған тараптар айқындаған мерзімді пысықтай отырып, одан әрі жұмысқа орналасуды ұсынуға құқылы екенін көздеуге құқылы.

Басқаша айтқанда, дуальді-бағдарлық оқыту формасы түлектерді тәжірибеден өткен ұйымдарға жұмысқа орналастыру кезінде оң әсерді қамтамасыз етеді.

Зерттеу міндетімізге сәйкес модельді құруда педагогикалық білім берудің қазақстандық дуальді моделінің тұжырымдамасына негізделдік. Педагогикалық білім берудің қазақстандық дуальді моделінің тұжырымдамасы: «педагогикалық білім, еңбек нарығы және жұмыс берушілер» жүйесінің қарқынды өзара байланысымен, гистерезис (жедел реакция) педагогикалық ресурстарды дайындау сапасының заманауи талаптардан артта қалуынан, педагогикалық білім беруді әртараптандырудан (дербестендірілген білім беру бағдарламалары), «нақты кәсіби міндеттерді шешуге арналған педагогикалық жағдайларды жобалау» оқыту жүйесінен тұрады.

Құрылған модель негізінде арнайы педагогтарды даярлауға түбегейлі жаңа ғылыми-педагогикалық тәсіл ұсынылды, оның ішінде кәсіби, әлеуметтік дамытатын әлеуметтік-мәдени білім беру ортасын құру, сондай-ақ ЖОО, түзету мекемелерінің, арнайы мектептердің мүмкіндіктерін интеграциялау.

Білім беру мазмұнын құрылымдауға модульдік көзқарас негізінде теориялық және практикалық оқытудың бірлігі интеграциясы негізінде, білім алушылардың білімінің кәсіби салаларының теориялық негіздерін игеру, сондай-ақ құзыреттерді, дағдыларды, еңбек операцияларын, іс-әрекеттерді меңгеру тиімділігі артады.

Осыған орай, білім алушы үшін теориялық білімдер әрқашан қолданбалы болып табылады, ал дағдыларды практикалық игеру саналы түрде болады. Осылайша, білім беру процесі жан-жақты болады.

Дуальді білім беру үздіксіз кәсіптік білім беру жүйесінің даму процестеріне оң әсер етеді, білім беру мекемелерін кадрлық, ғылыми-әдістемелік және материалдық-техникалық жабдықтауға қолайлы жағдай жасайды.

Сонымен қатар, дуальді-бағдарлық оқыту білім беру мекемесінің ресурстарын (ресурстық орталықтарын, студенттік түзету-дамыту зертханаларын) оңтайлы пайдалануға мүмкіндік береді. Педагог-практиктердің пайымдауынша, дуальді оқыту жағдайында білім алушылар жан-жақты кәсіби дамып, яғни оларда табысты әлеуметтенудің ерекше ортасы пайда болады.

Қазіргі уақытта кәсіби қызметінің заманауи талаптарын қанағаттандыратын болашақ арнайы педагогты даярлау моделі жоқ. Бұл бірнеше себептермен түсіндіріледі: біріншіден, педагогика ғылымында «даярлау моделі» терминін түсіндірудің бірыңғай тәсілі жоқ; екіншіден, зерттеушілер «маман моделі» ұғымына әртүрлі мазмұн енгізеді; үшіншіден, кейбір модельдерді құру кезінде дәстүрлі білім беру парадигмасын ескермей, жеке пәнге назар аудару орын алады.

Зерттеуімізді теориялық талдауда, арнайы білім беру мәселелері бойынша ғылыми зерттеулерде модельдеу әдісі арнайы білім берудің практикалық-бағдарланған модельдерін құру кезінде, арнайы педагогтарды кәсіби даярлау модельдерін (Е.Т.Логинова, И.М.Яковлева және т. б.) әзірлеуде сәтті қолданылғаны ашып көрсетілген.

Көрсетілген міндеттерді шешу үшін М.А.Бермант [196], Л.М.Фридман, В.А.Штофф еңбектерінде; модельдеу әдісі (Б.М.Игошев [197], Е.Т.Логинова [198], сонымен қатар, мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеу мен оқыту жайлы ғылыми еңбектерде (О.Л.Алексеев, В.В.Коркунов [199], Л.Б.Баряева [200], М.Н.Русецкая [201] және т.б.) соның ішінде арнайы педагог мамандарды даярлау мәселелеріне арналған психологиялық-педагогикалық зерттеулерде жүйелі түрде сипаттау үшін қолданылды.

Модельдеу әдісі арқылы педагогикалық жүйелерді ұйымдастыру, жұмыс жасауы және дамыту заңдылықтарын ашып көрсетуге ықпал еткендігі дәлелденді. Бұл өз кезегінде ЖОО-да арнайы педагогтарды дуальді-бағдарлық даярлау жүйесін зерттеу кезінде осы әдіске жүгінуімізге мүмкіндік берді.

Арнайы педагогты даярлау моделі келесі негізде құрылады:

- кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы. Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі N343 Заңына сәйкес ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар контингентінің сапалық көріністері мен сандық көрсеткіштерінің тез өзгеруін ескере отырып, арнайы педагогтардың жалпы ғылыми даярлығын өзектендірудің жеткіліксіздігі;

- арнайы педагогты даярлаудың түпкі мақсатын айқындау;

- дайындықтың әр кезеңінде алға қойылған мақсатқа жету және нақты педагогикалық міндеттерді шешу механизмі;

- жалпы кәсіби, медициналық-биологиялық, психологиялық-педагогикалық және арнайы блоктарды біріктіретін интегративті тәсілге негізделген дайындық процесін әдістемелік қамтамасыз ету;


- ЖОО-ның оқу процесінде ЕББҚ бар балалармен түзету-дамыту қызметінің негізгі кәсіби құзыреттерінің жиынтығын табысты меңгеру;

- студенттерде оқу мотивациясының жоғары деңгейінің болуы, кәсіби-тұлғалық өзін-өзі дамытуға ұмтылу және кәсіби құзыреттілікті игеру. Біздің зерттеуіміздегі ғылыми-практикалық модельдеу дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында әлеуметтік ұтқырлы, шығармашыл және еркін ойлай алатын инновациялық, жасампаз тұлғаның педагогикалық тәжірибесінің ұлғайған

қажеттіліктері мен теориялық және практикалық кәсіби білім берудің жоғарғы нәтижелерінің арасындағы келіспеушілік мәселелерін шешуге арналады.

Яғни, ЖОО-да арнайы педагогтарды дуальді-бағдарлық даярлау тұжырымдамаларының әдіснамалық және әлеуметтік-мәдени негіздерін талдау, оның педагогикалық заңдылықтары мен қағидаларын әзірлеу «Арнайы педагогика» бағыты бойынша білім алушыларда дуальді-бағдарлық даярлаудың ғылыми-тәжірибелік моделін әзірлеу, оның мазмұнды-мәндік толықтыру, ЖОО-да осы модельді іске асыруды ұйымдастырушылық-әдістемелік қамтамасыз ету арқылы тұжырымдаманың мақсатты бағыттылығын қамтамасыз ету міндеттерін шешуді жалғастыруға мүмкіндік берді.

Ал, біздің зерттеуімізде дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында арнайы педагогтарды даярлауды қалыптастыру процесс тұрғысынан модельденеді. Осы процесс мақсатымызға сай және жүйелі жүргізілуі үшін, біз болашақ арнайы педагогтарды дуальді-бағдарлық оқыту процесінде даярлаудың ғылыми-тәжірибелік моделін әзірледік (9 сурет).



Сурет 9 - Дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында арнайы педагогты кәсіби даярлаудың ғылыми-практикалық моделі

Біз ұсынып отырған дуальді-бағдарлық оқыту процесінде болашақ арнайы педагогтардың даярлығын қалыптастырудың ғылыми-практикалық моделі *тұжырымдамалық, технологиялық және бағалау блоктарынан* тұрады.

Аталған модель педагогикалық жоғарғы оқу орнында дуальді-бағдарлық оқыту процесінде болашақ арнайы педагогтың кәсіби іс-әрекетке даярлығын қалыптастыру үдерісіндегі жоғарыда көрсетілген барлық элементтердің өзара байланысы мен бірлестігін қамтиды.

Бәрінен бұрын тұжырымдамалық блок мазмұнында мамандыққа деген *қоғамдық сұраныс* талаптарын анықтап алудың қажеттігі туындады. Біз оларды былайша топтастырдық:

- жоғары кәсіптік деңгейдегі бәсекеге қабілетті, жасампаз педагогтарды даярлауға әлеуметтік сұраныс;

- замануи оқытушының практикалық даярлығын жетілдіруге қоғамның зәрулігі;

- жоғары педагогикалық оқу орындарына дуальді оқыту элементтерін ендіру қажеттілігі;

- болашақ арнайы педагогтардың кәсіби даярлығын «жоғары оқу орны арнайы білім беру ұйымдарының» өзара әрекеттестігінде жүзеге асыруға зәрулігі.

Сондай-ақ осы блокта қазіргі педагогикалық білім беруді жаңартудың заманауи талаптарына сәйкес дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында арнайы педагогтарды кәсіби даярлауды трансформациялау деп модельдің мақсатын қарастырамыз. Қойылған мақсат МЖМБС талаптарымен, кәсіби мотивация және кәсіби-педагогикалық құзыреттілігі жоғары педагогикалық білім беру саласында жоғары білікті мамандарды даярлауға қоғамның әлеуметтік тапсырысымен нақтыланып отыр.

Сондай-ақ, бұл блокта арнайы педагогикалық білім беру бағдарламасын игерген студенттердің даярлығын қалыптастыруға ықпал ететін әдіснамалық тұғырлар мен ұстанымдар беріледі. Алайда, дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында арнайы педагогтардың даярлығын қалыптастыруда *жүйелік, аксиологиялық, онтологиялық және технологиялық* әдіснамалық тұғырлар мен *ғылымдық, практикаға бағдарлық, интегративтілік, өзгергіштік және бейімделгіштік* әдіснамалық принциптер ықпал етеді.

Модельдің **технологиялық блогы** дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында арнайы педагогтарды даярлау үдерісінің технологиялық (ішкі мазмұндық, ұйымдастырушылық) жағын көрнекі түрде көрсетуге мүмкіндік береді.

Технологиялық блок дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында арнайы педагогтардың педагогикалық білім берудің қазақстандық дуальді моделінің тұжырымдамасынан; оны жүзеге асырудың даярлау компоненттерінен, интеграцияланған кәсіби-дамытушылық білім беру ортасынан, ұйымдастырушылық формаларынан тұрады.

Дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында арнайы педагогтардың инновациялық маңызды кәсіби-тұлғалық сапаларын қалыптастырудың (ЖОО-арнайы білім беру ұйымдарының өзара әрекеттестігін жүзеге асыру; поликомпонентті бағдарлама әзірлеуғ пайдалану, элективті курс ендіру; өзара

әрекеттестік жоспарын іске асыру; ЕББҚ балаларға арналған «Инклюзивті әлем», «Шығармашылық шеберханалар» жобалары; «оқытушы→кәсіби маман→студент-орындаушы» шеңберінде өзара әрекет ету) байланыстылығын көрсетеді.

Осы шарттар сақталғанда және олар өзара әрекеттестікте жүзеге асырылғанда ғана дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында арнайы педагогтардың заманауи инновациялық маңызды кәсіби-тұлғалық сапаларының тиімді қалыптасатындығын айқындайды.

Осы блоктағы элективті курсты ендірудің қажеттілігі шарт болуы заманауи жасампаз арнайы педагог үшін дуальді-бағдарлық оқытудың қажеттілігін түсінуі, оның мазмұнын білуі, практикалық даярлыққа қажеттілігін түсінуі үшін, қазіргі жаңартылған білім беру мазмұнына сәйкес оқыту, тәрбиелеу, зерттеушілік, әдістемелік, әлеуметтік-коммуникативтік функцияларды жете меңгеруі, қазіргі педагогикалық тәжірибені меңгеру мен зерттеу үшін жаңа формаларды іздестіруді жүзеге асыруы керектігінен туындайды. Осы білімдерді меңгеруге және оларды практикада қолдануға олардың ерік жігерінің болуын қалыптастыруда поликомпонентті бағдарлама үлкен маңызға ие болады және олардың психологиялық даярлығын жүзеге асырады.

Сондай-ақ дуальді-бағдарлық оқытуды іске асыру үшін креативті құралдарды іздеуде қабылетін дамыту қажет. Осы тұрғыда аталған блокта дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында арнайы педагогтардың заманауи инновациялық маңызды кәсіби-тұлғалық сапаларының тиімді қалыптастыруда қолданылатын ұйымдастырушылық формалар, даярлау компоненттері құралдар көрсетіледі. *Формаларға* түзету-дамыту зертханасын ұйымдастырудың поликомпонентті бағдарламасы, «оқытушы → кәсіби маман→студент-орындаушы» шеңберінде өзара әрекет ету механизмі, *даярлау компоненттеріне* мотивациялық-тұлғалық, операциялды-әрекеттік, мазмұндық дербестендірілген және т.б., ал *құралдарға* элективті курстар, ЕББҚ балаларға арналған «Инклюзивті әлем»; «Шығармашылық шеберханалар» жобалары.

Бұлардың барлығы да болашақ педагогтың инновациялық маңызды кәсіби-тұлғалық сапаларын «ЖОО-арнайы білім беру ұйымдарының» өзара әрекеттестігінде нәтижелі қалыптастыруда ықпалы зор.

Технологиялық блоктағы тағы бір маңызды құрам болып дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында арнайы педагогтарды даярлауды жүзеге асыру көрсеткіштері мен критерийлері белгіленген. Бұл кәсіби маңызды сапалардан, практикаға бағдарланған құзыреттерден, табысқа жету мотивациясынан, дуальді-бағдарлық даярлауға қатысынан тұрады.

Осы көрсеткіштер мен критерийлер даярлықтың мазмұнына кәсіби-тұлғалық сапаларының компоненттерінің қалыптасуына сәйкес жүзеге асырылады. Кезеңдердің жүзеге асырылуына жоғарыда көрсетілген технологиялық мазмұн негіз болды. Ал бұл болса, модельдің құрылымдық бөліктерінің бір-бірімен тығыз байланыста құрылғандығын білдіреді. Тағы

сондай байланыс **бағалау блогының** болуын қажет етеді.

Модельдегі бағалау блогы дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында арнайы педагогтың кәсіби-тұлғалық сапаларын қалыптастырудың деңгейлері көрсетіледі. Олардың төмен, орта, жоғары деңгейлері тұрғысынан айқындалған.

Ұсынып отырған авторлық модельде болашақ арнайы педагогтарды дуальді-бағдарлық кәсіби даярлау процесі - бұл мақсатты жүйелік жұмыс пен даярлықты талап ететін кешенді және көп қырлы процесс болып табылады.

ЖОО-да арнайы педагогтарды дуальді-бағдарлық даярлаудың компоненттерін іске асыруды қамтамасыз ету және тәжірибеге бағдарланған құзыреттілікті қамтамасыз етуде көрінетін дуальді-бағдарлық даярлаудың нәтижесіне қол жеткізу мақсатында болашақ арнайы педагогтарды даярлаудың келесі сапаларын атап өткен жөн:

1. Арнайы педагогтарды дуальді-бағдарлық даярлаудың сапасы ретінде оның нәтижелілігі – бұл, субъектінің тәжірибеге бағдарланған компонентін қалыптастыру болып табылады;

2. Дуальді-бағдарлық даярлау сапасының өлшемі тәжірибеге бағдарланған құзыреттіліктің сапасы ретінде болады.

Осылайша, сапаның өлшену белгісі болашақ түлектерді дуальді-бағдарлық даярлаудың нәтижелілігін бағалауға мүмкіндік береді.

Дуальді-бағдарлық даярлауды ұйымдастыру мен әлеуметтік-мәдени қағидаларының негізінде ЖОО-да арнайы педагогтарды дуальді-бағдарлық даярлау моделін мақсатты түрде іске асырудың төмендегі шарттары айқындалды:

– ЖОО-ғы білім беру процесіндегі арнайы педагогтарда арнайы білім берудің ғылыми бағыты, әлеуметтік-мәдени ортаны ізгілендіру мен интеграциялау, сонымен қатар ерекше білім алуға қажеттіліктері бар балаларға білім беру принциптеріне сәйкес келетін құнды кәсіби бағдарлар мен дүниетанымдық мағыналық көзқарастарды қалыптастыруға бағытталуын анықтайтын құндылықтық-мағыналық шарттар;

– арнайы педагогтарды даярлау бойынша іс-әрекеттің барлық бағыттарын біріктіретін кәсіби және әлеуметтік-мәдени ортамен өзара байланыс жасау негізінде тұлғаны кәсібилендіру процесінде арнайы педагогтардың тәжірибеге бағдарланған құзыреттілігін дәйекті қалыптастыруды қамтамасыз ететін интегративті білім беру ортасын құруды көздейтін құрылымдық-ұйымдастырушылық шарттар.

Дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында, болашақ арнайы педагогтардың кәсіби іс-әрекетке практикалық даярлығы әдіснамалық, теориялық, әдістемелік білімдер мен біліктерге сүйенеді.

Біз ұсынып отырған модельдің барлық блоктары заманауи, бәсекеге қабілетті, инновациялық арнайы педагогты қалыптастыруға бағытталған және мақсатты әрі жүйелі жұмыс пен дайындықты талап ететін процесс болып табылады.

Бұл модельдің тиімділігін көрсету үшін тәжірибелік-эксперимент жұмысын

жүргіздік. Жүргізілген тәжірибелік-эксперимент жұмысы өзінің оң нәтижесін берді деп сенімді түрде айта аламыз. Бұл жұмыстың жүргізілу барысы мен нәтижесі келесі тарауда толығымен баяндалады.

2 АРНАЙЫ ПЕДАГОГТАРДЫ ДУАЛЬДІ-БАҒДАРЛЫҚ ОҚЫТУ ПРОЦЕСІНДЕ ДАЯРЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТӘЖІРИБЕЛІК-ЭКСПЕРИМЕНТ ЖҰМЫСЫ

2.1 Дуальді-бағдарлық оқытудың дербестендірілген мазмұны студенттердің академиялық үлгерімі мен мотивациясын арттыру құралы ретінде

Заманауи әлемдік білім беру кеңістігінің қалыптасуы, білім беру практикасына дуальді-бағдарлық оқытуды енгізу мен қарқынды ізденіс жасауда, бүгінгі күндегі университеттік білім беру мазмұны мен өзекті мәселелерді қайта қарастыруды қажет етеді.

Университеттік білім берудегі түбегейлі өзгерістер Қазақстандағы сандық экономика заманының пайда болуымен сипатталады.

Сандық экономика жоғарғы деңгейдегі сапалы мамандарды даярлауға бағдарланған түбегейлі жаңа процестерді қалыптастыруды және ЖОО-ның профессорлық-оқытушылық құрамының инновациялық және коммуникативтік технологияларды қолдану дағдыларын қажет етеді. Осыған орай, арнайы педагогты дуальді-бағдарлық даярлауды іске асыру қажеттілігі туындайды.

Дуальді-бағдарлық оқытуға негізделген «2010 ж. Тенденцияларының: Еуропалық Жоғары білім берудегі он жылдық өзгерістер» есебінде, ЖОО-на қойылатын келесідей талаптар сипатталған:

- студентке бағытталған ортаны құру мақсаттарының бірі, студенттерге білім беруді қызықты, күрделі әрі жағымды ету;

- студенттер өздерінің педагогтарымен бірлесе жұмыс жасауда, өздеріне не қажет екендігін ұғынады;

- студенттер оқу мен даму үшін дербес технологияларды қолданады, осы нысандар оларды шынайы әлеммен байланыстырады;

- студенттерде өздерінің білім алу ортасы үшін маңызды жұмыс жасауға және өздерінің қызығушылықтарына мән беруге мүмкіндік болады. Олар өздері қатты қызығатын өздерінің негізгі оқыту бағыттарын таңдай алады. Барлық студенттер бірдей мақсатты көздеуі мүмкін, алайда сол мақсатқа жетудегі міндеттері немесе тапсырмалары әртүрлі болады;

- студенттердің өз идеялары мен ойлары өздеріне бағдарланған оқу ортасында маңызды орын алып, олар коммуникаторлар мен қызметкерлер бола алады;

- студентке бағдарланған ортада білім алушылар жеке академиялық, әлеуметтік және эмоциялық кері байланыс алады;

- ЖОО-ның білім беру кеңістігінде оқыту, мәдениет және қоршаған орта алуантүрлі субъектілерді сипаттайды. Студенттер өзінің мәдени мықты тұстарын ЖОО-ның білім беру кеңістігінде көреді және оларды оқыту барысында қолданады.

Білім беру бағдарламасын жобалау процесінің атрибуты болып табылатын мақсаттардан айырмашылығы, белгілі бір студенттің жетістіктерімен

байланысты білім беру нәтижелеріне баса назар аудару, студентті білім беру процесінің орталық фигурасына айналдырады, ал оның мүдделері мен білім беру қажеттіліктері кәсіптік білім беру бағдарламасын қалыптастыруға негіз болады.

Жоғары білім берудің дербестелінген жүйесі – қазіргі таңдағы сандық инновациялық трендтердің бірі болып табылады. Дербестелінген сандық жүйеге үйренген қазіргі заманның студенттері, дәстүрлі білім беру жүйесіне онша ынталы емес. Сондықтан да, қазіргі таңда білім беру жүйесін тұтастай сандық жүйеге ауыстыру мәселесіне көңіл бөлген жөн.

Қазіргі заманғы жоғары оқу орындарында дербестендірілген стратегияларды іске асырудың қиындығы студенттердің топтық және жеке білім беру қажеттіліктері, олардың когнитивті стильдері мен мансаптық ұмтылыстары бойынша оқыту мазмұны мен білім беру технологияларын, академиялық және мансаптық қолдауды кастомизациялаудың жаңа тәсілдерінің қажеттілігімен сипатталады.

Тұлғаны кәсіби дамытудың дербестендірілген жеке білім беру бағытының (мазмұндық компонент) траекторияларын құру және оны әзірленген тәсіл арқылы жүзеге асырумен (білім беру процесін ұйымдастыру технологиялары) айқындалады.

Білім беру жолдарының мазмұндық компоненттері мотивациялық-қажеттілік сферасының көріністерінің қарқындылығы мен динамикасын ескере отырып жасалады. Іс-әрекет субъектілері ретінде ол әрқашан бір-бірінен ерекшеленіп отырады. Осы себепті тұлғаларды дамыту мүмкіндіктері бір-бірінен ерекшеленеді. Осыған байланысты студенттердің тұлғалық дамуының дербес траекториялары әртүрлі болады. Яғни, тұлғаның ішкі дамуы мен кәсіби дамуы әртүрлі дәрежеде жүреді.

Осы орайда Э.Ф.Зеердің ойымен бөліскенді жөн көрдік. Оның пікірінше, кәсіби кеңістіктегі тұлғаның дамуы үш фактормен анықталады:

- жас ерекшелік өзгерістермен байланысты, тұлға дамуының деңгейлері;
- үздіксіз білім беру жүйесімен;
- жетекші кәсіби бағытталған іс-әрекет.

Э.Ф.Зеердің ойынша, жоғарыда аталған факторлардың бір-біріне өзара ықпалы болашақ педагогтың кәсіби және тұлғалық дамуының негізі болады. Осыған байланысты, «студенттің кәсіби және тұлғалық қалыптасуының жеке жүйесі» оның кәсіби қалыптасу процесінің даму векторы бағытының өзгеруімен сипатталады. Адамның индивидуалды-психологиялық, тұлғалық және субъективті қасиеттерін дамыту ретінде кәсібиліктің қалыптасуы оның іс-әрекетінде, мінез-құлқында, қарым-қатынасында, әлемді қабылдауында және оған деген көзқарасында көрінетін жеке дара стильдің дамуымен қатар жүреді. Кәсіби қалыптасуының жеке жүйесін жобалау болашақ маман бейнесін жасауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар тұлғаның кәсіби дамуының кез-келген жүйесі, әлеуметтік байланыстар жүйесін құруға, егжей-тегжейлі сипаттауға, анықтауға, сонымен қатар, сәтті болуына мүмкіндік беретін модель болып табылады.

Алайда, біздің зерттеуімізде жеке дара траектория емес, студент

тұлғасының дербестелген даму моделі туралы айтылады. Сондықтан да, осы терминдердің айырмашылықтарын көрсету орынды болады деп есептейміз.

Дербестендірудің (персонализация) дараландырудан (индивидуализация) негізгі айырмашылығы – тұлғаның субъектілік ролінде. Дараланған бағыттарды, әдетте педагог әзірлейді. Ал, дербестендірілген жүйені студенттердің өздері жасайды. Егер, даралау пәнді игеру сапасын жақсарту үшін жүзеге асырылса, онда дербестендіруде жеке тұлғаның барлық салаларын дамытуға көп көңіл бөлінеді. Академиялық жетістік болса, соңғы нәтиже болып табылады. А.Г.Асмоловтың пікірінше, әркім әртүрлілік, күрделілік және белгісіздік әлемінде өмір сүруі үшін білімді осылай жинау немесе қайта құру қажет. Біз стандартты шешімдерді ғана беріп қоймай, тұлғаның өзгерістерге дайын болуына үйретуіміз керек».

Бұл ретте білім беру процесінің дуальді-бағдарлық тұжырымы бойынша оқыту құзыреттіліктері мен нәтижелеріне баса назар аудара отырып, іргелігі мен әмбебаптылығы секілді жоғары білім беру артықшылықтарына мән беруіміз қажет.

Д.С.Ермаковтың жүргізген зерттеулеріне сәйкес, қазіргі кезде қоғамның жоғарғы оқу орын түлектерінен дербес өмірге, қызметке және өзін-өзі дамытуға дайын болуын күтетіндігінде көрінеді. Алайда оған қажетті құзыреттіліктердің әзірге дейін анықталмағаны белгілі.

Біздің ойымызша, қазіргі кездегі дербестендіру, бұл студент тұлғасын дамытудың дербес жүйесіне бағытталған, фасилитатор мен студенттің біріккен білім жүйесі ретінде қарастырамыз. Дамудың осы жүйесінде білім беру модульдері, оқытудың сандық ортасын қамти отырып, нақты студентке бағытталады. Осы траекторияны бөліп көрсету, дуальді-бағдарлық оқытудың негізі болып табылады.

Қазіргі таңда, ЖОО студентінің дербестендірілген білім беру траекториясын қалыптастыру мәселесі, заманауи білім беру жүйесіндегі күрделі мәселелердің бірі болып табылады. Оның күрделілігі мен кешенді сипаты қол жеткізілген нәтижелерді бағалау, мансаптық өсуді болжау, диагностикалау, әр түрлі оқыту салаларына қатысты міндеттердің кең спектрін практикалық іске асыруды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін, сенімді тұжырымдамалық құрылымдардан басқа, базалық технологияларды әзірлеу қажеттілігімен байланысты.

Оқытудың дербестендірілген жүйесін іске асыру, тұлғаның дербес әлеуетін дамытуға жағдайлар жасайтын оқыту тиімділігін арттырумен сипатталады.

Біздің пікірімізше, қазіргі заманғы студентті дамыту мен оқытудың дербес стратегиясы, жоғарғы оқу орын тәжірибесіне тұлғааралық қатынастың коммуникативтік парадигмасын енгізуде көрінеді.

Тұлғааралық қатынас парадигмасы тьюторлық-фасилитаторлық және студенттік ынтымақтастық парадигмасымен бірге «дербес оқытуды» қалыптастырады.

Оқытудың бұл теориясы (М.В.Кларин, В.Я.Ляудис) бойынша

шығармашылық, сыни ойлау тұжырымдамасының және педагогикалық қарым-қатынастың гуманистік бағытталған тұжырымын (Л.А.Петровская, В.П.Панюшкин) қарастырған. Сонымен қатар, В.Я.Ляудис «әлеуметтік коммуникациялардың полифониясы – білім беру процесі субъектілерінің өзара әрекеттесу формаларын жүйелі ұйымдастыру, олардың тұлғааралық қарым-қатынасы және олардың формаларының даму стратегиясының теориясын дамыту процесіндегі ұстанымдарды» айқындайды [202, б.22].

Оқытудың зияткерлік және коммуникативтік компоненттерінің ішкі бірлігі «тұлғаны дамытудың дербестендірілген стратегиясы» ретінде көрсетіледі. Дербестендірілген оқыту аясында зияткерлік және коммуникативтік компоненттердің өзара үйлесіміне сәйкес коммуникативтік тұжырымдамалық мәселеге бағдарланған «мәселелік-коммуникативтік тәсіл» қарастырылады.

Жоғарыда аталған мәселелерді талдай келе, төменде дәстүрлі және дербестендірілген оқытудың салыстырмалы сипаттарын 8 кестеде көрсеттік:

Кесте 8 – Дәстүрлі және дербестендірілген оқытудың салыстырмалы сипаттамалары

Оқыту жүйесінің көрсеткіштері	Оқыту түрлері	
	Дәстүрлі	Дербестендірілген
1	2	3
Басқару бірліктері	Тұтас процесс екі автономды қызметтің өзара байланысы ретінде қарастырылады: студенттің білім беру мақсаттарына қатысты объектілік ұстанымы.	Білім беру мақсаттарына қатысты студенттің субъективті ұстанымы. Студенттің кәсіби дайындық бағыттары бойынша білім беру бағдарламасын меңгеру деңгейін, тереңдігін, қарқынын таңдауы. Полисубъектілік тәсіл (әртүрлі субъектілердің-студенттердің, педагогтардың, әкімшіліктің бірлескен білім беру әрекеті)
Мақсаттары	Пәндік-тәртіптік білімді меңгеру.	Мақсаттар деңгейін дербес таңдау және жақын даму аймағының деңгейін арттыру мүмкіндігі.
Педагогтың рөлдік ұстанымы	Пәндік-бағдарланған ұстаным, ақпараттық-бақылау функциясы басым. Студент танушы «когнитивті» индивид ретінде.	Практикалық бағытталған (білім беру жүйесінің орталығында — оқуға қатысты бастама көрсететін, оқу мақсаттары мен оларға қол жеткізу тәсілдерін таңдап алатын, өз жұмысын жоспарлайтын және нәтижесі үшін педагогтармен бөлінген жауапкершілікті мойнына алатын студент).
Педагогтің мотивациялық-мағыналық бағдары	Жалпыға бірдей жеке есеп беру, талаптардың сөзсіз болуы, студенттің жеке тәжірибесін елемей	Танымдық мотивация білім беру мен қызығушылықпен оқыту сапасының факторы ретінде.

8 - кестенің жалғасы

1	2	3
Оқу-танымдық іс-әрекетті ұйымдастыру	Репродуктивті дағдыларды қалыптастыру. Тапсырмалар жүйесі мақсат қоюдың тәуелсіздігін ынталандырмай, белгіленген мақсаттардан тыс логикада құрылады	Пәндік «қатаң» дағдылармен қатар «икемді» дағдыларды қалыптастыру. Бұл жалпы студент тұлғасының дамуын жүйелі түрде қамтамасыз етеді. Тапсырмалар өсіп келе жатқан шығармашылықтың логикасында, алынған нәтиженің әлеуметтік маңыздылығы мен мәдени пайдалылығында, танымдық іс-әрекет жүйесінің өзін-өзі ұйымдастыруға, жаңа мақсаттар қоюға, мағыналық ұстанымының өзгеруіне ықпал етеді.
Оқытудың өзара әрекеттесуі мен қатынас формалары	Педагог мақсаттар мен оларға жету жоспарларын өзі береді. Студенттердің жеке дара оқу жұмысы. Әлеуметтік және тұлғааралық өзара әрекеттестіктің біркелкілігі	Топтар арасындағы бір-біріне және педагогқа деген эмпатияның ұйымдастыру, үйлестіру, өзара әрекеттесу, кеңес беру, тұлғааралық қатынастардың әртүрлілігі мен даму динамикасы негізінде күшеюі.
Цифрлық ресурстар	Оқытудың қосалқы құралы, электрондық құралдар: оқу құралдары, оқулықтар.	Цифрлық платформа дербестендірілген білім беру траекториясын құру және іске асыру кеңістігі ретінде (студенттің жеке дара сұраныстарын ескере отырып және бірлескен іс-әрекетті ұйымдастыра отырып, оқу мақсаттарын іске асыруға арналған ресурстарды, білім беру процесін жобалауға көмектеседі.
Бақылау және бағалау	Қатаң белгіленген ережелер аясында сыртқы операциялық бақылау басым. Өзін-өзі бақылау қатаң және жағдаймен ерекшеленеді. Мотивация – педагогтың бағалауы арқылы жүзеге асырылады. Оқытудың негізгі эмоционалды компоненті теріс нәтиженің шығуымен айқындалады	Топ бөлісетін құндылықтар мен мағыналар аясында өзара және өзін - өзі бақылау басым болады. Ішкі бақылау тұлға қабылдаған құндылықтардың кең ауқымындағы барлық мінез-құлыққа қатысты қалыптасады. Әлеуметтік және тұлғалық маңызы бар мақсаттарға бағытталған және оң эмоционалды көзқарас негізінде өнімді нәтижеге қол жеткізуге мүдделі студенттер тобында өзара және өзін - өзі бағалау басым.
Студенттердің мотивациялық-мағыналық ұстанымдары	Оқу құндылықтары мен міндеттерінен алыстау, оқуды қабылдамау, танымдық мотивтер спектрінің тарылуы, өмірлік құндылықтар мен мағыналарды оқудан оқшаулау. Оқу іс-әрекетінен ішкі психологиялық алшақтық.	Бірлескен шығармашылық пен ынтымақтастық арқылы оқудың деңгейін күшейту. Оқу мен таным мотивтерін байыту, тұлғаның мотивациялық саласын кеңейту, шығармашылық іс-әрекет пен мотивтерінің пайда болуы, өзін-өзі тану, тұлғаның қадір-қасиетін бекіту.
* Ескерту: автор кестені әдебиеттерді талдау нәтижелері бойынша жасаған		

Салыстырмалы талдау нәтижесінде алынған дәстүрлі және дербестендірілген тәсілдер стратегиясының сипаттамалары дербестендірілген

оқыту процесінде коммуникативті парадигманың орны мен ролін анықтауға алғышарттар жасайды.

Дербес оқытудың коммуникативтік парадигмасын педагогикалық процестердің бірқатар маңызды сәттері өзектендірілетін педагогикалық стратегияны іске асыру нысаны ретінде көрсетуге болады:

а) педагог пен студент тұлғасының өзіндік даму негізінде жүретін, оқыту процесіне байланысты қалыптасқан табиғи қарым-қатынас;

б) педагог пен студент арасындағы, сондай-ақ, студенттер арасындағы субъект-субъективті қатынасты құруда, студенттерге бағытталған оқытудың нақты көрінісі ғана көрінеді;

в) оқу процесін диалогтық-дискуссиялық шешудің сандық негізде жаңғыртылатын және модельденетін өмірлік тәжірибеде нақты туындайтын проблемалар мен міндеттерге ситуациялық байланыстыру.

Дербестендірілген стратегия тиімділігінің негізгі шарты оны, «тьютор» мен «фасилитатор» әрекетінде коммуникативтік-рефлексивтік нысандарда қалыптастыру мүмкіндігі болып табылады.

Тьюторлық қызметтің мазмұнды компоненттері: уақыт өрісін құру (өткен шақ — қазіргі шақ — болашақ); болашақ образына қол жеткізу бойынша қадамдарды жоспарлау; жеке дара қажеттілік пен «жетістіктер өрісі» пәнінің өзара байланысын құру, тьютормен бірлескен талдау және студенттің шешімдері мен іс-әрекеттерінің рефлексиясы; өз нәтижелері мен мақсаттарын қайта форматтау және қайта белгілеу болып табылады.

Е.И.Соколова орыс және ағылшын тілдеріндегі әдеби көздерді зерттеу негізінде «тьютор», «фасилитатор» түсініктерін жоғары оқу орнында білім беру аясында қолдану ерекшелігіне байланысты бөліп көрсетті. Ал, енді төмендегі кестеде «тьютор» мен «фасилитатор» терминдерін қолдануға байланысты салыстырмалы талдау жасадық.

Кесте 9 - «Тьютор» мен «фасилитатор» терминдерінің қолданылуына салыстырмалы талдау

	Тьютор	Фасилитатор
Фокус	жеке дара жұмыс	топта жұмыс
Мақсат	жеке дара білім беру траекториясын таңдауға көмектесу	топ алдына қойылған мақсатқа табысты қол жеткізу
Уақытша фактор	оқу уақытына	нақты нәтижеге қол жеткізу үшін қажетті уақыт
Жоспарлау	жоспарлау, оқу мақсаттарына қол жеткізу	жоспар бойынша
Қолдану саласы	білім	білім
Рөлі	нақты жоспарсыз	жоспар бойынша
Қатынасы	таңдау бойынша	жұмыс бойынша
Әсер ету көздері	лауазымы, кәсібилігі	тұлғалық қасиеттер
Индивидуалды нәтиже	білім берудегі жетістіктер	тұлғалық қасиеттерін ашу арқылы топтағы жетістіктер
Қолданыс шектеулері	жоғары білім	білім, психология

Жоғарыдағы кестеге талдау жасайтын болсақ, нақты бір мәдени немесе кәсіби негізге байланысты заманауи үздіксіз білім беру жүйесінде аталған терминдерді қолданудың ерекше мәнге ие екендігі айқындалды. Ал енді, 10 кестеде «тьютор» және «фасилитатор» терминдерінің функциялық және мазмұндық компоненттеріне салыстырмалы талдау жасайық:

Кесте 10 - «Тьютор» және «фасилитатор» терминдерінің функционалдық және мазмұндық компоненттеріне салыстырмалы талдау

Мазмұны	Тьютор	Фасилитатор
1	2	3
Терминдердің пайда болуы	Тьютор (ағылш. tutor-тәлімгер, оқытушы) - бейресми педагогикалық лауазым. Тьюторлық феномен еуропалық университеттердің тарихымен тығыз байланысты және Ұлыбританиядан келеді. XVII ғасырда тьюторлық жүйе ресми түрде ағылшын университеттік жүйесінің бөлігі ретінде танылды. Теориялық негіз-тұлғаға бағытталған тәсіл	Фасилитатор (ағылш. facilitator, лат. facilis "жеңіл, ыңғайлы") - бұл топтық қарым-қатынасты сәтті қамтамасыз ететін адам. Фасилитация (ағылш. facilitate-көмектесу, бағыттау, жеңілдету) – топтық талқылауды тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік беретін процесс, дағдылар тобы және құралдар жиынтығы. Фасилитацияның негізгі мақсаты-топтық тиімділікті арттыру. Фасилитацияның теориялық негізі психотерапиядағы адамға бағытталған тәсіл болып табылады (К. Роджерс)
Тұлғалық аспект	Ресурстық-мақсатты өрістегі іс-әрекеттерді ұйымдастыру, онда субъект өз мүмкіндіктерінің ауқымы мен шекараларын анықтауы керек. Әрекеттер процесін экрандау және олардың алға жылжу нәтижелерін түсіну үшін басқаның «енгізілген» позициясы	Білім берудегі фасилитация, жеңілдету, ықпал ету, әрекет етуші, құрушы тұлғалық және кәсіби өзін - өзі дамытуға қолайлы жағдай жасау механизмі. Басқа адамды оң қабылдауы тұлғаның дамуындағы тұлғаның өзін-өзі тануы. Жаңа шешімді әзірлеу
Қалыптастырушы әсер	Идеалдылық (мәдени үлгілер) пен реалды (қалаулар, қызығушылықтар, мотивтер) бар, жетістікке жетудің диалогтық өрісінде субъектінің қозғалысын құру	Коммуникативтік құзыреттерді, тұлғааралық қарым-қатынас технологияларын, білім алушылармен топтық келісімшарттарды қалыптастыру, оқыту процесін диалаларда, топтарда еркін қарым-қатынас жасауды ұйымдастыру
Нәтиже	Мәні мен уақытына байланысты ойларды жүзеге асыруды қамтамасыз ету. Студенттің жұмысын басқалардың бағалау критерийлерін түсінуін	тұлғааралық қарым-қатынас процестерінде адамның конструктивті тұлғалық әлеуетін өзектендіру. Тұлғааралық қатынастардың ерекшеліктеріне негізделген жаңа құндылықтарды игерудегі өзін-өзі

10 – кестенің жалғасы

1	2	3
Нәтиже	қамтамасыз ету үшін құралдарды таңдауда жүйені ерекшелеу	тану мәселесі
Нәтиже	Нақты әрекетті іздеп табу, оны жүзеге асыру және сынақтан өткізу	Процестің мазмұнына араласпай, талқылау процесін басқару
	Студенттің өз мүмкіндіктерін сынап көруді таңдау негізгі мазмұн болып табылатын білім беру кеңістігін құру	Біреудің үстемдік ету және өз пікірін білдіру әрекеттерін тоқтату, барлығын талқылауға тарту
	Студенттің мінез-құлқы мен қалауларымен мәдени үлгілерді, нормаларды, ұғымдарды байланыстыру	Әр пікірлердің ескере отырып, талқылауды қорытындылау, Қатысушыларды осы нәтижеге жауапкершілікпен қаратып, кездесуді қорытындылау

Жоғарыда талқыланған түсініктерге салыстырмалы талдау жасау, фасилитатордың да, тьютордың да негізгі міндеті - рефлексивті орта құру және студенттерді рефлексивті белсенділікпен оқыту мотивтерін жаңарту процесін басқару болып табылады.

Сандық ортадағы бірлескен танымдық іс-әрекеттің көрінісі әр адамға басқа адамның көзқарасын қабылдауға немесе қабылдамауға, оның мотивтерін, мақсаттарын, тәсілдерін іштей салыстыруға мүмкіндік береді. Мотивтердің үйлесімділігі бірлескен іс-әрекеттің маңызды шарты болып табылады. Фасилитатор мен тьютордың іс-әрекеті студент жастардың «құндылықты қатынастар кешенін» тұлғаға, жалпы қоғам үшін маңызды болып саналатын және оларға күмән келтірілмейтін, білім беру процесінің қалыптасуына бағытталған.

Осылайша, біз төмендегі тұжырымдарға келеміз:

1. Фасилитатор мен тьютордың қызметін біріктіру және оны оқытушының тьюторлық-фасилитаторлық функционалы деп белгілеу қажеттілігі;

2. Жоғары мектеп оқытушысының тьюторлық-фасилитаторлық функциясында, педагогтің үздіксіз кәсіби-педагогикалық өзін-өзі дамытуға бағытталуын қалыптастыру. Сонымен қатар, құзыреттілік деңгейін арттыру, өзін-өзі танытуға ұмтылу және рефлексияның жоғары деңгейіне қол жеткізу болып табылады;

3. Оқытушының тьюторлық-фасилитаторлық қызметінің басқарушылық функциясы келесіде көрінуі тиіс:

- білім беру процесіне дуальді-бағдарлық тәсілді енгізу;
- білім берудің сандық кеңістігіне дуальді-бағдарлық оқытуды енгізу;
- нәтиженің студент тұлғасының мотивациясына қол жеткізуге бағыттауы;
- сандық білім беру процесінде тұлғаны қалыптастыруға психологиялық-

педагогикалық жағдайлар жасау;

- және ең бастысы, студент тұлғасын тиімді дамыту стратегиясын әзірлеу.

Жоғары мектеп тәжірибесінде психодиагностикалық процедураларды қолдану, әдетте білім беру сапасын жақсарту, студенттің ақыл-ойының кемелденуіне, тұлғалық өсуіне ықпал ету, оқытушылар кәсіпқойлылығының психологиялық критерийлерін әзірлеу, талапкерлерді іріктеп таңдау кезеңдерінде психологиялық әдістерді қолдану және оқытуың табыстылығын бақылау» сияқты бірнеше дәстүрлі мақсаттарға қол жеткізеді.

Осы бағытты белсенді түрде зерттеп жатқан авторлар (Н.Б.Жиенбаева, Ұ.М.Әбдіғапбарова, А.А.Сманова, Э.Айтенова) «психодиагностикалық деректерді (психологиялық диагноз қою нәтижелері секілді) талдаудың іс-әрекетті ұйымдастыру критерийлерімен байланысына негізделген (оқу, оқыту) немесе адамның психологиялық құзыреттілігін арттыруды көздейтін басқа да (психологиялық емес) тәжірибелік мәселелерді шешуге бағытталған барлық салада қолдануға болады» деген тұжырымға келді. Бұл ретте психодиагностиканың оқу іс-әрекетімен байланысы студенттің оқудың өзіне емес, ЖОО-да оқу жағдайына бейімделуіне түрткі болады. Біз ұсынып отырған оқытудың жеке траекториясын қалыптастыру моделі, студенттің зияткерлік қабілеттері мен психологиялық ерекшеліктеріне басты назарға алынбай, оның болашақтағы кәсіби өсуін болжау басты орынға қойылады. Қазіргі жоғары білім берудегі мамандықтардың алуан түрлілігіне қарамастан, кез келген ЖОО-ның бітіруші түлегі бір мамандық шегінде өзін кем дегенде үш тәсілмен кәсіби шеберлікте, әкімшілікте және ғылымда көрсете алады. Соңғы тәсіл – ғылымда кәсіби тұрғыдан өзін көрсету – оқытушылық қызметті де қамтиды. Мансаптық дамудың осы үш типі нақты мазмұнына қарамастан кәсіби білім беруге негізделеді. Алайда, мансаптық дамудың таңдалған бағытының белгілі бір білім мен дағдылардың болуын қажет етеді. Заманауи психодиагностика үшін мансаптың типін оны жүзеге асырғанға дейін жоғары сынып оқушысы немесе талапкер кезінде кәсіби бағдарлау кезеңінде болжауға болады.

Болашақ арнайы педагогтың практикалық бағыттағы құзыреттілігін қалыптастыру процесінің маңызды сипаттамалары мен мазмұны, бұл маманның кәсіби-тұлғалық қалыптасуының дербестендірілген, мақсатты және әлеуметтік бағытталған процесі болып табылады. Осының негізінде құндылықтық-дүниетанымдық және мотивациялық позициясы жасалып, білім компоненті қалыптасып, сонымен қатар ерекше білім алуға қажеттіліктері бар оқушыларды тәрбиелеуде, оқыту барысында қолданбалы іс-әрекет тәжірибесіне ие болады.

Жоғарыда аталған міндеттердің шешімін табу әлеуметтік тұрғыдан маңызды болып отыр. Себебі, ЕББҚ бар балаларды оқыту мен тәрбиелеуді дұрыс іске асыруда, арнайы педагогтар өзінің кәсіби қызметінің ерекшелігімен, жалпы және арнайы білім беруді интеграциялаудың заманауи тенденциясымен анықталатын практикалық құзыреттіліктерді меңгеруіне байланысты[203].

Сонымен, практикаға бағытталған құзыреттілік - бұл мүмкіндігі шектеулі және ерекше білім беруді қажет ететін балалардың сапалы білім алуға тең

құқықтарын жүзеге асыруға, кәсіби қызметте практикаға бағытталған функцияларды иеленуге, бейімделу, әлеуметтену, интеграциялау және білім беру мақсаттарына қол жеткізуде, білім беру процесіне қатысушылардың өзара әрекеттесуін ұйымдастыру тәжірибесінен көрінетін арнайы педагогтың әмбебап тұлғалық және кәсіби сипаттамасымен айқындалады.

Осылайша, цифрлық ортада дуальді-бағдарлық оқытудың негізі ретіндегі дербестендірілген формасы - бұл әлеуметтік тұрғыдан маңызды қоғамдық мәселелерді шешуін, өзі (тұлғаның әлеуметтік маңызды сипаттарының қалыптасуы) және қоршаған ортасы үшін маңызды нәтижелерге қол жеткізуге ықпал ететін психикалық белсенділік деңгейін көрсетуде болашақ кәсіби қызметті меңгеруге деген студенттің қабілетін түсінеміз.

Болашақ арнайы педагогты ЕББҚ бар балаларға білім беру процесінде арнайы педагогтарды дербестендірілген оқытудың дуальді-бағдарлық қамтамасыз етілуін жетілдіруге ықпал етуі тиіс тұлға ретінде сыни тұрғыдан зерттеу және түсіну маңызды. Білім беру бағдарламаларын реформалауда сапасы жоғары, икемді әрі дара білім беру траекториялары мен стратегияларының мүмкіндіктерін қамтамасыз етуі тиіс.

Дербестендірілген оқытудың оқушы мен оқытушы нысанында жүз жылдан аса жүзеге асырылып келе жатқандығын айта кету керек. Көптеген ғылыми орталарда оқытуды адамның білетіні мен жасай алатынын тұрақты түрде өзгерту ретінде сипаттап келеді.

Дербестендірілген оқыту – бұл өзін-өзі ұйымдастырудың өнімі болып табылатын, іс-әрекеттің кешенді тәсілі немесе жеке дара қажеттіліктер мен мақсаттарға сәйкес оқыту мен жеке нұсқаулары болып табылады. Сондай-ақ, дербестендірілген оқыту мотивацияны, қызығушылықты және түсінуді арттыратын, оқушылардың қанағаттанушылығын және оқытудың тиімділігін арттыратын тиімді тәсіл бола алады. Дара оқытуға мысалы ретінде студенттердің өзінің білімін белсенді түрде арттыруға, белгілі бір мәселені шешуге мүмкіндік беретін жобалық технология болып табылады. Оқытудың осы үлгісімен студенттер адалдық, жауапкершілік, сонымен қатар қарым-қатынас жасу қабілеті, басқалардың сын-пікірлері мен ұсыныстарын қабылдау сияқты қасиеттерін дамытуға мүмкіндік алады. Жобалық тапсырмаларды орындау студенттерді өз бетімен сілтемелерді табуға және оларды оқу процесіне бағыттауға ынталандырды. Себебі, меңгерілген материал шынайы өмірмен тығыз байланысты болады. Бұған дәстүрлі оқытумен салыстырғанда жаратылыстану ғылымдарында үлгерімнің жақсаруына оң әсер етеді, оқу кезінде студенттердің академиялық үлгерімін тиімді және жақсы оқу нәтижелеріне қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Осы орайда зерттеудің мақсаты - студенттердің академиялық үлгерімі мен мотивациясын арттыруға бағытталған дербестендірілген оқытудың негізі ретінде жеке дара стратегияларды ғылыми дәлелдеумен зерделеу болып табылады.

Жүргізілген сауалнама нәтижелеріне жасалынған талдау, қазіргі заманғы студенттердің стандартталған білім қызметерін алуға мотивацияланбағандығын,

сонымен қатар, дара стратегиялар дербес оқытудың нысандары ретінде болашақ маманды кәсіби даярлаудың барлық аспектілерін қамтитын негізгі тренд екендігін көрсетті.

Өкінішке орай, қазіргі кезде университеттерге осындай тәсілді іске асыру қиынға соғып отыр. Себебі, дербестендірілген оқыту кезінде білім беру модульдері нақты бір студентке қатысты бейімделіп жасалынады.

Болашақ маманды даярлауда дербес стратегияларды қолдану үшін: нақты мекеменің құрылымын зерттеу, білім беру бағдарламаларына талдау жасау, оқытудың дара стратегияларының негізінде сабақтар өткізу керек.

Осы зерттеуде біз даралануды (индивидуализация) білім алушының қызығушылықтарына, белсенділігіне, бастамашылдығына және педагогтың ашық рефлексивті позициясына бағдарланған білім берудегі өзара іс-әрекеті ретінде қарастырамыз. Сәйкесінше, дараланудың мінез-құлық компоненттерінің, оқыту сапасының суб-аспектілері мен тиісті бағдарларының арасында әртүрлі байланыстар болуы мүмкін. Себебі, олардың өзара байланысына арналған зерттеулер өте аз.

Біздің жүргізген талдауымыз арнайы педагогтарды дуальді-бағдарлық даярлауда, оқытудың дара стратегияларының студенттердің академиялық үлгерімі мен мотивациясына ықпал етеді деген болжамға негізделді. Осыған байланысты, біз алдымызға келесідей мақсаттарды қойдық:

- оқытудың дербес стратегиясын дуальді-бағдарлық даярлаудың тиімді тәсілі ретінде ерекшелеп көрсету;

- дербестендірілген оқыту стратегиялары жоғары оқу орындарында қалай қолданылатындығын және олардың академиялық үлгерімі мен студенттердің мотивациясына қалай әсер ететінін білу үшін студенттер мен оқытушыларға сауалнама жүргізу;

- алынған нәтижелерге сүйене отырып, мүмкін болатын шешімдерді, қосымшаларды, академиялық үлгерімді арттыру және студенттерді ынталандыруда, дербестендірілген оқыту стратегияларын табу.

Алға қойылған мақсаттарға сәйкес, ақпарат жинақтау үшін студенттер мен оқытушылардан сауалнама алуды қамтитын эмпирикалық зерттеу жүргізу туралы шешім қабылдадық. Зерттеуде ақпарат жинау және сауалнама мәндерін түсіндіру мен интерпретациялау үшін сандық зерттеу әдістемесі қолданылды.

ЖОО педагогтарының арасында кәсіби білім беруде оқытудың дара стратегияларына қатынасты бағалау үшін сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға Қазақстанның педагогикалық жоғары оқу орындарының алпыс бес оқытушысы қатысты. Респонденттердің орташа жасы 43,2 жасты құрады. Сауалнамаға қатысу алдында педагогтар экспериментке қатысуға келісім қағазына қол қойды.

Кесте 11 - Профессорлық-оқытушылық құрам саны

Жоғарғы оқу орын атауы	Сұралғандар саны
Абай атындағы ҚазҰПУ	33
ҚазҰҚПУ	32
Барлығы	65

Сонымен қатар, сұрауға 18-21 жас аралығындағы барлығы 179 студент қатысты. Олардың 63%-ы әйелдер және 37%-ы ер адамдар. Барлық студенттер күндізгі бөлімде білім алады және өткен емтихандарының нәтижелері бойынша барлық студенттердің үлгерімі жоғары.

Кесте 12 - Жоғарғы оқу орын студенттері

Оқу мекемесінің атауы	Сұралғандар саны
Абай атындағы ҚазҰПУ	129
ҚазҰҚПУ	50
Барлығы	179

Зерттеу ауқымын кеңейту үшін, бірінші курстан төртінші курсқа дейінгі студенттер арасында сауалнама жүргізілді.

Қатысушыларды таңдап алу критерийі

Бірінші және төртінші курс студенттері зерттеу ауқымын кеңейту үшін таңдап алынды. Осы мақсатта «6B019 – Арнайы педагогика» білім беру бағдарламасының студенттері зерттеуге қатысты. Бұл зерттеу, студенттердің академиялық үлгерімі мен мотивациясын арттыруда дербестендірілген оқыту стратегиясын оқуда қолдануға байланысты жағдайды неғұрлым толық бағалауға мүмкіндік берді.

Педагогтар мен студенттер арасында жүргізілген сауалнамалардың нәтижелері «оқытудың жеке стратегиялары студенттердің академиялық үлгерімі мен мотивациясын арттыру құралы ретінде» тақырыбына деген олардың ойлары әртүрлі болғанын көрсетеді. Бұл бізге оқытушылар мен студенттердің осы жағдайға көзқарастарын жан-жақты бағалауға мүмкіндік берді.

2.2 Арнайы педагогтарды даярлау процесінде дуальді-бағдарлық оқытуды ұйымдастырудың эксперименттік бағдарламасы

Жоғарыдағы тараулар мен тармақшаларда арнайы педагогтарды дуальді-бағдарлық оқыту процесінде даярлаудың әдіснамалық негіздері мен тұғырлары қарастырылып, арнайы моделі ұсынылды. Осы атқарылған жұмыстың нәтижесі ретінде ұсынылған модельдің әдістемелік жүйесінің тиімділігін бағалау мақсатында эксперимент өткізуді жоспарлап отырмыз.

Эксперименттің таным әдісінің ерекше түрі ретіндегі атқаратын қызметі өте жоғары. Зерттеу тақырыбымыз бойынша жүйеге түсірілген әдіснамалық негіздер мен теориялық тұжырымдар, арнайы педагогтарды дуальді-бағдарлық оқыту процесінде даярлаудың моделін анықтап, әдістемелік жүйе ретінде тануға

мүмкіндік берді. Ғылыми тәжірибе ретінде экспериментті өзінің танымдық логикасына, тәртібіне сай ұйымдастырып, өткізу өте маңызды болып табылады.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмысты ұйымдастыру, жүргізу, нәтижелерін талдау логикасына сүйене отырып, 2018-2021 жылдары ішкі кезеңдеріне бөлініп, үш кезеңде – анықтау, қалыптастыру және бақылау бойынша өткізілді. Әр кезең ерекше тұтастығымен белгілі бір деңгейдегі жүйе болып өз мақсаты мен міндеттері, орындалуы тиіс әрекеттер мен жұмыстардың мазмұны, олардың белгілі бір нәтижелері анықталған жүйемен жүргізілді.

Біздің зерттеу жұмысымыз негізгі ғылыми болжамымызға сәйкес дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында арнайы педагогтарды даярлаудың теориялық және практикалық құрамдас бөліктері негізінде құрылды. Осыған сәйкес зерттеудің нысандары, әдістері мен барысы жүзеге асырылды.

Арнайы педагогтарды дуальді-бағдарлық оқыту процесінде даярлығын қалыптастырудың тәжірибелік-эксперимент жұмыстары Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті мен Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінде жүргізілді. Экспериментке 65 оқытушылар мен 179 студенттер қатысты.

Дуальді-бағдарлық оқыту процесінде арнайы педагогтарды даярлаудың теориялық, практикалық құрамдас бөліктері анықталып, осыған сәйкес әдістемелер таңдалып алынды.

Арнайы педагогтарды даярлау процесінде дуальді-бағдарлық оқытуды ұйымдастыруда келесі әдістер топтастырылды:

- «ЖОО-да оқу мотивациясы» әдістемесі (Т.И. Ильина);
- «Студенттердің оқу мотивациясын диагностикалау» әдістемесі (А.А.Реан және В.А.Якунин, Н.Ц.Бадмаев модификациясы);
- «Тұлғаның табысқа жету және сәтсіздіктен қашу мотивациясы» әдістемесі (Т.Элерс);

Экспериментке ЖОО-дың профессорлық-оқытушылық құрамы мен студенттері кәсіби іс-әрекетіне деген құндылық қатынасының және компоненттерінің қалыптасу деңгейін зерттеуде, біз диагностиканың таңдаулы әдістерін іріктей отырып зерттеу жүргіздік.

Жоғарыда атап өткендей, тәжірибелік-эксперимент үш кезеңде жүзеге асырылды:

- анықтау (2018-2019 жылдар аралығы);
- қалыптастыру (2019-2020 жылдар аралығы);
- бақылау (2021 жыл).

Сұрау жүргізуде, кәсіби білім беруде оқытудың неғұрлым кең таралған дара стратегиялары ұсынылды. Нұсқау бойынша, олар бірнеше нұсқаны таңдай алады. Келесі сауалнама сегіз сұрақтан тұрды, онда студенттерге кәсіби білім беруде оқытудың жеке дара стратегиялары жайлы өз пікірлерін білдіре отырып, оң немесе теріс жауапты таңдау ұсынылды. Ал, зерттеудің екінші бөлімі оқытушыларға қатысты жүргізілді. Педагогтарға неғұрлым кең таралған әрі тиімді стратегияны таңдау ұсынылды.

Бақылау және эксперименттік топтарда жүргізілген зерттеу нәтижесінде іріктелген әдістерді қолдана отырып, төмендегідей нәтижелерге қол жеткіздік, 13 – кестеде берілген:

Кесте 13 - Профессорлық-оқытушылық құрамнан алынған сауалнама нәтижелері

Дербестендірілген оқыту стратегиялары	Жауаптардың сипаттамасы
Нәтижеге назар аударуды үйреніңіз	Жоғары білім беру аясында студенттерді нақты нәтижеге қол жеткізуге үйретеді.
Тәлімгерлік	Мұғалім көмекші ретінде де әрекет етеді, яғни оқушының іс-әрекетін белгілі бір бағытта басқарады.
Білімді оқытусыз беру мүмкін еместігі	Мұғалім оқушылардың білетін біліміне сүйене отырып, олардың кәсіби дағдыларын дамытады
Білім беру сапасын қолдау бағдарламалары	Оқытушылар мен студенттерге қажетті ақпаратты ұсыну (мысалы, арнайы бағдарламалар, оқу курстары және т. б.)
Проблемалық оқыту	Жобалық оқыту, кейс-технология, сыни ойлау технологиялары.
Тұлғаға бағытталған тәсіл	Деңгейлік дифференциациялау технологиясы
Зерттеудің оқыту технологиялары	Барлық студенттерді олардың анықталған ғылыми қызығушылықтарына сәйкес зерттеу іс-әрекетіне қосу; білім алушылардың ғылыми жұмыстарын басқаруға ғылыми күштерді тарту; оқушыларды ғылыми әдебиеттермен жұмыс істеуге үйрету, ғылыми зерттеу мәдениетін қалыптастыру.
Таза білім беру жүйесі	Студенттердің қажеттіліктеріне негізделген білім беру мазмұнын кеңейту

Оқытушыларға кәсіби білім беруге де, жалпы жоғары білім беруге қатысы болуы мүмкін сегіз сұрақ берілді. Олардың ішінде тұлғалық, ақпараттық және жалпы білім беру аспектілермен байланысты сұрақтар да бар. Осы сауалнамадан алынған мәліметтер оқытушылардың кәсіптік білім берудегі қандай тенденцияларды маңызды деп санайтындығын бағалауды айқындайды.

Алынған мәліметтерді талдау


Сауалнама жүргізілгеннен кейін «Microsoft Excel» бағдарламасының көмегімен материалдарды математикалық және статистикалық өңдеу әдістерімен зерттеу мәліметтеріне талдау жасалды.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың ішкі кезеңдерінің мақсат-міндеттері алдын ала нақтыланды.

Алынған мәліметтерге сүйенсек, шамамен 28 сауалнама дұрыс толтырылмағандықтан (кейбір респонденттер барлық сұраққа толық жауап бермеген немесе бірнеше нұсқаны таңдаған), сауалнаманың 4%-ы дұрыс емес көрсетілді. Әрбір жауапты (жауап нұсқасын) талдау кезінде оны таңдаған

респонденттер саны есептелінді. Әрі қарай нәтижелерді есептеп шығару кезінде мәліметтер әрбір тармақ бойынша респонденттердің жалпы санынан пайыздық арақатынас түріне өзгертілді.

«Арнайы педагогика» білім беру бағдарламасы студенттерінің оқу іс-әрекетінің мотивтері 10-суретте келтірілген.



Сурет 10 - Студенттердің оқу іс-әрекетінің мотивтерін таңдау нәтижелері

«Арнайы педагогика» білім беру бағдарламасы бағыты бойынша білім алатын студенттердің оқу іс-әрекеті полимотивацияланған. Негізгі мотивтердің көп бөлігі білім алу мотивациясының жалпы деңгейін арттырады. Мотивтер мықты және әлсіз болып бөлініп, мотивацияға ықпалы бойынша бірдей болмады. Барлық студентте дерлік (95,7%) ең мықты мотив – жоғары білікті маман болу, яғни студенттер өзін кәсіби маман (кәсіби мотив) ретінде дамыту және қалыптастыруға бағдарланған. Терең әрі мықты білім алу мотиві (89,4 %) білім алуға, ЖОО-ның білім алу бағдарламасын меңгеру мотивациясын өзектендіруді білдіреді (оқу мотиві). Болашақ кәсіби қызметтің табыстылығын қамтамасыз ету мотиві (83,0 %) – студент кәсіпқой болу үшін оқитындығын білдіреді (кәсіби мотив). Зияткерлік қанағаттану (70,2 %) – осы мотивті таңдау тек білім алып қоймай, оны меңгеруден және ізденуден зияткерлік қанағаттануды білдіреді

(оқу-танымдық мотив, эстетикалық). 55,3 % студент үшін диплом алу маңызды (кәсіби, прагматикалық мотив). Ата-ана мен жақын адамдардың тарапынан жағымды баға алу 38,4 % студент үшін маңызды (престиж мотиві). Курстастардан қалып қалмау және педагогикалық талаптарды орындау секілді мотивтер студенттер үшін мүлдем маңызды еместігі айқындалған.

Мотивация құрылымында оқу іс-әрекетіне қатысты (сыртқы және ішкі мотивтер) мотивтердің сапалық сипаттамалары да маңызды болып табылады. Сыртқы мотивация білім алушыны ынталандыру, сонымен қатар, жазалауға, әртүрлі сыртқы стимулдарды қолдануға негізделген. Мұндай жағдайда оқу іс-әрекеті студент үшін маңызды емес болады. Ішкі мотивацияның бастаулары студент тұлғасының ішкі дүниесінен басталады. Ол үшін оқу іс-әрекеті оның қажеттіліктерін қанағаттандыратын тұлғалық сипатқа ие. Ішкі мотивация тұлғаның өзін-өзі бағалауын арттырады, жасап жатқан жұмысын қанағаттандырады және қызығушылық тудырады. Студенттер оқу іс-әрекетінің ішкі және сыртқы мотивтерінің құрылымы төмендегі кестеде көрсетілген.

Кесте 14 - Оқу іс-әрекетіне қатысты мотивтерді топтастыру

Мотивтер тобы	Мотивтер	Нәтиже, %
Ішкі	Жоғары білікті маман болу	95,7
	Терең әрі мықты білім алу	89,4
	Интеллектуалды қанағаттану	70,2
Сыртқы	Болашақ кәсіби қызметтің табыстылығын қамтамасыз ету	83,0
	Диплом алу	55,3

Т.И.Ильинаның [204] «ЖОО-да оқу мотивациясы» әдістемесі бойынша студенттерден сауалнама алу, үш шкала «Білім алу» (білім алуға ұмтылыс, білуге құмарлық); «Мамандықты меңгеру» (кәсіби білімді меңгеруге, кәсіби маңызды қасиеттерді қалыптастыруға ұмтылу) және «Диплом алу» (диплом алуға ұмтылыс, емтихандар тапсыру кезінде жеңіл жолдарын іздеуге ұмтылу) бойынша алынған нәтижелерге талдау жасаймыз. Тестілеу нәтижелері келесі 15-ші кестеде көрсетілген:

Кесте 15 - ЖОО-да студенттердің оқу мотивациясы бойынша көрсеткіштері

Шкала	Студенттер тобындағы мән	Максималды мән
Білім алу	6,8	12,6
Мамандықты меңгеру	5,6	10,0
Диплом алу	6,5	10,0

«Білім алу» және «Мамандықты меңгеру» шкалалары бойынша студенттер орташа көрсеткішті көрсетті. Сонымен қатар, диплом алуға деген ұмтылыс жоғары еместігін алынған нәтижелерден байқауға болады.

Сәтсіздіктен қашу мотивациясы тұлғаның күш-жігерін мақсатқа емес, ықтимал жеңілістер мен шығындардан аулақ болуды білдіреді. Яғни, бұл олар үшін тиімсіз стратегия болып табылады. Студенттерде сәтсіздіктен қашу мотивациясы, оларда белгілі бір бастаманың болмауынан, өз-өзіне күмәнданудан, сыннан қорқудан, адекватты емес тапсырмаларды таңдаудан көрінеді. Студенттердің жетістікке жетуі мен сәтсіздіктен қашуына бағытталған әдістеменің нәтижесі, белгілі бір градацияға сәйкес бағаланды. Студенттердің мотивация деңгейлері төмендегі кестеде келтірілген.

Кесте 16 - Студенттердің табысқа жету және сәтсіздіктен қашу мотивацияларының көрсеткіштері

Мотивация	Студенттердегі мотивация деңгейі	Мотивацияның айқындылығы
Табысқа жету	15,6	Орташа – 11–16
Сәтсіздіктен қашу	17,7	Жоғары – 17–20

Студенттердің психологиялық мінездемесінде табысқа жету мотивациясы бар. Студенттер өз іс-әрекетінің нәтижелерін жақсартуға ұмтылуы мен жетістікке қол жеткізу қажеттілігінің деңгейі (15,6 балл) орташа бағаланады. Сәтсіздіктерден қашу мотивациясы (17,7 балл) студенттерде басым көрінеді. Сәтсіздіктерден қашу мотивациясы, студенттің оқу белсенділігін, оның шығармашылық қабілеттерін шектейді, өзін-өзі бағалауын төмендетеді және академиялық табыстылыққа қол жеткізуге кедергі келтіреді. Сәтсіздіктен қашу мотивациясы, студенттің жеке мазасыздығы мен эмоционалды тұрақсыздық деңгейін жоғарылататыны анықталды. Бұл оның оқу іс-әрекетінің тиімді болуына теріс әсер етеді.

Осылайша, студенттердің оқу мотивациясы ішкі және сыртқы мотивтердің өзара әсер етуімен қамтамасыз етіледі.

Жетекші (мықты) мотивтер болашақ кәсіби қызметке және қажетті білімді меңгеруге бағытталған. Мотивтердің жиынтығында ішкі оқу және оқу-танымдық мотивтердің болуы маңызды болып табылады. Бұл студенттердің жаңа білімдерді іздеуге, игеруге, өзіндік кемелденуіне деген тұрақты ұмтылысын білдіреді.

Студенттердің мотивациялық сферасына келетін болсақ, олардың сәтсіздіктерден қашу мотивтері табысқа қол жеткізу мотивтерінен басым келеді. Ал бұл, оқу қызметінің табыстылығына теріс әсер етуі мүмкін және студенттерде жетістікке қол жеткізу мотивациясының сапаларын дамытуда психологиялық қолдау қажеттілігін көрсетеді.

Студенттердің кәсіби білім беруде дуальді-бағдарлық оқытудың дара стратегияларына қатынасын анықтау сауалнама арқылы жүргізілді. Оның нәтижелері 17-ші кестеде келтірілген.

Кесте 17 - Студенттердің дуальді-бағдарлық оқытудың дара стратегияларына қатынасы

Сұрақ	Жауаптар нәтижелері, %		
	Иә	Жоқ	Сенімді емеспін
1	2	3	4
1. Қазіргі білім беруде көп өзгерістердің байқалатындығымен келісесіз бе?	94	5	1
2. Кәсіби білім беруде дуальді-бағдарлық оқыту студенттердің академиялық үлгерімі мен мотивациясын арттыру құралы болып табылады ма, сіз қалай ойлайсыз?	85	5	10
3. Сіз дуальді-бағдарлық оқытуды білім беру үдерісінің қажетті процесі ретінде енгізу қажет деп санайсыз ба?	53	47	-
4. Сіз кәсіби білім беруде дара стратегияларды дуальді-бағдарлық оқытуды іске асырумен байланысты деп ойлайсыз ба?	95	-	5
5. Сыни ойлау технологиясы, кейс-технология, деңгейлік дифференциация технологиясы дуальді-бағдарлық оқытудың көрсеткіштері ретінде оқытудың дара стратегияларына сәйкес келуі мүмкін ба, сіз қалай ойлайсыз?	74	26	-
6. Сіздің ойыңызша, ғылыми зерттеулерге қатысу академиялық үлгерім мен оқуға мотивацияны арттыра алады ма?	68	22	10
7. Оқу жобаларын оқыту процесіне енгізу академиялық үлгерім мен оқуға мотивацияны арттыруға көмектеседі ме?	71	29	-
8. Сіздің оқу мекемеңізде оқытушылар оқытудың дара стратегияларын қолданады дегенмен келісесіз бе?	91	1	8

Бірінші сұрақ бойынша алынған нәтижелер жоғары деңгейді көрсетті. Яғни, респонденттердің 94%-ы заманауи білім беруде көптеген өзгерістердің орын алып жатқандығымен келісті. Бұл студенттердің осы өзгерістерді сезінгендігін білдіреді. Себебі, олардың көпшілігі студенттердің өздерімен байланысты. Екінші сұрақ бойынша қол жеткізген нәтижелер де жоғары нәтижені көрсетті. 85% респондент кәсіби білім беруде өзін-өзі дамытуға және өзін-өзі көрсете алуға қабілетті, қоғамды дамытуға қатысты әлеуметтік белсенді маманмен қамтамасыз ететін оқытудың дуальді-бағдарлық тәсілдемесі қажет деп санайды. Келесі сұраққа берілген жауаптар екі жақты болды – яғни, сұралған студенттердің 53%-ы дуальді-бағдарлық оқытуды алға қоюды заманауи процесс деп санаса, қалған 47%-ы олармен келіспейді. Мұндай нәтижелер қазіргі кезеңде дуальді-бағдарлық оқытудың жаңа бағыт емес, шындық ретінде болуы қажеттілігімен сипатталуы керек.


Келесі сұрақ бойынша студенттердің пікірі бірауыздан шықты. Яғни, респонденттердің 95%-ы дуальді-бағдарлық технологияны дамыту, оқытудың дара стратегиясымен байланыстырады деген тұжырыммен келісті. Бұл

респонденттердің технологиялық тәсілдемелерді өз бетімен білім алуға жатқызатындығын білдіреді. Келесі сұрақ бойынша нәтижелер де жоғарғы көрсеткішті көрсетті. 74% респондент сыни ойлау, кейс-технология, деңгейлік дифференциация технологиясы секілді технологияларды оқытудың дара стратегияларының жаңа процестері ретінде санайды. Қалған 26%-ы бұл технологияларды инновациялық технологиялар, мәселелік оқыту ретінде анықтауға болады деген ойды ұстанып отырса да, олардың пікірімен келіспеді.

Алтыншы сұраққа келетін болсақ, сұрау нәтижесінде алынған деректер күтпеген жерден төменгі нәтижені көрсетті. Тек, 68% респондент қана ғылыми зерттеулер, академиялық үлгерім мен оқуға мотивацияны арттыруға көмектеседі деген пікірмен келісті. Осындай төменгі нәтижені жоғары оқу орындарында оқу тапсырмаларын дайындауға және орындауға көп уақыттың кететіндігімен түсіндіруге болады. Респонденттердің көбісі (71%) оқу жобаларын оқыту процесіне енгізудің академиялық үлгерім мен оқуға мотивацияны арттыруға көмектесетіндігімен келісті. Осы сұраққа жауап бере отырып, студенттерден өз пікірлерін білдіруді сұрадық. Бұл тұжырыммен келіспеген 29% респондент өздерінің жеке қалауларына байланысты теріс жауапты таңдауы мүмкін.

Респонденттің 91%-ы өздерінің жоғары оқу орындарында оқытудың дара стратегияларының азды-көпті қолданылатындығын атап өтті. Мұндай жауап күтілген болатын, себебі, кез-келген заманауи білім беру мекемелерінде оқытудың дара стратегиялары мамандарды кәсіби даярлау тәсілдерінің бірімен сипатталады.

Студенттерден алған нәтижелерге талдау жүргізгеннен кейін оқытушыларға жүргізілген сұрауға талдау жасалынды. Нәтижесінде алынған нәтижелер төмендегі диаграммада келтірілді.



Сурет 11 - ПОҚ-нан алынған сауалнама нәтижелері

Осылайша, «мәселелік оқыту» мен «оқытудың зерттеу технологиялары» ең көп кездескен жауаптардың бірі болды. Бұл қазіргі кезде мәселелік оқытудың ең танымал әрі қалыптасқан бағыты болып табылатындығының дәлелі бола алады. «Оқытудың зерттеу технологиялары» тармағының жоғары пайызды көрсетуі, педагогтардың зерттеулердің студенттерде белсенді, шығармашыл, дербес қызмет ету, өз қызметінің нәтижелерін талдау, синтездеу және бағалау дағдылары мен қабілеттерінің іргетасын қалыптастыратындығына сенімділігін көрсетеді.

«Нәтижеге бағдарлануды үйрету» (дуальді-бағдарлық даярлау көрсеткіші) тармағы да осындай жоғарғы нәтижені көрсетті. Бұл жоғарғы оқу орнында оқытудың теориялық сипатта емес екендігін, тәжірибелік білім алуға бағдарланғандығын білдіреді. Ең төменгі көрсеткіштерді «оқытусыз білім беру мүмкін емес» және «ұстаздық» тармақтары көрсетті. Мұның себебі көптеген педагогтардың оқытудың инновациялық әдістерін қолдануға тырысуында болуы мүмкін.

Дуальді-бағдарлық даярлау кезінде студенттердің академиялық үлгерім мен оқуға мотивациясын арттыру құралдары ретінде, оқытудың дара стратегияларын зерттеу соңғы жылдары мотивацияны стратегиялық реттеудің өздігінен оқыту саласындағы эмпирикалық зерттеушілердің ерекше назарын аудартып отырғандығын көрсетті.

Американдық ғалымдардың жүргізген зерттеулерінде әртүрлі контекстерге қатысты мотивациялық реттеу стратегиялары мен академиялық нәтижелерді қолданудың маңыздылығы туралы айтылған.

Зерттеуге қашықтықтан онлайн-курстарда білім алатын 141 студент қатысты.

Алынған нәтижелер студенттердің өздерінің академиялық деңгейіне байланысты мотивациялық реттеудің әртүрлі стратегиялары мен танымдық оқытудың стратегияларын қолданатындығын көрсетті. Екі тәуелді айнымалыларды (яғни, алдыңғы деңгейдегі оқыту стратегиялары мен жоғары деңгейде оқыту стратегиялары) қолдана отырып, иерархиялық регрессиялық талдау алдыңғы деңгейдегі оқыту стратегияларының (яғни, репетиция, қайталау) және жоғары деңгейде оқыту стратегияларының (яғни, әзірлеу, ұйымдастыру және сыни ойлау) академиялық үлгерім мен мотивациялық реттеу стратегияларының әртүрлі жиынын қарастыратындығын көрсетті.

Заманауи оқытуда студенттердің шығармашыл ойлау дағдыларын қалыптастыру маңызды орын алады. Осы орайда, оқыту процесі рет-ретімен жүргізіледі, ал бұл оқыту процесінде студенттер мен оқытушылар арасында өзара байланыс орнатуға ықпал етеді.

Сонымен қорытындылаудан алынған зерттеу нәтижелері эксперттік топтың орташа балының қолданымдағы топтан жоғары екендігі жайлы толық ақпарат алуға мүмкіндік берді. Жоғарыда аталғандардың барлығы икемділік және бірегейлік аспектілерінде шығармашылық ойлауды дамыту үшін модельді қолдану тиімділігін дәлелдейді.

2.3 Әлеуметтік-педагогикалық практика және студенттік оқу-зерттеу зертханалары болашақ арнайы педагогтарды дуальді-бағдарлық даярлау формалары ретінде

Бұл параграфты бастамас бұрын, диссертацияның 1.4 параграфында мазмұндалған анықтау экспериментінде айқындалған дуальді-бағдарлық оқыту процесінде арнайы педагогтардың даярлығының бастапқы деңгейі зерттеу барысында жасалған модельдің тиімділігін жүзеге асыру қажеттілігін туындатты. Соның ішінде аталған модельдің даярлау үдерісін қамтитын технологиялық блогында, арнайы педагогтардың кәсіби іс-әрекетке даярлығын қамтамасыздандыратын *поликомпонентті бағдарлама* кешенін әзірлеу және оны оқу-тәрбие процесінде тиімді пайдалану; **теориялық** қамтамасыздандыратын *«Дефектологтарды дуальді оқытуға даярлау»* элективті курсы әзірлеп, оны оқу процесіне ендіру; **практикалық** қамтамасыздандыратын «ЖОО – арнайы білім беру ұйымдарының» өзара әрекеттестігінің механизмін жасау және оны жүзеге асырудың тиімділігін тексеру қажет болды.

Қалыптастыру эксперименті Алматы қаласындағы Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті мен Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінде жүргізілді. Экспериментке 65 оқытушылар мен 179 студенттер қатысты.

Қалыптастыру экспериментінің мақсаты – дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында арнайы педагогтың даярлығын қалыптастыруда айқындалған шарттарды жүзеге асыру барысында тиімділігін тексеру.

Қалыптастыру экспериментінің 1-нші кезеңінде педагогикалық іс-әрекетке бейімдеу жүзеге асырылып, аталған даярлық психологиялық тұрғыдан қамтамасыздандырылған. Болашақ арнайы педагогтардың іс-әрекетке қызығушылықтары, өзіне сенімділіктері артып, өз мамандығының ерекшеліктеріне мән беріп, бағыттылығы қалыптасады. Осы мақсатта поликомпонентті бағдарламаны қолдану жүзеге асырылады.

Зерттеу барысында болашақ педагогтардың кәсіби-тұлғалық сапаларының өсуіне арналған поликомпоненттік бағдарлама жасалды.

Мақсаты: арнайы білім беру бағыты бойынша, студенттердің тәжірибелік-бағдарлық кәсіби құзыреттіліктерінің тәжірибелік жұмыстарын заманауи талаптарға сай ұйымдастыру және әдістемелік қамтамасыздандыру, сонымен қатар, ерекше білімді қажет ететін балалармен жұмыс жасауда ең үздік заманауи психологиялық-педагогикалық тәсілдер негізінде түзетушілік-педагогикалық жұмыстың жаңа әдістерін меңгеру.

Міндеттері:

- студенттердің теориялық даярлығын, яғни балалар мен жасөспірімдердің дамуын психологиялық-педагогикалық зерделеуге және диагностикалауға қатысты түзету педагогикасы мәселелері бойынша, сонымен қатар дамуында ауытқуы бар балаларды оқыту мен тәрбиелеудің негізгі ерекшеліктерімен қамтамасыз ету;

- дамуында әртүрлі ауытқуы бар балалардың психофизиологиялық және тұлғалық ерекшеліктерін, олардың мектепке дейінгі білім беру мекемесіне, арнайы немесе жалпы білім беретін мектепке бейімделу мәселелерін оқыту мен тәрбиелеу процесінде психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу мақсатында анықтау және зерделеу;

- студенттерді, дамуында ауытқуы бар мектеп жасына дейінгі және мектеп жасындағы балаларды оқыту мен тәрбиелеудегі түзету міндеттерін жүзеге асыратын арнайы педагогтың, педагог-психологтың және әлеуметтік педагогтың тәжірибелік жұмысымен таныстыру.

Қызметтік бағыттары:

- жалпы білім беруде мүмкіндігі шектеулі оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдаудың ұйымдастырушылық-әдістемелік негіздері;
- сенсорлық бұзылулары бар балалармен психологиялық-педагогикалық түзету жұмысының заманауи технологиялары;
- ерекше білім беруге қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істеуде студенттердің білімін арттырудың бағдарламаларын жүзеге асыру.

Бағдарламаны меңгеру нәтижесінде келесі құзыреттер қалыптасады:

- диагностикалық және түзету-дамытушылық міндеттерді шешуге мүмкіндік беретін әдістер мен технологияларды қолдана алу мүмкіндігі;
- дамуында әртүрлі бұзылыстары бар балалардың психикалық ахуалы жайлы педагогикалық жұмысшылар мен ата-аналармен психологиялық ағарту жұмыстарын жүргізе білу қабілеттілігі;
- кәсіби білім беру ұйымында толерантты әлеуметтік мәдени орта құру қабілетілігі. Бағдарлама құрлымы 18 – кестеде берілген.

Кесте 18 – Болашақ арнайы педагогтардың кәсіби-тұлғалық сапаларының өсуіне бағытталған поликомпоненттік бағдарламасының мазмұны (Студенттің семинар (практикалық) сабағының бағдарламасы (30 сағат))

№	Тақырып атауы	Жұмыстың мазмұны	Тапсырманы орындау кезінде студент жасай алуы керек	Тапсырманы орындау кезінде студент білуі керек	Сағат саны
1	2	3	4	5	6
1	Оқуда қиындықтары бар балалармен түзету жұмысының әдістері	Көру қабілеті бұзылған балалар үшін түзету-дамыту жұмыстарының әдістерін анықтау. (дамуында ауытқулары анықталған балаларға арналған диагностикалық әдістер мен ойындарды таңдау және енгізу; көру қабілеті бұзылған балаларға арналған сабақтың қысқаша мазмұнын жазу, осы сабақтың үзіндісін өткізу).	- алға қойған мақсаттарға сәйкес мектеп жасына дейінгі баланың тұлғасын оқыту, тәрбиелеу және дамыту міндеттерін тұжырымдау;	- мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеуді ұйымдастыру негіздерін; - мектеп жасына дейінгі балалардың психикалық танымдық процестері мен оқу-танымдық қызметінің ерекшеліктерін; - балаларды тәрбиелеу мен оқытудың теориялық және әдістемелік негіздерін;	4
2	Ақыл-ойы кем балалар мен психикалық дамуы тежелген балаларға арналған түзету-дамыту жұмыстарының әдістерін анықтау	Дамуында ауытқулары анықталған балаларға арналған диагностикалық әдістер мен ойындарды таңдау және енгізу; Ақыл-ойы кем балалар мен психикалық дамуы тежелген балаларға арналған сабақтың қысқаша мазмұнын жазу, осы сабақтың үзіндісін өткізу	- алға қойған мақсатқа сәйкес, оқыту, тәрбиелеу және дамыту міндеттерінің сәйкестігін бағалау;	- әртүрлі жас топтарында бақылаулар мен экскурсияларды жүргізу ерекшеліктері; - дарынды балалармен жұмыс істеу әдістерін; - оқуда қиындықтары бар балалармен түзету жұмысының тәсілдерін; - мектеп жасына дейінгі балаларды дайындаудың мазмұны мен деңгейіне қойылатын талаптарды;	4

18 - кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6
3	Түзету-дамыту процесіндегі диагностика	Оқыту нәтижелерін анықтау құралдарын таңдау: «Пошта жәшігі», «Төртінші артық» әдістерін және басқа да диагностикалық әдістерді жүргізу; сонымен қатар, түзету оқу-тәрбие үрдісіндегі диагностиканың мәнін анықтау	- оқуда қиындықтары бар балалармен түзету-дамыту жұмысының жолдарын анықтау; - оқыту нәтижелерін анықтау құралдарын таңдау, диагностикалық нәтижелерді түсіндіру; - сабақтарды талдау, бақылау және экскурсиялар; - сабақ барысында өзін-өзі талдау, өзін-өзі бақылауды жүзеге асыру.	- мектеп жасына дейінгі балалардың психикалық даму деңгейін анықтаудың диагностикалық әдістерін; - баланың психологиялық-педагогикалық сипаттамасын дайындауға қойылатын талаптарды; - сабақта оқытуды ұйымдастыруға қойылатын педагогикалық және гигиеналық талаптар; - құжаттама түрлері, оны ресімдеуге қойылатын талаптар;	4
4	Оқуда қиындықтары бар балалармен түзету-дамыту жұмыстарының әдістерін анықтау	1. Дамуында кемістігі бар балаларға арналған бағдарлама құру. Психокоррекциялық бағдарламаларды құрудың негізгі қағидалары. Түзету бағдарламаларының әртүрлі түрлерін құрастыру кезінде келесі қағидаларға сүйену керек: 1. Түзету, алдын алу және дамытушылық тапсырмалардың жүйелілік принципі. 2. Коррекция мен диагностиканың бірлігі принципі.	- таңдау, диагностикалық нәтижелерді түсіндіру; - сабақтарды талдау, бақылау және экскурсиялар; - сабақ барысында өзін-өзі талдау, өзін-өзі бақылауды жүзеге асыру.	балалардың психикалық даму деңгейін анықтаудың диагностикалық әдістерін; - баланың психологиялық-педагогикалық сипаттамасын дайындауға қойылатын талаптар; - сабақта оқытуды ұйымдастыруға қойылатын педагогикалық және гигиеналық талаптар;	4

18 - кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6
		<p>3. Каузальды типті басымдықпен түзету принципі. 4. Түзету әрекетінің принципі. 5. Клиенттің жасерекшелік психологиясын және жеке ерекшеліктерін ескеру принципі. 6. Психологиялық әсер ету әдістерінің күрделілік принципі. 7. Түзету бағдарламасына қатысу үшін ең жақын әлеуметтік органы белсенді түрде тарту принципі.</p>		<p>- құжаттама түрлері, оны ресімдеуге қойылатын талаптар;</p>	
5	<p>Диагностикалық нәтижелерді интерпретациялау: балалардың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін талдау</p>	<p>1. Бұрын зерттелген дамуында ауытқуы бар балаларға арналған ойындарды таңдау және өткізу. 2. «Дамуында қиындықтары бар балалардың психологиялық-педагогикалық сипаттамасы» мәселесі бойынша педагогтар мен ата-аналарға ұсыныстар дайындау</p>	<p>диагностикалық нәтижелерді түсіндіру; - сабақтарды талдау, бақылау және экскурсиялар;</p>	<p>- баланың психологиялық-педагогикалық сипаттамасын дайындауға қойылатын талаптарды; - сабақта оқытуды ұйымдастыруға қойылатын педагогикалық және гигиеналық талаптар; - сабақта оқытуды ұйымдастыруға қойылатын педагогикалық және гигиеналық талаптар; -құжаттама түрлері, оны ресімдеуге қойылатын талаптар;</p>	4

18 - кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6
6	Оқуда қиындықтары бар балалармен түзету-дамыту жұмыстарының тәсілдерін анықтау	Дамуында ауытқуы бар балаларға мінездеме құрастыру	- алға қойған мақсаттарға сәйкес мектеп жасына дейінгі баланың тұлғасын оқыту, тәрбиелеу және дамыту міндеттерін тұжырымдау;	- мектеп жасына дейінгі балалардың психикалық танымдық процестері мен оқу-танымдық қызметінің ерекшеліктерін; - балаларды тәрбиелеу мен оқытудың теориялық және әдістемелік негіздерін;	4
7	Дамуында ауытқуы бар балаларға мінездеме құрастыру	Балаларды тануға арналған негізгі ұсыныстарды көрсетіңіз	- оқыту нәтижелерін анықтау құралдарын таңдау, диагностикалық нәтижелерді түсіндіру; - сабақтарды талдау, бақылау және экскурсиялар; -сабақ барысында өзін-өзі талдау, өзін-өзі бақылауды жүзеге асыру.	балалардың психикалық даму деңгейін анықтаудың диагностикалық әдістерін; - баланың психологиялық-педагогикалық сипаттамасын дайындауға қойылатын талаптар;	3
8	Психологиялық -педагогикалық түзету технологиясы	«Балалар аутизмі» тақырыбы бойынша бейне материалды қарау және талдау	- сабақтарды талдау, бақылау және экскурсиялар; -сабақ барысында өзін-өзі талдау, өзін-өзі бақылауды жүзеге асыру.	- әртүрлі жас топтарында бақылаулар мен экскурсияларды жүргізу ерекшеліктері; - дарынды балалармен жұмыс істеу әдістерін; - оқуда қиындықтары бар балалармен түзету жұмысының тәсілдерін;	3
Барлығы					30

Кесте 19 – Болашақ арнайы педагогтардың кәсіби-тұлғалық сапаларының өсуіне бағытталған поликомпоненттік бағдарламасының мазмұны (Студенттің өзіндік жұмысының бағдарламасы (45 сағат))

№	Тапсырманың мазмұны	Сағат саны	Бақылау формасы
1	2	3	4
1	<p>«Түзету педагогикасының теориялық-әдіснамалық негіздері» тақырыбына дайындалу.</p> <p>1. Келесі терміндерге (түзету, педагогика, аномальді даму, дефектология, девиантты мінез-құлық, түзету педагогикасы, түзету-тәрбие жұмыстары, мүмкіндігі шектеулі балалар) тезариус құрыңыз.</p> <p>2. Л.С.Выготскийдің «Дефектологияның негізгі мәселелері» және В.В.Лебединскийдің «Қалыпты және аномальді дамудың психофизиологиялық заңдылықтары» жұмыстарына қысқаша конспект жасаңыз.</p>	5	Конспекттер мен сөздіктерді тексеру
2	<p>«Шетелдік және отандық ғылым мен тәжірибедегі түзету педагогикасының даму тарихы» тақырыбы бойынша дайындалу.</p> <p>1. «Түзету педагогикасының ғылым ретінде дамуы» тақырыбына конспект жазу.</p> <p>педагогика как науки (кезеңдер бойынша).</p> <p>2. Арнайы білім берудің қалыптасуы мен даму жүйесінің кезеңдеріне кесте құру.</p>	5	Кестелер мен конспекттерді тексеру
3	<p>«Дамуында бұзылыстары бар баланың дамуының жалпы және арнайы заңдылықтары» тақырыбы бойынша дайындалу.</p> <p>1. Төмендегі терминдерге (онтогенез, дизонтогенез, даму бұзылысы, дамуының жеткіліксіздігі, нормадан ауытқуы, бастапқы және қайталама ақау) тезариус құрыңыз.</p> <p>2. Л.С.Выготскийдің «Психиканың дамуының мәселелері» еңбегіне конспект жасаңыз,</p> <p>3. «Даму бұзылысының типологиясы» тақырыбына презентация жасаңыз.</p>	5	Конспекттерді, сөздіктерді және презентацияларды тексеру

19 - кестенің жалғасы

1	2	3	4						
4	<p>«Балалар мен жасөспірімдер дамуының бұзылысының негізгі түрлері. Сенсорлық бұзылыстарды түзеу» тақырыбына дайындалу.</p> <p>1.«Сенсорлық бұзылыстарды түзеудің ерекшеліктері» тақырыбына презентация жасау.</p> <p>2. Сенсорлық бұзылыстары бар баламен түзету-дамыту сабағының конспектісін жасаңыз (мектепке дейінгі және мектеп жасы).</p>	5	Конспекттер мен презентацияларды тексеру						
5	<p>«Ақыл-ойында кемістігі бар баламен түзету жұмыстарын жасау» тақырыбына дайындалу.</p> <p>1. Ақыл-ойында кемістігі бар баламен дамытушылық жұмыс жасау бойынша конспект жасаңыз.</p> <p>2. Ақыл-ойы кем баланы дамыту бойынша түзету жұмыстарының жоспар-кестесін құрыңыз.</p> <table border="1" data-bbox="300 891 858 1016"> <thead> <tr> <th>Жұмыс формасы</th> <th>Мазмұны</th> <th>Әдістемелік қамтамасыздануы</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td> </td> <td> </td> <td> </td> </tr> </tbody> </table>	Жұмыс формасы	Мазмұны	Әдістемелік қамтамасыздануы				5	Кесте мен конспекттерді тексеру
Жұмыс формасы	Мазмұны	Әдістемелік қамтамасыздануы							
6	<p>«Қимыл-қозғалысы бұзылған және күрделі бұзылыстары бар балалармен түзету жұмыстары» тақырыбына дайындалу.</p> <p>1. Қимыл-қозғалысы бұзылған балаларды дамыту бойынша дидактикалық ойындарға конспект жасау.</p> <p>2. Ең көп кездесетін аралас бұзылыстар бойынша кесте құрыңыз.</p>	5	Кесте мен конспекттерді тексеру						
7	<p>«Қазақстандағы мамандандырылған түзету мекемелер жүйесі» тақырыбына дайындалу.</p> <p>1. Қазақстандағы мамандандырылған мекемелер тарихына шолу жасау.</p> <p>2. Түзету мекемелерінің әртүрлі мамандарының жұмысының схемасын жасаңыз.</p>	5	Схемалар мен конспекттерді тексеру						
8	<p>«Дамуында бұзылыстары бар балалар мен жасөспірімдерге психологиялық, педагогикалық және оңалтушылық көмек беру жүйесі» тақырыбы бойынша дайындалу.</p> <p>1.«Дамуында бұзылыстары бар балаларға көмек беру бағыттары» тақырыбына конспект жасау.</p> <p>2.Түзету педагогикасы мамандарының жұмысын реттейтін негізгі нормативтік-құқықтық құжаттардың мазмұнын конспектілеңіз.</p> <p>3.Дамуында бұзылыстары бар балаға</p>	5	Презентациялар мен конспекттерді тексеру						

19 - кестенің жалғасы

1	2	3	4
9	психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету бойынша презентация жасаңыз. «Дамуында бұзылыстары бар балардың жалпымәдени ортаға бейімделуі» тақырыбы бойынша дайындалу. 1.«ҚР инклюзивті білім берудің ерекшеліктері» тақырыбына конспект жасау. 2.«Дамуында бұзылыстары бар балардың қазіргі заманғы қоғамға интеграциясының ерекшеліктері» тақырыбы бойынша конспект жазу.	5	Конспекттерді тексеру
	БАРЛЫҒЫ	45	

Аталған бағдарламаның айқындау кезеңіндегі диагностикалық жұмыстар тәжірибелік-эксперимент жұмысының анықтау экспериментінде қолданылды. Тәжірибелік-эксперимент жұмысының қалыптастыру экспериментінде поликомпоненттік бағдарламаның дамыту кезеңі жүзеге асырылды. Оның мазмұнында поликомпоненттік бағдарламаның құрылымдық-мазмұндық жүйесін логикалық ұйымдастыру, тәжірибеден қолдану болашақ арнайы педагогтардың маңызды кәсіби-тұлғалық сапалар тарапынан қойылатын талаптарды қанағаттандыру қарастырылған.

Қалыптастыру экспериментінің 2-нші кезеңін заманауи арнайы педагогикалық әрекет саласынан білімділігін дамыту қажет болады. Осыға орай зерттеу проблемасының екінші шарты тұрғысынан айқындалған болашақ арнайы педагогтардың кәсіби іс-әрекетке даярлығын теориялық қамтамасыздандыратын «*Дефектологтарды дуальді оқытуға даярлау*» элективті курсы ендіру жүзеге асырылды. «*Дефектологтарды дуальді оқытуға даярлау*» элективті курсы 3 кредит көлемінде (қазақ, орыс тілдерінде) әзірленіп, 2019-2020 оқу жылынан бастап Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің «Арнайы білім беру» кафедрасының «6D010500 - Дефектология» мамандығына енгізілді. (кесте 20).

Пәннің мақсаты – студенттерге еңбек нарығында бәсекеге қабілеттілік деңгейіне сәйкес арнайы педагогты даярлаудың теориялық және әдіснамалық негіздерін, дуальді білім берудің дамуын, теориясын және тәжірибесін меңгерту.

Пәннің міндеттері:

- дуальді білім берудің мәнін түсіндіру;
- дуальді білім беру жүйесі бойынша шет елдік тәжірибелерді талдау;
- теориялық білімдер мен практикалық дағдыларды кіріктіруге үйрету;
- дуальді білім берудің элементтерін болашақта кәсіби әрекетінде пайдалануға дағдылану;
- психологиялық-педагогикалық, ғылыми-зерттеу практикаларында дуальді білім берудің теориялық және әдіснамалық негіздері туралы меңгерген білімдерін пайдалану.

«Дефектологтарды дуальді оқытуға даярлау» элективті курсының оқыту нәтижесінде студент білуі керек: дуальді-бағдарлық оқытудың әдіснамалық негіздерін; әлеуметтік-кәсіби спектрдегі біліктер мен білім құралдарын дамыту қажеттілігінің мазмұнын; болашақ мамандардың кәсіби ұтқырлығын дамытудың субъективті парадигмасының мазмұнын; болашақ мамандар үшін дуальді оқытуды дамытудың теориялық тұжырымдарын; болашақ мамандарды даярлауда дуальді оқытуды ендірудің тәжірибесінде; дуальді оқытуды арнайы педагогикалық білім беруде дамытудың жалпы сипаттамаларын, қазіргі жағдайы мен үрдістерін, технологияларын және т.б.

жасай алу керек: арнайы педагогтардың дуальді оқытуды дамытудың теориялық талдауларын, фактілерін, механизмдерін және даму заңдылықтарын негіздеуі; ЖОО-да оқыту үдерісі субъектілерінің дуальді білім беруді дамыту туралы өз көзқарастарының болуы; ЖОО-да дуальді оқытуды дамытудың психологиялық тұжырымдамаларын, теориялық сызбалар мен парадигмалардың мәнін түсіндіре алуы; теориялық білімдер мен практикалық дағдыларды кіріктіре алуы; әлемдік еңбек нарығында және өз кәсіби ортасында бәсекеге қабілетті болуы және т.б.

«Дефектологтарды дуальді оқытуға даярлау» элективті курсы – дефектология мамандығындағы студенттерге арналған арнайы оқыту әдістемесі болып табылады. Болашақ дефектолог мамандарды дайындауда дуальді оқыту теориялық және тәжірибелік сабақтар колледждерде, кәсіпорындарда және кәсіпорындардағы оқу орталықтарында ұсынылады.

Кесте 20 – «Дефектологтарды дуальді оқытуға даярлау» элективті курсының күнтізбелік-тақырыптық жоспары

№	Пән тақырыбының атаулары	апта	Аудиториялық сабақтар		Сабақ түрі (сипаттама)		Барлығы (с.)
			Дәріс (с.)	Пр/се м./лаб	ДООЖ	ДӨЖ	
1	«Дуальді оқытуда дефектологтарды дайындаудың теориясы мен практикасы» пәні, міндеттері, мазмұны	1	2	1	3	3	9
2	Дуальді білім берудің құрылу тарихы	2	2	1	3	3	9
3	Дуальді оқыту: батыс модельдері мен қазақстандық болмысы	3	2	1	3	3	9
4	ЖОО да дефектологиялық дуальді білім беруді ұйымдастырудың тұжырымнамалық негіздері	4	2	1	3	3	9
5	ЖОО-да дуальды білім берудің негізгі бағыттары	5	2	1	3	3	9

20 – кестенің жалғасы

6	Дуальдік әдіснамалық категория ретінде	6	2	1	3	3	9
7	Дуальді оқыту модельінің мәні мен негізгі ерекшеліктері	7	2	1	3	3	9
8	Дуальді білім беруде оқу және практикалық байланысы	8	2	1	3	3	9
9	Дуальді білім берудің педагогикалық шарттары	9	2	1	3	3	9
10	ЕББҚ балаларға арналған арнайы мекемелердегі дуальді білім беру ортасын құрудағы психологиялық жағдайлар	10	2	1	3	3	9
11	ЖОО дефектологиялық білім беруде дуальді жүйенің тұжырымдамалық моделі	11	2	1	3	3	9
12	Инновациялық білім берудің педагогикалық негіздерімен білім беру мекемелерінің тапсырысы бойынша қызметкерлерді оқыту технологиялары	12	2	1	3	3	9
13	Болашақ дефектологтардың тақырыптық көрсеткіштерін әзірлеу мәселесі	13	2	1	3	3	9
14	Дуальді оқытуда нормативтік-ұйымдастырушылық қызметі	14	2	1	3	3	9
15	Дуальді білім беру бағдарламаларының траекториясы. Жобалау тапсырыс бойынша бакалаврларға арналған дуальді білім беру бағдарламасы мен оқытатын мекемелер	15	2	1	3	3	9
	Барлығы	15	15	30	45	45	135

«Дефектологтарды дуальді оқытуға даярлау» элективті курсы арнайы педагогтарға дуальді оқытудың тарихи дамуы, әдіснамалық-теориялық негіздері, оның кәсіптік білім беру ұйымдарына ендірілу жағдайы және қазіргі уақытта жоғары педагогикалық білім беруге ендірудің қажеттілігі, оның дидактикалық негіздері меңгертілді. Дуальді білім беру элементтерінің болашақ маманның кәсіби даярлығына ендірілуі оның практикалық даярлығының дамуына ықпал ететіндігі талданды. Оның қажеттілігі әсіресе педагогикалық іс-әрекетке инновациялық жасампаз арнайы педагогты даярлау керектігінен туындап отырған себепті, оларға қазіргі педагогикалық іс-әрекеттің теориялық-практикалық негіздері жайлы білімдерін тереңдетеді.

Жоғарыда аталған элективті курсты жүргізуде проблемалық дәріс, дәріс-диалогтар, семинар-сабақтар (семинар-зерттеулер, эвристикалық әңгіме, жобаларды қорғау, диспуттар, шығармашылық пікірталас, тренинг, ойындар, дөңгелек үстелдер, ғылыми конференциялар, іскерлік ойындар және т.б.

формалары, ынталандыру, болжам, сыни ойлау, миға шабуыл), көрнекіліктің әртүрлі демонстрациялау құрылғылары, оқытудың ақпараттық құралдары, компьютер, электронды тақталар, карточкалар, кестелер, модельдер, макеттер және т.б. құралдар қолданылды.

Нәтижесінде болашақ арнайы педагогтардың педагогикалық іс-әрекетке даярлығының мотивациялық-тұлғалық компоненті, операциялдық-әрекеттік компоненті дамытылды. Атап айтқанда, арнайы педагог болуға қызығушылығы, бағыттылығы, теориялық білімді практикада бекітуге әрдайым ынтасының болуы, педагог болуға эмоционалдық-адамгершілік қатынасы (өзіне сенімділік), жасампаз педагог болуға ерік-жігерінің болуы (еңбекқорлық, шыдамдылық, жауапкершілік) артты. Сондай-ақ, олардың кәсіби теориялық білімі кеңейді; дуальді-бағдарлық оқыту туарлы білімі молайды, педагогикалық іс-әрекет түрлерінен білімі тереңдеді; оқытудың, тәрбиелеудің инновациялық технологияларын игерді; зерттеушілік іс-әрекеттерді меңгереді; жан-жақты білімді болуға, жасампаз педагог болуға талпынысы байқалды.

«ЖОО арнайы білім беру ұйымдары» өзара әрекеттестігі аясында студенттердің практикалық-бағдарлық іскерліктерін дамытуда педагогикалық практиканың түрлері мен көлемінің орны бөлек.

Педагогикалық практика – студенттердің теориялық білімдерін практикалық іс-әрекет арқылы бекітетін практика түрі. Яғни, *біріншіден* мұғалімнің қалай басқа студенттермен, ЖОО әдіскерлерімен бірге мақсатты түрде жұмыс істеу керек. *Екіншіден*, білім алушылардың танымдық мүдделерін, оқу іс-әрекетіне қызығушылығын, әртүрлі пәндерге көзқарастарын, педагогикалық іс-әрекетке бағыттылығын, кәсіби өзін-өзі анықтау үшін диагностикалық әдістерді қолдануға көмектеседі. *Үшіншіден*, білім алушылармен сабақтан тыс жұмыстарды ұйымдастыру студенттерге оқушылардың білімін, тәрбиесін және дамуын педагогикалық түзетуді жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Практика барысында студенттерде педагогикалық іс-әрекетке ұмтылу, кәсіби іс-әрекетке құрмет, ұйымдастырушылық, басқарушылық, коммуникативтік, әдістемелік-рефлексиялық іскерліктер және тапсырылған іс үшін жауапкершілік, т.б. қасиеттер қалыптасады.

Осы ретте, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде тәжірибе ретінде дуальді практиканы біз ұсынып отырған студенттік оқу-зерттеу зертханасында жүзеге асырса, студенттердің практикалық біліктері жоғарғы дәрежеде дамиды. Бұл дегеніміз теория мен практиканы теңестіру, практикаға көңіл бөлініп отырғандығын көреміз.

Жоғарыдағы берілген талдаулардан жасалатын қорытынды: ЖОО-да практикаға бөлінген кредит саны мен апта мерзімі жеткіліксіз екендігін, ал ол студенттердің практикалық іс-әрекетке деген даярлығына әсер ететінін көреміз. Кәсіби даярлаудың әрбір кезеңдерінде оқыту міндеттерінің тереңдетілуі, теориялық жағынан қамтамасыз етілуі, студенттердің өз бетінше жұмыс істей білу деңгейі мен олардың дара ерекшеліктерін ескеру негіз болып табылады:

- ЖОО – арнайы білім беру ұйымдары іс-әрекеттерінің кіріктірілуі;
- педагогикалық практиканың барлық түрін өткізу үдерісінде арнайы педагогты ғылыми-зерттеу жұмысына бағыттау;
- педагогикалық практиканың арнайы педагогтің нақты мамандығына қарай бағыттылығы.

Осы практика барысында ЖОО студенттеріне ПОҚ-нан әдіскер тағайындалады. Практика «ЖОО – арнайы білім беру ұйымдары» өзара әрекеттестігі негізінде ұйымдастырушылық-басқару, оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу бағыттары бойынша жүргізілді.

Сонымен жоғарыда баяндалған қалыптастыру эксперименті мазмұнының жүзеге асырылуы дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында арнайы педагогтардың кәсіби іс-әрекетке даярлығы қалыптасуының соның ішінде практикалық-бағдарлы даярлығының дамуына ықпал етті.

Эксперимент тобы студенттерінің педагогикалық іс-әрекет саласындағы кәсіби-тұлғалық сапаларының қалыптасуы, атап айтқанда эмоционалды-еріктік, инновациялық-танымдық, коммуникативтік-бағалаушылық көрсеткіштері жоғарылады.

Біздің пікірімізше, арнайы педагогты даярлау ғылыми-тәжірибелік моделін әзірлеуде білім беру процесінің құрылымдық-мазмұндық компоненттерінің өзгеруіне әсер ететін сапалы жаңа нәтижелеріне айналуы тиіс:

- элеуметтік тапсырысқа сәйкес, оқу нәтижесіне бағдарланған, арнайы педагогтың кәсіби құзыреттіліктерінің деңгейіне негізделген білім беру процесін жобалау;

- «Арнайы педагогика» даярлау бағыты бойынша бакалаврды тәжірибеге бағдарланған даярлаудың БББ-ның модульді құрылымы мен мазмұнын жобалау (модульдің оқу пәндерінің динамикалық құрылымы, білім берудің элементтік мазмұнын оқу процесін ұйымдастырудың адекватты нысанымен салыстыру);

- жоғары білім беру ұйымдарының, элеуметтік салалардың және денсаулық сақтау ұйымдарының салааралық өзара әрекеттесуін диверсификациялау (бұл ЕББҚ бар адамдарды түзету-дамытушылық тұрғыдан оқыту және тәрбиелеудің, элеуметтік бейімдеу және оңалтудың инновациялық технологияларын арнайы білім беру жүйесіне енгізумен, диагностикалық, түзету-дамыту, оқыту мақсатында сандық технологияларды қолданумен байланыстыру);

- жоғары және жалпы білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының жүйелі өзара әрекет етуінің негізінде оқыту (студенттің бастапқы тәжірибеден креативті-өзіндік ізденіс-шығармашылық қызметіне дейін);

- оқытушы мен білім алушылардың қызметтік арақатынасын уақытылы шешу (диалогтық, субъект-субъект арасындағы өзара қатынас, белсенді және интерактивті оқыту әдістерін қолдана отырып, оқу процесін ұйымдастырудың динамикалық нысандарына назар аудару);

- білім алушының оқу ақпаратымен өзін қамтамасыз ету (оқыту құралдарын белсенді қолдану, яғни ақпараттық-коммуникациялық жүйелер ресурстарымен: электронды оқулықтармен, сайттармен, интернет-дәрістермен, интернет-

семинарлармен, бағдарламалық-әдістемелік құралдармен толықтырылады);

- негізгі жалпы білім беру ұйымдарымен жүйелі өзара әрекеттесу аясында және олардың тәжірибе базалары негізінде тәжірибе міндеттеріне сәйкес студенттердегі құзыреттіліктердің қалыптасуын бағалау құралын модификациялау.

Дейтұрғанымен, дуальді-бағдарлық оқытуды ұйымдастыруда бірнеше кадамды анықтауға болады:

- тәжірибелер блогын күшейту (оқу, өндірістік, ғылыми-зерттеу және дипломалды тәжірибелерді қоса алғанда, тәжірибелердің әртүрлі типтеріне берілетін оқу сағатын арттыру);

- ЖОО-да оқу-тәрбиелік процесті іске асыруға сәйкес пәндік салалардағы педагогтарды, педагог-новаторларды жетекші кәсіпқой мамандарды тарту;

- дуальді білім беру жүйесін әзірлеу және енгізу (студенттердің мақсатты жиыны мен білім беру ұйымдарының мүдделілігі негізінде);

- теориялық даярлау кезінде, студенттерде кәсіби міндеттерін шешуді қамтуға мүмкіндік беретін оқытудың инновациялық технологияларын қолдану, таңдалған мамандықтың маңыздылығын күшейту, педагогикалық қызметке даярлық;

- студенттерді студенттік ғылыми қоғамдар, бизнес-инкубаторлар, ғылыми-өндірістік бірлестіктер және т.б. аясында ғылыми-тәжірибелік міндеттерді шешу бойынша жұмыстың инновациялық нысандарына қосу.

Дуальді оқыту жүйесі студентті оқыту мен оның өндірісте кәсіби қалыптасуының арасында тығыз байланысты білдіреді. Қоғамның қажетті маман санына әлеуметтік-экономикалық тапсырысы қанағаттандырылады, оларды даярлаудың белгілі бір сандық және сапалық көрсеткіштеріне айналдырады. Педагогикалық маман мен оның болашағына деген қызығушылық арта түседі, бұл студенттердің танымдық қызметке мотивациясын, оның дербестігін және жауапкершілігін арттыруға себеп болады.

Арнайы педагогтарды даярлау процесінде дуальді-бағдарлық оқытуды ұйымдастырудың негізгі міндеттері:

- әдіснамалық базаны әзірлеу және ұйымдар мен кәсіпорындардың қажетті мамандарды даярлауға қатысу модельдерін құру;

- жұмыс берушілер мен оқу мекемелерінің өзара жүйелі әрекет ету модельдерін құру;

- дуальді оқытудың пилотты жобаларды тексеру әдістемесін әзірлеу.

ЖОО-да студенттерді даярлау аясында осы тәжірибені қолдануға, профильді ұйымдар мен ЖОО-дың жүйелі өзара әрекет етуін ұйымдастыруға болады. Сонымен қатар, жалпыға бірдей білім беретін мекемелерде жазғы және демалыс уақытында жүргізілетін тәжірибеге берілетін уақытты арттыру қажет. Алайда, тәжірибелерді ұйымдастыруға ерекше назар аудару қажет. Олардың үздіксіз өткені дұрыс, яғни, студенттер оқу жылы ішінде белгілі бір уақытта оқу мекемелеріне (мектептер мен гимназиялар) бара алатындай болғаны дұрыс. Сондай-ақ, белгілі бір уақыт аралығында тәжірибе базасы біреу болуы керек.

Тәжірибеден өту кезінде, студенттер әртүрлі күрделі тапсырмалар орындауы мүмкін.

Болашақ арнайы педагогтарды даярлау кезінде дуальді-бағдарлық оқытуды жүзеге асыру мақсатында тәжірибелерді жүргізуде бірқатар ерекшеліктер енгізілді.

1. ЖОО-да жүйелі өзара әрекет етуі процесінде студенттің оқу, өндірістік және дипломалды тәжірибелерін ұйымдастыру (студенттердің Педагогика мен психология институтының базасында «Инклюзивті әлем» атты жоба аясында, жазғы алаңқайлардағы жұмысы);

2. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жеке және топтық жобалармен жұмыс: - «Шығармашылық шеберлік», «Ым-ишара театры», «Виртуалды мектеп» және т.б.;

3. Есту, көру қабеліттері бұзылған, сал аурулары, ақыл-ойында кемістігі бар балаларға арналған мамандандырылған мектептердің жазғы демалыс лагерінде тәрбиешілер мен тьюторлар ретінде жұмыс жасау;

4. Педагогикалық тәжірибе кезінде мектеп оқушыларымен сабақтан тыс іс-шаралар мен сабақтарды жүргізу, сондай-ақ әдістемелік материалды әзірлеу;

5. Ғылыми-зерттеу жұмысы мен дипломалды тәжірибесі барысында орта кәсіби білім беретін оқу мекемелері мен мектептердің базасында педагогикалық эксперименттер жүргізу.

Нәтижесінде нақты мәселені шешу бойынша келесідей өндірістік-шығармашылық тізбек қалыптасуы тиіс: оқытушы → кәсіпқой → студент-орындаушы → нақты нәтиже.

Оқу мекемесінде дуальді-бағдарлық білім беру ортасын құру педагогикалық ЖОО-ның бітіруші түлектің кәсіби қалыптасуына ықпал ететіні сөзсіз болады.

ЖОО-да дуальді оқытудың мақсатты бағдарларына қол жеткізуде өндірістік тәжірибенің маңыздылығын бағалау қиынға соғады. Алайда, біз білім алушылардың өндірістік тәжірибедегі рефлекстік технологиялардың мүмкіндіктері мен рөлін қарастыруымыз керек. Себебі, таңдалған мамандыққа өзінің алғашқы қадамдарын рефлексті түсіну толықтығымен, эмоциялығымен сипатталады. Яғни, болашақ маманды өзінің мансабын неғұрлым белсенді әрі саналы түрде басқаруына бағыттайды.

Білім алушылардың рефлекстік қызметі оның құндылықты-мәнді, процестік және нәтижелі компоненттерін оларды нақтылау, түзету немесе жетілдіру мақсатында түсінуге бағдарланған ішкі мотивацияланған аналитикалық қызметтің ерекше бір түрі болып табылады.

Қазіргі кезде оқу және өндірістік тәжірибелерді оңтайландыруда рефлексияның педагогикалық технологияларын қолдануға қызығушылық арта түсуде. Бұл ретте тәжірибе жүзінде рефлексті қызмет студентті өзінің болашақ кәсіби қызметін басқара алатын субъект позициясына қоюды қарастырады.

Жүргізу нысаны бойынша рефлексия ауызша және жазбаша (эссе немесе шағын шығарма) түрінде болуы мүмкін.

ЖОО-да рефлекстік қызмет оқытушының қатысуымен (немесе оның қатысуынсыз) студенттер тобындағы ұжымдық рефлексия түрінде, сонымен қатар, студенттің басқалардың қатысуынсыз өзін-өзі талдау жағдайында ұйымдастырылады. Рефлексияның объектілері оқу материалын меңгерудегі табыстылығы, қабілеттері мен дағдыларының даму дәрежесі, тұлғалық маңыздылығы мен алған білімдердің құндылығы, болып жатқан эмоциялық жай-күйді түсіну дәрежесі, сабақтағы коммуникация саласы болып табылады.

Рефлекстік қызметтің әлеуеті мен құндылығы білім алушылардың оқу жұмысының маңыздылығын, мәнін түсіну дәрежесіне, қызметте табысқа жетуіне немесе сәтсіздікке, қателерді жеңу арқылы ұжымдық талқылау мәдениетіне, бірлескен жұмыстағы қиындықтарға байланысты.

Білім алушылардың рефлекстік қызметтің жоғары нәтижелілігі арнайы педагогтарды даярлау жүйесінде білім беруде интерактивті технологияларды (пікірталастар, дөңгелек үстелдер, ми шабуылы нысанында) қолдану барысында анықталды.

ЖОО-да даярлау бағыты мен профиліне сәйкес тәжірибенің мазмұны, оны ұйымдастыру мен одан өту процедуралары, есептілікке және тәжірибе нәтижелерін бақылауға қойылатын талаптар қарастырылған.

Әдетте, қорытынды құжат болып тәжірибеден өтетін студенттің құрылымы мен мазмұны регламенттелген (практикант) есебі табылады.

Есепте студенттер меңгерген кәсіби құзыреттіліктерді, алған тәжірибелік білімдерді, қабілеттер мен дағдылардың сапасын көрсетіп, тәжірибе кезінде туындаған қиындықтарды талдайды. Тәжірибе аяқталған соң қорытынды конференция жүргізіледі.

Тәжірибені жүргізуде жоғары нәтижелерге қол жеткізудің маңызды шарты, білім алушылардың оның нәтижелерін тереңінен әрі жан-жақты түсіну болып табылады. Рефлекстік технологиялар мұны неғұрлым жоғары тиімділікпен жүзеге асыруға мүмкіндік беретін, тәжірибенің соңғы кезеңінде жүргізіледі.

Тәжірибеден өтуші студент, тәжірибе нәтижелері бойынша ресми есептік құжаттамадан басқа эссені дайындайды. Онда студент мазмұнды бөлігін көрсетеді және тәжірибені ұйымдастырудың шарттарын талдайды. Тәжірибе кезінде туындаған қиындықтар мен мәселелік жағдайларға баса назар аударылады және жан-жақты сыни талдау мен түсінуді қажет етеді.

Осылайша, өндірістік тәжірибенің нәтижелеріне рефлекстік талдауды қолдануда мамандарға дуальді білім беруде маңызды орынға ие. Рефлексия кәсіби қалыптасуы мен дамуды өздігінен реттеуге ықпал етеді, білім алушыларға мамандықты меңгеру болашағын көруге мүмкіндік береді.

Өндірістік тәжірибе барысында студенттерде тәжірибеге бағдарланған кәсіби құзыреттіліктерді қалыптастырудың дидактикалық құралы ретінде реверсивті-вариативты технологиялардың алатын рөлі ерекше.

Реверсивті-вариативты технологиялар, студенттерді оқыту процесінің нұсқалылығы дуальді-бағдарлық тәсілдеменің ережелеріне негізделетін болса, оларда тәжірибеге бағдарланған құзыреттерді қалыптастырудың тиімді

төмендегідей құралы ретінде болуы мүмкін:

- шешімді іздеудің нақты құрылымданған жолымен шығармашылық тапсырма-жобаларды ұсыну;

- кәсіби бағыттылығына, өмірімен байланысына сәйкес ақпараттық ресурстарды дидактикалық білікті іріктеп таңдау есебінен арнайы пәндерді оқыту мазмұнында өзіндік жұмыстың көлемін арттыру;

- тәжірибеге бағдарланған құзыреттердің негізгі компоненттерін ынталандыруға бағдарланған оқытудың командалық, мәселелік, іздеу, ойын, интерактивті әдістерімен жобалық әдістің үйлесімі негізінде оқытудың белсенді әдістерін кеңейту.

Студенттерде тәжірибеге бағдарланған құзыреттерді қалыптастыруда реверсивті-вариативті технология кәсіби құзыреттерді қалыптастырудың іргетасы, сонымен қатар болашағы болып табылады.

Студенттік оқу-зерттеу зертханалары болашақ арнайы педагогтарды тәжірибеге бағдарлаудың нысаны ретінде.

Арнайы педагогтарды даярлау жүйесі көбінесе осы мақсатқа қол жеткізуде, тәжірибелік дағдылардың қажетті көлемін бере қоймайды. Бұл білім беруде дуальді-бағдарлық оқытудың өзектілігін негіздейді. Біз, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің арнайы педагогтарын кәсіби даярлау базасында арнайы ұйымдастырылған түзету-дамыту зертханасы жағдайында дуальді-бағдарлық оқытудың қағидаларын іске асыруды ұсынамыз.

Осындай нысанды енгізу механизмі шынайы педагогикалық қызмет мысалында оқу ақпаратын негіздеуде көрінеді. Студенттік оқу-зерттеу зертхананы құру, педагогикалық қызметтің түбегейлі жаңа әрі перспективті бағыты болып табылады. Себебі, оңалту орталықтары басшыларына, ЕББҚ бар балалары бар ата-аналар білікті көмек алу үшін тағы да бір мүмкіндік пайда болады.

Оқу-зерттеу зертханасы бизнес-инкубаторлар түрінде көрсетілетін болады. Институт бизнес-инкубаторлау механизмі арқылы зертхананың ресурстарын қолданудан табыс алып отырады, сонымен қатар, өзінің студенттеріне, ғылыми-педагогикалық жұмыскерлеріне ғылыми жобалар жүргізуге және олардың негізінде жаңа оқу-әдістемелік материалдарды құру үшін мүмкіндіктер береді.

Біздің зерттеуіміздің аясында, дуальді-бағдарлық оқыту қағидаларын Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Педагогика және психология институтының базасында арнайы құрылған оқу-зерттеу зертханасы жағдайларында жүзеге асыру жоспарланып отыр.

Негізгі білім беру бағдарламасы аясында оқу ақпараты шынайы педагогикалық қызметінің мысалында модельдеу арқылы жүзеге асатын болады. Осы шартты орындау, болашақ арнайы педагогты білім беру міндеттерін шешуге және белгілі бір мақсаттарға бағдарланған, алуантүрлі іс-әрекеттерді орындау арқылы белгілі бір жағдайларда іске асырылатын кәсіби қызметке бағыттайды. Яғни, студенттерде оқу-зерттеу зертханасы негізінде болашақ қызметтің түзету-педагогикалық, диагностикалық-кеңес беру, құрылымдық-жобалау, талдау-

бағалау, зерттеу-шығармашылық функциялар жүйесі жайлы көзқарасты қалыптастырады.

Жоғарыда аталған зертханада белсенді жұмыс жасауға 3 және 4 курс студенттерін тарту қажет. Себебі, оларда осы сәтке дейінгі алған теориялық білімнің жеткілікті деңгейі қалыптасуы керек. 1 және 2 курс студенттері бақылау мен танысуды негізгі мақсат ретінде көздейтін пассивті тәжірибеден өтетін болады. Зертхананың базасында арнайы педагогика бойынша ғана емес, сондай-ақ, мектепке дейінгі даярлық педагогикасы, әлеуметтік педагогика, психология, педагогика бойынша курстық және бітіруші жұмыстарды жазу үшін эксперименттік зерттеулерді орындау жоспарланып отыр. Білім беру процесінің мақсаттарына сәйкес, оны іске асырудың әртүрлі кезеңдерінде тану мен диалектика теориясының жалпы әдістерін; мәселені теориялық және психологиялық-педагогикалық талдау мен эмпирикалық зерттеу әдістерін; психодиагностикалық әдістерін; математикалық-статистикалық зерттеу әдістерін қолдану ұсынылады.

Зертхана қызметіне басшылық ету институттың ғылыми-педагогикалық жұмыскерлерінің ішінен осы қызметке икемділігі бар, адамдармен өзара әрекет ету дағдылары қалыптасқан, түзету-педагогикалық жұмыс тәжірибесі бар, біліктілігі жоғары арнайы педагогпен жүзеге асырылатын болады.

Біздің алдымызға қойған міндет жаңадан ойлап табылған дүние емес, алайда, ұсынылып отырған шешім жаңашылдығымен айрықшаланады.

Осылайша, дуальді-бағдарлық оқытудың ұсынылып отырған нысаны студенттерде келесідей дайындықты қалыптастыруға ықпал етеді:

- мүмкіндігі шектеулі балаларға тұлғалық бағдарланған және дара дифференциалды тәсілдемелердің негізінде білім беру бағдарламаларын ұтымды таңдау және іске асыру;

- ЕББҚ бар тұлғаларды сәтті әлеуметтендіру мақсатында білім беру, денсаулық сақтау және әлеуметтік қорғау салаларында түзету-компенсаторлық жұмысты әдістемелік қамтамасыз ету мен жүргізу, түзету-дамыту ортасын ұйымдастыру;

- білім берудің интегративті модельдерін іске асыру мақсатында арнайы (түзету), жалпыға білім беру мекемелерінде түзету-педагогикалық қызметті жүзеге асыру;

- жеке білім беру траекториясын таңдауды нақтылау мақсатында, ЕББҚ бар тұлғаларға психологиялық-педагогикалық диагностика жүргізуді ұйымдастыру және жүзеге асыру;

- дифференциалды диагностикалауды жүзеге асыруда, ЕББҚ бар тұлғаларға жүргізілген медициналық-психологиялық-педагогикалық диагностика нәтижелерін талдау;

- оның тиімділігін бағалау мақсатында түзету-дамытуға ықпал етуге динамикалық бақылауды жүзеге асыру;

- ЕББҚ бар балаларға, олардың туыстарына және педагогтарына оқыту, дамыту, отбасылық тәрбиелеу, өмірде және кәсіби тұрғыда өздерін анықтау

мәселелері бойынша кеңес беру бойынша көмегін тигізу;

- студенттің өзінің түзету-педагогикалық қызметін жоспарлау, ұйымдастыру және жетілдіру.

Осылайша, болашақ арнайы педагогтың оқу-тәрбиелеу процесінде оқу-зерттеу қызметін жүзеге асыруда тұлғалық дайындығы, кәсіби тұлғалық құзыреттерінің болуымен сипатталады. Тұлғалық кәсіби құзыреттері, тәжірибелік педагогикалық қызметте табысқа жету мүмкіндігін арттырады.

Арнайы педагогтарды даярлау жүйесі осы мақсатқа қол жеткізу үшін тәжірибелік дағдылардың қажетті деңгейін бере қоймайды. Сондықтан білім беруде дуальді-бағдарлық тәсілдеменің өзектілігін негіздейді.

Студенттік оқу-зерттеу зертханасын құру, бұл педагогикалық қызметтің перспективті бағыты болып табылады. Жоғарыда атап өткеніміздей, бизнес-инкубатор түрінде көрсетілген түзету-дамыту зертханасынан институт оның ресурстарын қолданудан табыс алуы әбден мүмкін.

Соңғы онжылдықта түзету білім беру мекемелері үшін педагогикалық мамандарды даярлау мәселелеріне ғылыми қауымдастықтың тарапынан қызығушылықтың артуы байқалынады. Арнайы ұйымдастырылған педагогикалық жағдайлар мен белгілі бір ортада қалыптасып, дамитын кәсіби-педагогикалық құзыреттіліктер мен құзыреттерді арттыру жолдарын іздеуге бағдарланған ғылыми еңбектер санының артқандығын айта кету керек. Кәсіби-педагогикалық құзыреттіліктердің жекелеген компоненттерін қалыптастыру құралдары әлі де зерттелу үстінде.

Арнайы педагогтардың кәсіби-тұлғалық дайындығының тәжірибелік деңгейі кәсіби қабілеттер мен дағдыларының қалыптасуында, оларды тәжірибе тұрғысынан қолдануында, кәсіби қызметінің жоғары нәтижелілігінде, шығармашылық белсенділігінде және өздері мен басқа да мамандардың іс-әрекеттерін адекватты бағалауында. Ал, қажет болған кезде кешенді түзету қызметі процесін ұйымдастыру қабілетіне негізделген педагогтар мен ата-аналардың іс-әрекеттерін болжау қабілетінде көрінеді.

Болашақ арнайы педагогтарды кәсіби даярлаудың тәжірибелік компоненті қажеттілік, оның жекелеген актілері түріндегі орынды қызметі; осы қызметке бағдарланған пән; мақсатқа қол жеткізу құралдары секілді элементтерді ескерумен сипатталады. Нәтижесінде, осы элементтер түзету-педагогикалық қызметтің құрылымын қалыптастырады.

Алайда, тәжірибе көрсетіп отырғандай, арнайы педагогтарды даярлау жүйесі қажетті тәжірибелік дағдыларды қалыптастыра қоймайды. Осыған байланысты, ЖОО-да оқыту пәнаралық білімді, қызметті жобалау мен талдауды, кәсіби жағдайда тиімді қызмет жасауға, өз бетімен жаңа білім алуға, үнемі кәсіби тұрғыдан дамып отыруға қабілетті үйлестіретін мамандарды даярлауды қарастырады. Бұл болашақ арнайы педагогты оның кәсіби құзыреттілігін арттыру мақсатында оқытуға жаңа тәсілдемелерді әзірлеумен сипатталады.

Оқытудың дуальді-бағдарлық тәсілдемесінің мәні эмоциялық-бейнелік және логикалық компоненттердің біртұтастығы негізінде оқу процесін құруда;

жаңа білім алуға және оларды өмірлік маңызды міндеттер мен мәселелерді шешуде тәжірибелік тұрғыдан қолдануды қалыптастыруда көрінеді.

Білім беруде дуальді-бағдарлық оқытудың негізгі мақсаты – маманның кәсіби құзыреттерін қалыптастырумен байланысты тәжірибелік мәселелерді шешуде теориялық және практикалық білімдер үйлестіретін оңтайлы модель құру. Осындай кәсіби оқыту моделі білім беру ұйымдарының тиімді жұмыс жасауына бағдарланған қызметінің мақсаттарымен тығыз байланыста болуы тиіс.

Жоғарыда атап өткеніміздей, зерттеу аясында тәжірибеге бағдарланған оқыту қағидаларын іске асыруды Педагогика және психология институтының базасында арнайы құрылған оқу-зерттеу зертханасы жағдайында жүзеге асыру жоспарлануда. Негізгі білім беру бағдарламасының аясында оқу ақпараты шынайы педагогикалық қызметке негізделеді. Осы шартты орындау болашақ арнайы педагогты білім беру міндеттерін шешуге бағдарланған және белгілі бір мақсаттарға бағынуға, алуантүрлі іс-әрекеттерді орындау арқылы белгілі бір жағдайларда іске асырылатын кәсіби қызметке бағыттайды. Яғни, студенттерде оқу-зерттеу зертханасы негізінде болашақ қызметіне қажет түзету-педагогикалық, диагностикалық-кеңес беру, құрылымдық-жобалау, талдау-бағалау, зерттеу-шығармашылық және т.б. функциялар жүйесі қалыптастырады.

2.4 Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың нәтижелері

Зерттеу жұмысымыздың бақылау кезеңінде алғашқы анықтау эксперименті мен қалыптастыру экспериментінен кейінгі нәтижелер көрсеткіштеріне талдау толығымен жасалды.

Алынған деректерді талдау және зерттеудің эксперименталды бөлімін орындау нәтижелері бойынша тұжырымдау негізінен ұсынылған диагностикалық әдістерді қолдану арқылы жүргізілген екі өлшеудің деректерінің арақатынасын ескере отырып құрылады.

Эксперимент ғылым дамуының әр түрлі салаларында өзінің маңызын ешқашан жоғалтпайды. Жалпы эксперимент жұмыстары теориялық болжамдарды тексеру мақсатында жүргізіледі. Теория нақты білімдердің ішкі қайшылықсыз жүйесі болып табылады. Оның элементтері логикалық тұрғыда бір-біріне бағынышты болады. Тәжірибелік-эксперименттің нәтиже көрсеткіштерінің тиімділігін зерттеуде математикалық статистикалық әдістемелердің маңызы өте зор болып табылады.

Осы орайда, модельдің мазмұнды компонентін іске асыру эксперименттік топ студенттерінде тәжірибеге бағдарланған құзыреттерді қалыптастыру нысандарын, әдістерін және технологияларын анықтауға мүмкіндік берді.

Студенттердің білімін жетілдіру, оқу пәндері бойынша сабақтарды жүргізу барысында жүзеге асырылатындығы белгілі. Осы тұжырым эксперименттік топтың студенттерімен үш жыл бойы жүргізіп келген «Арнайы салыстырмалы педагогика», «Дуальді білім беру теориясы мен тәжірибесі» пәндерін жүргізу барысында көрініс тапты. Курстың көлемі 6 кредитті құрайды.

Жұмысымызда дуальді-бағдарлық оқытуды біз негізгі тұжырым ретінде қолдандық.

Қалыптастырушы кезеңде әртүрлі арнайы (түзету) білім беру мекемелерінің базасында жүргізілген «Арнайы педагогика» бағыты бойынша кәсіби даярлау бөлімі студенттерінің өндірістік тәжірибесіне ерекше назар аударылды.

Педагогикалық процесс барысында субъектілерімен өзара әрекет ету аясында студенттер осы қызмет түрін ұйымдастырудың көмегімен педагогикалық тәжірибеге, арнайы білімдер мен қабілеттерге ие болады.

Эксперименттік топтардың студенттерінде кәсіби маңызды қасиеттерді қалыптастыру моделінің компоненттерін іске асыру кезінде біз оқу процесін ұйымдастырудың нормативтік-заңнамалық актілерді, оқу-әдістемелік материалдарды, компьютерлік және техникалық құралдарды, сонымен қатар, шетелдік және отандық ғылым мен мәдениеттің алдыңғы қатарлы жетістіктерін қолдандық.

Тақырыптық ғылыми-тәжірибелік семинарлар, студенттік ғылыми конференциялар секілді студенттердің қызметін ұйымдастыру нысандары да кеңінен қолданылды.

Бұл студенттерге оқылған арнайы әдебиетті сыни түрде өз бетімен бағалауға, Қазақстан Республикасында және шетелде арнайы білім беру жүйесінің қалыптасу тарихы мен қазіргі жағдайын талдауға мүмкіндік береді. Қазіргі өзекті мәселелерге өзінің көзқарасын айқын әрі сенімді түрде білдіруге көмектесті, бұл теориялық ойлау деңгейін арттыруға ықпал етеді.

Бітіруші түлектердің болашақ кәсіби қызметке тәжірибеге бағдарланған даярлығы деңгейін арттыру мақсатында біз тәжірибеге бағдарланған құзыреттерді қалыптастырудың келесідей нысандарын әзірлеп, қолдандық:

- терминдер бойынша блиц-сұраулар (негізгі сабақтар тізімі оқу пәндері бойынша тәжірибелік және зертханалық сабақтар мазмұнында келтірілген);

- жеке оқу-әдістемелік пакеттер (әрбір пакет студенттің оқу курсы барысында орындауы тиіс оқылатын пәні бойынша тапсырмалар кешенін қамтиды);

- педагогикалық жағдайды талдаумен және бағалаумен байланысты мәселелік тапсырмаларды шешу (мәселелік тапсырмалар оқу пәні мен оқылатын тақырыптың спецификасымен анықталады). Студенттер нақты жағдайды шешу нұсқаларын іздестірді, оның нәтижесін болжады, педагогтың іс-әрекеттеріне баға берді, бұл ретте дәріс материалдары, өзіндік жұмыстарды орындауға арналған дәптерлер, осы оқу курсы мен шектес пәндер бойынша оқулықтар кеңінен қолданылды.

Осылайша, студенттердің ғылыми-тәжірибелік қызметін ұйымдастыруға интегративті тәсілдеме іске асырылды:

- оқу курстары бойынша тесттік тапсырмалар (тесттік тапсырмалардың мазмұны студенттерде алған теориялық білімдерін тәжірибеде қолдану, ұсынылып отырған сұрақтарды сыни талдау және қисынды жауапты таңдау дағдыларын қалыптастыруға бағдарланған). Студент-арнайы педагогтардың

ғылыми-тәжірибелік қызметінің мазмұны мен оны ұйымдастыру үздіксіз жаңартып отыруды қажет етеді, бұл қазіргі арнайы білім беру жүйесінің осы бейіндегі мамандарды даярлауға қатаң талаптардың қойылуына байланысты.

Тәжірибелік және зертханалық сабақтарда оқу процесінің ғылыми-тәжірибелік бағыттылығын іске асыру студент-арнайы педагогтардың жеке медициналық, психологиялық және педагогикалық пәндерді тиімді меңгеруі мақсатында жүзеге асырылады. Әрбір сабақтың нақты оқу курсының мазмұнымен анықталатын өзінің ерекше міндеттері бар. Бұл ретте дәрістік, тәжірибелік және зертханалық сабақтардың мазмұны динамикалық болып табылады.

Эксперименттік топтардың студенттерінде кәсіби маңызды қасиеттерді қалыптастыру моделін іске асырудың тиімді нысандарының бірі, оқытылатын пәндердің теориясы мен тәжірибесін байланыстыратын зертханалық және тәжірибелік сабақтарды жүргізу болып табылады.

Сонымен қатар студенттерде зертханалық сабақтар секілді қызмет түріне қамту кезіндегі белгілі бір қиындықтар да ескерілді, бұл келесі себептерге байланысты туындады:

- студенттердің тәжірибеде теориялық білімдері мен пәнаралық байланыстарды қолдана алмауы;
- тәжірибелік қызмет барысында бақылау, талдау дағдыларының қалыптаспауы;
- кәсіби қасиеттерінің дамымағандығы.

Студенттерде оқытылып отырған курстар бойынша білімдерін бекіту мақсатында сабақтарда аудио және бейнежазбалар кеңінен қолданылды. Біз студенттерді мемлекет пен қаладағы арнайы (түзету) мекемелерінің даму тарихымен және жұмыс жасау ерекшеліктерімен, білім алушылар мен тәрбиеленушілер контингентімен, педагогикалық және медициналық маман жұмысының бағыттарымен және ерекшеліктерімен таныстыра отырып, көрнекі-әдістемелік материалдарды әзірледік. Бұл эксперименттік топтардағы студенттердің оқылып жатқан курстар бойынша алған білімдерін бекітуге, кәсіби бағыттылығын қалыптастыруға ықпал етті, олардың танымдық қызметін дамытты.

Медициналық, психологиялық және педагогикалық пәндер циклдары бойынша тәжірибелік және зертханалық сабақтарды жүргізу ерекшелігі студент-арнайы педагогтардың болашақ қызметке тәжірибелік даярлығын қалыптастыруда, олардың кәсіби құзыретін кеңейтуде ерекше мәнге ие болды.

Сонымен қатар, тәжірибелік және зертханалық сабақтар барысында студенттерде әртүрлі дизонтогенез (сөйлеу қабілетінің бұзылуы, естуінің және эмоциялық-еріктік саласының бұзылуы) жағдайындағы балалармен жұмыс жасауда түзету-педагогикалық ықпал етуді жүзеге асырудың тәжірибелік қабілеттері мен дағдылары қалыптасты.

Бұдан басқа, студенттерді логопедиялық психологиялық-педагогикалық көмек кабинетінің жұмысына танысып, өздерінің қабілеттері мен дағдыларын

одан сайын бекіте түсті.

Осылайша, студенттердің назары арнайы білім берудің теориясы мен тәжірибесінің біртұтастығы мәселелеріне бағытталды (соның ішінде, нормалар мен патологиялар құбылыстарының негізіндегі клиникалық-физиологиялық және психологиялық-педагогикалық заңдарды анықтаған кезде, мысалы, сенсорлық функциялардың бұзылыстарын, сөйлеу немесе психикалық дамуындағы ауытқушылықтарды есепке алғанда, осы патологияны түзетуге бағдарланған тәрбиелік және педагогикалық жұмыстың нақты әдістерін оқыту кезінде және т.б.), тәжірибелік қызметті іске асыру барысында теориялық білімдерді қолданудың қажеттілігіне басым назар аударылды.

Студент-арнайы педагогтардың тәжірибеге бағытталығын қалыптастырудағы ажырамас шарт – арнайы педагогикалық көмекке мұқтаж балаларға және олардың ата-аналарына кеңес берілетін логопедиялық көмек көрсету кабинетінде педагогикалық қызметті жүзеге асыруға оларды тарту. Кафедраның алдыңғы қатарлы оқытушыларының жетекшілігімен студенттер жүргізген түзету және психодиагностикалық жұмыс теориялық білімді бекітуге және тәжірибелік қабілеттер мен дағдыларды қалыптастыруға ықпал етеді.

Студенттер ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен диагностикалық және түзету-педагогикалық жұмысты жүзеге асыру үшін арнайы оқулықтарды, дидактикалық және ынталандырушы материалдарды дайындауға белсенді түрде қатысты.

Тәжірибелік-эксперименттік зерттеудің қалыптастырушы кезеңінде кеңінен қолданылған нысандардың бірі – мамандандырылған мекемелерде тікелей зертханалық сабақтарды ұйымдастыру мен жүргізу, бұл деонтологияның негізгі қағидаларын орындауға көмектесті. Олардың мақсаты, студенттерде дамуында ауытқушылықтары бар адамдармен, олардың туыстарымен, сондай-ақ, жұмыстағы әріптестерімен – тәрбиешілермен, арнайы педагогтармен, музыкалық жетекшілермен, медициналық маманмен және т.б. өзара қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру. Бұл студенттердің кәсіби бағдарланған қызметін ынталандырып қана қоймай, болашақ мамандардың кәсіби маңызды қасиеттерін қалыптастыруға ықпал етеді, оларды нығайта түседі. Себебі, студенттер үлкен жауапкершілікпен және қызығушылықпен түзету-тәрбиелеу және психологиялық-түзету қызметті жүзеге асырады.

Студенттердің кәсіби маңызды қасиеттерін қалыптастырудың тиімді әдістері мен құралдарының бірі арнайы (түзету) білім беру мекемелерінде жүргізілетін өндірістік іс-тәжірибе болып табылады. Бұл студенттерге арнайы педагогика, арнайы психология және басқа да пәндер бойынша алған теориялық білімдерін бекітуге, кеңейтуге және нақтылауға, түзету-педагогикалық көмек көрсетуді ұйымдастыру мен мазмұнын зерттеуге, танымдық қызметінің, эмоциялық-еріктік саласының дамуындағы бұзушылықтарды жеңу бойынша кәсіби-тәжірибелік жұмыс дағдылары мен қабілеттерін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Арнайы (түзету) білім беру мекемелерінде өндірістік іс-тәжірибеден өту

барысында студенттер арнайы педагогтың кәсіби функцияларын толығымен орындады. Нәтижесінде олар әртүрлі қызмет түрлерін (диагностикалық, кеңес беру, түзету, тәрбиелік және т.б.) жүргізуде жеке тәжірибеге ие болды.

Қалыптастырушы кезеңде біз эксперименттік және бақылау топтарының студенттерінде кәсіби маңызды қасиеттерінің қалыптасу деңгейлерін анықтау үшін аралық бақылау жүргіздік. Алынған деректер, эксперименттік топтағы студенттерде динамиканың неғұрлым айқын жағымды сипатының нәтижелері төмендегі кестеде көрсетілген.

Кесте 21 - Қалыптастырушы кезеңде студенттердің кәсіби маңызды қасиеттерінің қалыптасу көрсеткіштері, (%)

Зерттелуші топтар	Кәсіби маңызды қасиеттерінің қалыптасу деңгейі		
	Жоғары	Орташа	Төмен
Эксперименттік	26,3	54,9	18,8
Бақылау	18,3	59,7	22,0

Келтірілген сандық көрсеткіштер екі топтардағы студенттерде кәсіби маңызды қасиеттердің қалыптасу деңгейлерінде жағымды өзгерістердің байқалғандығын көрсетеді.

Аралық бақылауды жүргізу нәтижесінде ең үздік көрсеткіштер эксперименттік топтарда байқалды. Сәйкесінше, әзірленген модельді іске асырудың көмегімен кәсіби маңызды қасиеттерінің қалыптасуы деңгейі төмен студенттер саны азайды (18,8%), орташа және жоғары деңгейді көрсеткен студенттер саны артты (26,3 және 54,9%). Осындай көрініс бақылау тобында да байқалды.

Осылайша, аралық бақылау нәтижелері эксперименттік топтардағы студенттердің жетістіктері бақылау тобындағы студенттерден ерекшеленеді деген қорытынды жасауға мүмкіндік берді. Бұл өзгерістер тек жағымды сандық сипатта емес, сондай-ақ, сапалық тұрғыдан да жағымды өзгерісті көрсетті. Бұл өз кезегінде, студенттердің қалыптастырушы экспериментке дейін және кейін алған тәжірибеге бағдарланған құзыреттерінің нәтижелерінде байқалады.


Кесте 22 - Қалыптастырушы экспериментке дейін және кейінгі студенттердің тәжірибеге бағдарланған құзыреттерінің орташа мәндері

Тәжірибеге бағдарланған құзыреттер	БТ (n=60)			ЭТ (n=60)		
	дейін	кейін	σ	дейін	кейін	Σ
1	2	3	4	5	6	7
ЕББҚ бар балаларға арналған профилактикалық және түзету-дамыту бағдарламасын жобалау	3,52	3,65	0,30	3,55	4,05	1,19

22 – кестенің жалғасы

ЕББҚ бар балалармен профилактикалық және түзету-дамыту жұмыс жасау әдістерін қолдану	3,63	3,78	1,24	3,64	4,35	1,73
ЕББҚ бар балалардың қабілеттерін дамыту бойынша басқа мамандармен өзара әрекет ету	3,02	3,28	0,24	3,05	4,38	1,09
ЕББҚ бар балалардың қабілеттерін дамыту бойынша мамандармен өзара әрекет етуді ұйымдастыру	3,68	3,73	0,15	3,77	4,85	1,63
ЕББҚ бар балалар мен жасөспірімдердің дамуы мен мінез-құлқындағы бұзушылықтарды анықтау тәсілдерін, білім беру ортасы компоненттерін диагностикалау әдістерін, білім беру ортасының құрылымын білу	3,79	3,88	1,28	3,80	4,75	1,43
Білім беру ортасына мониторинг жүргізу, диагностикалау нәтижелерін талдау. ЕББҚ бар балалар мен жасөспірімдерді оқытудағы қиындықтардың себептерін анықтау және түсіндіру	3,87	3,95	0,42	3,85	4,85	1,08
Түзету білім беру мекемелеріндегі педагогикалық үдерісті оңтайландыруға психологиялық көмек көрсету	3,56	3,73	0,39	3,41	3,65	1,04

Қалыптастырушы кезеңге дейін және кейін болашақ арнайы педагогтарды дуальді-бағдарлық даярлаудың ғылыми-тәжірибелік моделін іске асыру аясында эксперименттік топтың студенттерінде қалыптасқан тәжірибеге бағдарланған құзыреттердің нәтижесінде келесідей өзгерістер орын алды, 12 суретте келтірілген.



Сурет 12 - Эксперименттік топ студенттерінің қалыптасқан тәжірибеге бағдарланған құзыреттерінің динамикасы

Кесте мен суреттен көріп отырғанымыздай, эксперименттік топтағы студенттерде тәжірибеге бағдарланған құзыреттің қалыптасуының артуы байқалады ($p \leq 0,05$).

Бақылау тобында осы құзыреттердің төменгі меңгерілуі мен төменгі қарқынын атап көрсетуге болады. Студенттер ЕББҚ балалардың қабілеттерін дамытуда мамандармен өзара әрекет етуді ұйымдастыру және ЕББҚ бар балалар мен жасөспірімдердің дамуы мен мінез-құлқындағы бұзушылықтарды анықтау тәсілдерін, білім беру ортасы компоненттерін диагностикалау әдістерін, білім беру ортасының құрылымын білу саласында неғұрлым жоғары көрсеткішке қол жеткізді.


Эксперименттік топтың студенттерінде тәжірибеге бағдарланған құзыреттерді қалыптастыру оқу-зерттеу зертханаларында да, өндірістік іс-тәжірибе барысында да дуальді-бағдарлық даярлаудың жоғары қажеттілік деңгейіне сәйкес келеді.

Болашақ арнайы педагогтарды дуальді-бағдарлық даярлау моделін іске асыру нәтижесінде эксперименттік топтың студенттерінде қалыптастырушы экспериментке дейін және кейін осы даярлау түріне қатысты жоғары деңгейге қол жеткізілді. Алынған мәліметтер 16-шы кестеде келтірілген. Ал, келесі кестеде қалыптастырушы экспериментке дейін және кейін ЖОО-да дуальді-бағдарлық даярлауға «қатынасы» блогы деңгейінің мәндері келтірілген:

Кесте – 23 Қалыптастырушы экспериментке дейін және кейін ЖОО-да дуальді-бағдарлық даярлауға «қатынасы» блогы деңгейінің мәндері

Дуальді-бағдарлық даярлауға қатынас деңгейі		БТ (n=60)			ЭТ (n=60)		
		дейін	кейін	σ	дейін	кейін	σ
	Тиімділік және өнімділік	3,02	3,15	0,30	3,05	4,25	1,19
	Кәсіби қажеттіліктерге қол жеткізу	3,75	3,80	0,10	3,74	4,13	1,24
	Тұлғалық және кәсіби өсу	3,76	3,84	0,11	3,71	4,01	0,91
	Ымыраға (келісімге) қатынасы	3,56	3,61	0,12	3,53	4,03	1,43
	Әріптестікке қатынасы	3,89	3,91	0,09	3,81	4,12	1,25
	Табыстылыққа (сәтсіздіктерге) қатынасы	3,95	3,99	0,03	3,93	4,05	1,27
	Танымдық белсенділікке қатынасы	3,83	3,87	0,08	3,81	4,18	1,32

Эксперименттік топтың студенттерінде ЖОО-да дуальді-бағдарлық даярлауға қатынастарын анықтау барысында келесідей өзгерістер орын алды (13 сурет).




Сурет 13 - Қалыптастырушы эксперименттен кейін эксперименттік топтағы қатынастар мәндеріндегі сапалық өзгерістер

Эксперименттік топта ЖОО-да дуальді-бағдарлық даярлаудың барлық қатынастарының қалыптасу көрсеткіштерінде сапалық өзгерістер анықталды ($p < 0,05$). Бақылау тобында жағымды өзгерістердің қарқындылығы төмен. Студенттерде келесі көрсеткіштер бойынша елеулі өзгерістер орын алды: «дуальді-бағдарлық даярлаудың тиімділігі мен өнімділігі», кәсіби қажеттіліктерге қол жеткізуге қатынасы, ымыраға келуге (келісімге) қатынасы.

Осы диссертациялық эксперименттік зерттеуді жүргізу барысында біздің жүргізген қалыптастырушы экспериментіміз болашақ арнайы педагогтарда академиялық үлгерімге мотивациялық компоненті деңгейлерінің сапалық және сандық өзгерісін тексеруді қажет етті. Осы мақсатта біз қалыптастырушы эксперимент барысында алынған нәтижелерді талдап, интерпретацияладық.


Т.Элерстің табысқа қол жеткізуге мотивацияны диагностикалау әдістемесінің көмегімен болашақ арнайы педагогтардың мотивациялық компонентінің өзгеруін қарастырайық.

Қалыптастырушы эксперименттен кейін табысқа қол жеткізуге мотивацияның деңгейін зерттеу нәтижелерін талдау 25 студентте (20,8%) төменгі деңгейді, 45 студентте (37,5%) орташа деңгейді және 50 студентте (41,7%) жоғары деңгейді көрсетті. Зерттеу нәтижелері 14 суретте келтірілген.



Сурет 14 - 4 курс студенттерінде табысқа жетуге мотивация деңгейлері (қалыптастырушы эксперименттен кейін)

Сәйкесінше, қалыптастырушы ықпал ету нәтижесінде студенттерде табысқа жетуге мотивация деңгейлерінде елеулі өзгерістер байқалды.



Сурет 15 - Қалыптастырушы эксперименттен кейін 4 курс студенттерінде тұлғалық және жағдайлық танымдық белсенділік деңгейлері

Қалыптастырушы эксперименттен кейін жалпы таңдамадағы жоғары тұлғалық танымдық белсенділігін көрсеткен төртінші курс студенттерінің саны 20,5%-ға артты, орташа деңгейін көрсеткен студенттер саны 20,5%-ға артса, ал, төменгі деңгейдегі студенттер саны 41%-ға азайды.

Қалыптастырушы эксперименттен өткеннен кейін жоғары жағдайлық танымдылық белсенділік көрсеткен төртінші курс студенттерінің саны 11,7%-ға артса, орташа деңгейдегі студенттер 20%-ға артты, ал, төменгі деңгейлі жағдайлық мазасыздық деңгейіндегі студенттер саны 31,7%-ға азайды. Бақылау эксперименті арнайы педагогтарды дуальді-бағдарлық даярлаудың тәжірибеге бағдарланған құзыреттерін қалыптастыру моделі мен бағдарламасының тиімділігін тексеруге бағытталды.


Эксперименттік зерттеу нәтижелері, кешенді бағалау әдістемелерінің көмегімен білімдер мен қабілеттердің деңгейін өлшеуге статистикалық деректерді компьютерлік өңдеуге, сапалық-сандық талдауға негізделді.

Төмендегі 24 кесте мен 7 суретте арнайы педагогтардың білімдерін, қабілеттерін және олардың арнайы функцияларын орындауға даярлығы деңгейлеріндегі динамиканы сипаттайтын «Тәжірибеге бағдарланған құзыреттері» критерийі бойынша диагностикалау мәліметтерінің нәтижелері келтірілді.

Кесте - 24 «ЖОО-да оқу жылы» факторының «Тәжірибеге бағдарланған құзыреттері» көрсеткішіне әсері

ЖОО-да оқу жылы	«Тәжірибеге бағдарланған құзыреттер»
1	3,30 (0,95)
2	3,72 (0,97)
3	3,87 (0,99)
4	3,89 (0,85)
Ескерту. «ЖОО-да оқу жылы» факторының «Тәжірибеге бағытталу» көрсеткішіне басты әсері	

Ал енді, төмендегі суретке ЖОО студенттерінде ұйымдастырушылық-қызметтік қабілеттерінің қалыптасу көрсеткіштерін кескіндейік:



Сурет 16 – ЖОО студенттерінде ұйымдастырушылық-қызметтік қабілеттерінің қалыптасу көрсеткіштері

Сурет пен кестеде бейнеленген мәліметтер, әртүрлі оқу жылдарындағы студенттерде түзету-педагогикалық қызметте ұйымдастырушылық-қызметтік қабілеттердің әртүрлі деңгейде қалыптасқандығын көрсетіп отыр.

Осы қабілеттер тобына келесілер жатқызылады: педагогикалық-түзету процесін ұйымдастыру, баланы құрастырушылық қызметке тарту, онда танымдық және басқа да қызмет түрлерін қалыптастыру қабілеттері. Бірінші курс студенттерінде осы қабілеттердің қалыптасу деңгейі ең төменгі көрсеткішті көрсетсе, төртінші курс студенттерінде жоғары деңгейді көрсетті. Жылдан жылға жоғарыда көрсетілген қабілеттер өскенін байқадық. Бұл қабілеттер, аудиториялық сабақтар (дәріс және тәжірибелік сабақтар) барысында, сондай-ақ, аудиториядан тыс сабақтарда (педагогикалық іс-тәжірибе, студенттердің өзіндік жұмысы, ғылыми-зерттеу жұмысы және т.б.) меңгеріледі.


ЖОО-да студенттердің оқу жылына байланысты «Өзін-өзі бағалау» көрсеткішінің орташа және стандартты ауытқулары төмендегі кестеде келтірілген.

Кесте 25 – «ЖОО-да оқу жылы» факторының «Өзін-өзі бағалау» көрсеткішіне әсері (бір факторлы дисперсиялық ANOVA)

ЖОО-да оқу жылы	Өзін-өзі бағалау
1	2,45 (3,43)
2	3,13 (3,27)
3	2,89 (3,11)
4	4,16 (2,42)

*Ескерту. «ЖОО-да оқу жылы» факторының «Тұлғаның өзін-өзі бағалауы» көрсеткішіне басты әсері: $F=3,657$, $p<0,006$ көрсетілген.

Осы орайда, жоғарыдағы кестеден алынған нәтижелерді 17-ші суретке түсірейік:



Сурет 15 - «ЖОО-да оқу жылы» факторының ЖОО студенттерінің өзін-өзі бағалау деңгейін әсері

Дисперсиялық талдау әртүрлі курс студенттерінің өзін-өзі бағалауы, әртүрлі деңгейге ие екендігін көрсетті.

Осылай, бірінші курс студенттерінде төменгі деңгейді көрсетсе, төртінші курс студенттерінде неғұрлым жоғары деңгейді көрсетті. Жоғарыдағы ұсынылған суретте, студенттердің ЖОО-да оқу кезеңінің олардың өздеріне жағымды қатынасын қалыптастырушы фактор болып табылатындығын көрсетеді.

Тәжірибеге бағдарланған құзыреттерді іске асырудың тиімділігін тексеру студенттердің білім сапасына тұрақты түрде мониторинг жүргізу негізінде жүзеге асырылды. Эксперименттік топтарда бақылау топтарымен салыстырғанда, үлгерімнің орташа деңгейінің артуы байқалды. «Арнайы психология» және «Арнайы педагогика» (екінші курс) бейінді пәндері бойынша ол +0,2 балды құрады; «Балаларды психологиялық-педагогикалық диагностикалау» (үшінші курс) - +0,3 балл; өндірістік іс-тәжірибе бойынша (төртінші курс) – +0,2 балл.

Даярлау сапасының объективті көрсеткіштері жүйесін қолдану арқылы алынған бақылау экспериментінің нәтижелерін талдайтын болсақ: студент меңгерілген материалды біледі, түсінеді, қолданады, талдайды, жүйелейді және бағалайды, эксперименттік топтарда бақылау топтарындағы көрсеткіштерден жоғары екендігін көрсетті. Алынған нәтижелер балама әдістеме бойынша («иә» - «жоқ») өңделді және төмендегі кестеде келтірілді.

Алынған деректерді талдау эксперименттік топтарда бақылау тобымен салыстырғанда неғұрлым жоғары нәтижелерді көрсетті. Ұсынылған жағдайлардың тиімділігін тәжірибелік дағдылар мен қабілеттерді меңгеру және теориялық білімдерді меңгеруді жүйелі бақылау нәтижесі де дәлелдеп отыр. Бұл эксперименттік топтарда тек кері байланыс қана жасалынып қоймай (студенттердің танымдық белсенділігі), сондай-ақ, барлық кмшіліктерді жедел

түрде түзетіп отыруымен түсіндіріледі.

Кесте 26 - «ЕББҚ бар балаларды психологиялық-педагогикалық диагностикалау» курсы бойынша білім беретін орта мектепте тәжірибеге бағдарланған құзыреттерді пайдалану процесінің сипаттамалары мен көрсеткіштері 2020/2021 Оқу жылы бойынша

№	Оқыту процесінің	Оқыту процесін көрсеткіштері (%)	
		Бақылау топтары	Эксперименттік топтар
Теорияны оқу бойынша:			
1	Біледі/білмейді	60/40	82/18
2	Түсінеді/түсінбейді	70/30	86/14
Тәжірибелік сабақтарда:			
3	Қолданады/қолданбайды	44/56	63/37
Талдау:			
4	Талдайды/талдамайды	58/42	72/28
Талдау:			
5	Жүйелейді/жүйелемейді	56/44	70/30
Өзін-өзі бағалау:			
6	Бағалайды/бағаламайды	52/48	73/27
Кері байланыс:			
7	Жасайды/жасамайды	46/54	78/22

Білім беру процесінің нәтижелері дұрыс шығуы үшін бақылау және эксперименттік топтар үнемі ауыстырылып отырылды.

Бұл әдістемелік тәсілдер, төменде аталғандарға мүмкіндік берді:

- біріншіден, өзекті нақты деректер алуға;
- екіншіден, болашақ анайы педагогтарды дуальді-бағдарлық даярлаудің біз енгізген моделінің өнімділігіне көз жеткізуге;
- үшіншіден, оқу сабақтары мен тәрбиелік іс-шараларды өткізуге оқытушының кәсіби даярлығын және үлесін бағалауға;
- төртіншіден, барлық шарттарды орындаудың әзірленген модельді неғұрлым тиімді іске асыруға ықпал ететіндігін көрсетті.

Осы факт біз ұсынған модельдің жоғары оқу орнында оқыту жағдайларында арнайы педагогтарды кәсіби даярлау тәжірибесіне кеңінен енгізуге болады деген болжам жасауға мүмкіндік берді.

Бақылау экспериментінің нәтижелері сандық көрсеткіштердің ғана емес, сондай-ақ, сапалық көрсеткіштердің анықтаушы эксперимент барысында алынған балама деректерден елеулі ерекшеленетіндігі туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Эксперименттік топтарда кәсіби маңызды қасиеттер мен тәжірибеге бағдарланған құзыреттердің қалыптасу көрсеткіштеріне жүргізілген салыстырмалы талдау олардың поливарианттылығын (көп нұсқалылығын) көрсетті.

Қалыптасудың жоғары деңгейі студенттердің «дүниетанымы мен адамгершілік бағдары» (64,9%), «коммуникативтілігі» (60,7%), «эмпатия және толеранттылық» (45,9%) секілді кәсіби маңызды қасиеттеріне тиесілі; орташа деңгейі - «жалпы эрудиция мен мәдениет» (59,1%), «педагогикалық (66,5%) және психологиялық (62,1%) пәндер теорияларына» тиесілі.

Ұсынылған педагогикалық шарттардың тиімділігін дәлелдейтін жағымды қорытынды ретінде болашақ арнайы педагогтардың тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуының жоғары/орташа деңгейлер бойынша сәйкесінше көрсеткіштері болады: олар 38,4/61,6% - эмоциялық тұрақтылық; 45,9/54,1% - эмпатия және толеранттылық; 78,9/21,1% - рефлексия.

Эксперименттік және бақылау топтарының студенттеріндегі қалыптасқан кәсіби маңызды қасиеттерінің деңгейлерін бастапқы және қорытынды анықтау нәтижелері келесі кестеде көрсетілген.

Кесте 27 – Анықтаушы кезеңде студенттерде кәсіби маңызды қасиеттердің қалыптасу деңгейлерінің жиынтық көрсеткіштері (%)

Зерттелуші топтар	Кәсіби маңызды қасиеттердің қалыптасу деңгейлері					
	Жоғары		Орташа		Төмен	
	A1	B2	A1	B2	A1	B2
Эксперименттік	16,5	30,4	56,4	64,1	27,1	5,5
Бақылау	15,6	17,5	57,8	63,2	26,6	19,3
* Ескерту. <i>Шартты белгілер</i> : A1- анықтаушы кезең, B2 – бақылау кезеңі						

Жалпы тәжірибелік-эксперименттік жұмысты қорытындылай отырып, педагогикалық ЖОО жағдайларында болашақ арнайы педагогтың кәсіби маңызды қасиеттерін қалыптастыру модельдің бірінші бөлімінде келтірілген жобалық, мазмұнды, процестік, мотивациялық және тәрбиелік компоненттерімен, сонымен қатар, болашақ арнайы педагогтарды дуальді-бағдарлық даярлауды іске асырумен қамтамасыз етіледі.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, барлық зерттелінетін: компоненттер, кәсіби маңызды қасиеттер (танымдық-қызметтік, тұлғаға бағдарланған) өзара байланысты, интегралды және жеке тұлғалық-кәсіби жаңа білімді қалыптастырады.

Алынған нәтижелер келесідей қорытынды тұжырымдар жасауға мүмкіндік берді:

1. Диагностикалық аппараттың көмегімен тәжірибелік-эксперименттік зерттеудің бақылау кезеңінің міндеттерін шешу алынған деректерді объективті бағалауға, оларды қорытындылауға және анықтау кезеңінің нәтижелерімен салыстыруға мүмкіндік берді.

ПОҚ – профессорлық-оқытушылық құрам (сараптамалық топ) және эксперименттік топтардың студенттері кәсіби маңызды қасиеттердің қалыптасу деңгейлерінде жағымды өзгерістердің орын алғандығын көрсетті, соның ішінде,

эмпатия, жауапкершілік, кәсіби құзыреттілік (теориялық және тәжірибелік даярлық деңгейі).

2. Бақылау кезеңі барысында алынған нәтижелер эксперименттік топтарда кәсіби маңызды қасиеттердің төменгі қалыптасу деңгейін көрсеткен студенттер санының азайғандығын көрсетті, ал, жоғары деңгейді көрсеткен студенттер қатарының көбейгендігі байқалады. Бақылау тобындағы студенттер арасында да жағымды динамика байқалынады, алайда ол ашық көрінбеді және эволюциялық сәтті ғана көрсетеді, яғни, ЖОО-да білім беру үдерісінің міндеттерін жүзеге асыруда күтілетін нәтиже.

3. Эксперименттік топтардың студенттерінде кәсіби маңызды қасиеттердің қалыптасу деңгейлерін бағалаудың барлық белгіленген критерийлері бойынша жағымды өзгерістер байқалды, бұл жасалынған модельді енгізудің тиімділігін, сондай-ақ, тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың қалыптастырушы кезеңін ұйымдастыру нысандарының, әдістерінің және құралдарының қисындылығын көрсетеді.

Екінші бөлім бойынша қорытындылар

1. Диссертациялық зерттеудің алға қойған мақсат-міндеттерді шешу үшін тәжірибелік-эксперименттік жұмыс бағдарламасы әзірленді: диагностикалық аппарат, педагогикалық ЖОО жағдайларында болашақ арнайы педагогтардың кәсіби маңызды қасиеттерін қалыптастыру моделін тиімді енгізуге ықпал ететін педагогикалық шарттар кешені.

2. Тәжірибелік-эксперименттік зерттеудің мақсаты педагогикалық ЖОО жағдайларында болашақ арнайы педагогтардың кәсіби маңызды қасиеттерін қалыптастыруда әзірленген моделін сынау (апробация) және енгізу. Зерттеу үш кезеңде жүргізілді: анықтаушы, қалыптастырушы және бақылау.

3. Анықтаушы кезеңде әзірленген диагностикалық құралдың көмегімен эксперименттік және бақылау топтарындағы студенттердің кәсіби маңызды қасиеттерінің қалыптасу деңгейлері зерттелініп, анықталды. Алынған деректер болашақ арнайы педагогтардың кәсіби маңызды қасиеттерін қалыптастыру бойынша мақсатты бағдарланған, жүйелі жұмыс жүргізу және осы диссертацияның бірінші бөліміндегі модельді іске асыру қажеттілігін көрсетті.

4. Абай атындағы ҚазҰПУ базасында болжамымызды растау, нақтылау және толықтыру мақсатында «Арнайы педагогика» білім беру бағдарламасы бойынша білім алатын эксперименттік топтың студенттері қатысқан тәжірибелік-эксперименттік зерттеудің қалыптастырушы кезеңі жүргізілді.

5. Осы кезеңде болашақ арнайы педагогтардың кәсіби маңызды қасиеттерін қалыптастыру моделі енгізіліп, сыналды (апробацияланды). Кәсіби маңызды қасиеттерін қалыптастыру моделінің негізгі компоненттері жобалық, мазмұнды, процестік, мотивациялық және тәрбиелік компоненттері болды.

5. Болашақ арнайы педагогтардың кәсіби маңызды қасиеттерін қалыптастырудың әзірленген моделін сәтті іске асыруға жоғары педагогикалық оқу мекемесінің базасында болашақ арнайы педагогтарды кәсіби даярлаудың

барлық кезеңдерін қамтитын педагогикалық шарттар кешені (ұйымдастырушылық, мазмұнды, технологиялық) ықпал етті. Осы педагогикалық шарттарды қабылдау және оларды қатаң түрде орындау модельді іске асыруға көмектесіп қана қоймай, тәжірибелік-эксперименттік зерттеудің жоғары нәтижелеріне қол жеткізуге мүмкіндік берді.

6. Тәжірибелік-эксперименттік зерттеудің бақылау кезеңінің нәтижелерін талдау эксперименттік және бақылау топтарының студенттерінде кәсіби маңызды қасиеттердің қалыптасу деңгейлерін анықтауға мүмкіндік берді. Неғұрлым жағымды нәтижелер эксперименттік топтардағы студенттердің кәсіби маңызды қасиеттерінің қалыптасу деңгейлерін бақылау кезінде байқалды, соның ішінде, эмпатия, жауапкершілік, кәсіби құзыреттілік (теориялық және тәжірибелік даярлық деңгейі) секілді қасиеттерінде.

ҚОРЫТЫНДЫ

«Арнайы педагогтарды дуальді-бағдарлық оқыту процесінде даярлау» атты диссертациялық жұмыс бойынша арнайы жүргізілген зерттеу барысында дайындалған әдіснамалық-теориялық қағидалар мен тәжірибелік жұмыста қол жеткен нәтижелер төмендегідей **қорытынды** жасауға мүмкіндік берді:

1. Арнайы педагогтарды дуальді-бағдарлық оқыту процесінде даярлаудың алғышарттарын айқындау және болашақ арнайы педагогтарды дуальді-бағдарлық оқыту процесінде даярлаудың теориялық-әдіснамалық негіздерін қарастыру мақсатында отандық және шетелдік ғалымдар еңбектеріне жан-жақты талдау жасалынды.

Құзыреттілік және қызметтік тәсілдемелер ЖОО-да арнайы педагогтарды дуальді-бағдарлық даярлау негізі ретінде қарастырылды.

ЖОО-да арнайы педагогтарды дуальді-бағдарлық даярлау тұжырымдамасының келесідей құрылымға ие екендігі айқындалды:

- ЕББҚ бар тұлғаларға білім беруді дамыту процесінің, жоғары педагогикалық білім берудің және дуальді-бағдарлық даярлаудың өзара байланысының кәсіби-технологиялық және тұлғалық-кәсіби аспектілерін анықтайтын; теориялық және технологиялық тұжырымдарды әзірлеуге негіз болатын әлеуметтік-мәдени негіздер;

- тұжырымдаманың мақсатты бағдарларын (жетекші идеясы, мақсаты, түсініктік-санаттық аппараты) қамтитын және оның мазмұндық-мәндік толуын анықтайтын теориялық тұжырымдар;

- құзыреттілік және іс-әрекеттік тәсілдемелердің негізінде анықталған тәжірибелік бағытталу мен нәтижелеліктің заңдылықтары;

- дуальді-бағдарлық даярлау процесінің моделі ретінде ұсынылған технологиялық тұжырымдар.

2. «Дуальді-бағдарлық оқыту» ұғымын нақтылау мақсатында ғалымдар еңбектеріне жасалған талдау арнайы педагогика контекстінде «дуальді білім беру», «тәжірибеге бағдарланған оқыту» түсініктеріндегі айырмашылықтарды анықтауға мүмкіндік берді.

Зерттеу барысында «дуальді-бағдарлық оқыту» ұғымын нақтылауда дуальді-бағдарлық оқыту жүйесінде қалыптасқан үш тәсілдеме басшылыққа алынды:

- студенттерді оқу, өндірістік және дипломалды іс-тәжірибе барысында кәсіби ортаға енгізу арқылы кәсіби тәжірибесін қалыптастыру;

- бейінді және бейінді емес пәндерді кәсіби бағдарланған оқыту мүмкіндіктерін қолдану негізінде болашақ кәсіби қызметті модельдеудің әдістемелері мен кәсіби бағдарланған технологияларды қолдану;

- жаңа іс-әрекеттік-құзыреттілік тәсілдеменің қажеттілігін ескеру.

Біздің пікірімізше, «дуальді-бағдарлық оқыту» – бұл қазіргі қоғам мен нақты білім беру ұйымының қажеттіліктеріне сәйкес белгілі бір бейіндегі және деңгейдегі педагогикалық мамандарды даярлауда білім беру және тәжірибелік

салаларының өзара әрекет етуіне негізделген, кәсіби даярлау технологиялары мен оқыту мазмұнын, мақсаттары мен құндылықтардың байланысын көрсететін, біртұтас ұйымдастырушылық тұтастық».

Сондықтан арнайы педагогтарды дуальді-бағдарлық оқыту процесінде даярлаудың мәні маман даярлау процесінің тәжірибелік бағыттағы барлық нысандарының бірігуін, болашақ арнайы педагог ретінде студенттің белгілі бір қолданбалы білім деңгейіне қол жеткізуін, арнайы педагогтың кәсіби бейімделуін қамтамасыз етумен айқындалады.

3. Арнайы педагогтарды дуальді-бағдарлық оқыту процесінде даярлау моделі әзірленді. Бұл модель бір-бірімен өзара байланысты мақсатты, технологиялық, бағалау блоктарынан тұрады.

Мақсатты блок педагогикалық білім беруді жаңарту жағдайларында дуальді-бағдарлық оқыту (одан әрі - ДБО) негізінде болашақ арнайы педагогтарды кәсіби даярлауды жетілдіру үдерісін сипаттайды.

Технологиялық блокта модельді енгізу механизмі, бағалау критерийлері, дуальді-бағдарлық оқытудың диагностикалық құралдары қарастырылады.

Бағалау блогы мотивациялық, когнитивтік және іс-әрекеттік компоненттердің көрсеткіштері мен деңгейлерін қамтиды.

Дуальді-бағдарлық оқыту процесінде даярлау моделінің бөліп көрсетілген блоктары заманауи, бәсекеге қабілетті, инновациялық мамандарды қалыптастыруға бағдарланған.

4. Арнайы педагогтарды дуальді-бағдарлық оқыту үрдісінде даярлау әдістемесін жасау және оның тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында тексеру мақсатындағы жүргізілген зерттеулер болашақ арнайы педагогтарды дуальді бағдарланған оқыту процесінде даярлаудың мақсатты бағыттағы процесс, өзара әрекеттесетін және өзара толықтыратын жүйеден тұратынын көрсетеді, ол мазмұндық сипаттамасы арқылы ашып көрсетіледі.

Зерттеу барысында арнайы педагогтарды дуальді-бағдарлық оқыту процесінде даярлаудың әдістемелік кешені дайындалды:

- «Дефектологтарды дуальді оқытуға даярлау» элективті курс;
- «Қазіргі заманғы жоғары оқу орындарында білім беру жүйесіндегі дуальді-бағдарлық оқытудың теориясы мен практикасы» әдістемелік оқу құралы;
- Болашақ арнайы педагогтарды дуальді-бағдарлық оқытудың формасы ретіндегі оқу-зерттеу зертханасын ұйымдастырудың поликомпонентті бағдарламасы жасалды.

Бұл әдістеме бойынша тәжірибелік-педагогикалық эксперимент жүргізілді және іс жүзіндегі тиімділігі дәлелденді.

Жүргізілген зерттеудің қорытындылары бойынша төмендегідей ұсыныстар жасалады:

1. Арнайы педагогтың кәсіби қызметі жалпыға білім беру ұйымы мұғалімінің дәстүрлі қызметінің шегінен шығады. Әлеуметтік-педагогикалық, оңалту, кеңес беру-диагностикалық, психотерапевтік, түзету қызметінің әртүрлі түрлерімен өзара тығыз байланыса отырып, арнайы педагогтың жұмысы басты

мақсатты шешуге – ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың әлеуметтік бейімделуіне көмектесуге бағдарланады.

2. Шетелдік және отандық тәжірибе арнайы педагогтарды дуальді-бағдарлық даярлау механизмінің триада ретінде болашақ педагог тұлғасының кәсіби қалыптасу жүйесін, тәжірибеге бағдарланған құзыреттілікті қалыптастыру жүйесін және ЕББҚ бар балаларды оқыту мен дамытудың арнайы педагогтарды кәсіби даярлауда дуальді-бағдарлық оқыту» авторлық түсінігі тұжырымдалды: болашақ арнайы педагогтарды кәсіби даярлауда дуальді-бағдарлық оқыту – бұл тәжірибеге бағдарланған оқыту әдістерін қолданатын, жүйелілік, әдістемелік айқындылық және тәжірибелік қажеттілік қағидаларын іске асыратын, мектеп пен ЖОО-ның өзара әрекет етуіне негізделген болашақ арнайы педагогты көп сатылы даярлаудың инновациялық траекториясы.

Ғылыми зерттеу жұмысымыздың мақсаты мен болжамына сәйкес белгіленген міндеттер орындалып, ғылыми болжамы дәлелденіп, нәтижелерге қол жеткізілді.

Дегенмен, зерттеліп отырған тақырып өзекті де күрделі болғандықтан, оны толығымен түбегейлі шештік деп айта алмаймыз. Арнайы педагогтарды дуальді-бағдарлық оқыту процесінде даярлау мәселесі одан әрі қарай зерттеуді қажет етеді.

Сондықтан *зерттеу перспективасы* мынадай бағыттарда жүргізілуі мүмкін:

- жоғары білім беру ұйымдарының, әлеуметтік салаларының және денсаулық сақтау ұйымдарының салааралық өзара әрекет етуін диверсификациялауды (арнайы білім беру жүйесіне ЕББҚ бар балаларды түзету-дамытушылық оқыту мен тәрбиелеу, әлеуметтік бейімдеу инновациялық технологияларын енгізу) зерттеу;

- арнайы педагогтарды кәсіби іс-әрекетінде сандық технологияларды диагностикалық, түзету-дамыту, оқу мақсаттарында қолдану мәселесін зерттеу;

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысы.. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000726>. 18.10.2021.

2 Zhiyenbayeva N.B. Research Achievement Motivation of Managers and Students. //American Journal of Applied Psychology. – 2015., - Vol. 3, - № 3. - P. 67-70. Available online at <http://pubs.sciepub.com/ajap>. Science and Education. 07.02.2022.

3 Митина Л.М. Теоретико-методологические основы личностно-профессионального развития педагога в условиях инклюзивного образования/ Л.М. Митина // Inkluzja społeczna ja koremedium pedagogiczne w dobie kryzysu /podred. L.Pytki, T.Zacharuk, E.Jowko. -Uniwersytet Przyrodniczo-Humanistyczny w Siedlcach. -2014. - С. 279-290.

4 Сластенин В.А. и др. Педагогика: учебное пособие для студ. высш. пед. учеб. заведений/ В.А. Сластенин, И.Ф. Исаев, Е.Н. Шиянов; Под ред. В.А. Сластенина. -М.: Издательский центр «Академия», 2013. -576 с.

5 Шадриков В.Д. Педагогическое оценивание: учебное пособие/В.Д. Шадриков, И.А. Шадрикова. -М.: Университетская книга, РИД РосНОУ, 2018. - 156 с. ISBN 978-5-98699-294-5.

6 Шиянов Е.Н., Котова И.Б. Развитие личности в обучении: учебное пособие для студ. пед. вузов. - М.: Изд. центр «Академия», 1999. -288 с. ISBN 5- 7695-0356-0.

7 Романов С.П. Развитие дуальной системы инженерно- педагогического образования в высшем учебном заведении: дис ... док. пед. наук: 13.00.08 / 143 Волж. гос. инженер.-пед. ун-т.- Нижний Новгород, 2008.- 405 с.: ил. РГБ ОД, 71 09-13/36. [Электронный ресурс]//Режим доступа: http://irbis.gnpbu.ru/Aref_2008/Romanov_S_P_2008.pdf. 18.10.2019.

8 Жолдасбекова С.А. Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде болашақ педагогтарды дуальді оқытуға даярлау үдерісін жетілдірудің ғылыми әдіснамалық негіздері: ғыл. жоба. -Шымкент, 2017.-27 б.

9 Нуржанбаева Ж.О. Дуальді оқыту жүйесінде колледж студенттерінің бойында еңбек құндылығын қалыптастырудың педагогикалық негіздері: дис....док. филос. PhD – Шымкент, 2017. – 147 б.

10 Бузаубакова К.Ж., Кумисбекова Ж.Н., Аубакирова С.А. Внедрение и реализация системы дуального обучения в подготовке педагогических кадров // Вестник КазНПУ им. Абая. -2015. -№4(48). -С. 32-36.

11 Асаналиев М.К., Жатқанбаева Ж.Н., Алимбекова Г.Н. Некоторые возможности внедрения элементов дуальной системы обучения в колледже. file:///C:/Users/user/Downloads/Action563-473020.pdf. 12.05.2019.

12 Turalbayeva A. Construction of Dual System of Preparation of Engineering-Pedagogical Personnel at Higher Education Institute// Astra Salvensis. - 2019. №13. - P. 345-359. ISSN 2393-4727, ISSN-L 2344-1887.

13 Сманова А.А. Кәсіби білім беру жүйесіндегі дуальді оқытудың дамуы (Германия және Қазақстан тәжірибесі): дис...док. филос. PhD – Алматы, 2002. – 195 б.

14 Әбдіров А.М., Есекешова М.Д., Тастанбекова Н.Д. Кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін арттыру//Қазақ білім академиясының баяндамалары. -2019. -№2. -Б. 91-92.

15 Алшынбаева Ж.Е. Дуальды оқытуды іске асыруға кәсіптік білім беру педагогтарын даярлау: дис...док. филос. PhD – Шымкент, 2018. – 137 б.

16 Айтенова Э.А. Дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында болашақ педагогтардың кәсіби іс-әрекетке даярлығын қалыптастыру: дис...док. филос. PhD – Алматы, 2020. – 197 б.

17 Сулейменова Р.А. Проблемы и основные тенденции развития специального образования в Республике Казахстан // Вестник АГУ им. Абая. Серия «Специальная педагогика». -2004. -№1. -С.3-13.

18 Намазбаева Ж.И. Развитие интеллектуальной творческой личности: учебно-методическое пособие. – Алматы: Изд-во “УЛАҒАТ”, 2013. - 34 с.

19 Мовкебаева З.А. Методы научных исследований в специальной педагогике и психологии: учеб.-Алматы, 2019.-147 с.

20 Искакова А.Т., Мовкебаева З.А. и др. Основы инклюзивного образования: Учебное пособие. - Алматы, 2013. -280 с.

21 Байтұрсынова А.А. Организационно-педагогические условия включения детей с ограниченными возможностями в учебный процесс общеобразовательной школы. Автореф. ... канд.пед.наук: 13.00.03. -Алматы, 2010. –С.26.

22 Абдигапбарова У.М. Совершенствование подготовки педагогических кадров в республике Казахстан на основе дуально-ориентированного подхода. – 1 Республиканская конференция ученых и учителей «Интеграция деятельности школы-колледж-вуза в условиях дуально-ориентированного образования». – Алматы, 12-13 мая, 2016г. – С.5-7.

23 Жиенбаева Н.Б., Абдигапбарова У.М., Махамбетова А.Б. К вопросу о разработке казахстанской модели профессиональной подготовки учителя на основе дуально-ориентированного обучения /Эл-фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. Хабаршы//Психология және социология сериясы,1(68) Алматы, - 2019 г. - С.103-110.

24 Оралканова И.А. Формирование готовности учителей начальных классов к работе в условиях инклюзивного образования: дисс. док. PhD.: /Казахский национальный педагогический университет им. Абая. Республика Казахстан. - Алматы, 2014. - С.35-60.

25 Оралбекова А.К. Инклюзивті білім беру жағдайында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдануға даярлау: док. PhD. ... дис. - Алматы, 2017. -222 б.

26 Мажинов Б.М. Проблемы по созданию равных условий и безбарьерного доступа для лиц с особыми образовательными потребностями/ //

Матер.междунар.научн.конф. в 2 ч. «Социально-педагогическая поддержка лиц с ограниченными возможностями здоровья: теория и практика». -Симферополь: Крымский федеральный университет им. В. И. Вернадского, 2019.-Ч. 2. - С. 43-47.

27 Испамбетова Г.А. Инклюзивті білім беруде мүмкіндігі шектеулі студенттердің дене шынықтыру әдістемесін жетілдіру. 6D010800: док. PhD. ... дис. -Алматы, 2020. -179 б.

28 Хамитова Д.С. Педагогические условия организации дистанционного обучения студентов с инвалидностью в вузе. док. PhD дис. - Алматы, 2021.-187 с.

29 Дюсенбаева Б.А. Подготовка специального педагога к работе в условиях инклюзивного образования: док. PhD дис. - Алматы, 2022.-171 с.

30 Парманкулова П.Ж. Дуальды білім беру жнғесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлаудың ғылыми-педагогикалық негіздер. 6D012000: док. PhD. ... дис. - Алматы, 2017. -222 б.

31 Омирбекова К.К. О подготовке дефектологических кадров в соответствии с задачами социальной, коррекционно-педагогической поддержки детей с особыми образовательными потребностями в Казахстане // вопросы включения детей со специальными образовательными потребностями в общеобразовательный процесс. – Алматы: Раритет, 2002. – С. 28-31.

32 Абаева Г.А., Оразаева Г.С. К вопросу о подготовке педагогических кадров к системе инклюзивного образования в Республике Казахстан . Материалы 3-х Всероссийских педагогических чтений по вопросам коррекционной педагогики и психологии. Министерство образования и науки РФ, РАО. – 2010, октябрь – 4-6 . – С. 244-247.

33 Жахина Ш.Ж., Искажимова А.К., Каржова А.С. Проблемы реализации инклюзивного образования в высших учебных заведениях Республики Казахстан. - NovaInfo.Ru. 2016 - №464, <http://novainfo.ru/article/6354>. 12.01.2022.

34 Исакова А.Т., Закаева Г.З., Шестакова Е.В. Адаптация и модификация образовательного процесса в инклюзивной среде – Учеб.метод.пос. Изд.-во «L Pride» - Алматы, 2016. -100 с.

35 Сатова А.К. Общепедагогические проблемы подготовки и повышения квалификации кадров учебно-воспитательных учреждений для аномальных детей в Казахстане: автореферат канд.п.н.- Алма-Ата. – 1991. – 161 с.

36 Дузелбаева А.Б. Подготовка будущих учителей-дефектологов в условиях модернизации педагогического образования. // дисс. ... доктора PhD; [Место защиты: КазНПУ имени Абая]. – Алматы, 2018. – 166 с.

37 Жиенбаева Н.Б., Абдигапбарова У.М., Махамбетова А.Б. Иновационная стратегия коммуникативной практики дуально-ориентированного обучения. /Международный научный журнал «Иновации в жизнь» International Journal «Innovations in life» №3 (26) Сентябрь ISSN 2227-6300 – Франция, 2018г. - С. 271-282.

38 Агавелян Р.О. Социально-перцептивные особенности личности педагога специальной школы в профессиональной деятельности - Новосибирск, 1999. - С. 5-11.

39 Коробейников И.А. Диагностика нарушений психического развития у детей в контексте проблем интеграции междисциплинарного знания// Дефектология 2004. - №1. - С. 146.

40 Левченко Е.Т. «Дуальное образование: проблемы, перспективы» // - М.: Perse, 2002. - 191 с.

41 Логинова Е.Т. Из истории развития системы образования лиц с проблемами в развитии в Псковской области //Актуальные проблемы обучения, адаптации ~ и интеграции детей с нарушениями развития. - СПб. Образование. - 1995. - С. 80-81.

42 Малофеев Н.Н. Становление и развитие государственной системы специального образования в России //Основы управления специальным образованием /Под ред. С.Д. Шилова. - М.: Издательский центр «Академия», 2001. - С. 32-47.

43 Жолдасбекова С.А., Парманкулова П.Ж. Дуальное обучение: подготовка будущих специалистов с ограниченной возможностью здоровья// 148 Республиканская научно-методическая конференция. «Профессиональная подготовка педагогических кадров в условиях обновленного содержания образования: компетентность, технология, инновация». -Атырау, 2019. Т.1. - С.155-159. ISBN 978-601-262-320-8.

44 Назарова Н.М. Интегрированное (инклюзивное) образование: генезис и проблемы внедрения// Социальная педагогика.-2010.-№:1.-С.77- 87.

45 Анисимов П.Ф. Социально-экономические основы регионализации среднего профессионального образования - Москва: Новый учебник, 2004. - 238 с.

46 Кочагин Е.А., Сафин Р.С. Основы педагогики и андрагогики учебное пособие - Казань: Изд-во КГАСУ, 2017. - 225 с.

47 Мухаметзянова Ф.Г., Боговарова В.А., Леонова Н.В. Педагогическая психология: введение в основной курс: учебно-методическое пособие для студентов вузов / - Казань: ЮЛАКС, - 2007. - 191 с.

48 Загребельная Е.А. Формирование ценностного отношения к педагогической деятельности студентов дефектологического факультета педагогического вуза: дис. ... канд. пед. наук. / Е. А. Загребельная. – Курск, 2002. – 234 с.

49 Мовкебаева З.А., Дюсенбаева Б.А. Инклюзивті білім беру жағдайында мұғалім-дефектологты жұмысқа даярлау жүйесін дамыту //Международная научно-практическая конференция «VI Оразовские чтения: актуальные вопросы тюркской культуры в эпоху цифровизации». – Шымкент, 2020. – Т.2. – С. 257-260.

50 Дузельбаева А.Б. Подготовка будущих учителей дефектологов в условиях модернизации педагогического образования. // Педагогика и психология. – 2017 – №1 (30). – С. 140 - 145.

51 Краевский В.В. Методика педагогического исследования: пособие для педагога-исследователя. Самара: Изд-во Самгпи, 1994, – 165 с.

52 Ипполитова Н.В. Структура и содержание системы профессиональной подготовки будущих учителей <http://shgpi.edu.ru/files/nauka/vestnik/2013/2013-2-3.pdf> (2013г.).

53 Аутаева А.Н. 40 лет подготовке дефектологических кадров в КазНПУ имени Абая // Хабаршы «Арнайы педагогик». – 2016. – №4. – С. 10-13.

